

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ӘОЖ: 821.512.122.0

Қолжазба құқығында

ХУДАЙБЕРГЕНОВ НУРБОЛ ДЖУМАГАЛИЕВИЧ

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР
(1991–2016 жж.)**

6D021400 - Әдебиеттану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
филология ғылымдарының
докторы, доцент Г.Ж.Орда

Шетелдік кеңесші:
доктор, профессор Незир Темур

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4-9
1 ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	10-41
1.1. Жалпыадамдық құндылықтар гуманитарлық ғылым салаларының зерттеу объектісі ретінде.....	10-23
1.2. Қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары.....	24-40
1-тарау бойынша тұжырым.....	40-41
2 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ: КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ПАРАДИГМА.....	42-95
2.1. Әдеби зердедегі тәуелсіздік құндылықтары.....	41-75
2.2. Жаңа дәуір әдебиетіндегі құндылықтар жүйесі.....	76-94
2-тарау бойынша тұжырым.....	94-95
3 ҚАЗІРГІ ӘНГІМЕ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРАҚАТЫНАСЫ.....	96-146
3.1. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі ұлт болмысы құндылықтар дағдарысы контекстінде.....	96-122
3.2. Жастар прозасындағы құндылықтардың көркемдік трансформациялануы.....	123-146
3-тарау бойынша тұжырым.....	146
ҚОРЫТЫНДЫ.....	147-154
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	155-163

АНЫҚТАМАЛАР

Құндылық – белгілі бір заттың не құбылыстың маңыздылығы әрі пайдалылығы. Ол объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін айқындайды.

Жалпыадамдық құндылықтар – жалпы адам баласына бірдей қастерлі де қымбат болып саналатын дүниелер.

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлттың өзіне тән даралығын танытып тұратын жалпыадамдық құндылықтардың түрлері.

Аксиология (*гр. axia – құндылық және logos – ілім, сөз*) – құндылықтар туралы ілім. Құндылықтардың табиғатын, жүйесі мен құрылымын зерделейтін философия ғылымының арнаулы саласы.

Генезис (*гр. genesis*) – белгілі бір заттың, құбылыстың тууы мен онан әрі дамуын бейнелейтін ұғым. Генезис даму үдерісінің белгілі бір кезеңін аңғартады.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Әр дәуірдің өзіндік үстем құндылықтары болады. Әсіресе, ірі тарихи оқиғалардың қоғамдағы құндылықтар жүйесін өзгертіп, жаңа мәдени бағдарлар ұсынатыны белгілі. Ширек ғасыр бұрын егемендігін алған еліміздің руханиятында да аталмыш үрдістер айқын аңғарылады. Соңғы ширек ғасырда әдеби-мәдени құндылықтарға деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, заманауи ұлттық парадигма қалыптасып үлгерді. Тәуелсіздік алғаннан кейін жүзеге асқан аталмыш тарихи-әлеуметтік өзгерістер қаламгерлеріміздің дүниетанымына әсер етіп, замандастың көркем образы арқылы бейнелене бастады. Әдебиетімізге жаңа көркемдік арналар қосылып, әлемдік үрдістердің белгілері көбейе түсті. Қоғам, сана өзгерген тұста әдебиет те, оларға қойылар талап та, оны таныту шаралары да жаңартылуы заңдылық. Ал мұның бәрі қазіргі әдебиеттегі құндылықтар жүйесін ғылыми тұрғыдан сараптау қажеттілігін көрсетеді.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасы қазіргі қоғамның шынайы келбетін, замандастарымыздың болмыс-бітімін дәл таныта алуымен ғана емес, өткен тарихқа ұлттық мүдде тұрғысынан әділ баға бере алуымен де құнды. Тоталитарлық жүйе тұсында айтылмай келген ақиқаттар әдебиеттің нысанына айналып, халықтың өзіне тән даралығы көркемдік санада қайта жаңғырды.

Сондай-ақ бүгінгі прозада әлемдік әдеби-мәдени үрдістердің белгілері байқалып отыр, қаламгерлер батыл эксперименттерге баруда. Белгілі бір шеңбердің аясында ғана ойлайтын әрі бүтін бітімі толыққанды ашыла қоймайтын кейіпкерлердің орнына ендігі ретте жан дүниесі мейлінше күрделі әрі басқаға ұқсай бермейтін өзгеше тұрпатты кейіпкер тұлғасы қалыптасты. Бұл сөз өнерінің аксиологиялық сипатының өзгергенін білдіреді. Қазіргі проза өткенді бағамдап, жаңаны сараптау жолымен дамып келеді әрі оның өзегінде тәуелсіздік, ел құндылықтары тұр деуге болады.

Диссертациялық жұмыста аталмыш мәселелер арнайы зерделеніп, көркем туындылардағы жалпыадамдық құндылықтар талдау нысанына алынды. Көркем мәтінді аксиологиялық тұрғыдан талдау, қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың өзіндік даралығын айқындау зерттеу жұмысының басты мақсаттарының бірі болды. Сонымен бірге мәселеге объективті түрде баға беру үшін тақырыптық-идеялық тұрғыдан да шығармалардың әртүрлі болуына назар аударылды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақ әдебиеті – әлем әдебиетінің ажырамас бөлшегі. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтарды ғылыми тұрғыда талдау, біріншіден, әлемдік мәдени кеңістіктегі қазақ әдебиетінің өзіндік орнын анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден, ұлттың бірегейлігін, мәдени даралығын тану үшін де маңызды болып отыр. Қазақ әдебиеттану ғылымының көркем шығарманы

құндылықтық-аксиологиялық тұрғыдан қарастыру тәжірибесі аз. Бұл көркем мәтінді мәдениеттану, философия, әлеуметтану, психология ғылымдарымен ұштастыра отырып бағалау қажеттігін туғызады. Ғылыми интеграциялық үдерістер күшейген қазіргі тұста прозалық шығармаларға пәнаралық негізде талдау жасау жаңа арнамен дамып отырған қазақ әдебиетінің беталысын бағамдау үшін ғана емес, әдебиет тарихы туралы тұшымды тұжырымдар жасап, болашағын болжау үшін де маңызды.

Зерттеудің нысаны ретінде 1991–2016 жылдар аралығында жарық көрген прозалық туындылар алынды. Прозаның барлық жанрларын түгел қамту мүмкін болмағандықтан, тек роман, повесть, әңгіме сынды сүйекті жанрлары тандалды. Диссертациялық жұмыста Қазақстанның халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романдары, Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» повесі мен М.Мағауиннің «Салахад-диннің үкімі», Т.Шапайдың «Айна сарай», Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы», Д.Рамазанның «Көш», М.Омарованың «Жол үстінде», А.Мырзахметтің «Жыртылған күнделік», А.Мантаеваның «Жауһар», Ә.Байболдың «Жиын» әңгімелері жан-жақты талданады және өзге де роман, повесть, әңгімелерге шолу жасалып, бүгінгі қазақ прозасының көркемдік-аксиологиялық сипатына баға берілді.

Зерттеу пәні ретінде қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың көркемдік бейнеленуі алынды.

Зерттеудің мақсаты: қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтарды жан-жақты талдап, жаңа әдеби-мәдени үрдістер аясында пайда болған тақырыптар мен идеялық-көркемдік мәселелерді зерделеу;

Аталған мақсатқа жету үшін мынадай **міндеттерді** шешу көзделді:

- жалпыадамдық құндылықтардың гуманитарлық ғылым салалары ішіндегі рөлін айқындау;
- қазақ прозасындағы құндылықтардың генезисін анықтау;
- Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасындағы көркемдік-эстетикалық ізденістерге құндылықтық өзгерістердің ықпалын анықтау;
- қазақ қаламгерлері шығармаларындағы жалпыадамдық құндылықтардың сипатталу ерекшеліктерін анықтау;
- құндылықтық дағдарыстардың қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көрінісін зерделеу;
- қазақ прозасының даму үрдістерін аксиологиялық тұрғыдан ашып беру.

Зерттеу әдіс-тәсілдері. Ғылыми-зерттеу жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес, тарихи функционалдық, тарихи салыстырмалы, кешенді әдіс, герменевтикалық, рецептивті әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Жұмысты жазу барысында қазақ әдебиеттану ғылымы мен философия, мәдениеттану

ғылымдарында маңызды зерттеулер жүргізген отандық ғалымдармен бірге шетелдік зерттеушілердің теориялық еңбектері басшылыққа алынды. Соның ішінде, атап айтсақ, Ш.Елеуенов, Р.Нұрғали, Б.Майтанов, Г.Пірәлі, Г.Орда, Ә.Нысанбаев, Т.Ғабитов, З.Сәрсенбаева, С.Нұрмұратов, Б.Сатершинов, Р.Инглехарт, Дж.Фихтер, Т.Орал, К.Клакхон, С.Шварц, Г.Хофстед сынды ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылды.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары шығарған «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» (2014) және «Құндылықтар және құндылықтар психологиясы» (2013, *түрік тілінде*) атты ұжымдық монографиялар мен З.Сәрсенбаеваның (Этнос және құндылықтар, 2018), Т.Ғабитовтің (Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі, 2013), С.Нұрмұратовтың (Рухани құндылықтар әлемі: Әлеуметтік философиялық талдау, 2000) еңбектері ғылыми-зерттеу жұмысымыздың бағыт-бағдарын айқындауда негіз болып саналады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстанда аксиологиялық зерттеулердің дені философия, мәдениеттану ғылымдары өкілдерінің зерттеу еңбектерінде қарастырылып келгені мәлім. Сондықтан бұл еңбекте отандық ғалымдардың осы саладағы ғылыми еңбектері пайдаланылды. Ә.Нысанбаев, Ж.Молдабеков, А.Қасабек, Т.Ғабитов, С.Нұрмұратов, Б.Сатершинов, А.Құлсариева сынды зерттеушілер құндылықтар жүйесін мәдени-философиялық аспектіде қарастырады. «Қазақтану өрісі», «Ұлттық идея және қазақ философиясы», «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздері», «Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін» деп аталатын ұжымдық еңбектер құндылықтар теориясын, жалпыадамдық құндылықтар табиғатын, қазақ руханиятындағы құндылықтар жүйесін терең түсінуге жол ашады.

Әдебиеттану ғылымында аталған мәселелер көп зерттелмегенмен, А.Абдулина, А.Жақсылықов, С.Асылбекұлы, Б.Майтанов, С.Әбішева секілді ғалымдардың ғылыми мақалаларында арнайы сөз болады. Аталған тақырыпты кешенді түрде қарастыру 2014 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары шығарған «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты зерттеу еңбегінен басталды. Ұжымдық монография авторлары – С.Қирабаев, Ш.Елеуенов, У.Қалижанов, Н.Ақыш, Г.Орда, Е.Қаныкей, А.Қалиева сынды белгілі әдебиеттанушылар қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясындағы құндылықтар әлемін әдеби-көркемдік жүйе негізінде ашып береді. «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты ұжымдық монография Қазақстандағы этнос құраушы қазақ ұлтының ғана емес, сонымен бірге елімізді мекен еткен басқа да ұлт өкілдерінің, әртүрлі диаспоралардың да әдебиетін нысанаға алуымен құнды еңбек болып саналады. Зерттеу жұмысымызға аталған монография арқау болды.

Құндылықтар жүйесін пәнаралық негізде зерттеу ісі ТМД елдері кеңістігінде соңғы ширек ғасырда ғана қолға алына бастады. Алайда, осындай әдіснамамен еуропалық, америкалық ғалымдардың XX ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарынан бері түбегейлі зерттеу жасап келе жатқаны белгілі. Сондықтан, отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерімен шектеліп қалмай, өзге тілдерде жарық көрген құнды дүниелермен де танысуға тырыстық. Зерттеу барысында АҚШ-тың Принстон университетіндегі Құндылықтарды зерттеу институтының материалдары, М.Рокич, Р.Иггелхарт, Л.Харрисон, С.Хантингтон, Дж.Фихтер, Д.Аджемоглу, К.Клакхон сынды америкалық көрнекті ғалымдардың, Ш.Шварц (Израиль), Т.Орал (Түркия), Г.Хофстед (Нидерланд) сынды зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Аталмыш еңбектерде құндылықтар жүйесі әдебиеттану ғылымының аясында қарастырылмаса да, құндылықтар табиғатын тануға, теориялық тұрғыда зерттелуі мен классификацияларын түсінуге сеп болды. Дегенмен бұл кітаптар тақырыпты философиялық, мәдени-рухани, психологиялық һәм әлеуметтанулық тұрғыдан терең түсінуге жол ашады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

– қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар тұңғыш рет пәнаралық негізде, мәдени-аксиологиялық және әдеби-эстетикалық аспектілерде қарастырылды;

– қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың генезисі айқындалды;

– қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері анықталды; бұл өз кезегінде қазақ ұлтының бірегейлігін тануға жол ашады;

– ұлттық құндылықтар мен жалпыадамдық құндылықтардың арақатынасы ғылыми тұрғыдан зерделенді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Диссертациялық жұмыста қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері жөніндегі құнды пікірлер бір жүйеге топтастырылды. Соның нәтижесінде бүгінгі әдебиеттің беталысы бағамдалып, қазақ ұлтының өзіндік даралығын танытатын құндылықтар жүйесі айқындалды. Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ прозасы мен құндылықтар туралы болашақта жүргізілетін ғылыми ізденістер үшін соны деректер беруімен бағалы.

Зерттеудің практикалық мәні. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне қазіргі әдебиет пәні бойынша оқылатын арнайы курстар мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін әдебиеттанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Зерттеу нәтижелері бойынша қорғауға мынадай тұжырымдар ұсынылады:

– қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары ежелгі халықтық проза үлгілеріне барып тіреледі;

– ұлттық құндылықтар – жалпыадамдық құндылықтардың локальді түрлері;

– тарихи роман жанры ұлттық құндылықтарды танытуда басымдыққа ие;

– қазақтың дәстүрлі тұрмысын арқау еткен тарихи жанрдағы туындыларда этикалық, әлеуметтік, діни құндылықтар үстем болса, заманауи тақырыптағы шығармаларда экономикалық, танымдық құндылықтар биік қойылады;

– қазіргі қазақ прозасы қазақ халқының бүгінгі мультимәдени жаһаннан төл даралығын, тарихи-мәдени һәм концептуалдық бірегейлігін іздеп жатқанын, сондай-ақ әлемдік әдеби үрдістерге етене кірігіп, тәжірибе жинау мен толысу үстінде екендігін көрсетеді; аталмыш үрдіс өз кезегінде дәстүрлі және маргиналды мәдени типтегі кейіпкер болмысын қалыптастырды;

– қазіргі қазақ прозасында тәуелсіздік, қанағат, еркіндік құндылықтарына айрықша көп мән берілген.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы. Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының кеңейтілген Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланып (2019 жылдың 18 сәуірі, №3 хаттама), қорғауға ұсынылды. Зерттеу жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері: 9 мақала жарияланған, соның ішінде 3 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 3 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, соның ішінде 1 мақала шетелдік конференцияларда, 2 мақала отандық конференция материалдарының жинағында жарияланды.

1. Қазіргі әңгімедегі қаңғыбас бейнесі // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының баяндамалары. – 2016. – №3. – Б. 169-172.
2. Ұлттық әдебиет және құндылықтар жүйесі // III Халықаралық Фараби әлемі оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, 2016. – Сәуір-4-15.– Б. 161.
3. Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романындағы жалпыадамдық құндылықтар // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабаршысы. – 2017. – №1. – Б. 160-166.
4. Қазіргі ғылымдағы жалпыадамдық құндылықтар жайлы түсінік // «Еуразия әлеуметтік және экономикалық зерттеулері» (Avrasya Sosyal ve Ekonomi Araştırmaları) атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Анталья, 2017. – Б. 80-89.

5. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы жалпыадамдық құндылықтар // «Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2018. – Б. 402-405.
6. The artistic world of value system in the modern prose (based on «Parasat Maidany») // The Bulletin of the National Academy of Science of Republic of Kazakhstan. – 2018. – №2. – Pages 176-180.
7. Journal Astra Salvensis - review of history and culture, year VI, Supplement no. 1, 2018, Pages 391-408. // – ISSN 2457-9807. – 2018. Early Reflections of Universal Human Values In Kazakh Prose (Article).
8. Journal option Revista de Ciencias Humanas y Sociales Volume 34, Special Issue 15, 2018, Pages 1265-1294 //. – ISSN 1012-1587. – 2018. Artistic function of detail in Kazakh prose (Article).
9. Journal Opcion, Año 35, No.89 (2019): Pages 177-194 // – ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. – 2019. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature (Article).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 162 бет.

1 ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ КЕШЕНДІ ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

1.1. Жалпыадамдық құндылықтар гуманитарлық ғылым салаларының зерттеу объектісі ретінде

Ақпараттық-білім қоғамы әлемнің мәдени бет-бейнесін айтарлықтай құбылтып жіберді. Жаһандық рухани тенденциялар жекелеген ұлттардың өзіне тән даралық болмысына айрықша ықпал етіп жатқан қазіргі кезеңде құндылықтар жүйесінің табиғатын тану, олардың беталысын бағамдап, ғылыми сараптамалық тұжырымдар жасау мәселесі күн санап өз маңызын арттыра түсуде.

Жалпы, әлемдегі кез келген саланың өзі белгілі бір құндылықтарды іздеуден, танудан, талдаудан туған секілді. Мысалы, ақиқатқа ұмтылудан ғылым қалыптасса, әсемдікке ұмтылу өз кезегінде өнер түрлерінің тууына түрткі болды. Ал жақсылық пен жамандықтың аражігін айыру арқылы адамдарда мораль қалыптасты. Әділдік іздеуден құқықтық, юриспруденциялық құндылықтар орнықты. Құндылықтардың табиғатын тұтастай философияның арнаулы саласы саналатын аксиология қарастырғанымен, жекелеген ғылымдардың құндылықтарға қатысы жоқ дей алмаймыз. Мысалы, әдебиеттану ғылымы рухани-эстетикалық құндылықтарды арқау еткен сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін сарапқа салады. Әдебиет үшін әуелгі құндылықтар – әсемдік, сұлулық, көркемдік, жарасымдылық; сөзбен салынған сурет, оның адам жанынан әсері.

Құндылық – гуманитарлық ғылым салаларының ортақ нысаны. Оның табиғатын терең танып білу үшін пәлсапа, психология, әлеуметтану, дінтану, мәдениеттану, антропология, этнография т.б. сынды ғылымдардың құндылықтарға деген қатынасын зерделеу керек. Өйткені аталмыш салалардың бәрі өзара тығыз байланысты әрі құндылықтарды әр қырынан танып білуге мүмкіндік береді. Екі мыңыншы жылдарға дейін Қазақстанда құндылықтар жүйесін, негізінен, философия ғылымының өкілдері зерттеп келді. Өйткені құндылықтардың табиғатын танып, өзіне тән ерекшеліктерін ашумен айналысатын аксиология философия ғылымының ажырамас бөлшегі саналады. Тарихтың қай кезеңінде де құндылықтар жөніндегі пайымдаулардың ойшылдар тарапынан айтылып келгенін ескерсек, бұл құбылысты заңдылық деп қабылдар едік. Құндылықтар жүйесі жөніндегі пікірлердің қайнар бастауы ежелгі дәуірлерде жатқанын атап өткен жөн. Ежелгі Антикалық философияда да, көне Шығыс философиясында да сұлулық, қайырымдылық, жақсылық пен жамандық, әділет, ақиқат, әсемдік сынды ұғымдар туралы әртүрлі көзқарастардың болғаны белгілі. Дегенмен, аксиология терминін алғаш рет қолданған – Э.Гартман. Батыс философиясының тарихында натуралистік психологизм (Мейнонг, Перри, Дьюи), трансцендентализм (Виндельбандт, Риккерт), персоналды

онтологизм (Шелер, Гартман), мәдени-тарихи релятивизм (Ницше, Дильтей), социологизм (Вебер, Парсонс, Толкотт) сынды бірқатар аксиологиялық теориялар болды.

Ғылымдар арасындағы интеграциялық қатынастардың мейлінше күшейген ХХІ ғасырда құндылықтар жүйесі тек философия ғылымында ғана емес, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың бәріне дерлік ортақ нысана, өзекті тақырыпқа айналды. Қоғамдық қатынастар мен адами ресурстардың табиғатын тереңірек танып білу үшін құндылықтар жүйесін осылай кешенді түрде зерделеу қажеттілігі күн санап өз маңызын арттырып отыр. Бүгінде философия, психология, әлеуметтану, саясаттану, экономика, мәдениеттану, педагогика, эстетика, әдебиеттану және лингвистика ғылымдары үшін құндылықтар жүйесінің сырына үңіліп, қасиетін тану міндеті алғы қатарға шықты деуге болады. Бұл мәселенің филологиялық ғылымдарда да ерекше қарқынмен зерттелуін халықтың бүтін бітімі оның тілі мен әдебиетінен ғана тұтастай танылатынымен түсіндірген жөн. Сонымен бірге, егемендігін алып, өткенін саралай бастаған кез келген ұлт үшін ең әуелгі мақсұт құндылығын түгендеу болмақ. Бұл жөнінде фольклоршы-ғалым С.Қасқабасов: «Әлемдік тәжірибеге қарасақ, бодандықта көп болып, тәуелсіздікке жеткен мемлекеттер өз өмірінің алғашқы 20-30 жылында тарихи сананы, тарихи жадты қайтаруға, өзінің ұлттық болмысын нығайтуға күш салады», – дейді. [1] Қазақтың ұлттық ой-санасына зер салған ғалым А.Қасабек те өз зерттеулерінде аталмыш мәселенің өзектілігіне баса назар аударады. «Ұлттық руханияттың құндылық болмысы» атты мақаласында ол былай дейді: «Әлемдегі халықтардың, ұлттардың, нәсілдердің бәріне тән жалпыадамдық құндылықтарымен қатар, әр халықтың өзіне тән тарихи қалыптасқан рухани, мәдени байлықтарын, адамгершілік қасиеттерін, яғни өзіндік құндылықтарды жандандыру, солардың негізінде жаңа белеске көтерілу бүгінгі таңның талабына айналуға. Сондықтан да белгілі бір жағдайға байланысты қазақ халқының тоқыраған философиялық және тарихи құндылықтарын терең зерттеу, олардың ішкі мәнін айқындау, жалпыадамдық өркениет аясындағы даму бағыттарын зерделеу – қоғамдық ғылымдардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі» [2, 115]. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиеттану ғылымының алдында да халықтық сананың қайнаркөзі болып саналатын көркем сөз өнеріндегі құндылықтар жүйесіне талдау жасау міндеті тұр. Өйткені қоғамдағы құндылықтар жүйесіне, оның өткеніне, бүгінгі беталысы мен болашақтағы ықтимал бейнесіне баға беру үшін тек қана әлеуметтік сауалнамалар мен социо-аксиологиялық теорияларға сүйенген зерттеулер ғана емес, халықтың ішкі болмысын дәл әрі кең диапозонда татытатын көркем мәтіндерді негізінде де зерттеу жасау, бір жағынан, тың ғылыми тұжырымдарға жол ашса, екінші жағынан, әдебиеттану ғылымының да аясын кеңейтеді.

Құндылықтар – қоғамның ілгері жылжуының алғышарты, мәдениеттің іргетасы һәм саяси-экономикалық тұрақтылыққа кепіл болушы басты факторлардың бірі. Әлемдегі құндылықтар хақындағы зерттеулерге көз салғанда осы ойымыз беки түсті. Мысалы, өркениеттер арасындағы қақтығыстардың негізгі түйткілдерін таразылаған С.Хантингтон құндылықтардың мемлекет тағдырындағы шешуші фактор екенін тілге тиек етеді [3, 9-14]. Ол аз уақытта көшбасшы елдердің санатына қосылған Оңтүстік Кореяның даму тарихына көз жүгіртіп, алпысыншы жылдары оның Ганамен қарайлас екенін және құндылықтар жүйесін реттеу арқылы отыз жылдың ішінде Азияның озық елдерінің біріне айналғанын жазады [3, 14]. Ал Л.Харрисон ғылымда тұрақтап қалған *колониализм, бодандық, расизм және географиялық ерекшелік (ерекшелеген – біз. Н.Қ.)* деген теорияларға түбегейлі қарсы шығып, елдің дамуында аталған өлшемдердің ешқайсысы басты орында тұра алмайтынын, мемлекет саясатының тұрақты болып, экономикасының өрлеуіне түрткі болатын басты фактор елдің мәдениеті мен құндылықтар жүйесі екенін дәйекті пікірлерімен дәлелдейді [3, 15-16]. Ал АҚШ-тың профессорлары – Д.Ажемоглу мен Ж.Робинсон «Ұлттар неге ұтылады?» (Why Nations Fail) деп аталатын ғылыми еңбегінде елдің саяси-экономикалық жаңғыруына мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларына қарағанда, мәдени-құндылықтық бағдарлары – өмірге деген көзқарастар жүйесі мен әлеуметтік этикалық нормалардың көбірек ықпал ететінін таратып түсіндіреді [4]. Қоғамның дамуы мен тұрақтылығын социомәдени аспектіде қарастырған зерттеу еңбектері аз емес және мұндай бағыттағы пәнаралық ізденістердің уақыт өткен сайын өз маңызын арттыра түскенін байқауға болады.

Кез келген халықтың алуан түрлі игіліктерге кенелуінің түп тетігі моральдық шарттарда жататыны жоғарыда көрнекті ғалымдар пікірлерімен сабақтастыра отырып тілге тиек етілді. Дегенмен, адами құндылықтарға берілетін анықтамалардың да мазмұны бір арнада тоғыса бермейтінін атап айтқан жөн. Мысалы, Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында: «Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. ...Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. ...Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді», – делінген [5, 124]. Ал Оксфорд сөздігінде құндылық ұғымына «этикалық бихевиоризм немесе тиісті құлық жөніндегі ненің дұрыс, ненің бұрыс, ненің жағымды, ненің жексұрын екендігі жөніндегі адамдар идеясы» деген анықтама беріледі [6, 611]. Келтірілген дәйектемелерге қарап құндылықтардың субъективті және объективті сипатқа ие екенін көруге болады. Сондай-ақ, оның объективті сипаты біршама күшті деп есептейміз. Оған сай белгілі бір зат не құбылыстың қоғам мүшелері тарапынан ерекше мәнге ие болып, бағасы артып, құндылыққа айналуы мүмкін. Құндылықтардың қоғам үшін

маңыздылығын кейбір ғалымдар бейнелі түрде «үнсіз төңкеріс» (*silent revolution*. – Н.Х.) деп те атайды. Жалпыадамдық құндылықтардың қазіргі әлемдік беталысын айқындап, құндылықтар картасын жасаған Мичиган университетінің (АҚШ) профессоры Р.Инглхарт осы атаумен арнайы кітапта жариялаған болатын [7]. Өйткені, құндылықтар – қоғамның барометрі. Оның құлдырауы өз кезегінде қоғамның да құлдырауына, ал берік орнығуы қоғамның да берік бола түсуіне мұрындық болады. Жалпыадамдық құндылықтарға рухани және материалдық игіліктер жатады. Ең бастысы, олар – жалпы адам баласына бірдей қымбат, айрықша мәнге ие болуға тиіс. Олар табиғи, әлеуметтік, адамгершілік ұстанымдар мен эстетикалық, құқықтық идеалдар, философиялық не діни идеялар не басқа да рухани құндылықтар болуы мүмкін. Осы арқылы адамзатқа ортақ құндылықтар қоғамның, тіпті өркениеттің рухани діңгегіне айналады. Өркениеттер ғұмырының ұзақ не қысқа болуы көбіне-көп жалпыадамдық құндылықтарға байлаулы. Педагогика ғылымында оған мынадай анықтама беріледі: «...жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл барлық мәдениет пен замандағы адамдар үшін абсолютті стандарт болып саналатын іргелі, жалпыадамдық бағдарлар мен нормалар, моральдық құндылықтар» [8, 6]. Әлеуметтанушы Джозеф Фихтер құндылықтарды жеке басымыздың ғана емес, сонымен бірге өзгелердің де өмірінің мәніне айналуын қалайтын дүниелеріміз екенін айтады [9, 132]. Ғалымның пікірінше, жалпыадамдық құндылықтар мәдениет пен қоғамның салмағын арттырып, болашағын жарқын етеді [9, 132].

Адами құндылықтарға қатысты зерттеулерді саралағанымызда олардың үш түрлі негізінің бар екеніне көз жеткіздік. Мәдениеттанушы, профессор К.Клакхон өзінің «Мәдениетті зерделеу» атты еңбегінде «Адами құндылықтар дегеніміз – индивидтің не топтың *танымдық, сезімдік немесе әрекеттік (ерекшелеген – біз. – Н.Х.)* таңдау жасауына итермелейтін анық я анық емес концепциялары», – деген тұжырым жасайды [10, 395]. Мұндай пікірлерді біз басқа да зерттеушілердің еңбектерінен кезіктірдік [11]. Дегенмен, жалпыадамдық құндылықтар деген ұғымның жоқ екенін, не болмаса олардың батыстық сипатқа ие екендігін айтатын ғалымдар да жоқ емес. Мысалы, этнолингвист, мәдениеттанушы Әділ Ахметов «жалпыадамдық құндылықтар» деген терминнің өзіне қарсы. Ол еуразиялық өркениет төңірегіндегі ізденістерінде бұл ойын ашық білдіреді. Ғалым әлемнің ноосфералық дәуірге аяқ басып келе жатқанын, өркениет көші біртіндеп Еуразиялық кеңістікке – қазіргі Қазақстан мен Ресей территориясына ауып келе жатқанын тарихи салыстырмалы әдіс арқылы баяндай келе: «...ноосфералық дәуірде жеке және топтық (командалық) арман-мұраттар мен шындықтың тең құқылы феномені бой көтереді. Ал қазір «жалпыадамдық құндылықтар», «жаһандық армандар» жөнінде сөз қылу әлі ертерек. Өйткені, алдағы 500 жыл аумағында адамзат жоғарыда аталған доминанттар қақтығысының аясында өмір сүретін болады.

Өйткені, қазір де бір шындықтың басы ашық. Мәселен, бүгінгі таңдағы «жалпыадамдық құндылықтар» деген ұғым, шын мәнінде, «алтын миллиардтың» агрессивті технологиялар арқылы бүкіл әлем мен адам санасын жасандылықпен улап кіргізген құндылықтары», – деп ой қорытады [12, 202]. Осы тақылеттес пікірді Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Ф.И.Гиреноктің сұхбатынан кезіктірдік. Философ-ғалым тіпті ондай ұғымның жоқ екенін алға тартады. В.Б.Румянцевке берген сұхбатында ол: «Мен үшін бұл мәселе әлдеқашан өз шешімін тауып қойған. Біреулердің әлі де аталмыш мәселені шеше алмай жүргеніне таңғаламын. Ешқандай «жалпыадамдық құндылық» жоқ, болған емес және болмайды да», – деп кесіп айтады [13].

Жалпыадамдық құндылықтардың уақыт пен орын талғамайтынын, қандайда бір мәдени кеңістікпен шектеліп қалмайтынын және адамзат түпсанасы мен психологиясына тән табиғи қасиеттер негізінде қалыптасқанын ескерер болсақ, жоғарыда келтірілген пікірлермен келісу қиын болар еді. Біздіңше, жалпыадамдық құндылықтарды белгілі бір саяси-қаржылық алпауыттардың еншісіне салып қоюға болмайды. Өйткені оның мазмұнын әділет, шапқат (мейірім), сұлулық, достық, ізгілік т.б. сынды рухани құндылықтар мен күллі адам баласына бағалы саналатын материалдық игіліктер құрайды. Қазіргі әлемдегі батыстық үстемдіктің белгілі бір деңгейде құндылықтар жүйесіне ықпал-әсері бар десек те, бұл жалпыадамдық құндылықтардың мазмұнына өзгеріс енгізе алмайтынын баса айтуымыз керек. Өйткені, аталмыш мәселе өмір сүріп отырған заманымызда ғана емес, біздің заманымызға дейінгі дәуірлерде де ақыл-ой алыптарының назарына ілігіп, арнаулы еңбектердің жазылуына түрткі болған. Бұл құндылықтар әлемінің ежелгі дәуірлерден бері өзекті тақырыптардың қатарында болғанын көрсетеді. Мысалы, Аристотель өзінің «Үлкен этика» атты еңбегінде жалпыадамдық құндылықтар жөнінде жазады. Ол Пифагордың, Сократ пен Платонның игілік, құндылық туралы айтқандарын сын тезіне алып, қарсы шығады әрі өзінің көзқарастарын әртүрлі дәйектермен бекітеді. Аристотель: «Игіліктердің кейбіреуі құнды, басқалары – мақтаулы заттардың, үшіншілері – мүмкіндіктердің қатарына жатады. Құндылар деп мен құдайдан тарайтын ең қадірлі игілікті айтамын, мысалы, жанды, ақылды, бұлар – бастапқы алғашқы принцип деуге болатын нәрселер. Құнды – бұл сыйлы, ондай нәрселерді бәрі де құрметтейді. Ізгіліктің әсерімен адам абыройлы болады, сондықтан да ол – құндылық», – дейді [14, 253]. Аталған трактатында Аристотель игіліктерді жанға қатысты, тәнге қатысты және жанға да, тәнге де қатысы жоқ игіліктер деп бөледі. Жанға қатысты игілік түрін ең жоғарғы игіліктер санатына қосып, өз ойын былайша өрбітеді: «Жанға қатысты игіліктер екі жаққа бөлінеді – ақыл иесіне және ақылдан ада жаққа. Ақылға ие жағына ақылдылық, көрегендік, даналық, үйрету қабілеті, ес және сол сияқты қабілеттер тән; ақылдан ада жағына ізгіліктер деп аталатындар: қанағат, әділдік, ерлік және

басқа да ұнамды мінез-құлық түрлері жатады», – дейді [14, 257]. Жоғарыда келтірілген пікірлерін ол өз ұлына арнап жазған өсиет кітабы – «Никоммах этикасы» атты еңбегінде дамыта түседі [15, 53-295].

Ежелгі дәуірдің ойшылдарынан бастау алған әртүрлі жіктеулерді бүгінгі аксиология ғылымындағы классификациялар толықтыра түседі. Сонымен бірге құндылықтар теориясына жанама салалалардың да атаулы мәселені айналып өтпейтінін байқауға болады. Мысалы, қазіргі педагогикада құндылықтардың мынадай түрлері аталынады. «Құндылықтар биопсихологиялық (денсаулық) және рухани реттілікте болады. Құндылықтар рухани мәдениет түрлеріне қарай адамгершілік (өмірдің мәні және бақыт, қайырымдылық, жауапкершілік, ұят, ар, абырой), эстетикалық (әсемдік, маңыздылық), діни (сенім), ғылыми (ақиқат), саяси (бейбітшілік, әділеттілік, демократия), құқықтық (заң және құқық тәртібі) болып жіктеледі» [8, 6]. Әйтсе де, құндылықтардың жіктелуі біркелкі емес. Ол – заңды құбылыс. Біз XX және XXI ғасырдағы аксиологиялық зерттеулерге шолу жасағанымызда, олардың кең таралған 50-ден астам классификациясының бар екеніне көз жеткіздік. Солардың ішіндегі ең белгілілері – М.Рокич, Г.Хофстед, Ш.Щварц, Г.Олпорт сынды ғалымдардың жіктеулері. Аталған авторларды құндылықтар теориясына айтулы жаңалықтар әкелген, ғылыми негізін қалыптастырып, болашағына болжам жасаған ғалымдар деп айтуға болады. Мысалы, Рокич құндылықтарды мақсаттық (terminal) және құралдық (instrumental) деп екіге бөліп, жалпы саны 36 құндылықты тізбектеп шығады. Ол: «Адамның өмірде қол жеткізуді қалайтын жағдайы (еркіндік, отбасындағы сенім т.б.) мақсаттық, ал сол мақсаттық құндылықтарға жету үшін жасалатын әрекеттері құралдық құндылықтарды қалыптастырады», – дейді [16, 9]. Мильтон Рокич құралдық құндылықтарға қарағанда абстрактілі, әмбебап және өзгермейтін қалыпқа ие мақсаттық құндылықтардың адамның қалаулы құндылықтары болып саналатынын, ал құралдық құндылықтар болса, мақсаттық құндылықтарға қарағанда әлдеқайда нақты және құбылмалы болып келетінін, аталған екі құндылық түрінің арасындағы айырмашылықты бөліп жару қиынға соғатынын жазады. М.Рокич мақсаттық құндылықтарды жеке тұлғалық және қоғамдық деп, ал құралдық құндылықтарды моральдік және біліктілік деп екіге бөліп қарастырады. Өзіне деген құрмет, қоғамда мойындалу сияқты құндылықтар жеке тұлғалық, ал бейбітшілік пен теңдік қоғамдық құндылықтар санатына қосылады. Өз кезегінде, адамдарда жеке тұлғалық құндылықтардың басым түсуі қоғамдық құндылықтардың мәнін азайтса, керісінше, қоғамдық құндылықтар үстем болған жағдайда жеке бастың құндылығы мәнін кемітеді (толығырақ бірінші кестеде).

1-кесте.

Мильтон Рокичтің құндылықтар жіктемесі			
Мақсаттық құндылықтар		Құралдық құндылықтар	
Жайлы өмір	Көңіл тыныштығы	Өршілдік	Дүниетаным кеңдігі
Қызықты ғұмыр	Шынайы махаббат	Қиялдау	Тәуелсіздік
Табысқа ұмтылу сезімі	Ұлттық қауіпсіздік	Қабілеттілік	Интеллект
Бейбіт өмір	Рақат	Позитивтілік	Логика
Сұлу өмір	Құтқару	Тазалық	Жанашырлық
Теңдік	Өз-өзіне құрмет	Батылдық	Тіл алғыштық
Отбасы қауіпсіздігі	Қоғамда мойындалу	Кешірімділік	Кішіпейілділік
Еркіндік	Шынайы достық	Пайдалылық	Жауапкершілік
Бақыт	Даналық	Шыншылдық	Өз-өзін бақылау

Аксиология ғылымында кең тараған кезекті классификация Ш.Шварцқа тиесілі. Ол құндылықтарды онға бөліп қарастырады да, әр адамда құндылықтардың әртүрлі көрінуі мүмкін екенін, кей адамда бір құндылықтың басым болуын, ал кей адамдарда бірнеше құндылықтың қатар көрінуін тілге тиек етеді. Ғалым жалпыадамдық құндылықтардың мынадай түрлерін атап өтеді: күш (power), жетістік (achievement), гедонизм (hedonism), ынта-ықылас (stimulation), өзін-өзі бағыттау (self-direction), әмбебаптық (universalism), мейірбандық (benevolence), дәстүр (tradition), сәйкестік (conformity), қауіпсіздік (security) [17, 5-7]. Ш.Шварц пен М.Рокичтің классификациясында ортақ құндылықтардың бар екенін байқау қиын емес. Тек М.Рокичтің ғана емес, басқа да зерттеушілердің жіктемесінен Ш.Шварцтың жіктемесін бөлектеп тұрған құндылық – дәстүр. Дәстүрді белгілі бір этностың өзіне тән рухани-мәдени жолы деп есептегенімізбен, оны жалпыадамдық шеңберде қарастыруға негіз бар. Біз ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар арақатынасын үшінші тарауда арнайы сарапқа саламыз.

Жоғарыда құндылықтардың елдің экономикалық, саяси-әлеуметтік жаңғыруының негізі екенін атап айттық. Ол ең әуелі жеке тұлға болмысынан көрінеді. Жалпыадамдық құндылықтар – жеке тұлғаның мәдени-этикалық Темірқазығы. Оны адамның өзіне ғана емес, жалпы айнала-болмысқа деген көзқарас-ниетін қалыптастырып, адами қалпын анықтайтын ішкі механизмі деуге болады. Мәдениеттанушы Г.Хофстед құндылықтарды бала кезден бейсаналы түрде қалыптасады деп есептейді. «Құндылықтар дегеніміз – қарсы мәні бар сезімдер жиынтығы. Әрқайсысының оң және теріс жағы болады. Құндылықтар мынадай дүниелерге қатысты болады: жауыздық жақсылыққа қарсы, ластық – тазалыққа, қауіп – тыныштыққа, әдепсіздік – сыпайылыққа, ұсқынсыздық – сұлулыққа, табиғи болмаған нәрсе табиғилыққа, қалыпсыздық – қалыптылыққа, парадоксалдылық – логикалылыққа, иррационалдылық – рационалдылыққа, моральдық азғындыққа қарсы боп саналады. Өйткені, құндылықтарымыз өміріміздің бастапқы кезеңінде қалыптанады, олар иррационалды болып саналады (дегенмен, біз өзімізді толыққанды саналы әрі ақылдымыз деп есептейміз!). Шындығында, құндылықтар біздің субъективті болмысымыз бен ой-санамызды анықтайды», – дейді ол өзінің әйгілі «Мәдениеттің салдары» атты еңбегінде [18, 6]. Құндылықтар – адам өмірінің мәні болып саналатын стандарттар, жоғарғы мінез-құлық пен өмірлік сенім-түсініктердің жиынтығы. Әр адам дүние есігін ашқан сәттен белгілі бір әлеуметтік ортаның мүшесі болады. Ал ол оған дейін қалыптасып үлгерген құндылықтар жүйесінің ішінде өмір сүреді де, Г.Хофстед айтқандай, бейсаналы түрде ерте жастан оны өз бойына сіңіреді. Ол отбасынан, жақын ортадан, жазба және визуалды материалдардан еліктеу не үлгі алу арқылы қалыптасады. Құндылықтар адамнан – адамға, қоғамнан – қоғамға, мәдениеттен мәдениетке ауысуы мүмкін. Осы арқылы құндылықтар қоғамдық этика мен әрекеттер жүйесінің анықтаушысы, қоғамды танудың негізі болады. Құндылықтардың қоғаммен қатынасы күрделі жүйені құрайды; адамдар арасындағы ненің тыйым салынғанын, ненің мақтаулы, ненің қылмысқа әкеп соғатынын да белгілейді. Құндылықтар жүйесінің сатыларына сараптама жасау арқылы біз қоғамның даму қарқыны мен әлеуетін анықтап, болашағына болжал жасауға мүмкіндік аламыз. «Қоғамның бірде-бір құндылыққа ие болмауын өзінің ең күшті әлеуметтік реттеуші құралынан айырылғаны деп түсіну керек», – дейді әлеуметтанушы Дж.Фихтер [9, 137]. Осылайша құндылықтар арқылы біз жеке тұлғаның ғана емес, сол арқылы бүкіл бір қоғамның, елдің бет-бейнесін боямасыз, дәл көре аламыз. Бұл, әрине, қоғамның мәдени болмысына қатысты. Белгілі бір құлық түріне не заттарға айрықша мән сыйлайтындықтан, құндылықтар стандарттаушы нормаларға айналады. Ал нормалар бірте-бірте діл – менталитет ретінде қалыптанып, географиялық не мәдени кеңістіктегі қауымдастықтарды өзара ұқсас тип төңірегіне шоғырландырады. Нәтижесінде, тіл, сезім, қиял және мінез-құлық

тұрғысынан халық ортақ сипаттарға ие болады. Ұлттың даралығы, өзгеге ұқсамайтын бірегейлігі (identity) деген ұғымның о бастағы түпқазығы құндылықтар әлеміне барып тіреледі. Жалпыадамдық құндылықтар бір ұлт мәдениетінің іргетасын қалайды. Ол, сондай-ақ, бір ұлт мәдениетінің өзгеге ұқсамас даралығын ғана айқындап қоймай, сонымен бірге басқа мәдениеттермен қатынасын да реттейді. «Жалпыадамдық құндылықтардың аркасында мәдениет диалогтық феноменге айналады», – дейді ғалым И.Д.Каландия [19, 120].

Осы қырынан қарағанда, адами құндылықтардың өзіне тән ерекшеліктеріне үңілу қажеттілігі туындайды. Ең алдымен, құндылықтардың антропогенді екенін айтуға тиіспіз. Адам бар жерде оның өзіне тән құндылықтық бағдары да болады. Бір нәрсені екінші бір нәрседен абзал санау, салыстыра отырып бағалау – жалпы адам баласына тән қасиет. Жақсылық пен жамандық, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділет пен зұлымдық сынды қарсы мәндегі өлшемдердің бәрі де құндылықтардың қалыптасуына түрткі болып, қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де, адамға бағдар беруші, бағыт сілтеуші функция атқарады.

Құндылықтардың статикалық әрі динамикалық қалпы, екі қыры бар. Зерттеушілердің дәл осы тұста пікір қайшылығына тап болатыны осыдан болар деп ойлаймыз. Дегенмен, көптеген ғалымдардың пікірлері олардың өзгермелі болатынын көрсетеді. Құндылықтар жүйесінің өзгеруіне қоғамдық факторлар, әлеуметтік-саяси, психологиялық факторлар әсер етеді. Этникалық қазақтардың құндылықтарын ғылыми талдау нысанына алған С.Нұрмұратов: «Құндылықтар, ол – өте үлкен әлем. Олар өзгеруі, дамып бір түрден екінші түрге ауысуы, трансформацияға ұшырауы, жойылып кетіп, жаңасы пайда болуы мүмкін», – дейді [20]. Ал Ә.Рымғазықызы құндылықтарды «адамның жер бетінде өмір сүруінің мәні мен маңызын анықтайтынын» тілге тиек етіп: «Ұлттық құндылықтардың өзгеру процесі өте көп уақытты қажет етеді. Құндылықтар бағыты жасалуы, жойылуы, сынуы, өзгеруі немесе жаңа маңызға ие болуы мүмкін», – деп ой қорытады [20]. Осы орайда, жоғарыда есімдері аталған ғалымдардың құндылықтардың жойылып кетуі мүмкін деген пікірімен келісе алмаймыз. Біздің ойымызша, құндылықтар белгілі бір деңгейде мәнін өзгертіп я болмаса қоғамдық өмірде маңызын азайтуы мүмкін, алайда біржолата жойылып кетуі мүмкін емес. Өйткені жалпыадамдық құндылықтар адамзат атаулыға ортақ, бір ауыздан мойындалған, күллі адам баласы үшін қымбат бірліктер болып есептеледі. Тек олардың жекелеген мәдени-географиялық кеңістіктерде өзіндік ерекшеліктері болуы ықтимал. Дегенмен құндылықтардың динамикалық қасиетіне қарағанда, статикалық қасиетінің күшті екендігінде талас жоқ. Кейбір отандық ғалымдар кей құндылықтардың тіпті динамикалық қасиетінің болмайтынын айтады. Мысалы, Г.Смағұлова эстетикалық құндылықтарды осындай қасиетке ие деп санайды. Лингвист-ғалым Г.Смағұлова өз зерттеуінде былай дейді:

«Әдетте, адам өмірінде құндылықтар әртүрлі. Мәселен, моральдік (адалдық пен әділеттілік), діни (мойынсұнушылық, төзімділік), әлеуметтік (қайырымдылық), сезімдік (махаббат, достық), эстетикалық (сұлулық, әсемділік, үйлесімділік) т.б. Бірақ құндылықтар әлемі әрдайым өзгеріп отырады. Оған, әсіресе, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер себепші болады. Себебі, адамдардың өмір сүру ерекшеліктері және олардың жеке және топтық көзқарастары құндылықтардың әлсіреуі мен күшеюіне әкеледі.

Алайда, аталған және аталмаған құндылықтар арасында эстетикалық құндылықтар көп жағдайда өз деңгейін сақтап қалатын сияқты. Өйткені, өзге құндылықтар өзгермелі болса, сұлулық, әдемілік, үйлесімділік қашанда адамдардың мәңгі құштарлығына арқау болатын конкретті дүние. Мысалы, ақша, мансап бірде бар, бірде жоқ дүние болса, эстетикалық ләззат сыйлайтын әсем табиғат көрінісі, адамның сұлулығы т.б. үйлесімді әдемі зат, сұлу бейне әркез адамдардың көз алдында» [21, 312]. Ғалымның бұл пікірін қисынды деп санаймыз. Әдебиеттің қалыбына салсақ, бұл пікірдің өзектілігі арта түседі. «Себебі, әдебиет ең алдымен эстетикалық функция атқарады. Танымдық, тәрбиелік қызметінен бұрын оның оқырманға эстетикалық әсер сыйлайтыны, адам жанын сұлулыққа құштар қып, жан әлемін үйлесімділікке баулитыны белгілі» [22, 80] Алайда, біз сөз етіп отырған әдебиеттің өзінде сұлулық әр кезде әркелкі көрінуі мүмкін. Әсіресе, ол көбіне-көп сол халықтың мәдени, ұлттық даралығына (идентификациясына) байлаулы. Бір ұлттың сұлулық туралы ұғымының қалыптасуына оның ғасырлар бойғы тұрмыс-тынысы мен табиғи-географиялық ерекшеліктерінің айрықша зор ықпалы болатыны заңды. Әдебиет те сол халықтың мәдени кодында сақтаулы сұлулық ұғымын ашып беруге қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетіндегі сұлулық деп танылған дүние басқа ел әдебиетінде мүлдем басқа құбылыспен салғастырылып берілуі кәдік. Бұл жайлы М.Жұмабаев «Алқа» атты әдеби манифесінде орынды пікір білдіреді: «Қазақтың мұрнын тесіп зере салуы Еуропа көзінде сұлулық емес, тағылық деп саналады ғой. Яки Еуропаның күн батқандағы суретті аузынан суы құрып мақтауы қазақтың өз әдебиетінде жоқ қой», – дейді ақын [23, 55]. Сұлулықтың, жалпы эстетикалық құндылықтардың басқа құндылықтармен салыстырғанда біршама тұрақты болатыны жасырын емес. Алайда, ол әртүрлі сипатта көрініс табуы мүмкін екенін осыдан аңғаруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, жалпыадамдық құндылықтар ұлттар мен халықтардың бәріне бірдей ортақ болып саналғанмен, олардың өмірге көзқарасына, парадигмасына қарай әртүрлі сипатта көрінетінін ескеруге тиіспіз. Бір жағынан, дәл осы қасиеті құндылықтардың бірегейлік дейтін бүгінгі жаһандану дәуірінде айрықша маңызды тақырыптың мәнін ашуға жол ашатынын қаперге алған жөн.

Әр дәуірдің өз биік құндылығы бар. Құндылықтарды уақыт пен мекенге бағынбайтын абсолютті игіліктер дегенімізбен, олар қоғам

ыңғайына қарай әр кезеңде әрқилы көрінеді: маңызы біресе артып, біресе азайып отырады. Бұл жалпыадамдық құндылықтардың жойылып кететінін білдірмесе керек. Қоғам бар жерде құндылықтар жүйесі де қатар жүретіні табиғи заңдылық. Аксиология ғылымының көрнекті маманы Ш.Шварц құндылықтардың негізгі алты ерекшелігін атап өтеді. Олар:

1. «Құндылықтар – өзара тығыз қатынастағы сенімдер жүйесі. Өз күшіне енген кезде олар адам жанын ыстық сезімге бөлейді. Қандайда қауіп төнген жағдайда тәуелсіздік аса маңызды құндылық болып саналатын адамның ашуын туғызады. Оны қорғай алар қауқары болмаса, торығуға бет алады да, әйтпегенде өзін бақытты сезінеді.

2. Құндылықтар белгілі бір әрекетке жігерлендіретін қалаулы мақсаттармен сабақтас болады. Әлеуметтік тәртіп, әділет, өзгелерге пайдалы болу құндылық болып саналатын адамдар аталмыш мақсаттарға жету жолында жан аямайды.

3. Құндылықтар белгілі бір әрекеттер мен жағдайларға бағынышты болмайды. Мысалы, тіл алғыштық пен адалдық құндылықтары жұмыс орнында, мектепте, бизнес не саясатта, достар мен бөгде адамдар арасында да маңызды болуы мүмкін. Бұл ерекшелік құндылықтарды әдеттегі нақты әрекет, ситуация, объектілермен қатысы бар нормалар мен көзқарастар жүйесінен айырады.

4. Құндылықтар стандарт немесе критерий ретінде қызмет етеді. Құндылықтар саясатта, адамдар арасында, оқиғалар мен түрлі жағдайларда таңдау жасау мен бағалау деңгейін белгілейді. Адамдар ненің жақсы, ненің жаман екенін, дұрыс пен бұрысты, құпталған іс пен тыйым салынған істі жалпыадамдық құндылықтарға сүйене отырып шешеді. Алайда күнделікті тұрмыстағы шешімдерімізге тигізер әсері жағынан олар үнемі саналы түрде бола бермейді.

5. Құндылықтар өзара маңыздылығына қарай реттеледі. Адамдардың құндылықтары олардың индивидуалдық қасиеттерімен реттеледі. Олар жетістікке көп мән бере ме, әлде адалдыққа ма, жаңашылдыққа ма, дәстүршілдікке ме? Аталған иерархиялық ерекшелік те құндылықтарды нормалар мен көзқарастардан айырады.

6. Кейбір құндылықтар әрекет етуге жетекшілік етеді. Кез келген қатынас не мінез-құлықтың бірнеше құндылыққа әсері бар» [17, 3-4].

Жоғарыда келтірілген пікірлер легі құндылықтардың өзіндік ерекшеліктерін ашып береді. Жалпыадамдық құндылықтардың жеке тұлға мен қоғам алдындағы рөлі жайында аз-кем тоқталдық. Расында да, құндылықтардың қоғамдық жүйені реттеуші, демократиялық игіліктерге жету жолындағы қызметі орасан деп ойлаймыз. Мысалы, достық, қайырымдылық, қонақжайлылық сынды жалпыадамдық құндылықтар тұтас қоғамның жақсаруына сеп болатыны анық. Егер біз құндылықтар жүйесінің осы қырына үңілетін болсақ, еріксіз олардың функциясы жөнінде сөз қозғауға мәжбүр боламыз. Құндылықтардың өзіндік қызметі туралы

түрлі пікірлер бар. (Рокич, Хофстед, Шварц т.б.). Дегенмен, оның функциясын біршама толымды түрде ашып берген – социопсихолог Дж.Фихтер. Ол құндылықтардың негізгі алты функциясы бар деп есептейді.

1. Құндылықтар – адамдар мен топтардың әлеуметтік игіліктерге жетуіне жол ашатын құралдар. Стратификация жүйесін жасайды. Жеке тұлғаның айналасындағылардың көзінше қай тұста екенін білуге сеп болады.

2. Құндылықтар адамдардың назарын қалаулы, пайдалы әрі маңызды деп танылған мәдени не материалдық нысандар үшін бағыттайды. Өте құнды бір объект қашанда адам мен қоғам үшін ең үздік деп танылмауы мүмкін.

3. Әр қоғамдағы идеал түсінік пен мінез-құлықтар құндылықтар арқылы анықталады. Әлеуметтік тұрғыдан бағалы деп танылған мінез-құлықтың кестесін (диаграммасын) сызады. Осылайша адамдар әрекеттері мен түсініктерін ең жақсы қай жолда көрсету керек екенін ұғына алады.

4. Құндылықтар адамдардың әлеуметтік рөлдерін таңдауында және оны жүзеге асыруында жетекшілік жасайды. Қызығушылық оятып, қайратын қамшылайды.

5. Құндылықтар – әлеуметтік бақылау мен басқарудың құралдары. Адамдарды әдет-ғұрыптарды сақтауға бағыттайды, дұрыс нәрселерді жасауға итермелейді. Сонымен бірге, құндылықтар мақұлданбаған (бұрыс) мінез-құлықтарға тосқауыл болады, тыйым салынған үлгілердің нелер екеніне жөн сілтейді және әлеуметтік тәртіпсіздіктерден туындаған ұят пен кінәлілік сезімдерінің оңай ұғынылуын қамтамасыз етеді.

6. Құндылықтар ниеттестік (ынтымақтастық) құралдары ретінде де қызмет етеді. Әлеуметтанушы ғалымдардың бір шарасы – кейбір топтардың жалпыадамдық құндылықтарды жаю үшін арнайы жасақталуы. Адамдар дәл осы топ мүшелерінен адамгершіліктің жоғарғы үлгілерін күтеді әрі өздері де сол топ мүшелеріне ұқсауға тырысады. Ортақ құндылықтар әлеуметтік ниеттестік (ынтымақтастық) жарататын және оны ғұмырлы ететін ең маңызды факторлардың бірі болып саналады» [9, 139].

Жоғарыда аталған құндылықтар функцияларын біз қазіргі қоғамның беталысынан да айқын көре аламыз. Әсіресе, демократиялық принциптерге сай жаңа қазақстандық қоғам қалыптастыру барысында аталған қызметтердің орны ерек. Бүгінде жеке тұлға құндылығы алдыңғы шепке шықты деуге негіз бар. Өйткені, адами капиталсыз елдің ертеңі бұлыңғыр болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Жеке тұлға құқығы, оның қадірі мен құрметі, қауіпсіздігі мен қызметі және оның басқа ұлттар мен діни конфессия өкілдері арасындағы өзара ымырашылдық мәселелеріне қазіргі қазақ қоғамында аса үлкен маңыз беріліп отыр. Бір жағынан, бұл – әлемдік үрдісте, дүниежүзілік мәдени ағыста бар құбылыс. Өйткені, қазақ қоғамы әлемдік қауымдастықтың ажырамас бөлшегі екені шындық. Өмір сүріп

отырған дәуірімізге ғылымда әртүрлі анықтамалар беріліп келеді. Постиндустриялық білім қоғамы немесе ақпараттық ғасырда, я болмаса постмодерн дәуірінде күн кешіп жатырмыз дегенімізбен, аталған анықтамалардың бәрі де өз дәуірінің құндылықтар жүйесіне қарай айдар алғаны айна қатесіз ақиқат. Құндылықтардың бәріне қайта баға берумен ерекшеленетін қазіргі постмодерн дәуірінің өзіндік айырмашылықтары жөнінде қоғамтанушы ғалым Т.Орал мынадай пікір айтады: «Жаһандану жаңа қоғамның дәстүрлі қоғамнан көп айырмашылығы жоқ құндылықтар жүйесіне жаңа өлшемдер енгізіп жатыр. Яғни қауымдастықтардың тіл алғыштық мәдениеті, көршілік қатынастары, қауіпсіздік пен қорғаныс тәртібі, адалдық пен сатқындық, жабықтық пен құпиялылық, махаббат пен төзімділік, құрмет пен үрей, еркіндік пен тәуелділік сынды қоғамдық құндылықтар заманауи құндылықтардың ықпалы астында қалуда яки жаңа мәнге ие болуда. Қоғамдық құндылықтарды мұндай өзгеріске әкеліп жатқан қазіргі заманның құндылықтары мыналар: демократия, бәсекелестік мәдениеті, өнімділік, адам құқықтары және жеке тұлға. Соңғысы, яғни жеке тұлға – постмодерн қоғамының, яғни дәуіріміздегі білім қоғамының ең үлкен құндылығы. Дәстүрлі қоғамдарда қауымдастық, жаңа индустриалды қоғамдарда қорлар (клубтар) ең үлкен құндылық болып саналса, білім қоғамында жеке тұлға ең үлкен құндылыққа айналды. Барлық өзге де қоғамдық құндылықтар осы құндылықтың айналасында және оны алға шығаруға қызмет ету арқылы өмір сүреді» [16, 23]. Ғалым тілге тиек еткен бәсекелестік мәдениеті мен жұмыс өнімділігі нарықтық қоғамның өзі бізден талап етіп отырған адами құндылықтар болса, адам құқығы мен жеке тұлғаның құрметі демократиялық ұстанымдардың өзегі болып саналады. Дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды-білім қоғамының құндылықтары жөнінде біз алдағы тарауларды таратып жазамыз. Олардың қазіргі қазақ прозасында көріну арналарын, өзіне тән ерекшеліктерін көркем әдеби мәтіндер негізінде ашуға тырысамыз.

Қорыта келгенде, құндылықтар бүгінгі таңда философиялық, психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық, антропологиялық және экономикалық аспектілерде қарастырылып отыр. Әдебиеттану ғылымының аясында құндылықтардың табиғатын ашу міндеті бүгінгі гуманитарлық ғылымдар үшін өзекті болып саналады. Құндылық дегеніміз – белгілі бір заттың не құбылыстың маңыздылығы әрі пайдалылығы. Аталған екі қасиеті құндылықты қалыптастырады.

Құндылықтарды жіктеуге қатысты да бірізділіктің жоқ екенін, әртүрлі пікірлердің бар екенін жоғарыда тілге тиек еттік. Біз құндылықтарды мақсаттық және құралдық деп жіктеген М.Рокичтің тұжырымдарына арқа сүйейміз. Сондай-ақ құндылықтардың мынадай негізгі түрлері бар деп есептейміз. Олар: эстетикалық, этикалық, экономикалық, діни, саяси, әлеуметтік және танымдық құндылықтар. М.Рокич көрсеткен 36 түрлі құндылық аталған негізгі бастаулардан тарайды. Мысалы, әсемдік,

сұлулық, жарасымдылық құндылықтары эстетикалық құндылықтар санатына кіреді. Құндылықтарды қарапайым түрде материалдық және рухани деп те жіктеуге болады. Материалдық құндылықтарға экономикалық, ал рухани құндылықтарға эстетикалық, этикалық, діни құндылықтар жатады. Сонымен бірге аталған жіктеулерден тыс ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар деп жіктеу тәжірибесі бар. Біздің ойымызша, бұлардың арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ, шартты ұғымдар саналады. Ұлттық құндылықтар дегеніміздің өзі жалпыадамдық құндылықтардың мәдени-географиялық кеңістіктегі ерекшелігі деп есептейміз. Осыдан ұлттың дәстүр-салты, өзіне тән бірегейлігі мәселесі туындайды.

Құндылықтардың табиғаты олардың антропогенді екенін көрсетеді. Адам бар жерде қоғамның болатыны секілді, қоғам бар кезде оның өзіндік құндылықтар жүйесі де қалыптанатынын заңдылық деуге болады. Олар индивидуалдық, ұжымдық және қоғамдық сипатта өмір сүреді. Құндылықтардың негізгі үш қайнар көзі бар. Олар – таным, сезім және әрекет. Бұлар – адам болмысының үш тұғыры әрі өзара тығыз қатынастар жүйесіне ие. Индивидтің бойындағы құндылықтар бастапқы кезеңде қоғамдық нормалар негізінде бейсаналы түрде қалыптасады. Өйткені ол – әлеуметтік жаратылыс. Жеке тұлғаның бойында бір мезетте бірнеше жалпыадамдық құндылық қатар өмір сүреді. Алайда дүниетанымдық тұрғыдан жеке тұлғаның құндылықтық бағдары бірдей бола бермейді. Жекелеген адамдардан қоғам құралады десек, әлеуметтік жүйе үшін де құндылықтардың алар орны орасан. Өйткені құндылықтар қоғамдық нормалар мен мәдени жүйелердің негізін қалыптастырады.

Құндылықтар жүйесі ұрпақтан ұрпаққа қоғамға отбасы, білім беру жүйесі, БАҚ және әдебиет пен өнер салалары арқылы, сондай-ақ кітапханалар арқылы ауысады, таралады. Қоғамдағы құндылықтар жүйесінің өзгеруіне саяси-әлеуметтік факторлардың тигізер ықпалы өте зор. Бұдан шығатыны, қоғамдық-саяси факторлар аксиологиялық приоритеттерді туғызады. Мысалы, Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы өз кезегінде қоғамда ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуға түрткі болды. Ендігі ретте дәстүр, дін мен тіл мәселесі өзекті бола түсті. Сондықтан да біз соңғы ширек ғасырда қазақ қоғамында қайта жаңғырып жатқан ұлттық құндылықтарды тәуелсіздік құндылықтары деп атаймыз. Атауы өзгеше болғанымен, бұларды жалпыадамдық құндылықтардан бөле-жара қарауға болмайды. Құндылықтардың статикалық және динамикалық қасиеті бар десек, олардың өзгеруіне ықпал етіп отырған басты факторлар – нарық қоғамы мен постмодерн дәуірі алдымызға тосқан талап-тілектер.

1.2. Қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары

Сөз өнерінің қазақтың құндылықтар жүйесінің қалыптануына тигізген ықпалы орасан. Қазіргі Қазақстан территориясында еуропалық-университеттік, классикалық философия болмағанымен, өзгеге ұқсамайтын әрі сөздің күші мен киесіне сүйенген дара далалық философия үстем болғаны тарихтан белгілі. Ауыз әдебиеті мұраларының 100 томға жүк болуы әлемнің бірде-бір елінде кездеспейтін ғаламат құбылыс. Әдебиеттің, сөз өнерінің қазақ даласындағы құндылықтар жүйесін қалыптастырушы әрі қоғамдық қатынастарды реттеуші басты фактор болғанын осыдан-ақ аңғара аламыз. Сонымен бірге, аксиология ғылымында элита, зиялы қауым құндылықтардың бет-бейнесін танытушы, қайта жасаушы әрі оның жақсаруына серпін беруші басты топ ретінде сипатталады. Қазақ әдебиетінің тарихына көз салсақ, қауым елдің рухани-мәдени болмысын бүтіндейтін зиялылар сөз ұстаған шеберлер болғанына куә боламыз. Сондықтан да, қазақ халқының құндылықтар жүйесін зерделегенде оның әдебиетіне зер салмай шынайы байлам жасау қиынға соғады.

Қазақ әдебиетінің тарихы тереңде десек, оның поэзиясы ғана емес, прозасы да терең тарихи сабақтастыққа ие деген сөз. Ол ғасырлар бойы халықтың танымдық, тәрбиелік, утилитарлық һәм эстетикалық сұранысын қанағаттандырып келді. Сондай-ақ, әдебиеттің өткеніне үңілгенде, біз діни-нанымдық, құқықтық, моральдық-этикалық т.б. құндылықтар төңірегінде де тұщымды тұжырым жасауға мүмкіндік аламыз.

Әдебиеттің арғы атасы – фольклор. Әдебиет өзінің түп бастауын фольклордан алады. Біз жалпыадамдық құндылықтардың қазақ әдебиетіндегі, қазақ прозасындағы бастауларын анықтау үшін ең алдымен қазақтың бай фольклорына, ауыз әдебиетінің үлгілеріне көз салуға тиіспіз. Фольклордың утилитарлық сипаты басым дегенімізбен, оның да бойында белгілі бір деңгейде әдебиеттің функциясын атқаратын қасиет-нышандар көп кездесті. Ауыз әдебиеті үлгілерінің поэзиялық және прозалық жанрда ел арасына таралғаны белгілі. Қазақ прозасының алғашқы үлгілері оның байырғы халық прозасына барып тіреледі. Ғалым С.Қасқабасов өзінің «Қазақтың халық прозасы» деп аталатын еңбегінде халық прозасын екіге – аңыздық және ертегілік проза деп бөліп, осы екі жанрдың өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. «Олар бір-бірінен өзіндік қасиеттерімен дараланады. Біріншіден, аңыздық проза тыңдаушы мен айтушыларында еш күдік туғызбайды, оған ел сенеді, ал ертегілік прозада ойдан шығарылған қиялдан туған жайттар көп екенін халық жақсы түсінеді; екіншіден, дүниеге ең алдымен аңыздық прозаның сюжеттері мен жанрлары келеді, одан соң бұл сюжеттер мен жанрлар ел арасында ауызша айтылуының арқасында бірте-бірте толығып, өсіп, ертегілік проза түріне ауысады. Басқаша айтқанда, аңыздық проза дәуір (стадия) жағынан ертегілерге карағанда

көнелеу; үшіншіден, композициясы мен тіл кестесі, яғни жалпы көркемдігі жағынан аңыздық проза ертегілерден гөрі төмендеу болады; төртіншіден, аңыздық прозаның негізгі қызметі танымдық, табиғаттың тылсым сырларын түсіндіру және халық тарихынан мағлұмат беру, ал ертегілік прозаның басты функциясы – эстетикалық және тәрбиелік қызмет», – деп ой қорытады [24, 258]. Аңыздық прозаның (миф, хикая, әңгіме, аңыз, әпсана-хикаят) «Қазығұрт тауы», «Жайық пен Еділ», «Қара мерген», Жетіқарақшы, Жезтырнақ, Албасты, жалғыз көзді дәу жайындағы хикаялар т.б. әртүрлі үлгілері мен ертегілік прозаның («Мүшел», «Хайуандардың жыл басына таласуы», «Үркер», «Алтын айдар», «Үш қыз», «Ер Төстік», «Аяз би» т.б.) үлгілері қазақтың ауызша фольклорында маңызды орынға ие. Өйткені, «қара сөз түріндегі фольклор өзінің көнелігі, ұшқырлығы, ғажайып сипаты жағынан поэзиялық үлгілерден кем емес, қайта көп жағдайда басым түсіп жатады» [24, 3].

Ертедегі аңыз-әңгімелер мен мифтер адамзаттың балаң санасының жемісі екенін айқын. Бүгінгі дәуір адамы үшін оның бәрі шындыққа жанаспайтын қиялдың жемісі боп есептелгенімен, ертедегі қазақ даласында үстем болған құндылықтар жүйесін танып білуде халықтық проза үлгілерінің таптырмас құрал бола алатынын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, сол дәуірдің адамдары оған қалтқысыз сенгені де жасырын емес. Себебі, аңыздық проза мен ертегілік проза үлгілері жалпыадамдық құндылық болып саналатын игіліктерді аңсаудан туындағаны белгілі. Әсіре бейнелеулер мен литоталық детальдардың көптеп ұшырасуы және үнемі жақсылық пен батырлықтың биік қойылуы осыны аңғартса керек. Мысалы, «Жануарлардың жыл басына таласуы» атты ертегіде ең кішкентай жануар – тышқанның бәрінен оқ бойы оза шығып, жыл басы атануы әсерлі баяндалады. Мұны халықтың әлсізге деген мейірімінің, тілектестігінің көрінісіне балауға әбден болады. Халықтың арман-аңсарынан туындаған осы секілді сюжеттік желілерді біз қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінен жиі кездестіреміз. Мәселен, «Аяз би» ертегісін алайық. Аталған ертегінің идеялық жүгі ауыр. Адамзаттық құндылық болып есептелетін қарапайымдылықты ту еткен. Бас кейіпкердің әлеуметтік сатының ең төменгі деңгейінен ең жоғарғы дәрежесіне көтерілуі де тегін емес. Бас кейіпкер атының Жаман болуы және ертегінің ә дегеннен дүниедегі ең жаман үш нәрсені (шөп, құс, адам) іздеп жолға шығуы оқырманды елтіп әкетеді. Ақылымен елден асқан тұлға болуы ақыл құндылығын одан әрі биіктете түседі. Жаманның өз жарына: «Атамыз Адам бейіштен қуылып, шығып бара жатқанда, тәңірі: «Е, Адам, бейіш сенің үшін жаратылып еді, шайтанның азғыруымен шығып барасың, енді бейіштен қалағаныңды алып кет», – деген еді. Сонда Адам: «Тәңірі! Сенің қандай затыңның қадірлі екенін қайдан білейін?» – деген соң: «Адамзатқа пайдалы үш затым бар, біреуі – қыдыр, біреуі – бақыт, біреуі – ақыл, осының бірін ал», – деген екен тәңірі. Сонда адам ақылды алыпты. «Ақыл тұрмаған жерде біз де тұра

алмаймыз», – деп, қыдыр да, бақыт та ақылға табынған екен», – деп айтуында мән бар [25, 17]. «Аяз би» новеллалық ертегісінде тек қана қарапайымдылық пен ақыл, қанағат пен шүкіршілік мадақталып қоймайды, сонымен бірге адамзаттың жауы болып саналатын күншілдік, қызғаншақтық, надандық, тәкаппарлық пен ашкөздік сынды кесірлі ғадеттер сынға алынып, кішіпейілділік, парасаттылық пен қайырымдылыққа үлкен мән беріледі. Ертегінің соңғы түйінінде Жаманның баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына іліп қойып, кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, ілулі тұрған жаман тымағы мен тонына қарап: «Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» – деп көңіл басуында ізгі жолдан тайқымау идеясы айқын аңғарылады. Ертегі басындағы Жаманның хан сайланып, елдің басы болған кезде де «Жақсы» айдарын иемденбеуі атақ пен мансаптың адам қасиетінің көрсеткіші бола алмайтынының айғағы болса керек [25, 22]. Қазақ ертегілерінің, жалпы, халықтық прозаның қай үлгісі болсын, адамзатты ұшпаққа шығарған құндылықтарды ұлықтап, адамның дәрежесін хайуаннан да төменге түсіретін зиянды, кесапатты қылықтар мен ғадеттерден аулақ болуға үндейтіні жасырын емес. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Қазақтың халық прозасында халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі, құндылықтар жүйесінің тұтасқан көрінісі анық аңғарылады. Біздің ауызша тараған халық прозасын қазақ әдебиетінің классикалық проза жанрының арғы атасы, бастау көзі деп айтуға толық құқымыз бар. Бұл бір жағынан, көшпелі дала мәдениетінің талабы болатын. Әдебиеттанушы С.Асылбекұлы өзінің «Қазақ повесі» деп аталатын зерттеу монографиясында қазақ прозасының архетиптеріне шолу жасай отырып мынадай пікір білдіреді: «...бұрынғы заманғы ертегішілер, әңгімешілер ең алғашқы халық прозашылары еді, олардың қазіргі әріптестерінен басты айырмашылықтары өз туындыларын ауызша шығаратындықтарында және сол туындылардың ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізілетіндігінде болатын» [26, 10]. Көшпенділік мен отырықшылықтың екеуін де өмірінің өрнегіне айналдыра білген біртұтас қазақ этносының аталмыш ауызша әдеби мұралары ұлтты ұйыстырып, рухани бағдар ғана беріп қойған жоқ. Ауызша мұралар халықтың құқықтық, этикалық, әлеуметтік және эстетикалық, тіпті діни құндылықтарының да қалыптасуына негіз болды. Бұл өз кезегінде халықтың ойлау жүйесіне де айтарлықтай ықпал етті деуге негіз бар.

Қазақ халқының ойлау жүйесі поэтикалық сипатта. Бұл – ғылыми негізді байлам. В.В.Радлов сынды XIX ғасырда қазақ даласына келген миссионер-ғалымдардың қазақтармен тілдескен сәтінде бейне бір ән тыңдағандай елтігені осыдан болса керек. Академик Ә.Нысанбаев бұл туралы: «Қазақ халқының жоғары кісілік және тұлғалық философиялық мәдениетіне мән беріп, назар аударған ғалымдардың көбісі халықтың дәстүрлі дүниетанымында «көркем образдар» әлемі үстемдік ететінін

байқайды. Шынымен де, қазақтар әлемді ұғымдық мағынада шегелеп көрсетуден гөрі, көркем бейнелермен астарлап өрнектегенді қалап келген халықтардың қатарына жатады», – деп ой өрбітеді [27]. Поэтикалық ойлау үлгісінің бастаулары түркі даласында кеңінен қолданылған руникалық жазба дәстүрінен айқын көрінеді. Оны біз ең әуелі Орхон және Енисей жазба ескерткіштерінің синтаксистік сөйлем жүйелерінен аңғарамыз. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі тасқа қашалып жазылған руникалық жазбалардың жанрына қатысты ғалымдар арасында әртүрлі даулы пікірлер бар. И.В.Стеблева бастаған шетелдік және отандық ғалымдардың көбісі тасқа қашалған ескерткіштерді поэзия жанрына тиесілі десе, М.Мырзахметов т.б. зерттеушілер ол дәуірдің адамдарының қарапайым сөйлеу стилі, жазба стилистикасының өзі поэтикалық сипатта болды деген пікірді айтып, оның прозалық жанрға тиесілі екенін өздерінің дәйекті мысалдары арқылы дәлелдейді. «Асыл арналар» деп аталатын еңбегінде М.Жолдасбеков руникалық жазулардың жанрына қатысты мынадай пікір айтады: «Сонымен қатар, дәл Стеблеваның ұғымындағыдай, ескерткіштегі сөз біткеннің бәрін бірдей ағыл-тегіл өлең деуге болмайды. Қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді әйгілі жырларында кездесетін өлең арасындағы әлқисса-түсіндірме көркем қара сөздер мұнда да кездесіп, араласып отырады. Көне түркі авторлары, өзімізге әбден қанық қазақтың батырлар жырларындағыдай, болашақ жорықтарды немесе өткен оқиғаны ақындық тәсілмен, үлкен пафоспен баяндай отырып, өздеріне елеусіз деп есептеген сәттерді жыр арасында қара сөзбен жеткізіп те отырған. Әдетте мұндай прозалық жолдардың көркем болуы шарт емес, керісінше түсінікті болу жағына баса мән берілген» [28, 41]. Біздің ойымызша, Орхон ескерткіштерінің дені прозалық жанрда жазылған деп ойлаймыз. Өйткені, көшпелі қоғам өкілдерінің, тұрмыс тынысы кең далада өткен халықтар поэтикалық сөйлеу ерекшелігіне ие болатыны ғылымда дәлелденген. Түрік текті халықтардың мәдениетін зерттеуші ғалымдардың пікірі бұл ойымызды қуаттай түседі. «Тоныкөк» ескерткішінде: «Қандай қағанат болмасын, оның халқының арасында пәтуасыз (жалқау, оңбаған) табылса, ол халықтың қанша соруы бар десеңізші», – деп келетін тұсы бар [29, 56]. Ал «Күлтегін» жазуында: «Өлімші халықты тірілттім, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қалдым. Аз халықты көп қылдым, Тату елге жақсылық қылдым. Төрт бұрыштағы халықты бәрін бейбіт қылдым, бәрі маған бағынды», – делінеді [29,39]. Жоғарыда келтірілген мысалдардан түркі қағанатының дәуіріндегі құндылықтардың бейнесін тануға болады. «Ескерткіштерге тән ерекшеліктер деп мынадай ортақ жайларды айтар едік. Ең алдымен, түркі ұлыстарының өмірінің әртүрлі кезеңдері ұқсас сипатталады. Оларға: ата жолына берік болу, бабалары жасаған ерлік жорықтарды мақтан ету, әрбір келесі жорыққа сәт сапар тілеу тән. Екіншіден, қолбасы батырлар немесе ел билеген қағандар тұлғасын жасауда ұқсас тәсілдер қолданылады. Олардың дүниеге келгеннен бастап қаған

немесе қолбасы болғанға дейінгі өмірі тәңірі тарапынан қолдау тауып отырады. Жауға қарсы соғыстарда ерекше ерлігімен, ақылымен көзге түседі», – дейді ежелгі әдеби мұраларды зерттеуші Х.Сүйіншәлиев [30, 108].

Орта ғасырларда әсіресе этикалық-моральдық құндылықтар ерекше әспеттелді. Сол дәуірдің ең көрнекті туындысы – «Құтты білікте» құндылықтар жүйесі кешенді түрде көрінеді. Негізгі төрт кейіпкер төрт құндылықты танытады әрі олардың аттары да символдық мән арқалап тұр. Күнтуды патша – әділдіктің, оның уәзірі Айтолды – бақыттың, Ұғдүлміш – парасаттың, ал дәруіш Өдғүрміш – қанағаттың орнына алынған. Олардың есімдері, бір жағынан, өзі танытатын құндылықтың табиғатынан хабардар етеді. Мысалы, күннің әлемдегі бар жаратылыс атаулыға бірдей сәуле шашқаны секілді патшалардың да бәріне бірдей әділ болуы мәселесі көтерілсе, бақ пен бақыт құндылықтары толған аймен теңестіріледі. Бақ та Ай секілді құбылмалы. Әділдік, парасат, қанағат құндылықтары болмаса, оның қолдан шығуы оңай деген емеурін бар. Әрине, аталмыш туынды поэзия жанрында, оның ішінде бәйіттермен жазылған. Алайда, кітаптың бастапқы, кіріспе бөлімінде прозаға тән кейбір нышандар ұшыраспай тұрмайды. Бір байқағанымыз, ежелгі миф, аңыздарда болсын, қиял-ғажайып ертегілер мен бертіңгі дәуірлерде пайда болған тұрмыс-салт ертегілерінде болсын, қаһармандық, ерлік үнемі алғы шептен көрініп отырады. Өйткені, бір ғана батыр бір қауым елдің жарылқаушысы, құтқарушысы ретінде танылады. Батырды мадақтау да жиі кездеседі. Алайда, Қазақ даласына Ислам дінінің келуімен, діни салт-жоралғылардың түркі сахарасына таралуымен аталмыш құндылықтың мәні азайып кетпесе де, формасы өзгерді. Енді қандай да бір жазба не ауызша мұралардың алдында батырдың, қауым басшысының мәртебе-мерейі көтеріңкі лебізде сипатталмай, оның орнына құдіретті Жаратушы мадақталатын үрдіс пайда болды. Өйткені, тап осы кезеңде діни ассимиляция үдерісі қарқынды түрде жүрді де, қазіргі Қазақстан территориясында салтанат құрған Қарахан патшалығының мемлекеттік діні Ислам боп жарияланды. Бұл өз кезегінде сол дәуірде дүниеге келген әдеби, тарихи, мәдени ескерткіштерде өз ізін қалдырып отырды. Біз Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінен» де, М.Қашқаридің «Түрік сөздігінен» де дәл осы дәстүрдің болғанына куә болдық. Бұл деген сөз, әрине, елдің батырға деген ықылас-құрметінің төмендеп кеткендігін білдірмесе керек-ті. Қайта Ислам діні ту еткен жалпыадамдық құндылықтар мен түркі даласындағы, ежелгі түркі өркениетіндегі құндылықтар жүйесі қабысып, жаңа тұрпатта, жаңа жүйеде өмір сүруін жалғастыра берді. Оның үстіне, әлемдік діндердің қай-қайсысы болса да, жалпыадамдық құндылықтарды таратуға бейіл екені жасырын емес. Ежелгі және орта ғасырлар дәуіріндегі әдеби мұраларды зерттеуші А.Егеубай қазіргі әдеби туындылар мен сол дәуірдегі шығармаларды салыстырып, қазіргі әдебиетте ой да, қиял да, әсірелеу мен тарихи

шындыққа жанаса бермейтін детальдар да көптен кезігетінін, ал ежелгі әдеби мұраларда көбіне-көп тарихи шындық шеңберінен аса бермейтін детальдардың орын алуын айта келе, ол кездегі құндылықтар жүйесіне былайша классификация жасайды: «1) Жалпы халық эстетикасы мен талғамына тән белгілері: көркемдік, сүйкімділік, мәрттік, жарқын жүзділік, инабаттылық, жайсаңдық, қаһармандық т.б. 2) Мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық, қанағатшылдық, адалдық, кісілік т.б. 3) Жауынгерлік, жауға қаталдық, досқа жанашырлық, қайсарлық, ерлік, өрлік, тәкаппарлық т.б. Түйіндеп айтсақ, 1. Жан сымбаты; 2. Кісілік сымбаты; 3. Азаматтық сымбат» [31, 206].

Қазақ прозасының қайнаркөздерінің бірі ретінде біз адамзаттың екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің мұраларын қарастырамыз. Өйткені, ол тек ойшыл-философ қана емес, сонымен бірге көркем сөздің шебері, белгілі ақын әрі әдебиеттанушы болғаны мәлім. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» деп аталатын философиялық-ғылыми трактатында көркем прозаның кейбір нышандары көрініс табады. Оның үстіне, бұл еңбегінде ғалым жалпыадамдық құндылықтар жүйесіне сараптама жасап, мәдениет пен өркениет туралы ойларын ортаға салады. «Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет, – дейді әл-Фараби аталмыш еңбегінде, – Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Қайырымдылық дегеніміз – оның өзі белгілеген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық. Бақытқа жетуге бөгет жасайтын әрекет жаман әрекет немесе сұмпайы әрекет болмақ. Бұл әрекетті туғызатын әдет-ғұрып – кемшілік, кесепат, пасықтық» [32, 38]. Әл-Фараби бұл ойын дамыта келіп: «...бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады», – дейді де, адамзат қоғамдарын толық мәніндегі қоғамдар және толық емес мәндегі қоғамдар деп жіктейді [32, 44]. Әл-Фараби сонымен бірге кемелдікке ең алдымен қалалық мәдениет өкілдерінің жететінін жазады [32, 45]. «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам» [32, 45]. Әл-Фараби мұраларындағы басты құндылық – мейірімділік десек, осы құндылықтың негізінде көрініс табатын қайырымдылық, өзгеге қол ұшын созу, достық сынды жалпыадамдық құндылықтар орта ғасырдағы әл-Фараби өмір сүрген кезеңнің басты құндылықтары болды деуге негіз бар. Дегенмен, оның кемелдік қала халқына тән деген пікірімен толық келісе кету қиын. Себебі қалалық құндылықтар жүйесінде материалдық-экономикалық және эстетикалық құндылықтар басым болады дегенімізбен, далалық құндылықтар жүйесіндегідей моральдық-этикалық құндылықтар айрықша үстем бола қоймайды.

Ал Қорқыт Атаның – түркі әлемінің ортақ тұлғасының құндылықтар жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның шығармаларының басты діңгегі – өмір. Мұны өмір философиясының Ұлы Дала төсіндегі алғашқы үлгісі деуге негіз бар. Қорқыт атымен байланыстырылып айтылатын аңыздарда оптимистік мағына басым екенін алғаш рет академик-жазушы М.Әуезов айтқан болатын [33, 4]. «Қорқыт кітабының» кіріспесінде оның нақыл сөздері беріледі. Олардың кейбірін мысал ретінде келтірейік: «Тәкаппарлықты Тәңірі сүймес», «Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық» т.б. Сонымен бірге, әйел адамның төрт түрін айтады. «Қорқыт ата кітабы» жалпы он екі жырдан тұрады. Нақыл сөздерді қоспағанда, аталмыш он екі жырды жыр деуге келмес. Бұл – прозалық жанрдағы көркем жүйе. Арасында поэзиялық шумақтар кездескенімен, негізінен проза үлгісінде баяндалады.

Қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың генетикалық бастауларына үңілгенімізде, орта ғасырларда дүниеге келген Заһираддин Бабырдың «Бабырнама», Қадырғали Жалайыридің «Шежірелер жинағы», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбектерін де тілге тиек етуге тиіспіз. Біз жоғарыда аталған тарихи-шежірелік еңбектерді мысалға келтіруіміздегі басты себеп – олардың бойында прозаға тән қасиет-белгілер ұшырасатынында. Алайда, шежіренің жанрлық ерекшелігіне сай онда көркемдік жүйеден гөрі нақтыланған тарихи шындық аясындағы деректер мол кездесетіні белгілі. Сол себепті біз бұл шығармаларға көп тоқталуды жөн көрмедік.

Батырлық, қаһармандық құндылығы қазақ қоғамында ХІХ ғасырға дейін культке айналғанға ұқсайды. Өйткені, сол кезде дүниеге келген көркем мұраларымыздың бәрінде де батырлық, ерлік әспеттеледі. Бұл, әсіресе, поэзиялық туындыларда көп көрініс табады. Ал оның өзі бостандыққа, теңдікке, тәуелсіздікке ұмтылудан туындаған құбылыс, әлеуметтік-саяси жағдайлардан туған қажеттілік еді. Өйткені, қазақ халқы сол дәуірде ата жау – қалмақпен шайқасып, ұлттық идеологияның өзегінде ел мен жерді сақтау идеясы тұрды. Содан болар, ол кездің әдебиетіне тән басты құндылықтар санатында ерлік пен еркіндік ұғымы алға шыққанын көру қиын емес. Жалпы, «...қазақ халқының өмір сүруі мен жойылып кетуінің алдында тұрған неғайбіл шақтарында ұлттың айбынды да асқақ жоғары рухының арқасында еркіндікке деген құштарлық бәрін де жеңіп шықты» [34, 13]. Көркем мұраларды шығарушы жыраулардың өзі ол кезде тек сөз шебері статусында ғана емес, сонымен бірге батыр, ел ағасы, хан ақылшысы, қолбасшы сынды бірнеше әлеуметтік статустың тұтасқан қызметінде көрінді.

ХV–ХІХ ғасырлар аралығында батырлық, ерлік, қаһармандық құндылығы айрықша жырланғанымен, Ресей патшалығының қазақ даласына жасаған қысымының салдарынан ХІХ ғасырда әдебиетте зарлы сарын үстем бола бастады. Бұл қазақтың байырғы заманнан бергі келе

жатқан дәстүрлі басқару, билік айту, өмір сүру жүйесінің өзгеруінен туындаған шарасыздықтың зарлы үні еді. Зар заман әдебиетінің өкілдерінің қоғамға көңілі толмауы өз алдына, олардың жалпыадамдық құндылықтарды – иман, әділет, ар, еркіндік, ел мен жер т.б. – көтергенін де баса айтуға тиіспіз. Бір қоғамдық формациядан басқа қоғамдық формацияға ауысу үдерісінде мұндай мотивтердің бой көтеруі заңды құбылыс. Оның үстіне, ол зорлық пен зомбылықты құрал еткен жабайы отарлау тәсілі арқылы жүзеге асты. Қазақ даласында ғасырлар бойы үстем болған сауда-экономикалық, әлеуметтік-басқару жүйесінің көбесі сөгіліп, енді отырықшылық мәдениеттің құндылықтары ене бастады. Содан да болар, аталмыш дәуірдің сөз шеберлері қалалық мәдениеттің құндылықтарын елдіктен айырылудың төте жолы ретінде қабылдады. Оны біз бекініс, қала, ақша т.б. туралы жазылған көркем туындылардың айқын аңғарамыз. XIX ғасырда қазақтың құндылықтар жүйесінде айтулы өзгерістер болды. Ал құндылықтардың өзгеруіне ықпал ететін басты факторлардың бірі – саяси-әлеуметтік фактор. Қазақ даласындағы осындай өзгерістер халықтың санасында да үлкен трансформацияның жүзеге асуына әсер етпей қоймады. Жүсіпбек Аймауытұлы осындай кезеңдегі шығармашылық өкілдерінің психологиясы туралы: «Әдебиет тарихын тексерген кісіге мәлім: ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықтаған көшпелі дәуірдің ақындарында мұң-зардың, торығудың сарыны болады. Ақын ескі тұрмыспен тәрбиеленіп қалады да, жаңаның жақсы екенін білсе де, сол өмірге тосаңсып, түсіне алмай, жаңа заманның адамы бола алмай, көп тайқалақтайды», – дейді [35, 170]. Сыншы, әдебиеттанушы ғалымның аталмыш пікірі жалпы әдеби-көркемдік құбылыстардың қоғамдық формациялар түйісіндегі өзгерісіне қатысты дегенімізбен, бұған агрессивті отарлау саясатының да әсер еткені шындық. Отаршылдықтың қамытынан тек қана мәдени-рухани эрозиядан шығу арқылы – дін мен дәстүрді қайта жаңғырту арқылы ғана қол жеткіземіз деген идея осы кезеңдегі әдебиетке тән. Елдегі күрделі өзгерістер ағартушылықтың күшеюіне сеп болды. «Зар-заман ақындары уақыт тығырығын дұрыс түсініп, оны әділ бағалағанымен, тығырықтан шығатын жолды, жаңа арна мен бағытты көрсете алған жоқ. Егер зар-заман өкілдері дәстүршілдікке бой ұрса, ағартушылық идеялық ағымымен біріктірілетін қазақ рухани мәдениетінің келесі өкілдері (Шоқан, Абай, Ыбырай) батыстық бағдар ұстап, білім мен ғылымды бақытқа жеткізетін күш ретінде жоғары қойды.

Алайда, қазақ ағартушылығы элитарлық бағытта жүрді, олар өмірдің дәстүрлік формаларынан гөрі батыстың қоғамдық институттары мен құндылықтарын игеруге шақырды», – дейді мәдениеттанушы Б.Сатершинов [36, 19].

Көптеген әдебиеттанушы ғалымдардың қазақтың классикалық прозасын Ыбырай Алтынсариннен бастауы тегін емес. Өйткені, тек Ы.Алтынсарин шығармаларында ғана проза жанрының түрлі талап-

шарттарына сай келетін көркем туынды көрініс тапты. Оның қай шығармасы болсын, тағылымдық мәні бар, көркемдігі мен тәрбиелік сипаты ұштасқан шығармалар еді. Жас ұрпақты оқыту барысында көптеген әдеби үлгілерді аударып, әрі өзі де көптеген көркем туындылар жазған автордың әңгімелерінен жалпыадамдық құндылықтардың көп түрін кезіктіреміз. Әсіресе, М.Рокич жіктеген құралдық құндылықтар – моральдық және біліктілік құндылықтары ағартушы мұрасының өзегі болды десек қателеспейміз. Ол өзінің «Қазақ хрестоматиясына» енген прозалық туындылары мен аудармалары арқылы өскелең ұрпақтың бойына жалпыадамдық құндылықтарды – ізгілік пен білім нәрін сіңіруге тырысты. Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл», «Бай баласы мен жарлы баласы» сынды кең таралған әңгімелерінің құндылықтарды жаюдағы орны орасан зор болды. «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесіне қатысты советтік дәуірде әртүрлі интерпретациялар жасалынып, оны барынша социологизм заңдылықтарына бағындыруға, қасаң социалистік реализм шындығының шеңберіне салуға ұмтылыстар жасалғаны тарихтан белгілі. Ол өзінің «Шариғат тұтқасы» атты еңбегінде қазақтың дәстүрлі құндылықтары мен асыл дініміздің құндылықтар жүйесін қабыстырып, ұштастыра отырып жатық тіл, көркем образды түрде жазып шығады. Бұл еңбектің бойынан қазақтың өзіне ғана тән әңгімешілдікті, проза жанрының белгілі бір нышандарын байқау қиын емес. Осылайша, Ы.Алтынсарин шығармашылығында білім, еңбек құндылықтары айрықша көрініс табады.

Кезекті кезең Абай мұрасымен тікелей байланысты. Үш түрлі бастаудан сусындаған Абайдың адамзаттық құндылықтарды сөз етпеуі мүмкін емес еді. Өйткені, ол адам баласының барлық рухани мұрасын игерді, Батыс пен Шығыстың жауһарларын ой елегінен өткізді. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек – осы үш қасиет адамның адамшылығын анықтайды деген пікір айтқан Абай «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» деп басталатын өлеңінде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден ерек», – дейді [37, 77]. Ол ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау арқылы толық адам болу концепциясын ұсынды. Этикалық мәселелерді қозғаған Абайдың «толық, жетілген адамы – арлы, адамгершілік қасиеті жоғары, еңбекқор, білімді, сабырлы, иманды, қанағат пен ұятты білетін, танымды, игі жүректі» адам [38, 5]. Абайдың философиялық идеясы – қайрат, ақыл, жүрек – үштігінде жүрек негізгі орынды алады. Ол өзінің он жетінші қарасөзінде ақыл, қайрат, жүрек – үшеуін сарапқа салады да, ең соңында жүрекке басымдық береді. «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де Жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты Ғылым екен. – Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен Жүректі таңдадым.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала қалпыңды әрдайым қарайды деп Кітаптың айтқаны осы, – депті» [39, 121]. Жүрек – құндылықтардың бастау көзі. Қазақтың бас ақынының жүрекке айрықша

мән беруі тегін емес. «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде Абайдың адам болу қағидасын бекітіп, бес асыл іс пен бес кесірлі ғадеттен қашық болуға шақыратыны бар. Ал енді поэзиясы арқылы жеткізе алмаған кейбір ойларын қарасөздерінде таратып жазды. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білерсің», – дейді отыз сегізінші қара сөзінде [39, 184]. Жоғарыда келтірілген ойлары арқылы ұлы ақын мұрасының өзегінде жалпыадамдық құндылықтардың жатқанын байқау қиын емес. Абайдың бұл ойлары тек өз дәуірінің ғана жемісі емес. Бұл тұжырымдар – түркі даласында ғасырлар бойы жалғасын тапқан құндылықтар жүйесінің тұтасқан көрінісі еді. Оның бастауы сонау әл-Фарабиде жатыр десек, қателескендік емес. Өйткені, әл-Фараби, Ж.Баласағұндардың идеялары белгілі бір деңгейде Абай шығармаларында да көрініс тапты. Әл-Фараби мен Абайдың интеллект, ақыл-ойдың толысуы, қайрат, ақыл, жүрек жөніндегі тұжырымдары өзара ұштасып жатса, Абай мен Жүсіп Баласағұнның педагогикалық ой-пікірлері, шығармашылық әлеміндегі поэтикалық сабақтастық пен орта ғасырларда негізі қаланған жәуәнмәртлік ілімінің үйлесім тауып, арада тоғыз ғасырға жуық уақыт өтсе де, дәстүр жалғастығының үзілмегенін көреміз. Орта ғасырларда өмір сүрген түрік ойшылдарының еңбектерінің Абайдың кітапханасында болғанын және идеялық қатынасының күшті екенін Абайтанушы ғалымдар – М.Мырзахметов, Ө.Күмісбаев, М.Әліпхан т.б. өз зерттеулерінде терең ашып көрсеткен болатын [40]. Ақыл, қайрат, жүрек, әділет, шапқат, қанағат құндылықтары Абай мұрасының өзегіне айналған. Жәуәнмәртлік (жомарттық. – Н.Қ.), имани гүл, хауас, кемел адам – толық адам концепті арқылы біз Абай шығармашылығындағы құндылықтар жүйесінің басты арналарын танимыз.

«Ал енді Абайдың ойы қазақ даласында өз заманында кең тарамаса да, оған ұқсас өмір туралы ойға шомуы, оның мәні мен онтологиялық негіздерін іздеуі, аксиологиялық иерархиясын анықтауы ағартушылық жолында жүрген зерделі жандар үшін XX ғасырдың басында үлгі боларлық сипатты іске айнала бастайды. Бұл да қазақ қоғамының интеллектуалдық, философиялық құрылымдарды өз қоғамдық санасында гүлдендіре бастауының белгісі болатын» [41, 23]. Абай айтқан, Абай тілге тиек еткен құндылықтар жүйесі XX ғасырда да өз маңызын жойған жоқ. Қайта жаңғырып, түлеп, түрлене түсті. Бұл кезеңді ағартушылықтың жаңа кезеңіне балай аламыз. Білім ең үлкен құндылық ретінде алғы шепке шықты. Алаш арыстары төл құндылықтарды сақтай отырып батыстық үлгідегі даму жолын таңдады. Оған тек білім арқылы ғана жетуге болатынын алға тартқан сөз шеберлері өз шығармашылығында білім құндылығын аспандатты. Бұл туралы тарихшы М.Қойгелдиев мынадай пікір білдіреді: «Жаңа тарихи кезеңде заман талабына лайық қазақ азаттық қозғалысының басына мүлдем жаңа әлеуметтік саяси күш – ұлттық

интеллигенция келді. Ол өзіне ту етіп кезінде ұлы француз буржуазиялық революциясы көтерген бостандық, теңдік, туысқандық ұрандарын алды, ал ол мақсатқа жеткізетін жол – халықты ағарту, біріктіру деп түсінді. Сондықтан да ұлттық интеллигенцияның бұл буыны қоғамдық-саяси жұмыс пен ағартушылық қызметті тең алып жүрді; бұлардың екеуі де ең негізгі мақсат ұлттық дамуға, өркендеуге жұмсалуды тиіс болды» [42, 38]. Ал қазақ ағартушылығының негізгі құралы әдебиет болғанын, ағартушылардың дені әдебиетшілер болғанын ескерсек, прозалық туындылардың орны айрықша болғанын білу қиынға соқпайды. «Жалпы алғанда, ағартушылық – XIX ғ. аяғы мен XX ғ. Басында отаршылдық езгідегі Шығыс елдерінің әлеуметтік-саяси және рухани дамуын реформалау түрінде көрінген саяси және мәдени модернизация үшін болған күрестің идеялық бастамасы болып табылатын маңызды фактор», – дейді С.Нұрмұратов [43, 15]. Француз революциясы ту қып көтерген бостандық, теңдік, туысқандық құндылықтарын үлгі ретінде алғанымен, Алаш арыстарының шығармашылығындағы құндылықтар жүйесінің аталған құндылықтар шеңберінен шыға алмады деуден аулақпыз. XX ғасыр басындағы ағартушылық идеясының өзегінде қазақ ұлтының замана ағымына сай қайта жаңғыруының барлық тетіктері қарастырылды. Ал ол өз кезегінде сөз шеберлері биік қойған ар ілімі тұжырымы аясында көрініс тапты. Алаштықтар көтерген ар ілімі жалпыадамдық құндылықтарды арқау етіп алған-ды.

«Өрнекпенен, еңбекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар өмір, қайнар көңіл,

Ар ілімі оқылса!» – деп жырлаған Шәкәрім өзінің ар іліміне қатысты идеяларын проза жанрында жазылған «Үш анық» философиялық жазбаларында және «Әділ Мария» атты өзі қайғылы роман деп атаған туындысында дамытты. «Үш анығының» кіріспесінде: «Адам ақиқатты бас көзімен емес, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң біртүрлі тіршілік бар. Екі өмірде де керегі – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім», – деп, ар-ұжданның анықтамасын таратып береді [44, 65]. Шәкәрім Құдайбердіұлының ар ілімі жөніндегі ойларын ізбасары С.Торайғыров қайталайды. Ол Еуропадағы ғылымды екіге – дене азығы және ар азығы деп бөледі де: «Ар азығы дегеніміз – әділдік. Осы соңғы ар азығы – әділдік табылмай басқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауыраймаса, жеңілеймейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды. ...Ар азығынсыз құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, келешекте қазақ та бақытты бола алмайды. Ілгері кеткен жұрттардың тарихының қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре-біле отқа түскендік болады», – дейді [45, 159-162]. Жоғарыда келтірілген Алаш арыстарының ой-пікірлерінен XX ғасырдағы қазақ

прозасының, қазақ сөз сөнерінің басты арналары жалпыадамдық құндылықтар аясында дамығанына көз жеткіземіз.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасының көтерген мәселелерінің дені әйел теңсіздігі, оның еркіндігі мәселесіне арналды. Қазақтың кәсіби прозасының ең алғашқы үлгілері болып саналатын М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» (1910), С.Көбеевтің «Қалың мал» (1913), С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914), Ә.Ғалымовтың «Бейшара қыз» (1912), Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» (1912), Мұхаметсәлім Кәшімовтің «Мұңлы Мәриям» (1914), Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» (1916) т.б. шығармаларының бәрі дерлік қазақ қоғамындағы әйелдің еркіндігі мәселесін алға қойды. Еркіндік – қазақ халқының тарихындағы ең басты құндылықтардың бірі. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік ұғымын біз қай дәуірде де айқын көре аламыз. Дегенмен, бұл әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты оның түрі ауысып отырды деуге негіз бар. Қазақтың ел болып, етек жинаған XV ғасырдан бастап Тәуелсіздік алған XX ғасырдың соңына дейінгі ұзына бойы созылып жатқан басты құндылық – еркіндік пен намыс құндылығы. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ прозасы баспасөзге қарыздар. Қазақтың журналистикасы әдебиеттің өрге басуына сеп болды. Алайда, қазақ баспасөзін дамытушылардың бәрі дерлік көркем сөздің төңірегінде жүрген қаламгерлер еді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы баспасөзде – «Қазақ», «Айқап», «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Садақ» т.б. сынды әдеби, қоғамдық газеттерде өз дәуірінің көкейкесті мәселелері ғана емес, сонымен бірге әдеби өмірдің маңызды жайттары да сөз болып отырды. Оның ішінде, әрине, қазақ прозасының әр алуан үлгілері жарияға шықты. Жарық көрген көркем шығармалардың бәрі бірдей кәсіби деңгейдегі мінсіз туындылар болмағанымен, классикалық прозаға қарай жасалған алғашқы сәтті қадамдар болатын. Әдебиетте тырнақалды туындылардың бірден үлгілі түр тауып кетпейтіні белгілі.

XX ғасырдың басындағы қазақ прозасының өзіндік ерекшеліктері аз емес. Бұл, бір жағынан, қазақ прозасының қанат жайып, дамып жатқан кезі болатын. Ал енді тұтастай әдеби даму заңдылығының аясында қарастыратын болсақ, бұл жалпы көркемдік сананың даму сатысы бойынша дәстүршіл поэтикадан – дара авторлық поэтикаға, басқаша айтсақ, жанр мен стиль үстемдік еткен поэтикадан авторлық поэтиканың үстем түсіп жатқан кезіне сай келеді. Осы кездегі қазақтың прозалық туындылары бұған дейінгі қалыптасып қалған дәстүршіл поэтика сүрлеуінен толық шығып кете алмай, байырғы әңгімешілік және өлеңшілік жүйесінің ықпалымен жазылды. Жоғарыда аталған роман-повестердің формалық-мазмұндық тұрғыдан тым жақын болуының бір сыры осыдан болар деп топшылаймыз. Дегенмен, дәстүрлі поэтикадан авторлық поэтикаға ауысу шағында қайталанбас стильдік мәнерімен көзге түскен туындылар да болды. Жалпы, өткен ғасырдың басы рухани-мәдени кеңістікте айтулы күрделі өзгерістердің

орын алып жатқан тұсы еді. Батыс әлемінде қанат жайған әртүрлі әдеби ағымдар мен бағыттардың қазақ қаламгерлеріне де әсер ете бастаған кезі. XX ғасыр басындағы жанр мен стиль поэтикасының орнына авторлық қолтаңба, авторлық поэтиканың үстем бола бастауы құндылықтар жүйесінің де бет-бейнесі өзгергенін көрсетеді. «Соған сәйкес, жанрлардың дәстүрлі жүйесі бұзылды, басқашаланды; стиль дегеніңіз нормативтік тонын шешіп тастап, индивидуалдық кейіпке көшті» [46, 19]. Ғасыр басындағы қазақ прозасының жетістігі ретінде біз Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» (1916) повесін айта аламыз. Автор аталмыш шығармасы арқылы қазақ прозасын кәсіби биігіне көтерді. Аталмыш диссертациялық жұмыстың авторы Н.Худайбергенов былай дейді: «Әбдірахман мен Шұға образы арқылы өз дәуірінің шындығын ашып берген Б.Майлиннің бұл повесінде махаббат пен ғадауат, теңсіздік пен еркіндік құндылықтары айрықша көрініс табады. Тақырыбы мен идеясы тұрғысынан өз дәуірінің басқа туындыларымен үйлес аталмыш шығарма оқырманға берер эстетикалық әсері арқылы ерекшеленеді» [47, 403]. Пейзажға мән беріп, адамның көңіл күйі мен табиғаттың күйін салғастыра суреттеу, аз сөзге көп мән сыйғыза білу т.б. сынды артықшылықтары бұған дейінгі қара сөз бен өлең сөз араласып келетін әрі көбіне-көп кәсіби көркемдік суреттеуден гөрі әңгімешілдік дәстүрі аясындағы баяндау стиліне жақын прозалық шығармалардан дараланып тұрады. Қазақ прозасының өткеніне үңілген кезде жалпыадамдық құндылықтар желісінің бір сәтке үзілмегеніне, қайта әр кезеңде әртүрлі қырымен танылып отырғанына куә боламыз.

Алаштықтар әдебиет арқылы қоғамды модернизациялауға ұмтылыс жасады. Әлеуметтану ғылымында қоғамдық сананы жаңғыртудың қалыптасқан үш жолы бар делінеді: авангардтық, архаикалық және модерндік. Өзінікін мансұқтап, өзгенікін үлгі ететін авангардтық немесе тек өзінікін аспандатып, өзгенікін көзге ілмейтін архаикалық жолмен емес, алаштықтардың таңдауы өзінің төл құндылықтарына берік бола отырып өзгенің озығын алуды мақсат еткен модерндік жолы, шынында да, бас-аяғы жиырма жылдың ішінде айтулы жетістікке жетті. Рухани жаңғырудың басты құралы болған әдебиеттің эстетикалық мұратынан гөрі ағартушылық мұратты алға шығаруын оның кемшілігі емес, қайта өз дәуірінің мәселелерін шешудегі орасан зор күші деп білген абзал. «Бұл кездегі қалам қайраткерлері шығармаларында жиі ұшырасатын дін, ұлт, мектеп-медресе, жәдитшілдік мәселесі – күнделікті тақырыптан гөрі, өмірлік (бар, я жоқ болу) тақырыпқа айналғаны ақиқат» [46, 123]. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» мен Ахмет Байтұрсынұлының «Масасымен» мазмұндас А.Жандыбаевтың «Жастық ғұмырым, яки жастықтағы ғәфләт» деп аталатын повесі өз дәуірінің құндылықтар жүйесінен хабардар ететін, білім мен тәрбиені ту етіп, үздік ел болуға баулыған маңызды туынды болып саналады. XX ғасыр басындағы Алаш арыстары бастаған қазақ сөз өнеріндегі құндылықтар жүйесі хақында алаштанушы, әдебиеттанушы

Д.Қамзабекұлы былай деп пікір білдіреді: «Кез келген сауаты бар адам тарихты бүгіннің шындығымен байыптап түсінеді. Сондықтан, мың сөзді бірер ұғымға сыйдырып бергенді қалап тұрады. Міне, осы тұста «Алаш құндылықтары» деген ұғым аузымызға түседі. Оны жүйелесек, былайша айқындалады:

1. Ұлт тарихындағы сапалы, жарқын, мемлекетшіл істердің жиынтығы;
2. Ұлт пен қоғамды, мемлекет пен елдікті дамытқан жеке және дара тұлғалардың еңбегі мен мұрасы;
3. Тарихқа және қоғамның қазіргі жағдайына принципті көзқарас ұстану;
4. Елшілдікке суарылған білімді, ғылымды, мәдениетті қоғам мен оны үйлестіретін саясаттың тетігіне, құралына айналдыру» [48, 17-18]. Дамыған батыстық және жапондық үлгі аясында біртұтас ұлттық мемлекетті құруды көздеген алаш қайраткерлерінің көбі проза жанрында қалам тербеді әрі жоғарыда тізбектелген басты-басты құндылықтарды қалыптастыру жолында еңбек етті. Олардың шығармашылық әлеміне көз салған кез келген оқырман осы ерекшелікті қапысыз таниды.

Қазақ прозасының советтік кезеңі өте күрделі де күрмеулі саяси-мәдени оқиғалардың көптеп орын алуымен және құндылықтар жүйесінің саяси жүйенің қысымымен күштеп өзгеріске ұшырауымен ерекшеленеді. Отызыншы жылдардың ішінде ұлттық идея төңірегіне топтасқан «Алаш Орда» партиясының мүшелері жаппай қуғындалып, шығармалары тәркіленді. Оның орнына тек советтік саясаттың сойылын соғуға бағытталған «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» әдебиеттің іргесі бекіді. Қазақтың тұрмысы өзгеріп, санасына бөтен түсініктер тықпаланды. Мың жылдықтар бойына қалыптасқан көшпелілік мәдениетінің орнын бірер жылда отырықшылық мәдениеті басты. Бұл ұлт болмысына үлкен соққы болды. Екіншіден, жеке меншіктің орнына, қоғамдық меншік ұғымы орнады. Елде болып жатқан әртүрлі әлеуметтік-саяси ірі оқиғалар өз кезегінде ұлттық проза жанрына да айтарлықтай кері ықпалын тигізді. Диалектикалық және тарихи материализмнің ықпалы орасан болды. Ұлттың өзіне ғана тән ойлау жүйесіне шектеу қойылып, дәстүрлі құндылықтардың орнына интернационализм желеуімен социалистік сана қалыптастыруға күш салынды. «Кейіпкер таза адам күйінде емес, маман түрінде суреттелді. Әдебиет: өндіріс, ауыл шаруашылығы тақырыптарына бөлінді» [49, 46]. Әдебиет ендігі жолда ұлттың әсемдікке деген құштарлығы мен рухын биіктетіп, қазақ тұрмысының шынайы бейнесін танытар айнасы болудың орнына, қатаң талаптар шеңберінен шыға алмайтын, интернационализм мен еңбекшілер тұлғасын әсіре әспеттейтін жолмен дамуға мәжбүр болды. «Осы дәуірдегі бүкіл рухани күйзелістің негізгі сарыны әлі де халықтық тұтастыққа жете алмаған елдің зиялыларының осы ахуалдан шығу жолдарын іздеп шарқ ұруы болып табылады», - дейді

мәдениеттанушы Б.Сатершинов [50, 276]. Ғалымның бұл пікірімен келіспеуге болмайды. Айрықша айтуға тиіс мәселе, советтік кезеңде зиялы қауым өкілдерінің көбі айта алмаған ақиқат жазушылардың қаламы арқылы жұртқа жетті. Бұл, әсіресе, тарихи жадыны жаңғырту жайына қатысты дер едік. Өйткені, ұлттық тарихты тарихшы қауымы ашық айта алмаған тұстарында тарихи жанрды құрал еткен кейбір жазушыларымыз астарлы мәнде қазақтың ұлт болып ұйысуы мәселесін үнемі қаузап отырды. Әдебиетте совет заманында символизм ағымының қарыштап дамуының бір сыры содан болса керек. Өйткені, ақиқат шындықты символмен, астарлы мәнмен бермесе, цензураның қатаң сүзгісіне оп-оңай түсіп қалуға болатын еді. Осындай қиын жағдайда да қазақ әдебиеті өзінің ұлттық мүддені ту ету қызметін адал атқара алды деуге толық негіз бар. Осы дәуірде қазақ әдебиетінің ең озық үлгілері дүниеге келді. Әлемдік проза мен поэзиямен бой таластыра алатын көркем туындылардың жазылуы – соның айғағы. Әдебиеттанушы-ғалым Р.Нұрғали ХХ ғасыр әдебиетін қазақ сөз өнерінің алтын ғасырына балауы тегін емес. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Сланов, З.Шашкин, Ә.Нұрпейісов, Ә.Нұршайықов, Қ.Қайсенов, Б.Момышұлы, Ә.Әлімжанов т.б. қаламгерлер өз шығармаларында шындыққа социалистік тұрғыдан баға берсе де, жалпыадамдық құндылықтарды шебер үйлестіріп, қоғамның шынайы тұрмыс-тынысын көркем бейнеледі. Әсіресе, «жылымық жылдар» деп айдар тағылған алпысыншы-жетпісінші жылдардағы қазақ прозасы ұлттық құндылықтарды ту ету арқылы жалпы адамзатқа тән құндылықтарды айрықша көрсете алды. Осы кезде жарық көрген тарихи романдар мен повестер жалпыадамдық құндылықтардың ұлттық сипатын, қазақ халқының даралық болмысын танытуда көп жетістікке жетті. Т.Әлімқұлов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Ә.Тарази, Д.Досжан, Б.Тоғысбаев, Қ.Жұмаділов, А.Сүлейменов т.б. сынды жазушылардың шығармашылық әлемі осы ойымызды бекіте түседі.

Әрине, советтік кезеңде жалпыадамдық құндылықтар шетін қалды дей алмаймыз. Ынтымақ, бірлік, халықтар достығы, теңдік, еңбек құндылықтарына басымдық берілді. Алайда, ұлттардың дәстүр-салты, төл құндылықтары мансұқ етіліп, еркіндік берілмеді. Себебі, дәстүр де жалпыадамдық құндылықтар санатына кіреді. Ал жоғарыда аталған жалпыадамдық құндылықтар дәріптелді дегенімізбен, оның ар жағында тек қана орыс ұлтының үстемдігін көксеген шовинистік саясат бұғып жатты.

Қорытындылай келе, қазақ прозасының қайнар көздеріне шолу жасау арқылы мынадай өзіндік ерекшеліктеріне көз жеткіздік. Қазақтың құндылықтар жүйесі сөз арқылы қалыптанған. Қазіргі қазақ прозасының бастаулары ежелгі дәуірдегі халықтық проза үлгілеріне, ауызша әдеби мұраларға барып тіреледі. Ұлы Далада еуропалық үлгідегі философиялық-аксиологиялық мектептер болмағанымен, әлемді табиғатпен етене байланыста қарастыратын бірегей аксиологиялық-поэтикалық жүйе

орнықты. Қазақ халқының ежелден жалғасып келе жатқан құндылықтар жүйесі негізінен ауызша әдеби мұралар арқылы бүгінге жетті. Ауызша мұралар халықтың құқықтық, этикалық, әлеуметтік және эстетикалық, тіпті діни құндылықтарының да қалыптасуына негіз болды. Құндылықтарды қалыптастыруда, оларды таратуда айрықша қызмет ететін элитаның рөлін сөз ұстаған шешендер мен ділмарлар атқарды.

Қазақ прозасындағы құндылықтардың бастауларына шолу жасаған кезде біз проза жанрының эволюциялық даму жолын ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының ойлау жүйесінің, менталды табиғатының өзіндік ерекшелігін де тани аламыз. Жоғарыда аталған ерекшеліктер өз кезегінде халықтың ойлау жүйесіне де әсер етпей қоймады. Қазақ халқы әлемді ұғымдық тұрғыдан нақты қабылдаудан гөрі әр затты не құбылысты көркем образдармен қабылдауға бейім. Бұл қазақ халқының ойлау жүйесін поэтикалық сипатта деуге жол ашады.

Жалпыадамдық құндылықтарды шығарманың идеялық өзегі ету үрдісі қазақ әдебиеті тарихының қай кезеңінде де бір сәтке толастамағанын айтуға тиіспіз. Әсіресе, ар аясындағы асыл сөз үлгілерінің ғана қағазға қонуын ұлттық сөз өнерінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі деуге негіз бар.

Сонымен бірге, құндылықтардың динамикасы біркелкі емес әрі олар, негізінен, белгілі бір концепциялар түрінде өмір сүріп, тұрақ тауып отырды. Халықтың ежелгі ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап тәуелсіздік тұсына дейінгі кезеңдерді шолып шыққанда мынадай рухани-мәдени тенденцияны байқадық. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде – елдік пен ерлік, әл-Фараби заманында – қайырымдылық, Қорқыт ата өмір сүрген шақта – өмірге сүйіспеншілік, Абай мұрасында – «толық адам», Алаш арыстары өмір сүрген кезеңде – «ар ілімі», советтік дәуірде – «достық» концепциялары айрықша әспеттелді. Моральдық реттеушілік қызметі аса жоғары мұндай құндылықтардың өзгеріске ұшырауына тарихи-әлеуметтік, қоғамдық факторлардың әсер-ықпалы орасан күшті болғанына көз жеткіздік. Жекелеген авторлардың шығармаларында кездескенімен, біз оны сол дәуірдің ең басты құндылықтары деп айта аламыз. Өйткені, «Дүниеге бір сызат түсетін болса, ол ең алдымен ақын жүрегі арқылы өтеді» (Гете) демекші, қоғамдағы қандайда бір бетбұрыстың ең әуелі сөз ұстаған тұлғалар шығармашылығынан айқын көрінетіні жасырын емес.

Ал енді кейбір құндылықтардың тарихтың ұзын-ырғасында статикалық қалыпты сақтағанын және оның мәні мен маңызы бүгінгі күнде де бір мысқал кемімегенін байқадық. «Обал мен сауап», «бейнет пен зейнет», «кінә мен күнә», «ұят» ұғым-құндылықтарының халық танымынан тұрақты орын тепкеніне көз жеткіздік. Дала заңдылығы үстем болған қазақ қоғамында ресми бекітілген құқықтық ережелерге қарағанда, жоғарыда аталған бейресми институттар – жалпыадамдық құндылықтардың әсер-күші әлдеқайда басым түсіп отырған.

Қазақ халқының құндылықтар жүйесінде экономикалық-материалдық құндылықтарға қарағанда, этикалық құндылықтар басым болды. Сөз өнерінде әдеп пен ибаның шеңберінен шықпайтын асыл сөз үлгілерінің ғана бізге жетуі осының айқын дәлелі болмақ. Далалық сипатта қалыптасқан қазақтың этикалық құндылықтары орта ғасырлардағы Ислам дінінің кең жайылуымен жаңа арнамен дамыды және басты реттеушілік функцияны атқарды.

Ерлік, еркіндік, адалдық құндылықтарының үнемі алғы санаттан көрініп отыруын біз қазақ халқының тұрмысының ерекшелігінен туған құбылыс деп есептейміз. Дала салтының қауіп-қатері мол тіршілігі мен тарихтың қай кезеңінде де ел мен жерді қорғау үшін болған шайқастардың бәрі руханият әлемінде із қалдырып, қаһармандық культінің биік қойылуына негіз болды. Аталған құндылықтар тарихтың қай кезеңінде де өзінің өзектілігін жойған емес. Ұлттық сөз өнері мұраларының құндылықтық бағдарын зерделегенімізде бұл ойымыз беки түсті. «Қазақ» этнонимінің өзі «еркіндік» деген құндылықтың мәнін иемденгенін ескерсек, бұл ұлт психологиясынан хабар береді.

1-тарау бойынша тұжырым:

Құндылық дегеніміз – белгілі бір заттың не құбылыстың маңыздылығы әрі пайдалылығы. Олар индивидуалдық, ұжымдық және қоғамдық сипатта өмір сүреді.

Құндылықтарды жіктеуге қатысты бірізділік жоқ. Біз оның мынадай жеті түрі бар деп есептейміз: эстетикалық, этикалық, экономикалық, діни, саяси, әлеуметтік және танымдық құндылықтар.

Құндылықтың қайнар көздері – адамның танымы, сезімі һәм әрекеті. Құндылықтар жүйесінің таралу арналары – отбасы, білім беру жүйесі, БАҚ, әдебиет пен өнер және кітапханалар.

Құндылықтар жүйесінің өзгеруіне саяси-әлеуметтік өзгерістердің ықпалы орасан. Олар аксиологиялық приоритет туғызады.

Халықтық проза үлгілері қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастауы болып саналады.

Қазақ халқының құндылықтар жүйесі сөз арқылы қалыптанған. Қазақ даласында әлемді табиғатпен етене байланыста қарастыратын бірегей аксиологиялық-поэтикалық жүйе орныққан болатын. Ауызша әдеби мұралар халықтың құқықтық, этикалық, әлеуметтік, эстетикалық, тіпті діни құндылықтарының қалыптасуына негіз болды. Құндылықты қалыптастырушы элита рөлін сөз ұстаған ділмарлар атқарды.

Қазақ халқының құндылықтар жүйесінде этикалық және эстетикалық құндылықтар үстем болды. Ар мен әдептің аясындағы дүниелердің басым болуын қазақ әдебиетінің бір ерекшелігі деуге болады.

Қазақ прозасындағы құндылықтардың динамикасы біркелкі емес. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде – елдік пен ерлік, әл-Фараби заманында – қайырымдылық, Қорқыт ата өмір сүрген шақта – өмірге сүйіспеншілік, Абай мұрасында – «толық адам», Алаш арыстары өмір сүрген кезеңде – «ар ілімі», советтік дәуірде – «достық» концепциялары айрықша әспеттелді.

Әдебиет тарихының қай кезеңінде де *ерлік, еркіндік, адалдық* құндылықтары биік қойылды.

2 ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ: КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ПАРАДИГМА

2.1. Әдеби зердедегі тәуелсіздік құндылықтары

Әдебиет – қоғамның айнасы. Әр дәуірдің шындығы, сол кезеңде өмір кешкен адамдардың арман-аңсары, мақсат-мұраты – жалпы құндылықтар жүйесі өз дәуірінің әдебиетінде, сөз өнерінде қатталып қалатыны жасырын емес. Яғни уақыттың ізі сөз өнерінде, көркем мәтіндерде сақталады. Құндылықтар көркем мәтіндерден анық та айқын көрініс табады. Мәтіннің күдіреті осында. Батыс мәдениеттанушыларының әлем тұтасымен мәтіннен тұрады деуінде қисын бар. Өйткені, мәтін арқылы ғана адамзаттың бар құндылықтар жүйесі бүгінгі күнге дейін сақталып келді және жазба мәдениет арқылы ғана ол болашақ ұрпаққа жол тартпақ. М.Жұмабаев: «Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі, қыры, қайғысы, қуанышы, ойы, қиялы әдебиетінде түсіп отырған», – дейді [23, 48]. Осы қырынан алғанда, әдебиеттің біз ескере бермейтін құндылықтарды тасымалдаушы функциясының бар екенін айтуға тиіспіз. Көркем туынды – құндылық тасымалдаушы. Ол тек белгілі бір кейіпкер не әлеуметтік ортаның ғана емес, халықтық, тіпті жалпыадамдық құндылықтарды тасымалдауы мүмкін. Әрине, жалпыадамдық құндылықтардың екі жағы болады. Адамзат атаулыға ортақ құндылықтың өзі белгілі бір деңгейде ұлттың даралығы мен идентификациясын танытып тұруы мүмкін екенін, географиялық, тарихи-психологиялық факторлар мен халықтың болмысты игеру тәжірибесінің әсерінен оның өзіндік ерекшеліктерінің болуы мүмкін екенін жоғарыда атап өттік.

Қоғамның барометрі болып саналатын құндылықтардың қалыптасуы туралы әртүрлі пікірлер бар. Бір анығы, ол сәби кезден-ақ бейсаналы түрде қалыптана бастайды. Сондай-ақ, оған отбасы тәрбиесі, білім беру жүйесі, дін, бұқаралық ақпарат құралдары, кітапхана және әдебиет пен өнердің ықпалы орасан екені де жасырын емес. Осы орайда, әдебиеттің құндылықтарды тасымалдаушы ғана емес, оны өндіруші, қалыптастырушы сипатының да бар екені белгілі болады. Біздің ойымызша, құндылықтық бағдарды негіздейтін аталған арналар ішінде әдебиет пен өнерге жететіні жоқ. Ал өнер атаулының ішінде сөз өнерінің бәсі биік. Бір кітапқа жүк болатын ғылыми ұғым-түсінікті көркем әдебиеттің екі ауыз сөзбен-ақ адам жанының тереңіне қондырып қоюы ықтимал. Себебі, ол – образды ойдың жемісі әрі әдебиет – ақылдың, қиялдың, көңілдің қозғауын келтіреді. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» деп аталатын теориялық еңбегінде былай дейді: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түю, талғау.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды, бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын», – дейді [51, 154]. Сөз өнерінің құндылықтарды қалыптастыру күшінің артық екенін айтқанда, біз оның адам жанының үш бірдей негізіне әсер ету қасиетіне сүйендік. Бұл – басқа өнер атаулының еншісінде жоқ құбылыс әрі сөз өнерінің синкретті сипатының бар екенін көрсетеді. Бірінші тарауда құндылықтар жүйесінің теориясын негіздеген америкалық мәдениеттанушы М.Рокичтің пікіріне сүйене отырып, құндылықтардың үш қайнар көзінің бар екенін тілге тиек еткен болатынбыз. Олар – таным, сезім және әрекет. Ал қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы әдебиеттің адам санасының үш негізіне тірелетінін айтады. Осы орайда М.Рокич пен А.Байтұрсынұлының пікірлері арасында белгілі бір деңгейде жақындық бар екені байқалады, сонымен бірге әдебиет пен құндылықтар жүйесінің арасында да тығыз байланыстың бар екені айқын көрінеді.

Ал енді көркем шығармада құндылықтар қалай көрінеді деген заңды сұрақ туындайды. Осы сұраққа жауап іздемес бұрын әдеби туындының өзі тұтас эстетикалық құндылық болып саналатынын айта кеткен жөн. Әсіресе, классикалық мұралар тек белгілі бір ұлттардың ғана емес, жалпы адамзаттың ортақ мәдени-рухани құндылығы ретінде өмір сүреді. Эстетикалық құндылықтар жалпыадамдық құндылықтардың ажырамас бір бөлшегі екенін ескерсек, біз көркем шығарманы адам жанына әсер ету күшіне қарай таза әдебиеттану ғылымының аясында бағалай аламыз. Дегенмен, көркем шығармаларда эстетикалық құндылықтар ғана емес, этикалық, діни, саяси, әлеуметтік т.б. жалпыадамдық құндылықтардың түрлерін де көптеп кезіктіреміз. Міне, содан да әдеби туындыны өмірдің өнердегі сәулесіне балайды. Көркем туындыны автор-жасаушының өмірді көркем негізде игеруінің жемісі десек, онда жалпыадамдық құндылықтардың аталған түрлерінің болуы заңды құбылыс болып саналады. Жалпыадамдық құндылықтар, шартты түрде айтқанда, ең алдымен, көркем шығарманың мазмұндық бірліктерінен – тақырыбы мен идеясынан, идеялық концепциясынан көрініс табады. Сонымен бірге, кейіпкерлердің образын зерделеу арқылы біз шығармадағы құндылықтар жүйесіне сараптама жасай аламыз. Әрине, шығарма – тұтас көркемдік әлем. Оның әрбір деталі немесе кейіпкердің бір ғана ісі мен сөзі құндылықтарды танытуға айрықша қызмет етіп тұруы мүмкін екенін айтпай кете алмаймыз. Бұл көп жағдайда көркем туындының өзіндік жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне, жазушының ұстанымы мен идеяны жеткізу жолындағы

шеберлік сатыларына тікелей тәуелді құбылыс. Автор идеялық концепцияны оқырманына жеткізу үшін образдар жүйесіне, ал қаһармандар болмысын ашу үшін әртүрлі поэтикалық тәсілдерге жүгінуі мүмкін.

Құндылықтар жүйесінің өзгеруіне қоғамдағы ірі тарихи-саяси оқиғалардың әсері айрықша күшті болатыны белгілі. Мысалы, еліміз өз егемендігін алғаннан кейін қазақ қоғамындағы құндылықтар жүйесінің бейнесі айтулы өзгерістерге ұшырады. Өйткені бұған дейінгі саяси-идеологиялық қондырғы қызметін атқарып келген жүйенің көбесі сөгіліп, ендігі ретте мүлдем басқа рухани дінгектерге арқа сүйеу міндеті тұрды. Тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан ендігі ретте өзінің түпқазығын іздеуге, рухани-мәдени бірегейлігін тануға, жоғалтқанын түгендеп, өшкенін жандыруға бет бұрды. Қоғамдық факторлардың аксиологиялық приоритет туғызатынын осыдан да аңғаруға болады. «Көбінесе құндылықтар біздің санамызда өткір қажеттілікке айналғанда немесе оларды жоғалту қауіптері пайда болғанда өзектенеді», – дейді ғалым З.Сәрсенбаева [52, 19]. Соған қарағанда, еліміз егемендігін алған соң тәуелсіздікті сақтау, оны нығайту мәселесі аса өзекті болды деуге негіз бар. Осы орайда мәдени-рухани тұрғыдан ұлттық құндылықтарға оралу үдерісі қарқынды жүре бастады. Соңғы ширек ғасырда қолға алынған «Мәдени мұра», оның жалғасындай болған «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының бәрі де қазақ ұлтының тарихи, мәдени һәм әдеби мұраларын түгендеуге бағытталғаны белгілі. Қоғамдық факторлардың аксиологиялық приоритет туғызуы дегенде, біз осындай жайттарды қаперге алдық. Содан да тарауша тақырыбын «Әдеби зердедегі тәуелсіздік құндылықтары» деп атадық. Тәуелсіздік құндылықтарын жалпыадамдық құндылықтардан тыс деуге негіз жоқ. Біз тек тарихи уақыттың құндылықтық бағдарды басқа арнаға бұрғанын есепке ала отырып осылай атадық. Соңғы ширек ғасырда қолға алынған ірі жобалардың бәрі де жалпыадамдық құндылықтарды іздеуге деген талпыныс дей аламыз. Себебі ұлттық құндылықтарды жалпыадамдық құндылықтардан бөле-жара қарастыра алмаймыз. Тәуелсіздік құндылықтары дегенде, жалпыадамдық құндылықтардың мәні азайып, маңызы жойылмақ емес. Тек әр дәуірдің, әрбір саяси жүйенің белгілі бір үстем құндылықтары болатыны заңды. Соған сай, құндылықтар табиғатынан жойылып кетпейді, тек өз орнын басқа құндылықтарға босатып береді деген ойды қуаттаймыз. Әр дәуірдің ізі әдебиетіне түсіп отырады. Өйткені қаламгер негізінен өзі көрген, көңілге түйген дүниелерді шығарма арқауына айналдырады яки болмаса өткен дәуірге жаңаша баға беруге ұмтылыс жасайды. Қазіргі әдеби үдерісте аталған үрдістер жүріп жатыр.

Мысалы, тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының айтулы жетістігі ретінде бағаланатын Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын алайық. Шығарма мәңгілік тақырыптар мен адамзатқа ортақ үлкен проблематиканы көтеруімен ғана емес, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан да айтулы

жетістікке жеткендігімен ерекшеленеді. Қайталанбас қаһармандардың құндылықтар жүйесін ашып беру жолында автор әртүрлі жаңашылдықтарға бара білген. Бұл тұрғыдан қарағанда, аталмыш романда дәстүр мен жаңашылдықтың жарқын үлгілерін көруге болады.

Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы жөнінде Ш.Елеуенов [53], Н.Қадырбаева [54], Б.Алдамжаров [55] Ж.Қорғасбек, М.Кенжебай, С.Нұғыман [56] сынды әдебиеттанушылар мен қаламгерлер пікір білдірген болатын. Шығарма туралы пікір айтқанда, ең әуелі, оның сыртқы композициялық құрылымдары қаперге ілінеді. Оның аталуынан бастап эпилогіне дейінгі детальдар шығарма формасы туралы сауатты пікір айтуға жол ашады. Тақырыптың көркем туындының беташар-басы ғана емес, оған поэтикалық реңк үстеп тұратын қасиетінің де бар екені жасырын емес. Біз оның номиналды сипатына қатысты айтып отырмыз. Әдебиеттанушы Т.Есембеков бұл жөнінде былай деп пікір білдіреді: «...шығарманың аталуына автордың идеясы мен ұстанымынан біршама хабар беретін, туындының жанрын, стилін анықтауға себі бар, автор мен оқырман арасындағы диалогке жол бастайтын алғашқы мағлұмат деп қарау керек» [57, 108]. Жазушының соңғы романын «Соңғы парыз» деп атауында символдық-идеялық мән бар деп есептейміз. Біздіңше, өткенін сарапқа салып, тарихтан сабақ алу, өзі өмір сүріп отырған айнала-болмысты қастерлеп, кейінгі ұрпаққа игі мұра қалдыру жазушының ғана емес, күллі адамзат атаулының борышы, соңғы парызы болуға тиіс деген идеялық жүк арқалап тұр. Романның екі тарауының «Сондай да бір күн болған» және «Сондай да бір түн болған» деп аталуының да сыры жоқ емес. Уақыт пен кеңістіктің ерекше комбинациясын жасай білген Ә.Нұрпейісовтің тарау атына да белгілі бір құндылықтық мән артуға тырысқаны аңғарылады. Әдеби шығармада кезі келгенде уақыттың өзі символдық мазмұнды арқалайтынын ескерсек, күн — жақсылықтың, түн — құлазу мен қайырымсыздықтың белгісін танытады. Көркем шығарманың әрбір компонент-бөлшегі белгілі бір мағына білдіріп, я көркемдік, я танымдық-тәрбиелік қызмет атқаруы мүмкін. Әсіресе, бұл — көрнекті қаламгерлердің шығармашылығында айрықша көрінетін жайт.

Әдебиетті қоғам өмірін терең де дәл бейнелеп көрсетеді десек, ол көтерген тақырыптар ішінде тарихтың белгілі бір тұсында болып қойған, енді қайталанбайтын қандай да бір оқиғаға қатысты тарихи-нақты тақырыптар да, сондай-ақ дәуірлер алмасып, уақыт өзгерген сайын өзінің өзектілігін жоймайтын мәңгілік тақырыптар да болады. Жалпыадамдық құндылықтар осы, екінші аталған мәселеге көбірек жақын. Өйткені, құндылықтар жүйесі көбіне-көп достық пен дұшпандық, мейірімділік пен жауыздық, әділдік пен зұлымдық т.б. секілді бинарлық оппозициялардың өзара байланысынан және олардың шығармадағы көріну ерекшеліктерінен айқын танылады. Бұл қырынан алып қарағанда, әдебиеттану философияның онтологиялық бағытымен және мәдениеттанудың өзінше бір бөлек саласы

саналатын антропологиямен өте тығыз байланысты. Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын аталған ерекшеліктер ішіндегі екінші топқа, мәңгілік тақырыптарды қаузаған шығармалар қатарына қосуға негіз бар. Романға Арал теңізінің етегінде тіршілігін жасап, тұрмысын түзеп жүрген шағын ауыл адамдарының тағдыр-талайы арқау болса да, адамзатқа ортақ өзекті мәселелерді, актуалді проблематиканы көтергенін көру қиын емес. Жазушы теңіз тіршілігін, қарапайым шаруалар өмірін тақырыптық дңгек етіп алғанмен, жалпы адам баласы үшін өзекті тақырыптарды қаузады. Ұрпақтар сабақтастығы, ата-ана мен перзенттің қарым-қатынасы, махаббат пен достық, табиғат тақырыбы – бәрі бір шығарма бойында тұтасып кеткен.

Егер біз көркем шығарманың фабулалық-сюжеттік жүйесі туралы сөз ететін болсақ, онымыз көпке созылмауы мүмкін. Өйткені, шығарманың басты фабулалық бірліктері тым қысқа, дәстүрлі әдебиеттегі әңгіме жанрының сюжеттік салмағындай ғана. Алайда, аталмыш романның поэтикалық қуатын арттырып, қазіргі прозаның үздік туындысына айналдырып отырған оның оқиғалық желісі емес, ой-сана ағысының аясында айқын көрінетін идеясы мен проблематикасы дер едік. Он үш жыл отасқан отбасының баянсыз тірлігі, татымсыз тұрмысы романның өзегін құрайды. Оқу бітірген кезде Жәдігер мен Бәкизат ауылға келген де, бұлармен тең құрбы, Бәкизатпен көңіл жарастырып жүрген Әзім қалада қалған. Өзінің ғылыми негізсіз тың бастамаларымен елді дүрліктіріп жүрген Әзімнің аты аспандап, қызметі өскен. Ал Жәдігер – балықшыларға бас боп жүрген қарапайым колхозшы. Тіпті ол балық жоспарын орындаймын деп жүріп өз отбасын ұмытуға шақ қалған. Осы әдеті үшін отбасында қадірі жоқ. Астанаға әйелін демалысқа жалғыз жіберіп, қалада Әзіммен қайта көңіл жарастырғаны үшін ызаға булығып, Бәкизатты сабаған. Енді қаладан әдеттегіден тыс, тыныш қана келген Әзіммен Бәкизат бірге кетпекші. Өз отбасын құрбан етті. Жалпы, романның фабулалық жүйесі осындай. Оқиғалар жиырмаға жуық кейіпкер айналасында өрбиді дегенімізбен, негізгі үш кейіпкер – Жәдігер, Бәкизат, Әзімдердің төңірегінде баяндалады. Осы үштағанның, үш кейіпкердің санасындағы қым-қуыт тартыстар, өткен мен бүгіннің арасындағы толассыз шытырмандар, болашаққа деген күдік пен күмәндар – бәрі де қаһармандардың ішкі әлемін ашуға, жан-дүниесін танытуға, сол арқылы құндылықтар жүйесінің қалпы мен жағдайын көрсетуге қызмет етіп тұр деуге болады. Құндылықтардың табиғаты көркем шығармада кейіпкерлердің тұлғасы, образдар жүйесі арқылы көрінеді десек, көркем бейненің жасалу жолында оның ішкі және сыртқы сипат-болмысы, бүтін бітімі жазушы тарапынан әртүрлі ашылады. Соның ішінде, ішкі әлемі айрықша рөл ойнайды деп санаймыз. Сыртқы портрет, диалог, полилог, әрекеттері сынды сипаттарының өзі негізінде кейіпкердің ішкі жан дүниесін танытуға, оның ішкі әлеуеті мен мінез-құлқын ашып беруге қызмет ететіні жасырын емес. Осы тұрғыдан алғанда, біз алдымен оның ішкі қыртыс-қабаттарына, образдардың ішкі әлеміне үніліп көруге

тырыстық. Әбіш Кекілбаев роман туралы жазған мақаласында: «Кесек эпиканың орнына аз адамдардың, тіпті бір ғана кісінің жан дүниесіндегі алай-дүлей ахуалды ежіктейтін жаңа роман келді», – деп жазды [58, 380]. Ол сондай-ақ «шытырман оқиғалардың орнына шырғалаң сезімдер билік алғанын» тілге тиек етеді. Бұл – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің бір ерекшелігі. Ә.Нұрпейісовтің біз тілге тиек етіп отырған романы – осының айғағы.

Шығармадағы сюжеттің өзегі негізінен басты кейіпкерлердің жадынан жаңғыртылып, санасындағы сан алуан сілкіністердің сипаты арқылы көрінетін модернистік-жаңашыл шығармалардың бір мысалы ретінде біз Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парызын» атай аламыз. «Соңғы парыздағы» Өзім мен Жәдігердің жан дүниесіндегі алай-дүлей тебіреністер мен ой ағысы сөзімізге дәлел бола алады. Өйткені, шығарманың сюжеттік желісі, біз жоғарыда атап көрсеткеніміздей, дәстүрлі қалыпта дамымайды. Аристотель негіздеп берген көркем шығарманың басталуы, оқиғалардың байланысуы, дамуы, шарықтау шегі, шешімі схемасында келетін қалыпты жүйеге сыймайды. Қайта Ә.Кекілбаев ескертетін жекелеген кейіпкерлердің санасында, жан-дүниесінде орын алған сезімдер мен ойлар аласапыраны арқылы көрініс табады. Форма – мазмұнға, өз кезегінде мазмұнның формаға әсер ететіні белгілі. Жазушы шығарманың басты идеясын – адамзатқа қауіп төндіріп тұрған кесірлі ғадеттерді жеткізу үшін осындай форманы тандап алған. Монологтің шығарма көркемдігін арттыруда айрықша рөл ойнайтыны белгілі. Ал енді монолог жалғасып, шығармадағы қаһарманның әр кездегі ой-толғаныстарын емес, тұтастай бір кезеңнің я болмаса қым-қиғаш, шым-шытырық оқиғалардың жүйесін сипаттауға құрылатын болса, онда монолог өзінің қалпынан шығып, әдебиеттегі сана ағымына жол ашатыны жасырын емес. Қазақ әдебиетінде сана ағымының белгілері XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш әдебиеті өкілдерінің – Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтердің әңгімелерінде көрініс тапқаны белгілі. Кейіннен XX ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдардағы тарихи роман-повестерде де бұл модернистік құбылыстың белгілері айрықша көрініс тапты. Біз нысанамызға алып отырған автордың, Ә.Нұрпейісовтің де «Қан мен тер» деп аталатын көрнекті туындысында мұндай сипаттарды көптеп кезіктіргенбіз. Алайда, «Соңғы парыз» романының ерекшелігі сол, тұтастай шығарма сана ағысының аясында жазылған. Бұл – тәуелсіздік тұсындағы қазақ романының формалық-поэтикалық жетістігі. Қазақ әдебиетіндегі ағымдар мен әдістердің табиғатын зерделеген ғалым Ж.Жарылғапов бұл жөнінде былай деп пікір білдіреді: «Модернистік әдебиеттің «сана ағымы» концепциясына иек артуы прозалық шығармалардың құрылымдық жүйесіне бірқатар өзгешеліктер алып келді. Автордың субъективті позициясынан өрістейтін толассыз ой ағындары мен кейіпкердің күрделі монологтары сюжет рөлін мейлінше төмендетті. Сана ағымы поэтикасына сәйкес шығарманың композициялық бітімінде, образдар мінездері мен

әрекеттерінде логикадан тыс бұрылыстар, шартты суреттер белең алып отырды» [60, 100]. Әдебиеттанушының аталмыш пікірімен келіспеуге болмайды. Өйткені, біз талдау нысанына алып отырған романның бойынан ғалым айтқан ерекшеліктерге куә боп отырмыз. Жәдігер, Бәкизат, Әзім үштағаны арқылы сана ағымы алғы планға шығады. «Соңғы парыз» романында «...ішкі монологтің күрделенген типі, ой мен сезімді бейнелеудің модернистерге тән техникасы – сана ағымы доминанттық сипат алады» [60, 82]. «Тіріле сала ана бауырына жармасқан ашқарақ күшіктей өріп кеткен ой бұны талап жатыр, талап жатыр» [61, 109]. Жәдігердің ашық теңізде тұрған сәтін жазушы осылай бейнелейді. Ол дәстүрлі шығармалардағыдай айналасындағы адамдармен арпалысқа түспейді, өз ойымен, ішкі сенім-сезімдерімен арпалысып жатыр. Құндылықтар жүйесінің қақтығысы орын алуда. Бірі – қалыпты, бірі – қалыптан тыс. Модернистік шығармалардың табиғатына тән қасиеттің бірі де сол, реалды құбылыстардай емес, иррационалды, сананың еркінен тыс жатқан құбылыстардың суреттелуі жиі орын алады. Ол әдетте түс көру арқылы жүзеге асады. «Адамзат архаикалық-ұжымдық, фольклорлық-поэтикалық ойлаудан авторлық ойға, жеке сана көріністеріне дейінгі динамикалық даму жолында бірнеше сатылардан өтуі арқылы көркемдік танымның ең күрделі формаларына қол жеткізді», – дейді зерттеуші Ж.Жарылғапов [60, 4]. Әдебиеттанушының пікірі орынды. Дегенмен, сөз өнері ғалым айтып отырған көркемдік сананың ең жоғарғы шегіне жеткенімен, шығарманың поэтикалық реңкін күшейтіп, қуатын арттыру мақсатында заманауи көркем прозаның өткенге оралып, фольклорлық-поэтикалық ойлаудың үлгілерін қайта жаңғыртып жатқаны анық байқалады. Әсіресе, көркем прозада мифопоэтикалық тәсілдерге жүгіну дәстүрі алға шықты. Мұны біз, біріншіден, модернистік-жаңашыл сипаттағы прозаның өзіндік жетістігі ретінде бағаласақ, екіншіден, өткеніне көз салып, түбін-тереңін қазбалап жатқан тәуелсіздік тұсындағы әдебиетіміздің бір ерекшелігі ретінде танимыз. Сана ағысы кейде белгілі бір меже-өлшемге сыймай, қалыпты, рационалдық шеңберден шығып кетіп, онейрикалық, неомифологиялық сипатқа ауысады да, түс көру сынды мотивтер аясында көрініс табады. Бұл тұрғыдан келгенде, жазушының кейіпкер образын сомдаудағы, оның құндылықтар жүйесін ашудағы талпыныстары айрықша бағалы деп ойлаймыз. «Соңғы парыз» романында түс көру мотиві арқылы бұл құбылыс жиі көрініс табады. Жәдігер біресе қамау суды тауысып кететін тажал өгіз – Көк Өгізді көрсе [61, 52-53, 64], біресе адамша сөйлейтін Көксерке балық бастаған балықтар көшінің ішінде жүргенін көріп шошып оянады [61, 190]. Әйтеуір, жақсы түс жоқ, бәрі тұнған негатив. «Дүние баянсыз болғасын, түс қайдан баянды болсын» [61, 281]. Енді бірде ол өзінің екіге жарылғанын көреді де, түсінде екінші Жәдігермен, яғни өзімен тіл қатысады. Айтатыны – Бәкизат. Өз жарын танымай тұр. Бұл да Бәкизаттың құндылықтар жүйесінің өзгеріске

ұшырауын дәл танытуға қызмет етіп отыр. Жазушы түс көру мотивін белгілі бір мифологиялық аңыз-әпсаналармен ұштастырып беруге шебер. Жалпыадамдық тақырыптарды қаузаған қазіргі прозалық туындыларда көбіне мифопоэтикалық бейнелеу тәсілдері жиі қолданылады. Әдебиеттегі аталмыш поэтикалық-көркемдік мәнер-машық өз дәуірінің аса өзекті проблематикасын жеріне жеткізе көрсету үшін, сондай-ақ кейіпкер-адам-адамзат болмысының карама-қайшылығын, оның жан дүниесі мен санасындағы ағыстардың шиеленісін тереңірек таныту үшін қолданылады. Бұл да белгілі бір деңгейде шығармадағы динамизмнің күшеюіне, қақтығыстар астарының тереңдеуіне, сол арқылы шығарманың көркемдік қуатының артып, кейіпкер болмысының, құндылықтық бағдарының айқындалуына көп қызмет етеді.

Жалғыздықтың, көп ішіндегі жалғыздықтың азабын тартқан кезде кейіпкердің құндылықтар жүйесі бұрынғыдан да айқындала, ашыла түседі. Оны біз шығарманың өн бойынан анық аңғарамыз. Жәдігер – жалғыз. Романда жалғыздық сарыны ерекше көрінеді. Үйінен алыс жүрсе де, өз үйінде отырса да, Жәдігер жалғыздықтан қашып құтыла алмайды. Айналасында осыншама адам жүрсе де, ол – жалғыз. Осы тұста аталмыш романның экзистенциалистік сипаты айқын аңғарылады. Өйткені, жалғыздық сарыны модернизм эстетикасының ажырамас бөлшегі болып саналатын экзистенциализмнің айтулы бір арнасы екені белгілі. Оның мәні көркем әдебиетте көбіне-көп кейіпкер тұлғасының жалғыздыққа тап болуынан, оның өз-өзінен ғана емес, адамнан, тіпті қоғамнан жатсынуы арқылы көрініс табады. Шығармадағы Жәдігер де, Әзім де – осы көңіл күйді іштей терең сезінген, жалғыздықтың жапасын шегіп, азапқа түскен жандар. Жалғыздық пен жатсыну, айналып келгенде, мәндес ұғымдар. Осы жатсыну құбылысы екі бір-біріне карама-қайшы кейіпкерлердің образы арқылы көрінеді. Сол арқылы өз бастарының ғана емес, тұтас қоғамның құндылықтар жүйесін танытады. Әдебиеттегі жинақтау құбылысы тұрғысынан қарастыратын болсақ, бұл, түптеп келгенде, Жәдігер мен Әзімнің ғана ішкі күйініш-азабы емес, бұл – сол дәуірдің, совет заманының әрбір азаматының басында бар қайғы-мұң. «Кеңестік жүйедегі жеке адамның еркі мен бостандығының шектелуі қоғамның бүкіл саласында жатсынуды тереңдетіп жіберді. Сананың тұйықталуы, адамның адамдық түпкі негізден, яғни өз-өзінен, өзінің ұлттық тегінен, тарихынан, әдет-ғұрпынан жатсынуына әкеп тіреді. Мұның бәрі қоғамдық қайшылықтардың барған үстіне ұлғая беруіне түрткі болды» [60, 142]. Жалғыздардан – айналасынан, өзінен жатсынған жандардан құралған романдай әсер қалдырады. Жәдігер де, оның анасы да, Бәкизат та, тіпті Әзім де жалғыз. Көп ішінде жүрген жалғыз. Айналасын жағымпаздар қоршаған Әзімнің кейінгі өмірі де жалғыздықпен өтеді. Тіпті автор оқырманға оның бүгінде солтүстік облыстардың бірінде жеркепеде жалғыз тұрып жатқанына дейін ескертіп өтеді. Осылайша кейіпкерлердің тұтас галереясын жасаған

жазушы олардың мінез-құлқын көбіне-көп жалғыздықта, өзімен-өзі сырласқан сәттерінде ашып беруге тырысады. Біз жоғарыда шығармадағы идеялық концепция мен тақырыптың құндылықтар жүйесін танытудағы маңызына тоқталған болатынбыз. Алайда, идеяға, көркемдік мақсатқа жеткізетін образдар жүйесі, олардың қимыл-қарекеті мен мінез-құлқы екені белгілі. Біз шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мінез-құлқы арқылы олардың құндылықтық бағдарын, құндылықтар жүйесінің қалыпты сипатын ғана емес, өзгеру, құбылу себептерін де біле аламыз. Сонымен бірге, не үшін адам бойындағы, кейіпкерлер болмысындағы құндылықтар жүйесі өзгереді деген сұрақтың да жауабын туындының өзінен табуға мүмкіндік бар. Қоғамдағы адамдардың құндылықтық бағдарларының әркелкі болуына нендей факторлар әсер етуі мүмкін деген сұрақтардың да тұщымды жауабын табуға болатын сыңайлы. Жалпыадамдық құндылықтарды әрі статикалық, әрі динамикалық сипатқа ие дедік. Оның өзгеруіне, құбылуына да белгілі бір факторлардың әсер ететіні табиғи заңдылық. Аталмыш романда кейіпкерлердің бойындағы құндылықтардың өзгеру үдерісі өте жақсы көрінеді. Шығармаға сүйене отырып, біз жас ерекшеліктерінің, дала мен қала адамының, әйел мен ер кісінің құндылықтар жүйесінде елеулі айырмашылықтардың бар екеніне көз жеткіздік. Сонымен бірге, құндылықтардың қандай да бір өмірлік ситуация кезінде құбылатынын байқадық.

Жәдігер отбасылық құндылықтардан гөрі колхоздың жоспарын орындауды, ұжымдық құндылықтарды биік қояды. Жалпы, өмірде де адамдар арасындағы қарым-қатынастың жақсы болуы, өзара тіл табыса білуі олардың құндылықтар жүйесіне тікелей тәуелді. Ал енді әдеби шығарманың өмір шындығын көркем шындық аясында жеткізіп беретінін ескерсек, шығармадан осындай ерекшеліктерді айқын аңғарар едік. Жәдігер мен Бәкизаттың, ерлі-зайыптылардың ортақ құндылықтары аз. Жанұяның бақыты ер мен әйелдің құндылықтарына тікелей тәуелді екеніне көз жеткіземіз. Екі бала ғана үзілген жіпті жалғағандай-ақ болып тұрады. Әйтпесе, екеуінің құндылықтар жүйесінде ұқсастықтан гөрі, айырмашылықтар, алшақтықтар көп. Сол үшін де бұлар бір-бірімен тіл табыспайды. Отбасы құндылықтары – жалпыадамдық құндылықтардың ажырамас бір бөлшегі. Бірақ оған ұжымдық құндылықтар қарсы қойылады. Жәдігер үкіметке тапсыратын жоспарлы балық орындалмай жатыр деп, әйелімен бірге қалаға бармай, оны жалғыз жібереді. Сырдарияның балығын ұстауға жолға шыққалы отырған Жәдігерді Бәкизат жібергісі келмеді. Жәдігер ер жігітке тән соңғы сөзін айтып, ертеңіне-ақ оралам деген уәдесін берсе де, балықшылардың көңіліне қарап, райынан қайтты. Ол үшін отбасынан гөрі колхоздың, көптің мүддесі биік. Оның бойында ұжымдық құндылық басым болғандықтан, осындай шешім қабылдады. Жалпы, психолог ғалымдардың зерттеулерінде адамның шешім қабылдау қасиеті оның құндылықтар жүйесіне тікелей қатысты делінеді. Адам өзінің

бойындағы құндылықтарына сүйене отырып шешім шығарады. Әрине, ол кейде рационалды, кейде эмоционалды болуы мүмкін. Бірінші тарауда айтып өткеніміздей, құндылықтардың үш қайнар көзі (ақыл, сезім, әрекет) болады десек, осы үшеуі де адамның шешім шығаруына түрткі болады. Ал енді адамның бойында индивидуалды құндылықтардан гөрі ұжымдық құндылықтар басым болған жағдайда, ол үнемі осындай шешім шығаруға мәжбүр болады. Біз психологтер жиі айтатын құбылыстың шындығын «Соңғы парыз» романындағы Жәдігер бейнесінен анық көре аламыз. Ұжымдық құндылық кейде оң нәтиже берсе, кейде теріс салдарын туғызады. Мысалы, Сары Шая үшін билік – құндылық. Өзі болмаса да, өз руынан шыққан бір адам басшы болса, сол – көңіліне медеу. Шығармадағы ұжымдық құндылықтармен бірге бірлік, ынтымақ, татулық деген жалпыадамдық құндылықтардың сипаты көрініс табады. Бірақ ұжымдық құндылықтар шығармада көбіне бірлік, ынтымақ құндылықтарына қарсы қойылады. Ауыл тұрғындарының бойында ұжымдық құндылықтар басым десек те, олар өз руының шеңберінен шыға алмайды. Яғни, рулық сана шеңберінде ойлайды, тұрмыс кешеді. Әрқайсысы өз мұраты жолында жүр. Алға ұмтылған сайын өз көрін қазып жатқан қауым секілді. «Аналар бізді көп бидай ішіндегі жалғыз арпадай тұншықтырып өлтіргелі жатыр ғой? Ойбай-ау, ер намысы қайда? Жарайды, ер намысын, еркек намысын сен аяққа бассан бас, ал ру намысы бар емес пе? Ру намысы үшін баяғы ата-баба басты оққа байлап шықпаушы ма еді?» – деп Сары Шая Жәдігердің жанын жейді [61, 12]. Тілеу-Қабак пен Жақайымның арасындағы көзге көрінбес бақталастықты, әсіресе, осы Сары Шая қоздырып жүреді.

Романдағы оқиғалар желісі екі түрлі кеңістікте – қала мен далада өрбиді. Бұл, бір жағынан, екі кеңістіктің де өз құндылықтары бар дегенге саяды. Шығармада далалық құндылықтар мен қалалық құндылықтардың да өзіндік айырмашылығы көрініс табады. Бірінші бөлімде көбіне-көп далалық құндылықтар жүйесі жақсы көрінсе, екінші бөлімде – «Сондай да бір түн болған» деп аталатын тарауда қалалық құндылықтар, қалалық адамдарға тән құндылықтар жүйесі ашылады. Жәдігер – ауылдың, Әзім – қаланың өкілі. Бір-біріне қарсы кейіпкерлер – Жәдігер мен Әзімді қала мен дала мәдениетінің өкілі ретінде алып көрсетуі де қалалық және далалық құндылықтарды өзара бинарлық оппозицияда көрсетудің мысалы бола алады. Қала мен дала құндылықтарының өзі аталған екі кейіпкердің болмысын танытып тұрған секілді. Романның екінші тарауында қала халқының тұрмыс-тынысы, құндылықтары Әзім бейнесі арқылы ашылады. «Соңғы парыздағы» қала тұрғындары дәстүр-салтынан қол үзіп қалған болса, ал ауыл тұрғындарында әлі де ата-баба культі үстем, қала халқында индивидуалдық құндылықтар биік қойылса, Аралды мекендеген ауыл адамдары ұжымдық құндылықтарды бәрінен биік санайды. Ауыл адамдары барынша адал да ақкөңіл келсе, қала адамдары сайқалдау әрі қорқақ, ал балықшылар кезі келгенде, басына қауіп төнсе де, тәуекел етіп, ерлік

жасауға бейіл боп тұрады. Осындай ерекшеліктерді тағы да ұзартып тізбектей беруге болады. Себебі, романдағы қала мен ауыл құндылықтарының айырмашылығы айқын аңғарылады.

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, кейіпкерлер бойындағы құндылықтық бағдардың әркелкі болуы олардың жас ерекшелігіне де байланысты. Яғни әр жастағы кейіпкерлердің ішкі дінгек-түбірі, құндылықтық бағдары да біркелкі болмайды. Мысалы, жастар үшін құнды болып саналатын кейбір дүниелер үлкендер үшін мән-маңызын жойған болуы мүмкін. «Соңғы парызда» көш концепті ерекше көрініс табады. Тек ел-жұрт қана емес, сонымен бірге оның астарында бақ пен бақыттың, абырой мен тоқшылық заманның да көше бастағаны, көзден ұша бастағаны астармен айтылады. Мысалы, 25 үйдің көшер сәтінде [61, 81] үлкендер қимай, мұңға батып жатса, жастар – балалар жағы масайрап, мәз болып жүр. Сол секілді, осы 25 үйдің көшуі де жазушы үшін тектен-текке алына салған деталь емес сияқты. Қазақ ұғымында жиырма бес саны серіліктің, қуаныш пен қызықшылықтың символы ретінде қолданылады. Көш алдында жас келін жоқтау айтады: жоқтау екені, зар екені белгісіз. Осы жерде ұлттық құндылық пен жалпыадамдық құндылықтың жымдасып кеткеніне куә боламыз. Көш концепті арқылы Отан, туған жер, Атамекен құндылығы айрықша көрінеді. «Соңғы парыз» романының кейіпкерлер жүйесі аса күрделі емес. Әдетте, романда көп кейіпкер болады. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында 200-ден астам кейіпкер кездеседі. Бұл – эпикалық шығармалардың қай-қайсысына ортақ қасиет. Кейіпкерлердің көптігі белгілі бір деңгейде шығарманың коллизиялық өрісінің күшеюіне, заман мен қоғам шындығының барынша боямасыз, сенімді әрі шынайы танылуына, сондай-ақ бас кейіпкер, қаһарман тұлғасының егжей-тегжейлі ашылуына да қызмет ететін. Бірақ, шетел әдебиетінде бар үлгі, қазақ әдебиетінде де белгілі бір үлгілері қалыптасып жатқан айналасы бірнеше кейіпкердің тағдыр талайымен-ақ тұтастай бір дәуірдің құндылықтар жүйесін, қоғамның идеологиялық бағдарын айқындап беретін шығармалар туып жатыр. «Соңғы парыз» – соның бір үлгісі. Айналасы 20 шақты кейіпкердің жас ерекшеліктері де әр алуан. Жас ерекшеліктерінің құндылықтық бағдары да шығармадан жақсы көрінеді. Бірақ осының өзі, егер біз бинарлық оппозиция арқылы құндылықтардың табиғатын ашуға тырысатын болсақ, екі түрлі бағытта көрініс табатынына көз жеткіземіз. Бір тобы – жалпыадамдық құндылықтарға қарсы. Жуан Жақайым – бөлінуге бейіл, ынтымақ-бірлікке қарсы. Сонымен бірге, ол жарамсақ, өз пайдасы үшін ақиқаттан аттап кетуге әзір адам ретінде көрінеді. Шофер баланың да бейнесі осыдан алыс емес. Ол да өз қара басы үшін тіпті дәстүр мен дінді аяқасты етуден тайынбайды. Жан бағу үшін ішіп алып, молдалық етеді. Кәрі қақсал өз қызын күйеу баласына қарсы қойғыш, Сары шая – бәлекор, Көткеншек Көшен қырсық т.б. Көткеншек Көшен, Қожбан, Сары Шая образдары әдейі алынған. Үшеуі де үш түрлі образ болғанмен, бәрі де

«қалыпқа сыймайтын» жандар. Бірінің образы – екіншісін, екіншісі үшіншісін толықтырады. Бірі – қырт, бірі – мақтаншақ, бірі – арызқой. Мысалы, Сары Шая үшін «туыстық парыздан көрі партия алдындағы парыз қымбат» [61, 415]. Жас ерекшелігі бойынша алып қарағанда, шығармада балалар да, орта жастағылар да, қарттар да бар. Бірақ қарттары қазыналы емес. Қария боп отыруға тиіс Көткеншек Көшен, Сары Шая сынды шалдар елге үлгі емес, күлкі боп жүреді. Колхоз қойларын сату үшін қалаға кеткен екеуінің жолай біріне-бірі қырсығып, бір отар қойды жоғалтып жіберуі осыған дәлел бола алады. Осы буынның тәрбиесін көрген кейінгі толқында да кінәрат бар: құндылықтар жүйесінде жұтаңдық бар. Дәстүрлі құндылықтардан ада, советтік құндылықтарды бойына сіңірген. Советтер ұсынған құндылық – пейіштей қоғамға – коммунизмге жетеміз деген мақсаты (құндылығы) қалыптасқан жалпыадамдық құндылықтарды күстәнәлауға яки олардың жүйесіне сына қағып, жүйесін бұзуға әсер етіп жатқанын астармен жеткізеді жазушы. Осы тұста ұрпақтар сабақтастығы дейтін аса өзекті мәселе туындайды. Ұрпақтар сабақтастығы өз мәнінен айырылған тұста табиғат азып, әулеттердің рухани бейнесі ажарсызданады деген ой бар. «Теңіз тартылғалы бұл өңірдің халқының ісі мен мінезі ұсақтап барады», – дейді жазушының өзі [61, 27]. Оған дәлел ретінде шофер баланың образын айтуға болады. Ол өмір бойы арақ ішіп, темекі шегіп, неше түрлі арсыздықты жасап жүрсе де, жаназа, садақа дегенде жаны қалмай, құран ұстап, молдалық қылады. Онысын «жит нәдә» деп «түсіндіреді». Ал осы шофер бала мен Жәдігер, Әзімдердің замандасы, жалпы, сол дәуірдің бір өкілі – «Райым» совхозының басқармасы да шаш ал десе, бас алатын шолақ белсендінің нақ өзі. Айналып келгенде, осы дәуір адамдарының тұтастай портреттік палитрасын қалыптастырған жазушы сол кезеңнің құндылықтар жүйесін көркемдік-эстетикалық тұрғыдан боямасыз суреттеп отыр деуге әбден негіз бар. Советтік жүйе қалыптастырып берген құндылықтардың соңынан жүреміз деп өздігінен, даралығынан айырылып қала жаздаған халық суреттеледі. Ол, әсіресе, кейіпкерлердің жас ерекшелігінен, ұрпақтар сабақтастығының үзілуінен көрінеді. Қазыналы қарт болуға тиіс толқын тұтасымен жалаға ұшырап атылған, асылған, келмеске кеткен. Адай шалдан басқасының бәрі ел түгіл, өз басын алып жүруге жарамайды. Мұны біз этностың геронтологиялық рухани эрозияға тап болуы деп атауды ұсынамыз. Жәдігердің анасының жөні бөлек. Ол – береке мен бірліктің жақтаушысы. Сондай-ақ, дәстүрге жақ. Бойында батылдық пен қайсарлық тұнып тұр. Жазушы осы тұста ертедегі аңыз әңгімені жаңғыртып, оның ұлы әжесінің батырлығын баяндайды. Ұлы әжесі елге жау шапқанда емізулі сәбиін тастап, ел қорғауға шығыпты. Талай жаудың басын алыпты. Соңында оның әйел екенін білген жау жақтың батырлары жабыла бас салып, шаһит еткен деседі. Осылайша автор қазақ даласындағы әйелдер қауымының да мінез-болмысының эволюциясын жасайды. Осының ішіндегі ең сорлы әйел тұлғасы – совет дәуіріндегісі –

Бәкизат. Бірақ келініне кінә артпайды, советтік құндылықтарға барынша адал баласына артады. «Бар пәлені бастаған өздерің. Құдай о баста төмен етекті жаратқан қатынды теңестіреміз деп, көрінген жерде шуылдап-шуылдап, енді, эне, төбелеріңе шығарып алдыңдар», – дейді [61, 79]. Ұрпақтар сабақтастығының үзілуі, бұрынғы һәм бүгінгі күннің құндылықтар жүйесіндегі айырмашылықтар Жәдігер мен анасы арасындағы әңгімелерден біршама нанымды ашыла түседі. Анасы былтыр берген ақшасын сол күйі сақтап отыр. Оған қызықпайды да. Анасы үшін экономикалық, нарықтық, материалдық құндылықтар қызық емес. Есесіне ол отбасы құндылықтарына берік, дәстүр-салтына бекем. Кейінгі ұрпақтың экономикалық құндылықтарға келгенде барынша тыңғылықты болғанмен, аса маңызды деп есептелетін отбасылық, рухани құндылықтарға келгенде самарқау екені де осы кезде бірден көрінеді. Анасы «отырса да – тәуба, тұрса да – тәуба» [61, 100]. Дәл осы сөйлемнің өзі оның құндылықтық бағдарына біршама дұрыс баға беруге жол ашады. АҚШ-тағы Мичиган университетінің профессоры, әлемдік деңгейдегі құндылықтар картасын жасаумен айналысып жүрген ғалым Рональд Инглехарт қоғам түрлеріне тоқталып, дәстүрлі қоғам өкілдерінің көбі дін мен дәстүрге бейім болатынын айтады [62]. Бәкизат пен енесінің жынысы бір әйел болғанмен, болмысы бөлек. Екеуі екі заманның, екі толқынның өкілі. Әйел болса да, олардың арасын қоғамдық формация бөлген. Анасы діндар, намазын оқыған сайын келіні үшін оның көп бала тумағанына кешірім сұрайды. Бойында Ш.Шварц пен Р.Инглехарт айтатын дәстүр құндылығы басым. Бәкизат үшін ол консервативті адам боп көрінуі мүмкін. Бірі – дәстүрлі қоғамның, екіншісі – индустрияға қадам басқан советтік формацияның өкілі. Екеуінің құндылықтары тым алшақ, сол үшін шығарған шешім, жасаған істерінде, айтқан сөз, істеген әрекеттерінде алшақтық көп.

Туған ауылдан 500 шақырым қашықтықтағы бір шоғыр балықшының сапары жай ғана сапар емес. Я болмаса, колхоздың жоспарын орындау үшін жасалған сапар да емес. Көркем шығармада бұл ең әуелі осы аз ғана топтың психологиясын, құндылықтар жүйесін терең де тартымды етіп ашып беруге арналған сапардай боп шыға келген. Өйткені, адам баласының құндылықтар жүйесі, оның шынайы көрінісі тек қана басына іс түсіп, майданға түскенде ғана анық көрінеді екен. Жәдігердің әрі өзіне ұқсап, әрі ұқсамай, түнгі жаман түстің әсері мен «Райым» совхозының басқармасына ерегіскен қалпының нәтижесінде ол екіге жарылды. Кейіпкердің өз-өзімен арпалысуы, өз ойына өз ойы қайшы келіп, ішкі алай-дүлейге түсуі көркем шығарманың психологиялық сипатын терең де нанымды ашып беруге қызмет етеді. Кейіпкерлердің құндылықтары қиындыққа тап болғанда құбылып, бойындағы басты құндылықтар барынша шынайы көрінеді. Мысалы, Жәдігер басқаның бәріне қол сілтеп, салдырлақ машинамен теңізден өтем деген кезде ол бұрынғы өзіне мүлдем ұқсамай кеткен еді. Қайта өлім қаупі туып, басқа таңдау қалмаған сәттерде адам белгілі-белгісіз

күштерге арқа сүйегісі, содан медет тілеп, көмек сұрағысы келіп тұратын сыңайлы. Романда мұндай ситиуациялар бір емес, бірнеше рет қайталанады. Жәдігер, Әзім, Бәкизат – үшеуінің ауылдай алып сеңнің үстіндегі, қыл үстіндегі тағдыры осы үштік айналасында өткен тағдырлардың – құндылықтар қақтығысының қорытындысын жасағандай еді. Сонда әншейінде Құдайын еске алмайтын Бәкизат та құдайшыл болып, Тәңіріден медет сұрады. Сең үстінде Алласын есіне алып, бұрынғы пендешіліктерінің бәріне өкінді. Кейіпкерлердің басына қандай да бір қиындық түскен кезде оның қалыпты өмір тіршілігіндегі құндылықтарына қарағанда діни-нанымдық құндылықтары алғы планға шығып кететінін біз талдап отырған романымыздан біліп отырмыз. Адамның құндылықтық приоритеті ситуацияға қарай құбылып отыруы мүмкін.

«Ұлы әңгіме өңшең үлкен оқиғалармен болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады», – дейді қазақ әдебиеттану ғылымының іргесін қалаушы А.Байтұрсынұлы [51, 327]. Шығарманы тұтасқан көркемдік әлем деп қарастырсақ, оның әрбір деталь-бөлшегі белгілі бір поэтикалық жүк арқалап тұратыны сөзсіз. «Соңғы парыз» романындағы жалпыадамдық құндылықтарды саралағанымызда, әсіресе, уақыт пен кеңістіктің атқарар рөлінің айрықша үлкен екеніне көз жеткіздік. Өйткені, аталмыш қос философиялық категория әлемді танудың басты тіректерінен болып саналады. Уақыт пен кеңістік кейіпкерлер болмысын ашуда зор қызмет атқарады. Зер салсақ, «Соңғы парыздың» негізгі сюжеттік желісі бір тәулікте өтіпті. «Сондай да бір күнде» және «сондай да бір түнде» ғана өткен секілді. Бұл белгілі бір деңгейде бір оқиғаның бір тәулікте, бір орында өтуі тиіс дейтін классицизм қағидасын еске салғанымен, осы «бір тәуліктің» ішіне тағдырлардың он үш жылдық арпалысы мен ырың-жырың тірліктерінің тұтас картинасы сыйып кеткен. Романдағы уақыт пен кеңістіктің көріну сипатының әдеттегі дәстүрлі туындыларға ұқсай бермейтін тұстары аз емес. Басты кейіпкерлердің жан дүниесін қопара ашатын тұстарында уақыттың баяулау құбылысы орын алып, лирикалық-оқиғалық шегіністерге жиі-жиі баруы шығарманың салмағын арттыра түскен. Тарихи-реалды уақыттан әдеби-көркемдік уақыттың бір ерекшелігі сол, автор-баяндаушының немесе автор-кейіпкердің уақытты баяулату – ретродациялық тәсілдерді еркін қолдануында болса керек. Өйткені, «көркем әдебиеттің уақытты тығыздай алатын, қысқартатын, ұзартатын пәрмені бар, олар сюжет дамытуға, психологизмді күшейтуге қызмет етеді» [57, 120]. Шығарманың сюжеттік мәресі Жәдігер мен Бәкизаттың отасқанына он үш жыл болған кезіне сай келсе де, жазушы ретроспекциялық тәсілдер арқылы оқиғалық шегіністер жасап, Әзім мен Жәдігердің жадындағы айтулы оқиғаларды жаңғырту арқылы бірнеше жыл бұрынғы оқиғаларды таратып береді. Он үш жыл отасқан зайыбын қалдырып, Жәдігердің бес жүз шақырымдық қашықтыққа балық аулауға кетуі және бірер ай бойы табиғаттың қатыгез суығында колхоздың

жоспарын орындаймыз деп жан аямай еңбектенуі бір шоғыр еңбек адамының ішкі рухани-психологиялық әлемін ашу үшін алынғаны өз алдына, автордың бес жүз шақырымға тартылып кеткен Аралдың мүшкіл халіне оқырман назарын аудартқысы келгені деп ұғу керек. Әдетте, қазақ әдебиетіндегі көптеген шығармаларда кеңістік динамикалық сипатта көрінетін. Көркем туындының сюжеттік желісі жолда, жайлауда, өзен жағасында т.б. кеңістік түрлерінде өрбиді. Алайда «Соңғы парыздың» финалдық сюжеті статикалық кеңістікте орын алады. Жәдігер теңіз жағасында жападан-жалғыз ойға шомып тұр. Жай тұрмайды, өзімен бірге еріп келген ізіне қарап ойланады. Қарап отырсаңыз, кеңістік шексіз сияқты. Бірақ тұйықталған кеңістікте тұрғанын да біліп отырсыз. Бұған күн бата қалаға жол тартқан Әзім мен Бәкизат келіп қосылады. Осы жерде қақтығыс бояуы қалыңдап, шиеленіс барынша дамиды да, солтүстігі мен оңтүстігін, шығысы мен батысын айыра алмай боранды түнде адасқан үшеудің шынайы құндылықтары барынша айқын ашылады. Олар жол табуды, жөн табуды білмейді. Бұл – отбасылық қатынастардың ғана емес, Арал мәселесінің де тұйыққа тірелуі. Жазушының бас кейіпкерлерді тұйықталған кеңістікке әкеліп, осылай «сөйлетуі» жайдан-жай емес. Басты идеяны беру үшін жасап отырған көркемдік тәсілінің бірі деп қабылдау керек. Табиғатқа орасан зиян тигізген адамдардың осындай алапат табиғат аясында – боранды түнде, сең үстінде қалуы олардың өмір бойғы арман-тілектерінің шынайы да әділ бағасын анықтап берді. Өйткені, қиын да ауыр ситуацияға тап болған кезде ғана адамның құндылықтары барынша нанымды ашылады екен. Сең үстінде олардың бұрынғы құндылықтары келмеске кетті. Осы кезде ғана олар басқа құндылықтар туралы ойлана бастады. Қазақстанның халық жазушысы Ә.Кекілбайұлы бұл жөнінде: «Үшеуінің де ұстанып келген қағидалары далбаса боп шықты. Үшеуі де қысыр қиял қуып жүрген, өздерін-өздері алдарқатып жүрген алаңғасар екен. Тіпті, бір-біріне артар кінәсі де жоқ боп шықты», – дейді [58 , 374]. Осы кезде өмір құндылығы алғы шепке шығады. Әсіресе, Әзім өмір үшін серттескен Бәкизатты да, бала кезден бірге өскен жолдасы Жәдігерді де тастап кетті. Әзім үшін жолдастық, достық, туыстық деген құндылықтар маңызды емес. Оның шынайы досы да, туысы да жоқ. Тек атақ, даңқ бар-тын. Енді ол да жоқ. Өмір ғана бар. Тап осы сәттен бастап Бәкизаттың алдында Жәдігер тұлғасы аспандап қоя берді. Өмір бойы өзінің күйеуін кінәлап келген әйел алғаш рет қатесін мойындап, іштей өз-өзін кінәлады. Ол не болса да күйеуін кінәлаудан жалықпас еді. Кешірмейтін. Оның үкіметтік жоспар деп, колхоздың жұмысы деп жүріп күндіз-түні жасаған еңбегі үшін емес, сөйтіп жүріп отбасын ұмытып кететіні үшін, отбасылық құндылықтарды елемейтіні үшін кешірмейтін. Ол ғана емес, оның анасы да көрінген жерде оны көрге тыққысы келіп тұратын. Тіпті мұз үстінде Әзім, Жәдігер – үшеуі қалған кезде де ол кінәнің бәрін Жәдігерге жауып отырған-ды. Бірақ Әзім тастап кеткен соң, Бәкизат сең үстінде бәрін кешірді. Егер осыдан аман

қалса, аялайтынына, сөзсіз күйеуінің көңіліне қарап өмір сүретініне күмәнсіз сенді. Алайда, бәрі кеш еді. Алдымен Жәдігер, кейін өзі мерт болды... Кеңістік – сең, уақыт – түн. Түнектің тұңғығына батқан жұбайлардың өмірі зая кетті. Жазушы оқырманына ой салу арқылы осындай құндылықтарды бағдар тұтып өткен советтік толқынның зая кеткен өміріне ашынады. Бұл қазіргі адамзаттың баласында жоқ деуге келмейтін дерт емес. Тап қазіргі сәттен бастап адам пиғылын түзеп, ұстанымын өзгертпесе, өз өмірін құрдымға жібереді деген идеялық жүгі бар. «Қарық боламыз деген сайын ғарып бола түсеміз. ...Қанағат, мейірім жоқ жерде махаббат жоқ. Махаббат жоқ жерде әділет жоқ. Әділет жоқ жерде асылың жасық, алтының тас боп көрінеді. Адамзат жоғалтқан қасиетіне қайта қауышса ғана абзал атын ақтай алуы мүмкін» [58, 378] деген Ә.Кекілбайұлының пікірі жалпыадамдық құндылықтардың маңыздылығын, оның қоғам мен адам алдындағы бұлтартпас дінгек екенін тағы да еске салады. «Соңғы парызда» нақты тарихи уақыт көрсетілмейді. Оқырман тек оқиғалар жүйесінің Совет кезеңінде өрбігенін ғана біліп отырады. Әрі он үш жыл отасқан үйелменнің азапты, ауыр тағдырына куә болады. Автор шығармада тарихи-реалды уақытты осылай көрсету арқылы қоғамдық-әлеуметтік уақытты көрсетуге күш салады. Еріксіз неліктен деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша, жазушының басты мақсаты жекелеген адамның болмысын ашу ғана емес, қайта сол жекелеген кейіпкерлердің тарихи-реалды уақыт ауқымындағы өмір өрнектері арқылы, олардың істеген ісі, өмірде қалдырып жатқан ізі арқылы қоғамдық-әлеуметтік уақыттың портретін жасауға тырысқан. Оқырман осылайша қоғамдық сананың трансформациясына куә болады. Осы арқылы жазушы отарлаушы жүйеге деген қарсылығын білдіреді.

Жалпыадамдық құндылықтардың жұтандануы салдарынан Арал мәселесінің шиеленісе түскенін түсіну қиынға соқпайды. Ал Арал мәселесі – адам мәселесі, адамзаттың рухани экологиясының жұтандануының сыртқы көрінісі ғана. Осылай кете берсе, ол тіпті бұдан да сорақы, бұдан да ауыр қасіреттерге жол ашуы мүмкін. Осы мәселені барынша терең әрі шынайы көрсету үшін жазушы символдық тәсілдерге де жүгінуді жөн көріпті. Шығармада барынша негативті, бірақ шындықтың шекара-шеңберінен аспайтын оқиғалық детальдар сана экологиясының тым нәзік те жұтаң келбетін танытуға қызмет етіп тұр. Жоғарыда тілге тиек еткен онейрикалық сипаттағы детальдармен бірге, қазақ ұлты қасиет тұтатын домбыраның жарылуы, қара інгеннің суалып, жиырма бес үйдің көшуі, үйлердің қирауы, ботасынан айырылған інгеннің, ғасырлар бойы далалық өркениеттің көлігі боп келген түйенің енді темір көлікке жүк болып тиеліп кете баруы – осының бәрі де қоғамның өзгеріп, адамның азуын білдіретін көркемдік-символикалық детальдар болып есептеледі. Шығармадағы әрбір көркемдік детальдің үлкен мән арқалайтыны, тіпті кей кездерде кішкентай ғана бір көркемдік детальдің тұтас замана шындығын немесе бір қауым

жұрттың дәл психологиялық бейнесін танытар құдіреті бар екені жасырын емес [59]. Біздіңше, аталмыш детальдардың бәрі де романдағы құндылықтардың табиғатын ашуда айрықша мәнге ие.

Әдебиеттану ғылымының концептуалдық зерттеулерінде жол концептінің алар орны ерек. Өйткені, кейіпкер тұлғасының жетілу эволюциясын танытуда, шығарманың поэтикалық динамикасын асыруда жол концептінің алар орны бөлек деуге болады. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы жол концептісін алға шығарудан басталады. Семейден Ералы жазығына келе жатқан бала Абайдың бейнесі кейіннен бірте-бірте толысып, дана Абай боп қалыптасқанға дейін жалғасады. Біз талдау нысанамызға алып отырған Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романында да концептуалдық ұғымдар жоқ деуге келмейді. Өйткені, бас кейіпкерлердің болмысын беруде біз тілге тиек еткен жол концепті жанама түрде із және көш концептілері негізінде көрініс табады. Өйткені, романда іздің орны айрықша. Ол адамның физикалық әрекетінің қорытындысы-жемісі ғана емес, философиялық-құндылықтық мән арқалаған көркемдік концепт ретінде көрінеді. «Ұзын қара кісі соңындағы шұбаландап жатқан ізіне қарап тұр» деп басталады роман [61, 5]. Осы із концепті шығарманың 14, 16, 109, 161, 241, 247-беттерінде қайта алдымыздан шығады. Әр тұсында әртүрлі ракурста бейнеленеді. Ол біресе жеке индивидтің физикалық ізі, біресе оның мына пәни дүниеге қалдырар өнегесі, енді бірде тұтас толқынның кейінгі, келесі ұрпаққа өсиет етіп қалдырар рухани мұрасы т.б. болып суреттеледі. «Айтса да, бүгін жерге сыймай, жаны ширекқанда бұны алды артына қаратпай, аңыраған ашық теңізге қуып әкелген із емес еді ғой? Қайта осы ізді осы араға сүйретіп әкелген бұның өзі емес пе еді?» [61, 14]. Міне, осындай сұрақтар жиі қайталанатын. Жәдігер ашық теңізде, аязды күнде өз-өзімен есеп айырысып тұр. Басқан ізіне – өткен өміріне көз жүгіртіп, өзегін өкініш өртеп тұр. Бірақ бәрі де кеш. Не үшін бас кейіпкеріміз осындай қиын да күрделі шақта өзінен есеп алып тұр деген заңды сұрақ туындайды. Ол өз ізіне тап бүгін ғана мән беріп, ой жүгіртіп отыр, не үшін? Осыған дейін де ол осы өңірге мың сан ізін қалдырды, ізімен шиырлады ғой. Бірақ бүгін ғана назар аударып отыр. Өйткені, адам сондай, айнала сан түрлі сынақтарға толып (қар жауып, мұз қатып), басқа амалы қалмағанда ғана өз ізіне қарайды. Әйтпесе, оған мән бермейді де. Ол – тек Жәдігердің ғана емес, күллі адам баласының ізі, солақай саясаттың кесірлі қорытындысы; адам жанының, арының құлдырап, құнсыздануы. Экзистенциалистер жиі айтатын адам әдетте өзінің жанына үңілмейді, тек қиын-қыстау күн туғанда ғана ішкі әлемін танып, болмысына көз салады деген идеяның жаны бар сияқты. Жазушы осы арада сентименталистік әдістерге де жүгінген. Өйткені, сентименталистердің дені оқырманға берілер әсерді ұлғайтып, оның жанын сыздату үшін кеңістік түрлерін де таңдайтыны бар. Қабір, мола, қара орман, тұманды дала т.б. Айналасы вакуумдай тұйық сең... Бұл да шығарманың рецептивтік қасиетін арттыра

түсетін детальдар. «Сосын соңындағы шұбалаң ізге назар аударды. Көзі қайта түскенде, жүрегі дір етіп шошып қалды. Мына із не дейді, әй?» [61, 16]. Ол өзінің зая кеткен ғұмырына қарап шошынады. Қорқады. Бұл – басындағы бақтың тайғанының, жақсылық атаулының бәрі мұны тастап, көшкенінің белгісі. Жоғарыда айтқанымыздай, жол концепті осы із және көш концептілерінің аясында ашылады. Бұл екі ұғым бір-бірін толықтырып, біріне-бірі «сәуле шашып» тұр деуге болады. Өйткені, бірінсіз бірінің көркемдік қуаты аз болып қалар еді. Із секілді, көштің өзі әртүрлі ракурста беріледі. Ол алдымен күнкөріс қамындағы адамдардың қоныс аударуы үлгісінде көрініс табады. Әсіресе, жиырма бес үйлі әулеттің көшуі мұның салмағын арттырып жібереді. Одан бөлек жекелеген үйелмендер басқа жаққа қоныс аударып жатыр еді. Көшті әулеттің басы – ақсақал қария, Адай шал бастайды. Қисынға салсаңыз, қазыналы қарияның туған жерді тастап кетуі әбестік секілді көрінуі мүмкін. Бірақ ол өзінің емес, ұрпағының қамын жегендіктен ғана осы қадамға барып отыр. Ұрпақ, ұрпақтарға қалдырар өнеге, мирас – мұның бәрі қазақ танымында айрықша орын алатын концептуалдық ұстындар. Тек адамдар ғана емес, жазушы табиғатпен біте қайнасып тіршілік етіп жатқан жануарлардың да көшін суреттейді. Бұл – өз кезегінде ұрпақ құндылығының тек адам баласы үшін ғана емес, табиғатпен етене күн кешіп жатқан кез келген жаратылыс атаулының биік мақсұты екеніне айғақ. Мысалы, жан сауғалаған киіктердің су іздеп көшуі романның идеялық салмағын арттыра түскен. Әдеттегідей емес, су үшін ауыл үстін жайпап өтіп, ащы суға бас қойған киіктер қырылғанына қарамады. Алайда «ұзақ жолда оты, суын ала алмай әлсіреп жеткен құралайдың лағын балалар қуалап, қатындар иінағашпен ұрып алып жатыр. Ауыл үсті абыр-сабыр. Айқай-шу» [61, 177]. Бір күні бұл ауылдың тарихында болмаған, адамдары естіп көрмеген бір сұмдық болды. Бірнеше күн бойы балық торға түспеді. Балықтар да көшіп жатыр екен. Әмудария бойымен ағысқа қарсы жүзіп, өзен тасып жатыр. Осы кезде де колхоздың жоспары үшін «коммунизмге бет алған» еңбекшілер Әмударияға барып, балыққа қарқ болды. Балықтың бәрін қырып салды. Бір айда орындайтын жоспарын бірер күнде бітірді. Қарап отырсаңыз, шығармада балық та, киік те, тіпті құс та көшеді. Бірақ соның бәрін қанағатсыз адам баласы қырып салды. Жан-жануар, құс атаулы өзі үшін емес, ұрпағы үшін қоныс аударады екен. Алайда, соның бәріне адам баласы зұлымдық жасап, өз қара басының қамын күйттеп, табиғаттағы үйлесімділік заңына қарсы шығып, теңгерім-балансты бұзды. Балық көшінде де, киік көшінде де адамдар бір күндік қамы үшін оларды қырып-жоюшы ретінде көрінеді. Бірақ соңында өздері де солардың кебін киді... Бақыт іздейді. Жан сауғалайды. Міне, енді Жәдігердің әйелі де көшіп жатыр. Жас кездегі ғашығы – Өзіммен бірге қалаға кетпекші: бақыт іздеп барады. Бұл да көштің бір түрі. Көш концептісі арқылы бақыт, байлық, мейірім, туысқандық, теңдік, ынтымақ, бірлік, махаббат құндылықтарының да ауып бара жатқандай әсер қалдырады. Көш концепті адам-киік-балық

үштағаны аясында көрінеді де, осының бәрі бақыттың, бақтың көшуін меңзейді. Бақыт ауған кезде адам бойында сағыныш құндылығы маңыз алады екен. Кейіпкерлер өткенге сағына қарайды. Шығармада сағыныш мотиві ерекше көрініс табады. Жазушы шығарманың өне бойында сағыныш құндылығын қадау-қадау көрсетіп отырады. Ол заманда бәрі басқаша еді, бақыт, сенім, тыныштық, Отан бар еді. Бүгін бірі де бүтін емес, өткенге деген сағыныш қана бар. «Шіркін! Ол кезде Арал қандай еді! Аралдың адамдары қандай еді!» [61, 413] деген сөйлемнің өзі бірнеше рет қайталанады. Романда өткен шақ пен осы шақ қатар көрінеді. Өткен шаққа деген сағыныш көбіне-көп жер мен елге, Арал өңіріне қатысты айтылса, жекелеген адамдарға қатысты тек негативті сипатта өрбиді. Өйткені, өкініш бар, ыза бар. Жазушы жиі қайталайтын өмірдің соңының «ырың-жырың болуы» – өткенге деген өкініштің бір белгісі. «Аяғы дүниенің ырың-жырың» деген қайталау романның бірнеше жерінде кезігеді. [61, 5, 108, 412]. «Бұл елде пойыздар батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай жүйткіп жатады» деп келетін Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романындағыдай, аталмыш қайталаулар да «Соңғы парыз» романының эстетикалық табиғатына әр сыйлаған. Әдетте, қаламгерлер оқырманның назарын бір нәрсеге ерекше аудартып, оның маңыздылығын танытқысы келсе, қайталау тәсіліне жүгінеді. Біздіңше, Ә.Нұрпейісов те осы тәсіл арқылы табиғат пен адам жанының табиғатының бұзылуына айрықша екпін түсіргісі келген секілді. Өмір концепті осылайша пессимистік сарынға ие болған. «Апырай, сонда бұл жазған неден қателесті?» [61, 298, 318, 330, 332] деген Жәдігердің өз-өзіне тоқтаусыз қоятын риторикалық сұрақтары бүкіл қоғамның өз-өзіне қояр сұрақ-соты болуға тиіс. Қоғам өзінің өткеніне, артында қалдырған ізіне қарап, есеп беріп, қателерін сараламаса, Жәдігердің кебін киюі әбден мүмкін деген идея жатқандай. Ол «жазған» – Жәдігер ғана емес, тұтас советтік жүйе. Жазушы романның басты идеясын Өзімнің қарсыласы ретінде көрінетін ғалым жігіттің аузына салған. «Келешекте адам баласының жер бетінде болу-болмауы – табиғаттың болу-болмауына тікелей байланысты» [61, 126]. Адам тойымсыздығын тоқтатпаса, табиғат апатқа ұшырайды. Адамды да апатқа тап қылады деген идея жатыр. Жазушының идеясы тым тереңде. Арал – символикалық бейне. Арал арқылы адам жанының жұтаңдануы көрінеді. Табиғаттың жұтаңдануы – адам жанының жұтаңдануының салдары. Ал адам жанын жұтаңдатқан – советтің солақай саясаты. Осы орайда жазушының аталмыш романы постколониалдық зерттеулердің нысаны болуға сұранып тұр дер едік. Әлеуметтік тойымсыздық тоқтамаса, табиғат азып, ұрпақтар құрып, дүниенің соңы ғана емес, өмірдің өзі де ырың-жырыңға айналады деген трагедиялық астар бар. Ол үшін отбасы құндылықтарына берік болып, қанағат пен мейірімді серік қылып, кейінгі ұрпақтардың қамын ойла деген өсиет бар. Табиғаттың қордалы проблемаларын көтерген шығармада пейзаж поэтикасының кезікпеуі мүмкін емес, әрине. Ә.Нұрпейісов

романдағы кейіпкерлерінің ішкі әлемін табиғаттың аясында, табиғатпен етене байланыс арқылы ашып беруге тырысқан. Сең үстінде Жәдігер, Әзім, Бәкизаттармен бірге торғай мен қасқырдың – бес тіршілік иесінің қалуы да көп сырды аңғартқандай. Бұл да адам баласының табиғатсыз күнінің жоқ екенін білдіруге тырысқан жазушының шеберлігі болса керек. Образдар жүйесінде торғай мен қасқырдың да өз орны бар. Біздіңше, автор бұларды микрообраздар ретінде әдейі алып отыр. Жәдігер өлді. Торғай ұшып кетті. Бақ өлмейді, ұшып кетеді, көшеді. Өйткені, «осы қазақ басқа қонған бақытты құсқа бекер теңемеген» [61, 341].

Жоғарыда біз кейіпкерлер басына қиын күн туған кезде құндылықтық приоритеттің құбылуы туралы сөз еткен болатынбыз. Яғни адамның шынайы құндылықтар жүйесі көркем шығармада қақтығыс үстінде ғана ашылады деген сөз. «Шығармада қақтығыс фабулалық-сюжеттік сипатта емес, көбінесе ой-сана алаңында орын алып жатады. Сайып келгенде, «Соңғы парыз» романы көркемдік қуаты мол шығарма болса, біздіңше, ең алдымен, құндылықтардың қақтығысы арқылы осы биігіне жеткен деуге болады» [63, 404]. Әрине, көркемдік деңгейі жоғары. Алайда, осы көркемдіктің биігіне жету үшін шығармадағы құндылықтар қақтығысы, құндылықтар жүйесінің өзара байланысы сөзсіз әсер еткен. Мақтаулы кейіпкер жоқ. Әзімнің әрекеті мен сөзіне қарасаңыз, жалпыадамдық құндылықтар туралы айтады. Ісі де жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарға сай келіп жататын сияқты. Бірақ ол өзінің қамы үшін кейбір өзгертуге болмайтын, тұрақты болуға тиіс құндылықтарды құрбандыққа шалды. Сол секілді, Жәдігердің де бойынан осындай оң және теріс сипаттарды тауып алу қиын емес. Жалпы, кез келген құндылықты біржолата оң немесе теріс деп айтуға келмейтінін осыдан аңғарамыз. Себебі, бір құндылық өз ретімен қолданбаған жағдайда немесе шегінен асып кеткен кезде басқа бір құндылықтың жойылуына немесе басқа адамзаттық құндылықтардың өз деңгейінде көріне алмауына кесір болады. Шығармадан біз еңбектің немесе ұжымдық құндылықтардың отбасы құндылықтарына тигізген зияны туралы сөз еттік. Сол секілді, туыстық байланыстың да бірлік, ынтымақ құндылығына кейде зардап беретінін байқадық. Оған Сары Шаяның шолақбелсенділігі дәлел. Қақтығыс арқылы құндылықтардың сипаты, ерекшеліктері, түрлері көрінеді. Мысалы, Жәдігер мен Әзімнің жан дүниесі екі бөлек. Яки Жәдігер мен әйелінің жан дүниесінде бітіспес қайшылықтар бар. Ал қайшылықтар көркем туындыдағы бинарлық оппозицияны туғызады. Осы орайда әдебиеттанушы-ғалым Г.Пірәлінің «Психологиялық роман табиғатының өзі жеке адам тағдыры екі әлем, сұлулық пен ұсқынсыздық, саналы мен бейсаналы, өмір мен өлім т.б. арасындағы ымыраға келмейтін мәңгілік құндылықтар жайында ой қозғауға мәжбүр етеді» [64, 6] деген пікірі орынды деп есептейміз. Біз романнан бинарлық оппозициялардың мынадай үш түрлі бағытта жүзеге асқанына көз жеткіздік. Бірінші, қалыптасқан концептуалдық негіздегі жалпыадамдық

құндылықтардың өзара қайшы келуі. Қанағат – тойымсыздық, әділет – қиянат, жақсылық – жамандық, мейірім – қатыгездік т.б. Екінші, кейіпкерлер арасындағы бинарлық оппозициядан. Жәдігер – Бәкизат, Жәдігер – анасы, Жәдігер – Өзім, Жәдігер – балықшылар, Жәдігер – Сары Шая, Көткеншек Көшен, шофер бала, Жәдігер – заман сиқы контексінде ашылады. Жәдігер, Бәкизат, Өзім ұштағанынан, түптеп келгенде, мына әлемнің жұтаңдануы ең алдымен отбасылық құндылықтардың дағдарысқа ұшырауынан туындайды деген идеяны аңғару қиынға соқпайды. Кейіпкерлердің табиғатқа деген қатынасы Адам – Табиғат контексінде танылады. Үшіншіден, жалпыадамдық құндылықтардың өзара қайшы келуі. Мысалы, еңбек құндылығы көбінесе отбасы құндылықтарына қарсы қойылады. Жәдігердің колхоздың жоспары деп жүріп жан аямай еңбек етуі оның отбасылық құндылықтарының әлсіреуіне түрткі болды. Оның аяғы трагедиялық шешіммен тынғаны белгілі. Сондай-ақ, еңбек құндылығы табиғатты қорғау, аялау дейтін жалпыадамдық құндылыққа қарсы қойылады. Балықшылар еңбек ете жүріп туған жердің табиғатына өлшеусіз зардап әкеліп жатқанын білмейді, яки білсе де, советтік идеологиядан әрі аса алмайды. Намыс құндылығының Жәдігердің ерге тән батылдығын танытатын деталь ретінде алынған тұсы бар [61, 59]. Бірақ шығармада намыс құндылығы көбіне бірлікке, ынтымаққа сына қағу үшін пайдаланылады. Намыс құндылығын жиі тілге тиек ететін – Сары Шая. Руаралық бақталастықтың отына май құйып жүретін Жәдігердің немере ағасы. «Ер намысын сен аяққа бассан бас, бірақ ру намысына жан пида деп айқайлап шықпайсың ба? Халқың әне!.. Сыртта жиналып әзір тұр!» [61, 237]. Бұл – оның Жәдігерді Өзімдердің руына қарсы айдап салатын тұсы.

Отан құндылығы шығарманың басынан аяғына дейін тұтастай қамтылып отырады. Өйткені, көркем туындының басты идеясы да сол – туған жердің, Отанның тағдыры. Дегенмен, туған жерге деген құрмет, оған деген сағыныш пен қимастық, әсіресе, көш үстінде қатты білінеді. Аталмыш шығарманы советтік идеология қалыптастырып берген ұстанымдар мен символдар, үміттер мен мақсаттар – бәр-бәрінің жалған екенін, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзіліп, әрі өзіне ұқсап, әрі өзіне ұқсамай қалған ұлттың тағдыры туралы жазылған роман деуге негіз бар. Ұқсамайтын себебі, рухани экологиясы бұзылған. Жалпы, соңғы жылдары «рухани экология», «сана экологиясы» деген терминдер тұрақтап қалды. Бұл экология терминінің тек жаратылыстану ғылымдарының еншілі ұғым шеңберінен шығып, қоғамдық ғылымдардың бәріне де ортақ категорияға айналғанының белгісі болса керек. Біз мұны аксиологиялық-әдеби контексте қарастырдық.

Біз өткен тарауда қазіргі әлемдік мәдени-рухани көштің индивидуалдық құндылықтар аясына топтаса бастағанын, ал оның түпнегізінде батыстық парадигмалар жатқанын тілге тиек еткен болатынбыз. Аталмыш тенденцияны әдеби үдерістен де анық байқауға

болады. Себебі, XX ғасырда дүниеге келген көркем туындылардағы кейіпкерлердің құндылықтар жүйесін олардың ұжымдық қатынастары аясында дұрыс танитын болсақ, бүгінде ол құбылыстың мәні өзгеріп, кейіпкерлердің рухани-адамгершілік мұраттары, құндылықтық бағдар-бағыты, күйініш-сүйініші керісінше көп жағдайда оның көппен қарым-қатынасы арқылы ғана емес, негізінен, өзінің ішкі толғаныстарын ақтарумен, логикаға сыйыңқырай бермейтін иррационалдық құбылыстарға «асып кету» құбылыстарымен өлшенетін болды. Бұл құбылыс әдебиеттің жанрлық, формалық ерекшеліктерін туғызды деуге негіз бар. Өйткені, әр дәуірде дүниеге келген әдеби ағымдардың, стильдік мәнер-машықтардың өзі өткенге сын көзімен қараудан, оған объективті баға беру мен қайта интерператация жасаудан туындайды. Олардың өзіне дейінгі ағымдарға қарсы туып, жаңа құндылықтарды іздеуден, бұрынғы құндылықтар жүйесіне қайта баға беруге деген ұмтылыстан туындайтыны шындық. Тәуелсіздік тұсындағы, әсіресе, ХХІ ғасырдағы қазақтың жаңа әдеби алаңында осындай сипаттарды бойына сіңірген көркем туындыларды көптен кезіктіруге болады. Әрине, оның бастаулары ретінде XX ғасырдың басындағы көркем прозалық үлгілерді атаймыз. «Өткен ғасырдың басындағы қазақ жазушыларының кейбір жекелеген әңгімелерінен бастау алатын модернистік нышандар «жылымық жылдар» деп аталып кеткен алпысыншы-жетпісінші жылдардағы әдебиетте біршама дамып, тәуелсіздік тұсында барынша өзінің болмысын ашуға мүмкіндік алды» [65, 176]

Әрине, модернистік бағыттағы шығармалардың бәрі де еуропалық-батыстық сипаттағы қырларымен толыққанды, егжей-тегжейлі көріне алды дей алмаймыз. Бұл жерде қазақтың өзіндік қасиет-белгілерінің болуы заңдылық. Дегенмен, жаңашыл сипаттағы шығармалардың бой көрсеткені, әр жазушының әртүрлі эксперименттерге қол созғаны айқын аңғарылады. Қазақ әдебиетінде экзистенциализм, неомифологизм, сана ағымы сынды модернистік ағымның еншісіндегі шығармалармен бірге соңғы ширек ғасырда барынша дамып келе жатқан, өз кезегінде бірқанша пікірталастардың тууына түрткі болған постмодернистік туындылардың дүниеге келуі пікірімізді қуаттай түседі. Қазақтың көркем прозасында да оқиға емес, ой алға шықты. Біз сөз етіп отырған жалпыадамдық мәселелерді көтерген шығармалардың да философиялық сипаты басымдау түсіп отырады. Ол, жоғарыда айтқанымыздай, ең әуелі қазіргі сөз өнерінің өзіндік ерекшелігінен туындаған құбылыс болса керек. Ойды алға шығару арқылы қаламгерлер ой динамизмін, ой драматизмін жасауға ұмтылады. Осы тәсіл арқылы олар адамзатқа ортақ құндылықтардың сыры мен сипатын ашып беруге талпыныс жасайды. Өткен ғасырда дәстүрге айналып кеткен натуралистік-реалистік сипаттағы сюжеттерге ұқсаңқырамайтын, шығарманың бар поэтикалық салмағы кейіпкерлер арасындағы диалогтар мен ішкі монологтар арқылы ашылатын шығармалар соңғы ширек ғасырда қазақ әдебиетінде де аз жазылған жоқ. Соның ең көрнектілері ретінде біз

Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын жоғарыда талдадық. Сондай-ақ мұндай үрдістерді біз Т.Әбдікұлының да шығармашылығынан жиі аңдаймыз. Әсіресе, оның «Парасат майданы» повесі адамзат тарихындағы бір-бірімен күресіп келе жатқан жақсылық пен жамандық, әділдік пен қиянат, бостандық пен бодандық сынды құндылықтардың табиғатын эстетикалық-философиялық тұрғыдан ашып бергенімен қазіргі прозаның айтулы жетістігі ретінде бағаланып отыр. Аталған екі шығарма да өзара ұштас, сабақтас. Алайда, екеуінің де өз даралығы, көркемдік қуаты алабөтен екені даусыз. «Парасат майданы» повесінде де сюжеттен гөрі ойдың салмағы ауыр. Емханада жатқан бас кейіпкер біреумен хат алысады. Екеуінің өмірлік ұстанымдары, көзқарастары – жалпы құндылықтар жүйесінде айтарлықтай айырмашылық бар. Бір-бірімен келіспейді, содан да олар біршама уақыт бойы хат арқылы пікір таластырып жүрді. Интеллектуалдық сайысқа түскен екі бейтаныс жан парасат майданындағы үлкен даудың қатысушылары болды. Алайда, бас кейіпкер өзіне хат жазып, күнделігін оқып жүрген бейтаныс адамның тап өзі екенін кеш білді. Ертеңіне мүлдем басқа адам – өзіне хат жазып жүрген ішкі болмысындағы екінші аса қатерлі адам боп оянудан қорқып, ақыры өзіне қол жұмсап дүниеден өтті. Шығарманың кіріспесі мен эпилогінде жазушы бейнесі анық көрінгенімен, негізгі сюжеттік желі бірінші жақтан, бас кейіпкердің аузымен баяндалады. Әйтсе де, жазушының бейнелеу объектісі – адам мен қоғам. Жеке адамның құндылықтарын ашу арқылы қоғамдық сананың бүгінгі қалпын танытқан. Автор ол мақсатына ұжымдық қатынастарға түскен кейіпкер арқылы емес, негізінен жеке-дара болмысын терең ақтару арқылы ашуға тырысқан. Бүгінгі әдебиеттің өзегінде тұлға тұрғанын осыдан да аңғаруға болатын сияқты. Көркемдік-эстетикалық, философиялық-психологиялық детальдің бәрі тұлға төңірегіне топтасады. Тұлға – оның бүтін бітімі, терең танымы; тұлға – тарих, тұлға – әлеумет, тұлға – қоғам, тұлға – табиғат байланыстары негізінде көрініс табады. «Парасат майданы» повесінде эпистолярлық жанрдың үлгілері басым. Өйткені, екіге жарылған бір адамның санасындағы қақтығыстар үдерісі, динамизмнің күші осы хаттар арқылы жүзеге асады. «...үрей қысқан сезімдер, ойлар бет-бетімен тым-тырақай қашқан аңдар секілді, менің ырқыма бағынбайды», – дейді кейіпкер [66, 19]. Әдетте, эпистолярлық мәтіндерде ой тым күрделі болмайды. Бірақ біз аталмыш туындыдағы хаттардың философиялық трактаттарға ұқсап кеткенін көреміз, күрделі ойлардың желісін қамтыған ұзын-сонар құрмалас сөйлемдерге де тап боламыз. Бұл, бір жағынан, кейіпкер болмысын ашатын белгілер болып есептеледі. Мысалы, М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші тарауында Абайды сөйлеткен кезде оның аузына қысқа да нұсқа жай сөйлемдерді салса, соңғы томда кеңінен көсілетін ойшыл Абайға тап боламыз. Яғни диалогтар мен монологтардан, абзацтар көлемінен де кейіпкер психологиясы, рухани-интеллектуалдық деңгейі көрініп тұрады.

екен. Мұны, бір жағынан, жазушының шеберлігі деп түсінгеніміз жөн. Осы секілді, Т.Әбдікұлының кейіпкері ұзақ көсіледі, алыстан орағытады. Ойы күрделі. Бір ойды екінші, екінші ойды үшінші-төртінші ой басып әкетеді. Шығармада сюжеттік, оқиғалық «ойындардан» гөрі ойдың «ойыны» көп. Ой драматизмін қисынды қолданған қаламгердің ішкі толғаныстары, бір жағынан, өзара құндылықтар қақтығысынан хабар береді. Жазушы мазмұндық бірліктерді оқырманға жеткізудің тың формасын таба білген. Жалпы, күнделіктердегі жазбалар арқылы идеяны беру көркем әдебиеттегі психологизмнің бір элементі болып саналады. Әсіресе, бұл – модернистік шығармаларда жиі кездесетін тәсіл. Эпистолярлық жанрдың бір ерекшелігі – оның субъективті пікірлерге ден қоюында. Жазушы аталмыш жанрдың осы қасиетін де шебер қолдана алған деп есептейміз. Өйткені алмасқан хаттардың өзегінде субъективті пікірлер жатыр. Асылы, оның бәрі кейіпкерлер болмысын танытып, құндылықтар жүйесін көрсететін көркемдік материалдар болып шыға келген. Хатты оқып отырып оқырман бір семантикалық шеңберден келесі бір семантикалық шеңберге ауысып кетеді. Оның өзі туындыдағы динамизм табиғатын күшейтуге қызмет етеді.

Жазушының «Парасат майданы» повесі туралы ғылыми басылымдарда да, мерзімді баспасөз беттерінде де аз жазылған жоқ. Н.Ақыш, Қ.Жанұзақова, Ж.Кішкенбаева т.б. сынды әдебиеттанушы ғалымдар аталмыш туындыны ғылыми талдау нысанына алып, көркемдік қуатын таразылады. Мысалы, жазушы-ғалым Н.Ақыш «Парасат майданы» жөнінде ғылыми тұрғыдан пікір білдіріп, оған қарсы бірнеше уәж келтіреді. Ғалымның ойынша, аталмыш повесть «әлдебір медициналық тұрғыдан болмаса, әлеуметтік-қоғамдық жағынан аса актуалды құбылыс емес» әрі қоғамдағы типтік құбылыстардың қатарына кірмейтін тосын жайттардың бірі ғана [67, 366]. Н.Ақыш «Парасат майданының» жапон жазушысы Эдогаво Рампоның «Түнек ішіндегі құбыжық», мысыр жазушысы Алайданың «Аббас әл-Абд болу үшін» және украин жазушысы Дина Рубинованың «Леонардоның қолтаңбасы» деп аталатын шығармаларымен ұштас, сабақтас екенін нақты мысалдарымен дәйектеп береді. Көркемдік-эстетикалық категориялардың өлшемі тұрғысынан алып қарағанда, повестің кемшіліктері байқалмай қоймайды. Өйткені, әдебиеттің басты заңдылықтарының бірі болып саналатын көркемдік-поэтикалық емеурінмен емес, шығармадағы шындық барынша ашық та анық философиялық тұжырымдармен танытылады. Осы қырынан қарасақ, Н.Ақыштың аталмыш туындының публицистикалық-философиялық сипаты басым деген пікірімен келіспеске болмайды. Себебі, әдебиет айнала болмыстың ақиқатын емеурінмен, көркемдік детальдармен жеткізуді мақсұт тұтады. Әйтсе де, біз «Парасат майданын» көркем әдеби туынды санатынан шығарып тастаудан аулақпыз. Мұндағы көркемдіктің биігінен көрінетін элементтер аз емес. Оның үстіне, әлемдік әдеби үдеріс аясында қарайтын болсақ, жазушының бұл ұмтылысын ақтап алуға тура келер еді.

Заманауи әдеби үрдістердің бірі ретінде әдебиеттің қоғамдағы тосын жайттарды қаузаитынын, сол арқылы болмысты танытуды көздейтінін айтуға тиіспіз. Сонымен бірге, қазіргі әдеби процестің өзіндік ерекшелігінің бірі ретінде біз көркем шығармалардың формалық тұрғыдан трансформацияға ұшырағанын және айтар ой, жеткізер идеялық концепциясын тұспалдаулардан арылып, барынша ашық айтуға тырысатынын, мұндай құбылыстың өз кезегінде қысқалыққа әкелгенін де ескеруіміз керек. Аталмыш повестің тек көркем шығарма ғана емес, «жазушының адамзат баласына айтқан ескерту-аманаты» екенін айтқан А.Кеңшілікұлының пікірі ойымызды қуаттай түседі [68, 186]. Міне, қазіргі прозаның мұндай сипаты сөз өнерін философиялық критерийлерге біршама жақындатты.

Шығармаға арқау болған кеңістік түрі мен уақыт мерзімінде белгілі бір символикалық салмақ бар. Повестің идеялық мақсатына жетуіне сеп болатын деталь болуға жарайды. Өйткені, жалпыадамдық құндылықтарды қызғыштай қорыған бас кейіпкер психологиялық паталогияға шалдыққан науқастар жататын ауруханада жанталасып жүр әрі оның «өзімен» алысқан хаттары тура қырық күнге созылады. 13 наурыздан басталған парасат майданындағы хат алысулар 22 көкекке шейін жалғасады. Әдетте, қырық санының этномәдени сипаты басым. Халық ұғымында жеті, қырық сандарының концептуалдық мәні бар. Халық даналығында жиі айтылатын «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген тәмсілдің өзі бекер айтылмаса керек. Қырық күнге қатысты халық дәстүріндегі орындалатын жоралғы-салттар туралы көп айтуға болады. Алайда, ол біздің мақсатымызға жатпайтындықтан, тек қаперге алып, аталмыш шығармадағы оның қызметі жөнінде ғана тілге тиек етіп өтуді мақсұт тұттық.

Автор модернистік дәстүр бойынша кейіпкердің жадынан сыр суыртпақтап, оның жан дүниесін қопару арқылы шығарма құрылымын қалыптастырады. Бірақ ол кейіпкерімізді біреу десек те, біреу емес десек те – шындыққа қарсы келмегеніміз. Өйткені, бір тұлғаның екі түрлі қалып-күйі, бір адамның санасында жаңғырған екі түрлі принциптер мен сенімдер жиынтығы шығармаға арқау болған. Шығармада бас-аяғы 4-5 кейіпкер ғана бар. Алайда, барлық тартыс екі «адамның» – бас кейіпкердің екі болмысында өтеді. Кейіпкердің екіге жарылуы – аса күрделі мәселе. Жалпы, кейіпкердің екіге жарылуы үрдісі қазақ әдебиетінде жоқ құбылыс дей алмаймыз. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасында – Ж.Аймауытұлының «Елес» әңгімесінде, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» мен М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімелерінде оның алғашқы нышандары көрініс тапқан. Аталған көркем туындыларда кейіпкерлер ішкі монолог арқылы өз-өзіне қарсы шығады. Сонымен бірге, алпысыншы жылдардағы «жылымық кезең» әдебиетінің ірі өкілдері – О.Бөкей, А.Сүлейменов, Ә.Кекілбаев, Ә.Тарази, М.Мағауиндердің шығармашылығында кейіпкердің іштей өзіне қарсы шығу құбылысын

кезiктiруге болады. Дегенмен, Тәуелсiздiк тұсындағы кейiпкердiң қос рухани кеңiстiктi мекендеу құбылысы терең талдауды қажет етедi. Себебi, соңғы ширек ғасырда ғана шын мәнiндегi батыстық модернистiк роман-повестердегiдей кейiпкердiң екiге жарылып, өзара таласқа түсу көрiнiстерi бар бояуымен көрiне алды. Мысалы, екi мыңыншы жылдардың айтулы жетiстiгi ретiнде аталатын М.Мағауиннiң «Жармақ» романында (2007) кейiпкердiң екi тұлғаға бөлiнуi шебер суреттелген [69]. Алайда, автор бiр адамды екi тәнге – екi адамға бөлудi құп көрсе, бiз талдап отырған Т.Әбдiқұлының «Парасат майданында» кейiпкерлердiң тәнi емес, жаны екiге бөлiнген, рухани тұрғыдан екiге жарылу құбылысы суреттеледi. Мұның бәрi адам жанының аса күрделi құбылыс екенiн, оның iшкi шиырларына әлi де болса дамыған ғылымның жете алмай жатқанын көрсетедi. Адам – күрделi болмыс. Оның сырын ашып, тереңiне бойлау үшiн қазiргi әдебиет психология ғылымындағы бейсаналылық теориясында айтылатын құбылыстарды суреттеуге ұмтылып жатқаны байқалады.

Т.Әбдiқұлының «Парасат майданы» повесiндегi бас кейiпкер мен бейтаныс кейiпкер арасындағы хаттар – құндылықтар жүйесi қақтығысының сыртқы формасы. Мұнда әдеттегi классикалық туындылардағы сюжеттiк қақтығыс кейiнгi шепке ығысып, басты рөлдi ой қақтығысы алады. Парасаттың алаңында орын алған ой-көзқарастар қақтығысы құндылықтар жүйесiнiң бейнесiн анықтауға жол ашады. Бiрiншi кейiпкер – жалпыадамдық құндылықтарды қастер тұтатын азамат. Ал «екiншi», бейтаныс кейiпкер – қалыптасқан жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың бәрiн қайта қалыптау керек деген деструктивтi ұстанымдағы адам. Бiрiншiсi – «рақымшылдық, жанашырлық, аяушылық, жақсы көрушiлiк, iзгiлiк жолындағы жанпидашылдық тағы басқа тiршiлiктiң мәнiне айналған әулие қасиеттер – осының бәрi мәңгiлiк түнекке сiңiп жоқ болады дегенге көнгiсi келмейтiн» кейiпкер [66, 9]. Ал бiр-бiрiн көрмейтiн, тек хат жазысу арқылы ғана пiкiр сайыстыратын екеудiң құндылықтар жүйесiнде айтарлықтай алшақтық бар. Өйткенi, бас кейiпкерiмiз өзiнiң бейтанысына жазған хатында «Сiздiң дүниетанымыңызда менiң жанымды, сезiмдерiмдi, қорлайтын нәрселер көп», – деп жазады [66, 23]. Ал сезiмдер, көзқарастар негiзiнен құндылықтар арқылы қалыптасады. Яғни, бiз бұл екi кейiпкердiң арасындағы шиеленiстi жағдайды құндылықтар қақтығысы ретiнде қабылдауымыз керек. Бiрақ бұл қақтығыс тек ойда, сана алаңында өтедi. «Тура бiр ғашығым секiлдi – күндiз-түнi ойынан кетпейдi» [66, 24]. Бас кейiпкерiмiз бен оның бейтаныс досы бақыт құндылығы жөнiнде көп таласады. Бақытқа жету үшiн бiрiншiсi қалыптасқан тұрақты құндылықтарға адал болу керек десе, екiншiсi оның бәрiн бұзып, қайта жасау керек деген ұстанымын ашық айтады. Ол: «Ар-аят, адамгершiлiк, әдiлет туралы түсiнiктерiмiздi қайта жасауымыз керек. ...Тек рухани шексiз бостандық қана адамзатты бақытты ете алады», – деп жазады хатында [66, 26]. Оған бiрiншi кейiпкердiң жауабы әзiр. «Адамдар

осы кезге дейін қалыптасқан адамгершілік қағидаттарын орындағаннан емес, керісінше, орындамағаннан рухани тоқырауға ұшырап отыр. Рухани ғибадатханаларды қате салғаннан емес, керісінше, қасиетті орындарды қадірлемегеннен, құндамағаннан, ластағаннан бақытсыз болып отыр», – дейді [66, 28]. «Өйткені, бостандық біреуге залалың тимейтін жерге дейін ғана бостандық, одан әрі – қиянат» [66, 29]. Осы тұста құндылықтық шекара деген ұғым пайда болады. Жалпыадамдық құндылықтардың да өз шекарашегі бар. Одан асқан кезде басқа құндылыққа көлеңкесін түсіру қаупі бар. Мысалы, жомарттықтың көбі – ысырапқа, сабырлықтың шегі – көнбістікке, бостандықтың шегі – қиянатқа, ал батырлықтың көбі зұлымдыққа т.б. ұласып кетуі мүмкін. Ал адам баласының парызы, бұзылмауға тиіс борышы – осылардың орта салмағын сақтай білу. Қоғамдағы әлеуметтік проблемалардың негізі, шығармадағы идея бойынша, «адалға да, арамға да, ізгілікке де, қиянатқа да жататын рухани қосмекенділердің көбеюінен» [66, 33]. Ол өз кезегінде рухани терроризмге жол ашуы мүмкін. Шығармада осы жалпыадамдық құндылықтардың қас жауы ретінде жалғыздық концептісі көрсетіледі. «Жалғыздық та осындай космостық қара тесік («черные дыры») секілді. Бойындағы сәуленді, күш-қуатыңды, жігеріңді, үмітіңді, сеніміңді қайтып шықпастай етіп сорып алады. Жалғыздыққа кеткен қайратыңның жүзден біріне қыруар ерлік жасауға болар еді» [66, 34]. Екі кейіпкер де жалғыз. Бірақ бір адамның бойында өмір сүреді. Екі кейіпкерді айтыстыру жазушының басты мақсаты емес. Ол тек қана айтқысы келген ойын – шығарманың идеясын беру жолындағы құрал ғана. Бірінші кейіпкерге қатысты автор Мағжан Жұмабаевтың «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деген өлең тармағын келтіреді. Өйткені, бас кейіпкер қоғамдағы әділетсіздікке, қаталдық пен надандыққа іші ашиды. Олар – саналы адамның жанын қинайтын, тыныш өмір сүруіне кедергі болатын дерттер. Сол үшін бас кейіпкер үшін өмір құндылығы аса қымбат емес. Оған ар, әділет, ұят қымбат. Аталмыш жалпыадамдық құндылықтар қадірлі болғаны үшін де ол хатқа жауап жазып, пікір таластырып жүр. Осы орайда, ол – жалпыадамдық құндылықтардың жақтаушысы ғана емес, қорушысы да. Бас кейіпкердің кей күндерде күнделік жазуды ұмытып кетем деуінің астарында психологиялық паталогия ауруының өзіндік ерекшелігі жатыр. Ол әр төртінші күнде өз болмысындағы екінші адам бейнесінде оянады. Сол үшін күнде толтырып жүрген күнделігін толтырмайды. Қайта ол күнделікті сырт көз – басқа адам болып оқиды. Физиологиялық, психологиялық ауытқышулыққа тап болған адамдардың паталогия диагнозымен ауруханаларға жатқызылатыны заңдылық та, ал енді рухани тұрғыдан кемтарлыққа, сорақы паталогияға ұшырағандар еркіндікте жүруі әдеттегі қарапайым нәрсе ретінде қабылданады. Жазушы осы туралы «адамгершілік мұратыңды сатудан артық қандай паталогия болуы мүмкін?» [66, 17] деген кейіпкердің сұрағы арқылы үлкен проблема көтеріп отыр. Дәл осы сұрақ «Парасат майданының» проблематикасы бола алады.

Шығармадағы бейсаналылықтың көріністері түс көру мотиві арқылы ашылады. Мысалы, ол алғашында өзінің теріс қарап тұрған бейтаныс құрбысын жақыннан көреді, бірақ қол соза бергенде ғана оянып кетіп, өзінің бастырылығып жатқанына көзі жетеді [66, 20-21]. Әсіресе, оның екінші рет көрген түсі шығармадағы көтерілген жалпыадамдық құндылықтардың табиғатын тереңірек түсінуге жол ашады. Ғимарат алдындағы ұзын-сонар кезекке тұрып, басқа бір адамның өз кезегін беруімен іштегі қабылдауға кіреді. Шындап қараса, кабинет сыртында өзінің аты-жөні жазылған. Ол өзінің қабылдауына кірген боп шығады. Ал сырттағы кезектің соңы көрінбейді, ол тіпті қала сыртына дейін жалғасады екен. Қабылдауға жазылған адамдардың көбі ішке кіре алмай, өз кезектерін баласының баласына қалдырып кетеді дейді [66, 48-49]. Бұл эпизодтың астарында әр адам өз ішіне терең үңіліп, құндылықтық бағдарын дұрыс тапқанда ғана бұл «кезектен» өте алады деген ой жатыр. Қоғам тұтасымен рухани ауруға шалдыққан. Оның емі сыртта емес, адамның ішкі әлемінде деген идея бар.

Тартыссыз шығарма жоқ. Шығарма бола қалса да, поэтикалық қуаты тым әлсіз, жұтаң шығарма болмақ. Ал «Парасат майданы» деп аталатын повестің өзі әлі бұл шығарманы оқымаған оқырманның өзіне өне бойында үлкен тартыс бар екенін паш етіп тұр. Тақырыбынан көріп тұрғанымыздай, шығарманы оқып болған кезде, бұл шығармада тартыс, коллизия оның сюжеттік желісінде емес, кейіпкер(лер)дің ой-санасында өтетініне көз жеткіздік. Парасат майданы деген – осы. Оның күрескер(лер)і – жеке адам. Бірақ біз оның сыртқы түр-тұрпаты мен есім-сойын біле алмаймыз. Бұл орайда әдебиеттанушы Қ.Жанұзақованың мына пікірі өзекті деп ойлаймыз. «Парасат майданы повесінде автордың алғы сөзінен қаһарманның «ақ сары жігіт» екенін жобалаймыз, бірақ нақты түр-түсін, бет-әлпетін айқын көзге елестете алмаймыз. Есесіне, кейіпкердің ішкі әлемін, адамдық табиғатын, дүниетанымын айқын танып, оны не толғандыратынын анық бағамдаймыз» [70, 394]. Яғни аталмыш туындыда бас кейіпкердің сыртқы портреті емес, ішкі портреті – жеке адамның ішкі жан дүниесі, күйініш-сүйініші, рухани-психологиялық бағдар-бағыты көрінген. Осы арқылы автор қоғамның ой-сана портретін қалыптап береді. Асылы, біз үшін де керегі – осы. Құндылықтар жүйесі көбіне-көп сыртқы түр-тұлғадан гөрі ішкі рухани дінгектерден көрінетіні жасырын емес.

Т.Әбдіктің «Парасат майданы» шығармасынан біз сонымен бірге мынадай ерекшелікті байқадық. Ол – өмір құндылығының әспеттелуі. Әрине, өмір құндылығы ашық айтылмайды. Дегенмен, қосамжарланған кейіпкерлердің пікірталастарынан біз өмірдің мәні турасындағы салмақты ізденістерге, тұщымды тұжырымдарға кезігеміз. Повестің идеясы да өмір құндылығын аспандатып жібереді. Қазіргі қоғамның мәселесін көтеру арқылы өмірдің мәнін қайта ұғындыруды көздейді. Өмір құндылығы диедалық кейіпкер болмысы арқылы ашылады. Яғни екіге жарылған адам

бейнесі арқылы адам өмірінің құпия қалтарыстарына барлау жасауға ұмтылыс жасалған.

Ә.Нұрпейісов те, Т.Әбдікұлы да – ойдан динамизм жасай алатын жазушылар. Ал динамикадан коллизия туындайды. Қақтығыс құндылықтардың шынайы қалпын ашып берсе, құндылықтар жүйесі кейіпкер болмысын бүтіндейтін басты критерийлер болып саналады. Кейіпкердің жан-дүниесін ашу үшін жазушы тұлғаның екіге бөлінуі деген мәселені көтерген. Шындығында, идеяның салмағы бас кейіпкердің психологиялық, медициналық патологияға шалдығуынан емес, мына қоғамның, адамдардың – бәріміздің рухани екіге жарылуымызда, қоғамның жаппай екіжүзділікке бой алдыруында немесе бәріміздің жаппай рухани-этикалық тұрғыдан жұтануымызда екенін әшкерелеу арқылы аңғарылады. Бұл тұрғыдан келгенде, жазушының аталмыш повесі біз жоғарыда талдау нысанына алған Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романымен үндеседі. «Соңғы парызда» әлеуметтік тойымсыздықтың, қоғамдағы керағарлықтар мен зиянды дағдылардың бәрінің кесірін адамдардың билікке деген жағымпаздығынан, советтік идеологияның қалыптастырып берген бұлыңғыр идеалдарынан көрсе, «Парасат майданында» адамның жеке «менінің» кесірі деген идея бар. Адамзаттың үлкен қасіреттерге ұшырауының бірден-бір себебі өзімшілдік ауруын жеңе алмай, өз «Менін» ауыздықтай алмауында деп түсіндіргісі келеді. Ол тіпті ақыл-санасы жоқ жануарлардың бойында бар екенін жазушы ғылыми негізде нанымды жеткізе білген. Жалпыадамдық құндылықтардан алыстау күллі қоғамды қор қылатын, күнін қараң ететін кесірлерге әкеп соғады. Әдетте, медициналық ауруға шалдыққандарды лезде емдейміз. Ал рухани ауруға шалдыққан тұтас қоғамды емдеу жайы ешкімнің ойына да кіріп шықпайды. Себебі, қоғам жаппай материалдық, физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру жолына түсіп кеткен. Қарақан басының қамын, өзінің құлқын күйттеп кеткен адам баласы тек қана материалдық комфортқа ойысып кетті де, руханияттың биік құндылықтарын ұмытты. Соның салдарынан сана экологиясы үлкен жұтандыққа тап болды. Ал рухани-этикалық паталогия қоғам қатты қорқатын медициналық паталогиядан мың есе қауіпті. Ал сана экологиясын тазартатын, рухани жұтандықпен күресетін ордалар мен тұлғалар бұған бел шешіп, ден қоймайтын секілді. Құндылықтар теориясы туралы жазылған еңбектерде қоғамдағы құндылықтарды әлеуметтік топтардың ішіндегі ең жоғарысы – зиялылар жасайды делінеді. Бірақ повесте біз зиялы деп танитын адамдардың да кейде бізге белгісіз жақтары, адам ойына келмейтін кесірлі қылықтары болатыны айтылады. Повесте құндылықтарды халық санасына орнықтырып, оның күшеюіне сеп болатын интеллектуалдардың өзі бүгінде рухани паталогияның ауылынан алыс емес деген астар бар. Сондықтан да, «арсыздық әлеміне сұраныс мол». «Шайтанға арын сатқан Фауст секілді өмірдің пендешіл қағидасына арын сатқан миллиондаған жандардың

біріміз» бәріміз [66, 62]. Әлем үлкен рухани патологияға ұрынған. Ал оны түсінген, соған аз да болса қарсылық танытқан адам ауруханада жатыр. Ол да өз ауруының ғылыми ақиқатын анық білгеннен кейін өз-өзін құрбандыққа шалуға бел буады. Күнделік-шығарманың қорытындысы М.Мақатаевтың мына өлең жолдарымен жасалады.

«Бүкіл дүние жамандықтарын
Артыңдар маған, көтерем!
Қарызым болсын өтеген,
Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсе,
Бүгін-ақ өліп кетер ем».

Әлемнің барлық жауыздығын, надандығын өзімен бірге алып кеткісі келетін романтикалық кейіпкердің бейнесін көреміз. Бірақ қалыптасқан жалпыадамдық құндылықтардың жоқшысы, өмірлік ұстанымдары осы биік адами мұраттарға негізделген азаматтың бүгінде қайда екені автор үшін де белгісіз. Өмірден тек ізгілік іздейтін адамның қайда екені оқырман үшін бұлыңғыр. Бұл да жазушының көркемдік шешімі, шеберлігі. «Парасат майданының» көркемдік идеясы айқын – өз өміріңді құрбан етсең де, жамандыққа жол берме, бойыңдағы зұлымдықты оятпа» [70, 396]. Шынында да, повестің идеясы жөнінде көп жазуға болатын сияқты. Бұрынғыдай қару-жарақтың соғысы емес, қазір алапат ақыл-парасат майданы жүріп жатыр. Ол суық қарумен болатын қиян-кескі шайқастарға қарағанда ауыр да азапты болуы мүмкін. Бұл соғыста ізгілік жеңіске жетпесе, күллі адам баласы күйреуге ұшырайды деген идея жатыр. Шығармада айрықша сөз етілетін бақыт, бостандық, сенім, әділет сынды жалпыадамдық құндылықтар, жазушы концепциясы бойынша, адам өз ішіне үңіліп, нәпсісін тазартып, адамгершілік мұраттарын орындағанда ғана үстем бола алады. Әлемдегі түйткілді мәселелердің шешімін сырттан емес, ең әуелі өз болмыс-бітімінен іздеп, рухани дерттерін қатал соттай білгенде ғана парасат майданындағы, ақыл-ой алаңындағы аласапыран арпалыс адамзаттың болашағы үшін шешіледі. Ерлік құндылығының мәні де сол, өзгеге қатыгездік таныту емес, өзіңнің нәпсіңді жеңуің шынайы ерліктің үлгісі бола алады деген үлкен идея арқалап тұр.

«Тәуелсіздік жылдар әдебиетінде адамның трагедиялық ахуалы, жалғыздық сарыны, рухани құлдырауы, тұйыққа тірелген адамның тағдыры сынды сарындар айрықша орын алады», – дейді әдебиеттанушы Қ.Жанұзақова [70, 399]. Бұл пікірді мәдениеттанушылар да растайды. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің басты даму арналары мен қайшылықтары туралы зерттеулер жазған Б.Сатершинов «нарықтық қатынастарға көшудің салдарынан ескі және жаңа құндылықтардың қақтығысы барысында ішкі бағдардың жоғалуы, дүниетанымдық вакуумның пайда болуы» мәселесін атап өтеді [36, 5]. Әр қоғамдық жүйенің өз үстем құндылықтары болатыны түсінікті. Осы орайда, Тәуелсіздігін алып, социалистік жүйеден нарықтық қоғамға қадам басқан қазақ қоғамында рухани дүниетанымдық вакуумның

пайда болуы заңды құбылыс. Соңғы ширек ғасырда Қазақстан қоғамында, бір жағынан, нарық жүйесінің басты капиталы – қаржылық-материалдық құндылықтар алға шықса, екінші жағынан, қазақ ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарының қайта сарапқа салынуы сынды құбылыстар басымдыққа ие болды. Ал қоғамдық сана аз уақытта қайта жаңғырып, рухани құндылықтар әп-сәтте реконструкциялық сатыдан өтіп кете алмайды. Міне, «Парасат майданы» повесінде осындай өліара кезеңнің адамдарының психологиясы, құндылықтар жүйесі көркемдік шындық тұрғысынан сарапталады. Жетпіс жыл бойы үстемдік еткен советтік құндылықтар жүйесінің орнына тәуелсіздік тұсында оған көбіне кереғар келетін жалпыадамдық құндылықтардың келуі, сөйтіп ұлттық және материалдық құндылықтардың доминантты сипатқа ие болуы Б.Сатершинов тілге тиек еткен дүниетанымдық вакуумның пайда болуына түрткі болды деп ойлаймыз. Қоғамдық формациялар ауысып, жаңа көзқарастар жүйесі орнығып жатқан кезде пессимистік сарындардың басым түсіп, әдебиет пен өнерде трагедиялық әрі екіұшты сенімдер мен ұстанымдарға ие қаһармандардың көбейетіні жасырын емес. Тұлғаның екіге жарылуы, өз-өзін іштей жегідей жеуі, өзінің қалыптасқан құндылықтарына қарсы шығуы сынды көркем әдеби шығармаларда жиі кезігетін элементтердің тәуелсіздік тұсындағы прозада етек алуы ойымызды қуаттай түседі. Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» повесінен біз көркемдік-эстетикалық туындылардан табылуға тиісті барлық поэтикалық детальдарды кезіктіре алмаймыз. Десе де, жазушының артықшылығы оның қазақ әдебиетінде әлі де терең ашыла бермеген, әлі де көп кезіге бермейтін тың дүниені жазуында. Шығарманың құнын асырып, салмағын арттырып тұрған – оның философиялық мән арқалаған құндылықтарға деген көзқарастар жиынтығы дер едік. Әйтсе де, осы арқылы шығарма адам жанын қозғайды, эстетикалық әсер сыйлайды. Жазушы-ғалым С.Асылбекұлының: «...көркем әдебиет шығармасының, жалғыз көркем әдебиет емес-ау, күллі көркем өнердің ең басты парызы – осы, адамның, ұлттың, қала берді бүкіл адамзаттың адамгершілік саулығын шыңдай беру, оның табиғатын жақсартқан үстіне жақсарту, оның ақылы мен ойының, жан сезімінің тазалығын, мөлдірлігін жан сала қорғау. Мұндай биік, асқақ миссия адамның саналы қызметінің жүздеген, мыңдаған институттарының ішінде тек көркем әдебиетке бұйырған» [26, 48] деген пікірі осы орайда қисынды айтылған деп есептейміз. Эстетиканың осы қызметі тұрғысынан алғанда, жазушының мақсаты орындалған деп санаймыз.

Түптеп келгенде, шығарманың идеялық концепциясы тәуелсіздік құндылығын танытуға қызмет етеді. Бұл – қазіргі қазақ прозасына тән құбылыс. «Әдеби таным тұрғысынан келсек, қазақ романы танымдық, тағылымдық сипаттарымен қатар, адам баласының еркіндікке ұмтылған ұлы мұратын күні кешегі тоталитарлық тәртіп тұсындағыдай емес, көркем дүниедегі ұлттың жетекші де рухани идеологиясына айналдырып,

тәуелсіздік сынды ұлы ұстанымды жетекші идеологияға жеткізді деуге толық негіз бар. Сөйтіп, қазақ романдарында ұлттық мұрат, елдік сана бірінші қатарға шықты» деген пікірдің жаны бар деп есептейміз [71, 226].

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ прозасында біз шартты түрде тәуелсіздік құндылықтары деп атаған жалпыадамдық құндылықтар көркемдік үрдістердің нысанына айналып отырғанын айтуға тиіспіз. Құндылықтар жүйесінің өзгеруіне ірі тарихи-қоғамдық оқиғалар ықпал етеді. Бұл өз кезегінде аксиологиялық приоритет туғызады. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде ұлттық құндылықтарды түгендеу, қазақтың мәдени-рухани бірегейлігін іздеу процесі басталды әрі бұрынғы тарихи кезеңге қайта баға беру үрдісі жүріп жатыр. Жалпыадамдық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды бөле-жара қараудың қажеті жоқ. Өйткені ұлттық құндылықтар дегеніміздің өзі халықтың болмысты игеру тәжірибесі негізінде қалыптанған жалпыадамдық құндылықтардың өзіндік ерекшелігі деп есептейміз. Соңғы ширек ғасырда еліміз өзінің төл мәдени тұғырына қайта қонып, үлкен тарихи кезеңді бастан өткеріп отырғандықтан, сөз өнерінде үстем болып отырған құндылықтарды тәуелсіздік құндылықтары деп атадық. Бұл олардың жалпыадамдық құндылықтарға қатысы жоқ дегенді білдірмейді.

Көркем шығармада жалпыадамдық құндылықтардың көріну арналары әркелкі. Біздің ойымызша, олар ең алдымен көркем шығарманың мазмұндық бірліктерінен – тақырыбы мен идеясынан, идеялық концепциясынан көрініс табады. Екіншіден, кейіпкерлердің образынан, олардың дүниетанымы мен сезімдік кешулерінен және әрекеттерінен танылады. Сонымен бірге символдық, концептік бірліктерден, шығармадағы көркемдік детальдардан құндылықтар жүйесінің шынайы бейнесі көрінеді деп есептейміз.

Көркем шығармаларда жалпыадамдық құндылықтар бинарлық оппозиция құрайды әрі мынадай қайшылықтарда көрініс табады. Бірінші, қалыптасқан концептуалдық негіздегі жалпыадамдық құндылықтардың өзара қайшы келуі. Қанағат – тойымсыздық, әділет – қиянат, жақсылық – жамандық, мейірім – қатыгездік т.б. Екінші, кейіпкерлер арасындағы бинарлық оппозициядан. Мысалы, «Соңғы парыз» романындағы Жәдігер – Бәкизат, Жәдігер – анасы, Жәдігер – Өзім, Жәдігер – балықшылар, Жәдігер – Сары Шая, Көткеншек Көшен, шофер бала, Жәдігер – заман сиқы контекстіндегі қайшылықтарды атауға болады. Жәдігер, Бәкизат, Өзім ұштағанынан, түптеп келгенде, мына әлемнің жұтаңдануы ең алдымен отбасылық құндылықтардың дағдарысқа ұшырауынан туындайды деген идеяны аңғару қиын емес. Кейіпкерлердің табиғатқа деген қатынасы Адам – Табиғат контекстінде танылады. Үшіншіден, жалпыадамдық құндылықтардың өзара қайшы келуі. Мысалы, романда еңбек құндылығы көбінесе отбасы құндылықтарына қарсы қойылады. Жәдігердің колхоздың жоспары деп жүріп жан аямай еңбек етуі оның отбасылық

құндылықтарының әлсіреуіне түрткі болды. Оның аяғы трагедиялық шешіммен тынғаны белгілі. Сондай-ақ, еңбек құндылығы табиғатты қорғау, аялау дейтін жалпыадамдық құндылыққа қарсы қойылады. Балықшылар еңбек ете жүріп туған жердің табиғатына өлшеусіз зардап әкеліп жатқанын білмейді, яки білсе де, советтік идеологиядан әрі аса алмайды. Бұдан шығатыны, құндылықтық шекара бұзылғанда олардың арасында қарсылық туындайды. Жомарттық – ысырапқа, сабырлық – көнбістікке, бостандық – қиянатқа, ал батырлық зұлымдыққа ұласып кетуі мүмкін.

Қазіргі әдеби шығармашылықтың өзегінде тұлға тұр. Бұл өз кезегінде индивидуалдық құндылықтардың үстем болуына түрткі болды. Дәстүрлі әдебиеттегі көркем туындыларда кейіпкерлердің құндылықтары ұжымдық қатынастар аясында танылатын болса, бүгінде оның мәні өзгерді; кейіпкердің рухани-адамгершілік мұраттары, құндылықтық бағдары, күйініш-сүйініші негізінен өзінің ішкі толғаныстарын ақтарумен, логикаға сыя бермейтін иррационалдық құбылыстарға иек артумен өлшенетін болды. Аталған көркемдік құбылыс әдебиетте жанрлық, формалық ерекшеліктерді туғызды. Ендігі ретте эстетикалық детальдің дені тұлға төңірегіне топтасып, адамның болмысы тұлға мен оның жан дүниесі, тұлға мен тарихи кезең, тұлға мен әлеуметтік ситуация, тұлға мен табиғат байланыстары негізінде ашылатын болды. Объективті шындықтан гөрі субъективті шындыққа көбірек мән артылуы, айнала болмыстағы шындықтан гөрі тұлғаның ішкі ой толғаныстары мен сезімдік арпалыстарына баса мән берілуі әдеби-поэтикалық тұрғыдан сюжеттің рөлін мейлінше төмендетіп, шығармадағы кейіпкерлер санының азаюына түрткі болды. Бұл объективті шындықтың бұлдыр боп қалады дегенді білдірмейді, қайта жекелеген кейіпкерлердің санасында, жан-дүниесінде орын алған сезімдер мен ойлар аласапыраны арқылы қоғамның бейнесі мейлінше шынайы ашылады. Мысалы, «Соңғы парыз» романында негізінен Жәдігер, Бәкизат, Әзім бейнелері арқылы, «Парасат майданында» екіге жарылған бір адамның бастан кешкендері арқылы тұтас дәуірдің бет-бейнесі ашылады. Қаламгерлер қоғамдық жүйедегі һәм табиғаттағы теңгерімнің бұзылуына жекелеген адамдардың теріс мінездері кесір болғанын әртүрлі әдеби-көркемдік тәсілдер арқылы ашып береді. Бұл орайда әсіресе түс көру, ішкі монолог, мифтік сарындардың рөлі үлкен. Әдебиеттегі аталмыш поэтикалық-көркемдік мәнер-машық өз дәуірінің аса өзекті проблематикасын жеріне жеткізе көрсету үшін, сондай-ақ кейіпкер-адам-адамзат болмысының қарама-қайшылығын, оның жан дүниесі мен санасындағы ағыстардың шиеленісін тереңірек таныту үшін қолданылады. Бұл да белгілі бір деңгейде шығармадағы динамизмнің күшеюіне, қастығыстар астарының тереңдеуіне, сол арқылы шығарманың көркемдік қуатының артып, кейіпкер болмысының, құндылықтық бағдарының айқындалуына қызмет етеді.

Қазіргі прозада тәуелсіздік құндылығын сақтаудың ең маңызды алғышарты ретінде моральдық-этикалық құндылықтарды қайта жаңғырту мәселесі көтеріледі. Ұлттың өзіне тән қалыптасқан этикалық жүйесіне оралу мәселесі қай шығармада да терең қозғалады. Біздің ойымызша, жоғарыда талданған екі туындыда ең басты құндылық тәуелсіздік құндылығы деп санаймыз. Ол ашық айтылмағанмен, көтеріліп отырған проблематикасы ел егемендігін сақтаудың, оны нығайтудың алғышарты ретінде аталады. «Соңғы парызда» өткен тарихи кезеңге тәуелсіздік көзімен қайта баға берілсе, «Парасат майданында» тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ қоғамының шынайы бет-бейнесі ашылады. Екі шығармада да тәуелсіздік құндылығының аксиологиялық өрісі ретінде қанағат, әділдік, ар-ұят, мейірім, құрмет құндылықтары көрініс табады. Мысалы, XX ғасыр басында өмір сүрген Алаш арыстарының шығармаларында елдікті сақтаудың алғышарты ретінде білім құндылығы аталса, қазіргі прозада татулық, қанағат, әділдік құндылықтары тәуелсіздіктің нығаюына жол ашатын, сақтап қалатын құндылықтары ретінде көркем шығармаларға арқау болып отыр.

2.2. Жаңа дәуір әдебиетіндегі құндылықтар жүйесі

Қазақ прозасының беталысын бағамдап, бүгінгі даму белестеріне көз жүгірткен кезде біз, ең алдымен, ұлы әңгіме – роман жанрының бүгінгі қалып-күйіне назар аударатынымыз белгілі. Өйткені, роман жанры арқылы ғана өмірдің қат-қабат иірімдерін тұтастай танып, кең диапозонда көруге мүмкіндік бар. Бұл, бір жағынан, тек әдеби көркем мәтіндердегі ғана емес, сонымен бірге қазіргі қазақ қоғамының, бүгінгі тұрмыс-тынысымыздың өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтар жүйесін танытатын Темірқазық деп қарағанымыз дұрыс. Себебі, әдебиет – өмірдің өнердегі сәулесі. «...тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін» [51, 327] романдардың құндылықтар жүйесін, жалпыадамдық құндылықтардың көріну ерекшеліктерін ашып беруге жасар себі аз емес. Ол өмірдің қат-қабат шиеленістерін көрсете отырып адамдар арасындағы, қоғам алдындағы, ұлтқа тән басты-басты құндылықтарды да тайға таңба басқандай айқындап береді. Тәуелсіздік тұсында жарық көрген романдардың – «сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тіршілік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын эпикалық шығармалардың» [72, 285] көтерген тақырыптары, қаузаған мәселелері, кейіпкерлер жүйесі мен тілдік ерекшеліктері біркелкі емес. Қазіргі қазақ әдебиеті өзінің көп бағыттылығымен, танымдық-идеялық бет-бейнесінің барынша бір-біріне ұқсамайтындығымен ерекшеленеді: алуан түрлі стильдік-машықтық эксперименттер жасалып жатыр. Дәстүрлі әдеби әдіс-тәсілдермен бірге бүгінгі сөз өнеріне жаңаға ұмтылу, тыңнан түрен салу, батыстық үлгінің жақсысын алып қана қоймай, оны қазақы қалыпқа салу сынды үрдістер тән.

Соның бір арнасы ретінде біз қазіргі қазақ әдебиетіндегі төл құндылықтардың қайта сарапқа салынып, жаңаша әрі объективті баға беру үдерісінің жүріп жатқанын айта кеткеніміз жөн. Бұл, әрі-беріден соң, қазіргі қазақ прозасының ең басты арналарының бірі болып отыр. «Аккультурациялық «өз» бен «өзге», «жақын» мен «жат» проблемасы отаршылдықтың қиянат-қарағын көрген, шеккен елдердің рухани тіршіліктің тынысында ең өзекті де өткір мәселе саналады. Және, қаласын-қаламасын, өміршендігі мықты жұрттарда әлгідей процестің аяғы олардың өзін-өзі тануына (азаматтық тарих), өзін-өзі бағалай бастауына (этностық намыс, этностық тіл, этностық мәдениет, этностық салт-сана т.с.с.), өзінің дербестік даралығына ұмтылуына (егемендік, тәуелсіздік, мемлекеттілік) апарады [46, 22]. Қазіргі қазақ әдебиетінің құндылықтарды жаңғыртуға не болмаса қайта баға беру үстінде екенін ескермей кетуге болмайды. Қай жанрда жазылса да, қандай да бір тақырыпты қаузап, идеялық шешім шығарса да, сайып келгенде, қаламгерлеріміздің түпкі мақсұты қазақтың дәстүрлі құндылықтарын қайта жаңғыртуға не болмаса оған қайта баға

беруге деген ұмтылысына барып тіреледі. Ұлттық құндылықтарды, сол арқылы жалпыадамдық құндылықтарды көрсету, барынша жаңғырту идеясы, әсіресе, тарихи жанрдағы көркем шығармаларға тиесілі болып келеді. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап ерекше қарқын алған тарихи роман, повестер жазу үрдісі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдарда тіпті де үдей түсті деуге болады. Егемендікке қол жеткізген елдердің алғашқы ширек не жарты ғасырлық өмірі өзінің түпкі болмысын тануға, жоғалтқанын түгендеп, барын бағалай білуге арналады деп есептесек, гуманитарлық ғылымдардың – философия, мәдениеттану, тарих, әлеуметтану, психология, педагогика, эстетика, әдебиеттану, лингвистика т.б. ғылымдарының бұл жолда атқарар қызметі орасан. Әсіресе, ұлттың психологиясының барынша терең көрініс тауып, оның тілінің бар ажары танылатын, ойлау жүйесінің өзіндік ерекшелігі аңғарылып, ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие тағылымдары мен сұлулыққа деген көзқарастар жүйесі тайға таңба басқандай қағазға түсетін әдебиетінің, сөз өнерінің орны ерек екені жасырын емес. Бұл тұрғыдан алғанда әдебиет жоғарыда аталған кейбір ғылым салаларына азық боларлық бай да қатпарлы дүниелерді өз бойында сақтайды. «Қазақ тарихи романдарынан ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптың небір тұрлаулыларын кездестіреміз. Қазақтың салт-сана, әдет-ғұрпы – атадан балаға қалған асыл мұрасы, бүгінгі соның жетілген формасы. Олардан бүгінгі ұрпақ өткен дәуірлердің қоғамдық құрылысын, тұрмыстық-моральдық нормаларын, экзотика, этнографиясын танып білуге, үйренуге мүмкіндік табады» [73, 10] деген Т.Сыдықовтың пікірі ойымызды қуаттай түседі. Осы жайтты ескерер болсақ, әдебиеттің құндылықтар жүйесін нысанаға алып, ұлттық болмысты тануға, танытуға деген функциясының бұлайша өрбуін заңдылық деп қабылдаған жөн. Бұл ойымызды мәдениеттанушылардың пікірлері де қуаттай түседі. Мәдениеттанушы-ғалым Б.Сатершинов: «Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталады», – дейді [36, 3]. Осы орайда, қазақ қаламгерлерінің тарихи шындықтың шынайы бейнесін прозалық шығармалары арқылы көркем тілмен кестелеп, халықтың жадында сақталған ірі оқиғаларға бүгінгі күн биігінен баға беруге ұмтылысы айқын аңғарылады. Қазақ тарихының айтулы беттері, әсіресе, ұлт жадында өшпестей боп сақталып қалған ауыр да азапты кезеңдер қаламгерлер шығармашылығына арқау болып отыр. Зұлматты жылдардың ізі егемендік тұсында А.Мекебаевтың «Қазына сыры», З.Жәкеновтің «Зұлмат», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Н.Ақыштың «Рақымсыз көктем», Т.Сәукетаевтың «Құзғын тойған қыс», Н.Қапалбекұлының «Жерошақтың түтіні» т.б. роман-повестерінде көрініс тапты. Өткен ғасырдың айтулы оқиғаларын негізгі тақырып арқауы етіп алған авторлар аталмыш туындыларында тарихи-саяси құбылыстардың тоқсаныншы жылдарға

дейін ашық айтыла бермеген ақиқатын сенімді деректермен ұштастыра отырып суреттейді. «Тәуелсіздік рухының әсерімен өмірге келген романдардың бір тобының көркемдік мақсаты – қазақ халқының басынан өткізген отаршылдық зардаптарын шындық тұғырына иек арта отырып жеткізу», – деген болатын әдбиеттанушы-ғалым Н.Ақыш [67, 119]. Жабық тақырыптардың санатында болған ұлттық тақырыптың бірі – ұлт азаттық көтерілісі. 1916 жылы қазақ даласының әр-әр жерінде патша өкіметіне қарсы көтерілген толқулардың болғаны рас. Олар белгілі бір деңгейде әртүрлі жанрдағы әдеби-көркем шығармаларға азық болғаны да жасырын емес. Осылардың ішінде Жетісу жеріндегі Қарқара көтерілісінің орны ерек. Қазақ даласының барлық аймағын қамтыған халықтық толқулардың ішінде Торғай мен Жетісу өңірлеріндегі көтерілістердің әдебиетте көбірек көрініс тапқанын ғалым Г.Орда өзінің зерттеулерінде атап өтеді [74, 30]. Өткен ғасырдың басында болған дүмпудің жай-күйі бізге негізінен сөз өнерінің поэзия жанры арқылы жетті. Халық арасына кеңінен тарап кеткен өлең-жырлар мен дастандар соның айғағы. Ал проза жанрында Албан көтерілісі жөнінде қалам тербеген қаламгерлер некен-саяқ. М.Әуезовтің «Қилы заман» повесі осы тақырыпты шебер таныта алуымен бағалы. Дегенмен, егемендік тұсына дейін жазылған шығармалардың идеологиялық електен өткізіліп, бар болмысы толық ашыла алмағанын ескеруіміз керек. Осы орайда, Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романы аталған олқылықтың орнын толтырып, жүз жыл толып отырған ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу өңіріндегі бар бояуын нанымды көрсете алуымен құнды. 1916–1991 жылдар арасындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында болып өткен оқиғалар баяндалады десек те, шығармадағы сюжеттер желісінің дені халықтың Қарқара жәрмеңкесіндегі патша әміріне жасаған қарсылығы мен оның салдарын суреттеуге арналады. Роман екі – «Дейін» және «Кейін» деген бөлімдерден тұрады. Шәйі, Тазабек, Қалиша, Жүзік, Табай, Қапез, Жомарт, Кобзев т.б. сынды негізгі кейіпкерлер төңірегінде өрбитін оқиғалар желісі сол дәуірдің қалпы мен салтын тануға жол ашады. Сондай-ақ, қазақ ұлтының өзгеге ұқсамайтын қайталанбас қасиеттерімен бірге, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар жүйесі жөнінде де жорамалдар жасап, ой қорытуға мүмкіндік береді. Кесек туындының бойында жалпыадамдық құндылықтардың көрініс табуы табиғи заңдылық. Сондықтан, біз Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романындағы мәңгілік мұраттарды талдау нысанына алып, шығарманы оқу барысында ең жиі кез болған мынадай жалпыадамдық құндылықтарға тоқталуды жөн деп санадық: сенім, уәде, өмір, ұрпақ өрбіту, Отан, мейірім, достық, құрмет. Бұдан романда жалпы адами құндылықтардың басқа түрлері кезікпейді деген тұжырым шықпаса керек.

Профессор Г.Орда өзінің «Ұлт-азаттық көтерілісінің әдебиеттегі көркемдік сипаты» атты мақаласында жаппай орын алған дүмпулердің негізгі себебін былайша түсіндіреді: «Патшаның бұған дейін қол астындағы

халықтардың жері, тілі, дініне тиіспейміз деген уәдесінің бұзылуы, майданға адам алмаймыз деген уәдесінде тұрмауы – «Уәде – Тәңір сөзі», «Хан қарашасымен» деп түсінетін халық үшін кешірілмес күнә болды. Сондықтан, Орта Азия халықтары бір мезгілде көтеріліп, жаппай атқа қонды» [74, 25]. Яғни екі сөйлеген ерді өлдіге санайтын халық сол ерлердің басын ұйыстыратын патшаның екі сөйлеуін тіпті ақылына сыйғыза алмады. Романда сенім мен уәде ұғымдары параллель жүріп отырады. Өйткені, уәденің орындалмауы жұрттың жүрегінде берік орныққан сенім құндылығының жоғалуына себеп болды. «Әділ деп сенген ақ патшасының алақол шыққанына» күйінген жұрт майданға адам алуға қарсы шығып, намысы үшін өліспей беріспеуге бел буды. Автор кейіпкерлер аузына мынадай сөз салады: «Уәде – Құдайдың үйі. Өз уәдесін сыйламаған патшаны біз де сыйламаймыз... Бізді аяйтын патша жоқ болса, патшаға жалтақтайтын албан да жоқ» [75, 14]. Сондай-ақ, жиылған топ алдында сөз бастаған Өмірәлінің: «Шындық», «әділдік» дегенді алдымен солар айтады, бірақ түптің түбінде «шындық» дегені шырмау, «әділдік» дегені арбау боп шығады», – деген сөзі патша әмірінің ел ішіне әсерін көрсетеді [75, 15]. Кейіпкерлердің сенімі екі жақты – үкіметке және қарапайым жақындарына деген сенімі боп көрініс табады. Патша үкіметі әскерлерінің жазықсыз жұртты есепсіз қыруы көңілдегі сенім дейтін қасиетті құндылықты ысырып шығарды. Алайда, совет әскерінің Қытай ауған халықты туған жерге қайтарып, кешегі зұлымдық көрсеткен патша әскерінің атаманын көздерінше атып тастауы және кедейге жақ болып, қамқорлық көрсетуі шайлығып қалған ағайын жүрегіне там-тұмдап сенім ұялата бастады. Сондықтан, сенім артқан жаңа үкіметінің гүлденуі үшін әркім шама-шарқынша үлес қосты. Тіпті Тазабек колхозда жауапты қызмет атқарды. Алайда, шығарманың басынан аяғына дейін сенім құндылығы өзінің шынайы биігіне көтеріле алмайды. Ашаршылықта да, соғыс жылдарында да кейіпкерлердің сенімі нық орныға қоймады. Қайта Желтоқсан көтерілісіне қатысқан Кәусеннің өз әжесінің азапты тағдырын қайталап, совет әскерлерінің қорлығын көріп өлуі Шәйінің жүрегіндегі ондаған жылдар бойы біртіндеп қалыптасып келген сенім құндылығын біржолата жойып жіберді. Автор тарихтағы совет үкіметінің қазаққа әзірлеген өтіріктерін тізбектей келе, бас кейіпкерге мынадай ой салады: «Өтірікке сеніп келген жастар: «Неге бұйттің?» – деп таңданып еді, оларды жаппай жазалады. Енді елден сенім кетті. Сенім кеткен жерден бәрі кетеді» [76, 137].

Кейіпкерлер арасындағы сенім, әсіресе, ерлі-зайыпты Тазабек пен Шәйінің бойынан айрықша көрінеді. Тазабектің бет бұрып кетпей, қайта қамқорлық танытып, сенім артуына кейде өз жары да күдікпен қарайды. Бұл да шығармадағы құндылықтар жүйесінің салмағын арттыра түседі. «Қаншама сенейін десе де түбегейлі сендірмейтін бір түйткіл Шәйіні үнемі шырмайды да жүреді: орыстың қорлағаны анау, қалмақтың зорлағаны анау,

бәрін біле тұрып бір кейістік айтпайды; шыны ма, шыдамдылығы ма?» [76, 97]. Біріншіден, автор оның себебін Тазабектің қайын атасына берген уәдесінен таймай, сертіне адалдығы деген емеурінмен білдіреді. Екіншіден, Тазабек ер боп қорғай алмағаны үшін өзін кінәлайды. Үшіншіден, тұтас қазақ халқы Шәйінің тағдырын кешіп жүр. Шәйі бейнесі – қазақ ұлтының бейнесі. Қорлайтындар көп, қорғаныш болары жоқ. «Зорланған қатын, қорланған қарындас тұрмақ, бүкіл халық қорған таппай қырылып, қор болып жатқан жоқ па? Қырылып жатқандарға қарағанда, тірінің өмірі тәубә емес пе!?» – деп ойлайды ол [75, 52]. Тіпті, өз әйелінің абыройын таптап кеткен екі орыстан кек алам деген ойынан айныды. Өйткені, өмір қымбат. «Кек бәрібір өткеннің олқылығын толтыра алмайды. Қайта одан бетер қаусатып кетуі мүмкін» [75, 63]. Яғни өмір атты құндылық үшін ол бүкіл ыза-кегін кешуге әзір.

Өмірдің қымбаттығы, өмір құндылығы шығарма басынан-ақ тілге тиек етіледі. Қарқара жәрмеңкесін шабуға бет алған халыққа Жақыпбердінің: «Бәріміз бүгін намыс үшін біріктік, сол үшін атқа қондық. Біріккендіктен, біз күштіміз. Жәрмеңкеде мылтық көп, бізде аз. Сондықтан, елді қорғайтын адам алдымен өзін қорғасын», – деуі адам өмірінің құндылығын танытып тұр [75, 21]. Өмір сүру, өмірін жалғастыру бірді-екілі адам үшін ғана емес, тұтас бір халық үшін алғы планға шығады. Жазушы оны былайша жеткізеді: «Жайсыз, күйсіз жұрт жалаңаш ағаштай жұтаған. Аштан қырылғанша жыбырлай тұратын көбі аз күннің ғана адамы. Бұларға не қытайдың, не орыстың жаны ашымайды. Бұралқы иттен бетер бейнет тартқан халық. Иесі де жоқ, елі мен жері де жоқ. Жанашыры да жоқ. Не көкке ұшып кете алмайды, не жерге кіріп кете алмайды. Ешкімге керексіз» [75, 47]. Өмір мен өлімнің арасында күн кешкен халықтың «ақтаң-кестеңі шықса да, аман-есендігіне тәубә деген», «тірі қалған соң, тіршілігін жасауға» [75, 60] бекінген. Романда өмір өлімге қайшы ұғым ретінде келеді де, ұрпақ өрбіту құндылығымен ұштастырыла, сабақтас ұғым ретінде суреттеледі. Мысалы, Тілеулі өлім аузында жатса да, Қытайға аууға бекінеді. «Мен үшін емес, ана үш күшігімді аман сақтау үшін қашамыз. Мен үшін олардың өмірін қауіп-қатерге байлағанша, солар үшін мені құрбан етіңдер» [75, 29]. XX ғасыр басындағы қазақ үшін өмір бәрінен құнды десек те, ұрпағы үшін оны да қиюға бар. Өйткені, өз «өмірін» жалғастыратын – ұрпағы. Бұл ойымызды зерттеуші Г.Әбдіғалиеваның пікірі қуаттай түседі: «Жизнь – является самой главной ценностью человека. В понимании казахов, человек должен проживать жизнь полноценно и осмысленно, ценить каждый ее день, постоянно стремиться к совершенствованию. Только сам человек через свою деятельность способен придать смысл своей жизни. Человек приходит в этот мир только раз и ему отпущена только одна возможность, он сам в ответе за свою жизнь» [77, 204].

Шығармада Қалиша отбасылық құндылықтардың қорғаушысы ретінде танылады. Ол әулеттің көбеюі үшін түрлі тәуекелдер жасайды.

Шәйіні қалмақтар тартып әкеткенде де Тазабекке «ішінде ұрпағы қалған әйелді жауда қалдырмауды» [75, 51] міндеттеп, замана ырқы туыс еткен қырғыз Табай мен марқұм құдасының жесір келіні Жүзікті қосады. Мақсаты – көбею, ұрпақ өрбіту. Қалиша оның себебін: «Сөйтіп көбейіп септеспесек, бізге сырттан біреу келіп сүйеу бола ма?» – деген риторикалық сұрақпен түсіндіреді [75, 59].

Романның «Дейін» бөлімінің соңындағы Тазабек пен Шәйі арасындағы диалогтан ұрпақ өрбіту құндылығының маңыздылығы арта түседі:

– Шәйкен! – деді бір кезде шалқасынан жатқан Тазабек Шәйіні өзіне тартып. – Еркек әйелді не үшін қорғайды?

– Өйткені, ол оған ұрпақ сыйлайды.

– Ал ұрпақ үшін неге жанын қияды?

– Өйткені, ол өзі үшін ғана емес, халқы үшін де қымбат. Ұрпағы қалмаған халық, қаншама данышпан болса да, түптің түбінде құрып бітпей ме?

Иә, сөйтеді. Құдай құрып кеткеннен сақтасын!» [75, 75].

Кейіпкерлер үшін ұрпақ жалғастығының үзілуі трагедиямен пара-пар. Ашаршылық жылдарында халық қисапсыз қырылып жатқанда Шәйі ағасы Ағынтайдың жалғыз көзі – Сәмен өлмесе екен деп тілейді. Өйткені, бауырының аты өше ме деп қауіптенеді. Жалпыадамдық мәнге ие болғанмен, ұрпақ өрбіту құндылығының қазақ ішінде айрықша әспеттеліп, ұлттық бітім-болмысқа сіңіп кеткенін көреміз. Сонымен қатар, шығармада адам өмірінің құны ұрпағының ұялмай өмір сүре алу жайымен өлшенетіні айтылады. Автор өлім аузында жатқан Қалимен бақұлдасарда Шәйінің аузына мынадай сөз салады: «Ез боп өмір сүрген жоқсың, аштықта да, тоқтықта да, қиналғанда да, қарық болғанда да елден бөлектенген жоқсың. Ұрпағың елдің бетіне именбей, еңкеймей қарайды. Уайымдама» [76, 137].– Көңілге медеу, жүрекке демеу болған құндылық – осы.

«Әй, дүние-ай» романында кездесетін жалпыадамдық құндылықтардың бірі – қайырымдылық. Мейірім, жақсылық, қайырымдылық құндылықтары Тазабек бейнесі арқылы жан-жақты ашылады. Себебі, ол өз отбасы мен туыс жақындарына ғана емес, тырнағы батқан қас жауына да қайырымдылық жасауды парыз санайды. Өз басына қауіп төніп тұрғанмен, Тұнық қарияның үйіндегі тойда қамшының астына түскен Қалиге араша түсті [76, 95]. Сол үшін арызға ілігіп, туған елінен алыстаса да, оған бір сәт өкініш білдірмейді. Кейіннен Қалидің әке-шешесін де бауырына басып, қамқорлық жасады. Өзі өлместің күнін кешіп жүргенмен, аштық пен қуғынның тақсіретін тартып, жанұясынан айырылған Табайды үйіне кіргізді. Кәсіп тауып беріп, кейіннен оған Жүзікті қосты. Сондай-ақ, сайдың түбінде бүктетіліп жатқан Сергейчуктің інісін аяғы сынып, майып боп жатқан жерінен құтқарып, үйіне әкеледі. Оқырман романның жалғасын оқып отырып оның, асылында, Тазабекті өлтіруге шыққан теріс пиғылды адам екенін меңзейді. Бірақ ол «адам ғой деп

адалдық жасады» [76, 101]. Тазабектің елге жасаған қайырымдылығының қарымы да аз болмайды. Өйткені, басына іс түскенде ел-жұрт қарап қалмай, демесін болады. Арыз бойынша тергеуге алынғанда, Амалбайдың көмек көрсетуі, ашаршылық жылдарында үйлерді тінтіп жүрген партия адамдарының Шәйіге жасаған жақсылығы – бәрі Тазабектің он алтыншы жылғы дүмпу тұсында елге жасаған қайырымының қайтарымы болатын. Үйі өртеніп, түгі қалмаған Тазабекке ауыл адамдарының көрсеткен қамқорлығы былайша баяндалады: «Көрпе-жастық, киім-кешек, төсек-орнынан жұрдай болған Тазабек шешесі мен әйелін қалай үйге әкетерін білмей дал еді, жағдайын естіген алыс-жуық жұрт үйге төсейтін текеметін де, жататын көрпе-жастықты да – бәрін жарты күнде жыйып әкеп бергенін көргенде әрі риза болды, әрі таңғалды, бұл қазақ біліп болмайтын халық екен, бірде тасбауыр жауың секілді, бірде бәрін бір сенен аямайтын бауырың секілді» [76, 99]. Ағайынның қайырымдылығын тек ол кезде ғана емес, Китіңге көшіп келгенде де көп көрді. Тәуірбек өзінің киіз үйін тарту етіп, қиын күнде қасынан табылды.

Қазақ танымында туған жер, Отан, Атамекен ұғымдары қасиетті болып саналады. Өмірдің түрлі қалтарыс-құбылыстарына арналған мақал-мәтелдердің көбі туған жер туралы болуы осыны аңғартса керек. Тарихшы ғалым Х.Әбжанов бұл мәселе жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Ел – байырғы түркі заманынан бері желісі үзілмей келе жатқан, қадірлеп, қастерлеп ұстауды талап ететін, қазақтың санасында берік орын тепкен құндылық. Ал елдің негізі – жер» [78, 10]. Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романында да осы құндылық аз аталмайды. Қыстың азапты аязында Қытайдан кері қайтқан елдің жағдайы былайша суреттеледі: «Мамырдың басында Аттың тауындағылар елге бет бұрды. ...Үйі де, малы да жоқтардың ұсқыны адам шошырлық: көздері шүңірейген, жақтары суалған, мойнында іші қабысқан дорбасы немесе ыйығында мыж-тыж қоржыны ғана бар; ілбіп жүреді, ыбылжып сөйлейді, кеудесіндегі жаны қалай шығып кетпей тұрғанына қайран қаласың. Осыншама азап пен аштыққа төтетіп келе жатқан бар қуаты – тек «Туған елге жетсек, туған топырақта өлсек!» қана. Адам сенбейтін ақиқат» [75, 58]. Өмірден күдер үзіп, өлім құшатынын сезген жұрт туған жерге жерленуді ғана армандайды. Сонымен бірге, Тазабектің қоныс аударуының негізгі астар-сыры Сергейчуктен алыстау ғана емес, Китіңнің де қазақтың жері екендігінен деген емеурін байқалады. Яғни роман кейіпкерлері үшін туған жер ұғымы тек руластары қоныстанған белгілі бір шектеулі аймақ емес, тұтас қазақтың территориясы дегенді аңғартып тұр.

Достық құндылығы қазақтың өз ішінен ғана емес, сондай-ақ өзге ұлт өкілдерімен болған қарым-қатынасынан да айқын көрінеді. Тазабек, Жомарт, Қожақ, Қапездердің арасындағы достық пиғылдың ақ екені оқырман біліп отырады. Ал өзге ұлт өкілдерінен – орыс, қалмақ, қырғыз, тараншы (ұйғыр) бар. Алайда, осының бәрі қазақ – орыс, қазақ – қалмақ,

қазақ – қырғыз байланысында көрінеді де, орыс пен қалмақтың қазақпен қатынасы екіжақты, ал қырғыз адал дос ретінде алынады. Қырғыз Табай адал дос қана емес, туыс бауырдай боп кетеді. Ал қалмақтың көшбасшысы Қарға қазақ арасында өскен ағасы Дәулетбай ақсақалмен қауышқан соң ғана жақсылық жасайды.

Әділетсіздікке тап болған халықтың мұң-мұқтажын көре тұра бет бұрып кете алмаған орыс қызы былай дейді: «Мына қырылып жатқан өліктердің қасында тұрып өтінем: мені бұдан былай орыс демелдерші! Бүгіннен бастап мен қазақтың. Қожақ қабылда десе, мұсылмандықты да қабылдаймын. Қазақтың келінімін. Албанмын. Софья да емеспін, Сопыйамын. Мен білсем, қазақтың көретін күні әлі алда» [75, 27]. Зұлымдыққа ұшыраған қазақтың сөзін сөйлеп, Қожаққа тұрмысқа шыққаны үшін оны өз туғандары – орыстар елден аластап, ақырында өлтіріп кетті. Достық құндылығы үшін құрбан болған Сопыйа қайсар, бірбеткей, әділетті жақтаушы қыз боп суреттеледі. Ал шығарманың сюжеттік желісіне бастан-аяқ қатысып, қазақтың шаруаларымен мұңдас боп көрінетін кейіпкер – Кобзев. Ол да қазақ секілді өз орысынан қорлық көрген. Шәйінің намысын қорлаған Сергейчуктың екі інісі оның қызын да зорлап кеткен. Кобзев пен Тазабекті әділетсіздік біріктірді. Арадағы жылылық Тазабек, Қапез, Қаратай – үшеуі Тұйықтың төрінде отыратын Тұнық ақсақалдың тойына кетіп бара жатқан жолда бір шоғыр орыспен кезіккен тұста анық байқалады. Бір-бірін қимай қоштасады. Бұдан кейінгі эпизодтарда да Кобзевтің Тазабекке ғана емес, оның төңірегіндегілердің бәріне достық қолдауын көрсетуі аталмыш құндылықтың салмағын арттыра түседі. Ол Тазабекті Китіңге көшіріп алды. Бірақ Кобзев пен Тазабектің көшуінде айырма бар. Кобзев Сергейчуктен қауіп келетінін ойлап көшсе, Тазабек Сергейчуктің өліміне себеп боп, қолын былғамау үшін көшуге мәжбүр болды. Кобзев өзінің достық пиғылын Тазабек қаза болғаннан кейін де тоқтатқан жоқ. Әсіресе, Шәйінің ашаршылық жылдарының қыспағынан аман шығуы тікелей Кобзевтің көмегімен болды. Ол колхоздың малын ұрлап әкеп, түн ішінде сиырдың бір сан етін Шәйіге әкеп тастады [76, 126]. Орыс пен қазақ арасындағы достық құндылығы қарапайым шаруалар арасында көрінеді. Көбіне-көп екі жақ та орыс қолының қыспағын көргендер. Тек Сопыйа мен Кобзевтің ғана емес, сонымен бірге Тазабектің өртеніп жатқан үйінен отбасы мүшелерін тегіс аман алып қалған да – орыс шаруалары. Автор аталмыш шығармада достықтың ұлтқа, дәстүр мен дінге байлаулы құндылық емес екенін осылайша шебер көрсете білген. Бұдан түйетініміз, «Әй, дүние-ай» романындағы ұлтаралық достық, жолдастық құндылығы ұжымдық құндылықтардың аясында ашылады. Жалпы, қазақ ұлтының мәдени бітімінде батыстық-индивидуалдық құндылықтарға қарағанда шығыстық-ұжымдық құндылықтардың басым екені белгілі. Осы ерекшелік романның оқиғалар иерархиясында жиі көзге түсіп отырады. Бас кейіпкер Тазабектің бейнесі оған айқын мысал. Ол өз қара басының ғана емес, өз

отбасын ғана емес, күллі ауыл-елдің қамын ойлайды. Қазақтың ертедегі ертегілерінің, батырлық жырларының бәрінде дерлік батырдың тек өз отбасын емес, тұтас бір рудың қамын жейтін мақтаулы тұлға екенін көруге болады. Сол секілді, Тазабектің де бойында осы қасиеттер бар. Ол тек қазақтың ғана емес, қырғыздың да, тіпті орыстың да қамқоршысы. Шығармада тек Тазабектің ғана көпшілікке жасаған қайырымдылығы сөз болмайды. Сонымен бірге, сол көпшіліктің де Тазабекке қол ұшын созғаны суреттеледі. Оның образы ауылдың, бір елдімекеннің ғана емес, тұтас ұлттық герой ретінде суреттеледі. Ғалым, әдебиеттанушы Ш.Елеукуновтің: «Бүгінгі ұлттық герой – елдегі бар тап, типтердің, халықтың төменнен жоғарыға дейінгі қат-қабатының жоқтаушысы. Жеке адамның мүддесі ұлттың арман-мүддесімен, тәуелсіздік идеясымен астасып жатады. Мұның өзі қазіргі әдеби процеске айта қаларлықтай әсер етті. Ұлты үшін жан алып, жан берген, жеке басының мүддесі ұлт мүддесімен қабысқан кейіпкерлер, қазақ халқының азаттық туын ұстаған тұлғалары әдебиетіміздің алғы шебіне шықты», – деген пікірі ойымызды қуаттай түседі [79, 214]. Тазабек образы арқылы біз осы пікірдің жаны бар екенін аңғарамыз.

Адамзат атаулыға ортақ құндылық болып саналатын құрметтің Б.Нұржекеұлы романындағы көрінісі ерекше назар аударуды қажет етеді. Шығармада аға мен іні, ер мен әйел, үлкен мен кіші, ана мен бала, жеңге мен қайын сіңлі және достар арасындағы өзара құрмет, сыйластық әспеттеледі. Шығыстық ділдің әсері бірден білінеді: әйел кісілердің ер адамдарға деген құрметі айрықша көрінеді. Ер кісі басшы, әйел қосшы деген ұғым алға шығады. Тіпті Тазабектің анасы да өз баласына еріп, оның шешімдеріне құрметпен қарайды. Бұдан анаға деген құрмет кемиді деген түсінік шықпаса керек. Қайта Қалиша дүние салғанда оның салмағын автор былайша көрсетеді: «Үстіңде аспан, астыңда жер, ортасында ауаң – бәрі бар. Тек жер-көкте сені ең жақсы көрген, сен үшін жанын қиюға да дайын анаң жоқ. Ешқашан орны толмайтын, орнын ештеңе ауыстыра алмайтын, ешбір асыл мен қымбатқа ұқсамайтын, еш нәрсемен салыстыруға, ауыстыруға болмайтын құдірет!» [76, 100]. Өзге елдердің әдебиетінде көп кезіге бермейтін тағы бір құндылық – құрметтің жоғарғы түрі – әруақтарға деген құрмет шығармада бірнеше рет тілге алынады. Кейіпкерлердің көз алдында жүрген адамдарды ғана емес, дүниеден озып кеткен туыстарына деген құрметі алабөтен. Шығармада ата-бабаны ұмытқан адамды кейін өз ұрпағы да ұмытады деген тәмсіл айтылады [76, 118].

Жоғарыда аталған жалпыадамдық құндылықтардың мәні қарсы мәндегі ұғымдармен салғастырыла ашылады. Өмір – өліммен, уәде – сөзден таяумен, сенім – сенімсіздікпен, ұрпақ өрбіту – біржолата құрып кету қауіпімен, достық – қастықпен қатар суреттеледі. «Шығарманың өн бойында егемендік құндылығы ашық айтылмағанымен, романның басынан аяғына дейін еркін ел болу арманы үздіксіз жалғасын тауып отырады. 1916 жылдан

басталған оқиға желісін автордың 1991 жылғы Тәуелсіздікке қол жеткізген сәтке дейін созуының сыры жоқ емес. Әрі өлім аузында жатқан бас кейіпкер – Шәйінің осы қуанышты естіп дүниеден өтуі романның көркемдік қуатын арттырмаса, кемітпек емес» [80, 164].

Зұлмат жылдардың қазақ прозасындағы көрінісін зерттеген ғалым Н.Ақыш мынадай ой айтады: «Түптеп келгенде, осы жиырмасыншы-отызыншы жылдар тақырыбына жазылған шығармалардың барлығының көздеген көркемдік мақсаты, жинап айтар ойы – халық басындағы ауыр нәубетті жекелеген адамдар тағдыры арқылы көрсету, сөйтіп халықтық үлкен трагедияға көркемдік топшылаулар жасау» [81, 44]. Б.Нұржекеұлы да Шәйі мен оның төңірегіндегі бір шоғырдың тіршілік-тағдырын көрсетіп, тұлғасын таныту арқылы тұтас қазақ ұлтының басынан кешкен ауыр кезеңнің шынайы шындығын ашып беруге талпыныс жасаған. Сонымен бірге, жазушы тарихи деректерден барынша алыстамауға, әр деталін өмірде болған шынайы деректерге сүйене отырып суреттеуге тырысады. Осы орайда ғалым Ж.Дәдебаевтің: «Белгілі ірі тарихи оқиғалар шығарма құрылымында түрлі деңгейде толықтырылып, байытылып суреттелгенмен, түбірлі өзгерістерге түспейді. Ондай ірі оқиғалардың субъектісі, мазмұны, мезгілі мен мекені, объектісі т.т. бастапқы мәнін толық сақтайды да, ішінара ғана толықтырылады», – деген пікірі сөзімізге дәйекті дәлел бола алады [82, 182]. Роман авторының өзі де қолдан тарих жасаудың қылмыс екенін және аталмыш романды жазу барысында түгелдей нақты архивтік материалдарға сүйенгенін алға тартады [83]. Осы орайда, ғалым Ш.Елеукеновтің: «Қазіргі тарихи романның өткенге сұрау салуы бұрынғыдан батылырақ, ауқымдырақ. Бұлжымас принципі – шындық» [84, 469] деген пікірінің жаны бар екеніне көзіміз жетеді. Расында да, тарихи деректер мен шығармадағы эпизодтар сәйкесіп жатады. Онымен қоса, Ораз Жандосов, Қапез Байғабылұлы, Ахмет Байтұрсынұлы сынды қазақтың көрнекті тұлғаларының аты-жөндері еш өзгеріссіз қолданылған.

Жазушы Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романы ірі тарихи оқиғаларды арқау ете отырып, XX ғасырдағы қазақ халқының бойындағы құндылықтар жүйесін терең ашып беруімен ерекшеленеді. Шығарманы оқу барысында жалпыадамдық құндылықтардың ұлттық сипатының барынша ауқымды көрінгеніне куә болдық. Атап айтсақ, ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлшегі болып табылатын салт-дәстүрдің көптеген элементтері – бата беру, құдаласу, қыз айттыру, жоқтау, сүйінші сұрау, естірту, өкіл іні (аға) болысу, қонақасы беру, көңіл айту, ат тергеу, сәлем салу т.б. кездеседі. Яғни ұлттық құндылықтар барынша жан-жақты ашылады. Біз бұларды ұлттық құндылықтар дегенімізбен, оны жалпыадамдық құндылықтардан бөле-жара қарауға болмайды деп ойлаймыз. Өйткені, кез келген дәстүр-салт, әдет-ғұрып белгілі бір ұлтқа тиесілі болып саналғанымен, жалпыадамдық құндылықтардың қатарына қосылады. Құндылықтар теориясының көрнекті өкілі Ш.Шварцтың ұлттың дәстүрін жалпыадамдық

құндылықтар санатына қосқанын бұған дейінгі талдауларымызда келтіргенбіз.

«Әй, дүние-ай» романында жоғарыда біз талдау нысанына алған өмір, уәде, сенім, ұрпақ өрбіту, қайырымдылық, достық, құрмет секілді құндылықтармен қатар, бірлік, қонақжайлылық, білім, өнер, қанағат, әділет, тектілік сынды жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар жиі көрінеді. Аталған құндылықтарды біз жалпыадамдық құндылықтар деп есептегенімізбен, олардың да ұлттық сипатының көрінбей қалмайтынына баса назар аударғымыз келеді. Мәселен, қонақжайлылықтың жалпы адамзатқа ортақ құндылық екені рас. Дегенмен, әр ұлттың қонақ күту әдебі, қалыптасқан қонақжайлылық дәстүрінің бар екенін де қаперден шығармауымыз керек. Жалпы, ұлттық белгі-нышандар, әсіресе, дәстүрлі қоғамның кейіпкерлерінде көбірек байқалады деп ойлаймыз. Жалпы, әлеуметтану ғылымында қоғамды жіктеудің алуан түрлі мысалдарын білеміз. Солардың ішіндегі ең қарапайым әрі ұғынықтысы қоғамды – дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды қоғам деп жіктеуді айтар едік. Әрине, аталған классификациялық түрлерге анықтама беріп жату артық. Әрбір қоғам түрі мен қоғамдық формацияның өз доминантты құндылықтары болатыны заңдылық. Көшпелілік, феодализм, социализм, капитализм т.б. сынды қоғамдық құрылымдардың өзіне тән ойлау жүйесі – менталдық бітімі, соған сай құндылықтар жүйесі өмір сүреді. Біз сөз етіп отырған дәстүрлі қоғам адамдарының өмір сүру салты мен қалпы көбінесе этникалық құндылықтарды сақтауға бейім келетінін, индивидуалды құндылықтарға қарағанда ұжымдық-әлеуметтік құндылықтардың үстем болатынын ескеруіміз керек. Сонымен бірге, аталмыш қоғам түрінде, әсіресе, түркілік-қазақы менталитеттің өзегіне қарайтын болсақ, онда этикалық құндылықтардың үстем болғанын байқау қиынға соқпайды. Біз осындай ерекшеліктердің көбін Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романынан кезіктірдік. Қазақ халқының XX ғасырдағы талайлы тағдыры көркемдік-эстетикалық және шежірелік-нарратологиялық тұрғыдан қайта безбенделген шығарма кейіпкерлері үшін төл құндылықтары, дәстүр-салты мен ырым-тыйымдары қымбат. Сондай-ақ, этикалық қағидалар олардың өмірінің мызғымас негізіне айналған. «Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намысты болу, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар әруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, әділдік, қанағатшылдық және т.т. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары әдептіліктің, кісіліктің төңірегінде топтасқан», – профессор Т.Ғабитовтің пікірі дәстүрлі қазақ өмірінде экономикалық-материалдық құндылықтардан этикалық-моральдық құндылықтардың үстем болғанын айғақтайды [85, 241]. Жоғарыда аталған жалпыадамдық құндылықтардың қай-қайсысын болса да «Әй, дүние-ай» романының басты кейіпкерлерінің бойынан тауып алу қиынға соқпас еді.

Дәстүрлі қоғамның тағы бір ерекшелігі ретінде біз ондағы қауымның ұжымдық құндылықтар аясында өмір сүретінін тілге тиек етуге тиіспіз. Өйткені, бұл аталмыш қоғам түрінің басты белгілерінің бірі болып есептеледі. Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романында осындай құбылыстар барынша шынайы көрініс тапқан. Ондағы әрбір кейіпкер ең әуелі өзінің қара басын емес, тұтас әулетті, қала берді бір қауым елді ойлайды. Ондағы әрбір кейіпкер – көптің мүшесі, бүтіннің бөлшегі. Мысалы, қазақ халқының этнографиясынан берік орын алған жылу жинау деп аталатын дәстүр аталмыш романда жақсы ашылады. Қиын-қыстау күн туғанда туыс-жақындарының көмек қолын созуы жазылмаған заңдылық, парыз ретінде берік сақталып қалғанын көруге болады. Мысалы, қазақ халқының осы бір дәстүріне қатысты шығыстанушы-ғалым А.Ф.Баллюзек өз естеліктерінде былай деп жазады: «Осы қайырымдылық ісінің қазақтардың әдет-ғұрпына сіңіп кеткені соншалықты, одан бас тарту және кедей ауылдастың пайдасына жылу жинауға қатыспау – ауылдастардың барлығын сараңдық танытқан адамға қарсы қояды, олар бұл көмекке қайткенде де атсалысуды талап етеді, олай болмаған жағдайда рудан қуып жібереміз немесе мүлдем аластаймыз деп қорқытады. Ал мұндай шараның қазаққа қалай әсер ететіні белгілі, бұл өзінше жер аудару сияқты, себебі руластарының қауымынан аласталған адам барлық құқығынан айырылады» [86, 235]. Демек қазақ тұрмысында әлеуметтік, этикалық құндылықтарға салғырт қараған адам өзінің құқықтық, экономикалық құндылықтарынан айырылады деген сөз. Бұл деген сөз дәстүрлі қоғамдарда бар болу не жоқ болу жағдайымен бірдей жаза болатын. Яғни өмір құндылығы қазақ танымында этикалық және әлеуметтік құндылықтармен біте қайнасып кеткен. Шығармада жылу жинау дәстүрі шебер суреттелген. Ол бір емес, бірнеше ұлт өкілдерінің арасында орын алады. Бірақ бәрі де қазақы қалыпқа, қазақы танымға негізделгенін байқауға болады. Қырғыз Табай да, орыс Көбзів те, қазақ Тазабек те – бәрі ұжымдық құндылықтарды бойына сіңірген кейіпкерлер.

Шығармадағы әрбір детальға қарап ондағы өмір мен өлім концептінің мәнін ұғынуға болады. Осылайша автор өмір құндылығын аспандатып, тек бір тұлға не рудың ғана емес, тұтас қазақ өмірінің өткен ақиқатын ашуға тырысады. Романның аталуы да жайдан-жай осылай аталмаған секілді. Қазақ халқының басынан кешірген небір қиын да қайғылы кезеңдерге әрі танданыспен, әрі күрсініспен қараған адамның амалсыз «Әй, дүние-ай» деген аузынан еріксіз шығатын сөзіне ұқсас деп топшылаймыз.

Біз бұған дейінгі талдауларымызда жалпыадамдық құндылықтардың әртүрлі ракурста көрініс табатынын тілге тиек еткен болатынбыз. Ол көбіне-көп кейіпкердің жас ерекшелігіне, наным-сенімі мен ұлттық болмысына және өмірдегі әртүрлі ситуацияларға қарай құбылып отырады. Сонымен бірге, әдеби мәтіндердегі құндылықтар жүйесі туралы сөз өрбіткенде біз әдеби-поэтикалық даралық жайын да қаперде сақтауға

тиіспіз. Әдебиеттің тектері мен түрлері тұрғысынан қарастыратын болсақ, өнерге арқау болған өмірлік шындықтың, ондағы көрінер құндылықтар жүйесінің де әркелкі сипатта бейнеленетініне көз жеткіземіз. Лирикада нәзік иірімдер мен сезімдік құбылыстар аз емес. Драматургияға тартыс пен динамизм тән. Ал эпикалық туындылар құндылықтарды кең көлемді баяндау жүйесі арқылы танытпақ. Профессор А.Темірболат проза жанрының мынадай белгілерін атап өтеді: «Апеллирует к разуму, предполагает рассудочное изложение событий; информативность, раскрывает события, характеризует явления действительности, особенности внутреннего мира субъекта» [87, 25]. Поэзия мен прозаның жалпыадамдық құндылықтарды таныту тәсілдері біркелкі болмайды. Драматургияның да жанрлық-формалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерінің болатыны, соған сай айнала болмыс туралы шертілер сыр да басқа эстетикалық пернелер арқылы басылатыны жасырын емес. Осы орайда, біз прозалық туындылардағы жалпыадамдық құндылықтардың көріну ерекшеліктерін саралауға тырыстық. Проза жанрының өзі іштей роман, повесть, әңгіме, новелла, эссе, очерк т.б. сынды жанрлық түрлерге бөлінетіні белгілі. Сондай-ақ, аталған әдеби жанрлардың әрқайсысының өзіндік формасы, формасына сай қалыпқасқан мазмұндық жүйесі бар. Дегенмен, ең сүйекті жанрлары ретінде біз романдар мен повестерді және әңгімелерді талдау нысанамызға алатынымызды ескертіп өткен болатынбыз. Жанрлық ерекшеліктеріне қарай әдеби көркем мәтіндердегі құндылықтар жүйесінің көріну, танылу сипаты да өзгеріп отырады. Мысалы, әңгіме жанрына қысқалық тән. Әңгімеде құндылықтар қысқа форма аясында астармен, тұспалмен суреттеледі. Біз әңгіме жанрының құндылықтарды танытудағы өзіндік даралығы жөнінде келесі тарауда баяндаймыз. Жалпы, прозалық жанрлар ішінде біз осы тарауда талдау нысаны еткен роман мен повестің орны ерек. Өйткені, роман ғана эпикалық тұрғыдан өмірдің қат-қабат мәселелерін жан-жақты әрі шынайы суреттеп беруге жол ашады. Содан да романның құндылықтар жүйесін барынша шынайы әрі дәл танытудағы қызметі орасан. «Роман – үнемі қозғалыстағы, даму үстіндегі, динамикалы, өскелең жанр. Уақытының күнбағары» [79, 213]. Осы тұрғыдан алғанда, роман өз дәуірінің шындығын көркемдік-эстетикалық аспектіде танытушы қуатты құрал болмақ. Десе де, әдеби туынды тек өз дәуірінің ғана емес, өткен мен болашақ туралы да сөз етіп, адам қиялын қозғайды. Әсіресе, қазіргі қазақ прозасына тән ерекшеліктердің бірі ретінде біз өткен тарихымызға қайта баға беріп, ұлттың өзіне ғана тән құндылықтар жүйесін салмақтап жатыр деген пікірімізді тағы қайталағымыз келеді. Өйткені, егемендігіне қол жеткізген елдердің тарихына көз салсақ, бұл қалыпты жағдай ретінде танылады. Соңғы ширек ғасырда тарихи тақырыптардың қайта жандану үдерісі үдей түсті. Қазіргі әдебиеттің осындай сипатын байқаған зерттеушілер «бұрын болған, бірақ сана-сезімнен күшпен ығыстырылған ұлттық таным-

түсініктердің менталдық модельдерін реставрациялаудың, реконструкциялаудың кезеңі келгенін» растайды [46, 179]. «Үлкен әдебиет қашанда халық өмірінің белді кезеңдерін, дәуір тудырған әлеуметтік тартыстарды, қоғамдық-саяси ағымдарды, психологиялық шытырмандарды айналып өтіп кете алмайды, – дейді академик Р.Нұрғали. – Ерте ме, кеш пе, әйтеуір ел басынан өткен оқиғалар өнер тілімен сөйлеп, ұрпақтар талқысына түспек» [88, ?????]. Ұлттың төл қасиет-бітімі мен құндылықтар жүйесінің мәнін ашатын ірі оқиғалар мен рухани-мәдени бірліктер советтік кезеңде үстем болған социалистік реализмнің шеңберіне сыймай, көбіне қағыс қалатын. Халықтар достығы құндылығын ту еткен социалистік методология аясына тек жекелеген ұлттардың ғана өзіндік төл мәдениеті мен таным-болмысын барынша ашуға бағытталған көркем шығармалар сыйыңқыра бермейтін. Тәуелсіздік алған соң тарих қайта безбенделді. Кезінде айтылмаған, айтылса да, объективті шындыққа жанаспайтын негізде интерпретацияланған тақырыптар қайта сарапқа салынып жатыр. Осындайда аса үлкен тарихи-мәдени жауапкершілікті әдебиеттің роман жанрының көтеруін заңды құбылысқа балауға болады. Себебі, ұлттың тарихы, оның тағдыры, әсіресе, осы роман жанрында ғана кеңінен ашылады. Бір халықтың тарихта қалған ізін қайта жаңғырту, оны кеңінен баяндау, тарихи шындықтан тайқымай, барынша боямасыз әрі әсерлі де әдемі жеткізу көбіне-көп эпикалық құлашы кең роман жанрының ғана мүмкіндігіне сыятын құбылыс. Қазіргі қазақ романының басты ерекшеліктерінің бірі де осы болса керек. Себебі, тарихи тақырыптың нарратологиялық-дискурстық сипаты өзгерген – тәуелсіздік көзімен жазылып отыр. Материалистік-диалектикалық, социалистік методологияның көзімен емес, шынайы әрі объективті түрде интерпретацияланып жатыр деуге негіз бар. «Бүгінгі роман тарихымыздың арғы, көне заманының шындығынан сусындамақ. Шындық болғанда, ұлттық мүддеге тікелей қатыстысынан» [79, 219]. Қазіргі прозаның дискурстық-нарратологиялық жүйесі ғалым айтқан ұлттық мүдденің ая-шеңберіне бағынған. Аталмыш дискурс тек қана тарихи көркем шығармаларда ғана емес, сондай-ақ жаңашыл-модернистік, тіпті постмодернистік шығармалардан да байқалмай қоймайды. Осының нәтижесінде этномодернизм, этнопостмодернизм ұғымдарының пайда болып, ғылыми айналымға түскені белгілі. Әрине, біздің айтпағымыз ол емес. Біз тек ұлттық мүдденің қазіргі қазақ әдебиетіне тигізіп жатқан ықпалы туралы және оның әдебиет айдынындағы басты үрдістермен сабақтасып жатқанын тілге тиек ету болатын. Әйтсе де, тарихи романдарға ортақ сипат болса, ол – тәуелсіздік құндылығының тұрақты көрініс табуы. «Қазақ әдебиетінің тарихын, көне дәуірден бүгінге дейінгі өткен жолын зер сала қараған адам сол дәуірдің бәрінде де жалғасып, үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол – халықтың бірлігі, тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай, дербес елдікті сақтау идеясы» [89, 59] деген академик

С.Қирабаевтың пікірі орынды деп ойлаймыз. Тәуелсіздік, еркіндік идеясының қазақ тарихының қай кезеңінде де бір толастамағанын Әдебиет және өнер институтының ғалымдары шығарған «Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет» атты көптомдық еңбектен де байқауға болады [90].

Осы мүдделік шеңбер аясында жазылған әрі тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының жетістігі ретінде айтуға болатын шығармалар легіне біз Балғабек Қыдырбекұлының «Алатау» (1991), Жанат Ахмадидің «Шырғалаң» (1997), Хасен Әдібаевтің «Отырар ойраны» (2001), Софы Сматаевтың «Елім-ай» (үшінші кітап, 2003), Кәдірбек Сегізбайдың «Беласқан» (2001), Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» (2003), К.Ахметбековтің «Қасірет», С.Елубайдың «Мінәжат» (1993), «Ақбоз үй» (2005), А.Мекебаевтың «Қазына сыры» (1994), Ж.Шаштайұлының «Біздің заманның Аязбиі» (1997), «Жаңғырық» (2004), О.Сәрсенбаевтың «Шеңбер» (1998), Ә.Таразидің «Жаза» (1998), «Қанмайдан», «Шер», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» (1992), Т.Әлпейісовтің «Жоңғардың соңғы қашқыны» (1997), М.Қожахметованың «Жантәсілім» (2001), Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» (2001), Т.Рыскелдиевтің «Ұлы көш» (2001), Т.Әлжантегінің «Қым-қиғаш тіршілік» (2001), Ө.Кәріпұлының «Тайталас» (2001), Т.Қосуақтың «Әйел айтқан хикая» (2001), Ж.Сәмитұлының «Қаһарлы Алтай» (2004), Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» (2002), Р.Тоқтаровтың «Бақытты құлдың ақыры» (2005), С.Досановтың «Қылбұрау» (2003), «Ұйық» (2005), Н.Дәутаевтың «Құдірет пен қасірет», Т.Тілеухановтың «37 жылдың балалары» т.б. роман-повестерін айта аламыз. Жоғарыдағы шығармалардың дені қазақ тарихының белгісіз беттерін ашуға, тарихымыздың ежелгі және орта ғасырлардағы мәдени-саяси болмысына барлау жасауға, ашаршылық ақиқатын, репрессия зобалаңын, тың игеру науқанының саяси-әлеуметтік һәм мәдени салдарын көрсетуге, советтік жүйенің қазақ халқына жасаған мәдени-психологиялық әділетсіздіктерін танытуға бағытталған деуге болады. Осыдан-ақ тарихи романдарымыздың дені отаршыл пиғылдың шынайы бет-пердесін ашуға арналғанын аңғарамыз. Аталған шығармалардың көбін постколониалды зерттеулер аясында жан-жақты талдап түсіндіру қазіргі әдебиеттану ғылымының басты міндеттерінің бірі болып отыр. Біз жоғарыда талдаған Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы мен Бексұлтан Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романы да осы қатардан табылуға тиісті тарихи романдар санатына жатады. Біз аталған екі роман арқылы өткен дәуірге тәуелсіздік биігінен баға берген, құндылықтар жүйесіне шынайы көркемдік сараптама жасаған туындылардың белгісін байқадық.

Осы тақылеттес әдеби шығармалардың ішінде біз Желтоқсан көтерілісіне арналған көркем туындыларды бөле-жара көрсетуге тиіспіз. Себебі, 1986 жылы болған көтерілістің ақиқаты тәуелсіздік тұсында ғана там-тұмдап айтыла бастады. Бұл тақырыпты жазушыларымыздың игеруі,

ол туралы қалам тербеуі үдей түсті деуге негіз бар. Т.Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» (1998), «Желқайық» (2011), Н.Қуантайұлының «Қараөзек» (2002) романдары аталған тақырыпты жан-жақты ашып беруімен де құнды.

Тарихи тақырыптағы көркем шығармалардың көбі «ақтандақтар» ақиқатын ашуға арналған. Әйтсе де, тарихи тақырыптың бір парасы – тарихта болған қазақтың көрнекті тұлғаларының болмысын ашуға бағытталған туындылар дер едік. Советтік жүйенің қиянатын көріп, жазықсыз атылып кеткен ұлт боздақтарының шығармалары ғана қайта жаңғырған жоқ. Олардың өмірі мен шығармашылығы тарихшылар мен әдебиеттанушы мамандардың зерттеу нысанына ілігіп, егжей-тегжейлі зерделенгені, әлі де болса зерттеліп жатқаны әмбеге аян. Десе де, көркем әдебиет те бұл үрдіске үн қоспай тұра алмайды. Қазақ қаламгерлері жазықсыз жапа шеккен, осыдан жарты ғасыр бұрын аты аталынбайтын, тіпті оған тыйым салынған кейбір тарихи ірі тұлғалардың өмірін көркем шындық аясында жеткізуге тырысуы, соның нәтижесінде әртүрлі повестер мен романдардың, әңгімелердің жазылуы сөзіміздің айғағы бола алады. Осы орайда, «...қазіргі қазақ әдебиеті бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін күрескен хандар мен батырлардың, билер мен шешендердің, ақындар мен қоғам қайраткерлерінің көркем бейнесімен толықты. Сондықтан көркем әдебиетте жас ұрпақтың ұлттық санасын оятатын тарихи роман, мемуарлық роман (Х.Әдібаев «Өмірдария»), новеллалық роман (Ш.Мұртаза «Ай мен Айша»), роман-эссе (Е.Әкімқұловтың «Қалдаяқов – ән патшасы»), шырғалаң роман (С.Сматаевтың «Біз – құлмыз ба, кімбіз?»), публицистикалық роман (Қ.Жиенбай «Жер үстінде жұмақ бар»), деректі хикаяттар (В.Михайлов «Ұлы жұттың шежіресі» легі көбейді» [91, 53] деген ғалым Г.Орданың пікірін келтіре кетуді жөн деп санаймыз. Тарихи тұлғалар туралы жазушылардың қалам тартуы заңды құбылыс. Өйткені, ұлттың тарихы жекелеген көшбасшы ерлердің, көрнекті тұлғалардың қолымен жасалады. Жоғарыда аталған көркем шығармалардан бөлек Қ.Исабайдың «Серт» (1991), «Шоң би» (1993), Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» (1994, 1996), Ж.Ахмадидің «Есенгелді би» (2004), «Жарылғап би» (2008), «Айтұмар» (2009), С.Әбілқасымұлының «Оспан батыр» (2001), Р.Токтаровтың «Абайдың жұмбағы» (1999), «Ұзақбай Доспамбетовтің «Абылайдың ақ туы» (2008), Ж.Молдағалиевтің «Алғашқы қоңырау» (2005), Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай» (2008) сынды роман-повестері тарихтың әр кезеңдерінде өмір сүрген белгілі ірі тұлғалардың тарихи-ғұмырбаяндық, көркем әрі психологиялық болмысын ашуды көздеген көркем туындылар болып саналады. Сонымен бірге, О.Сәрсенбаевтың «Шамшырақ» романы – Нартуған ақынның, И.Жақановтың «Ықылас» романы – Ықылас Дүкенұлының, З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі – М.Әуезовтің, Н.Әбуталиевтің «Наркескен» романы – Исатай мен Махамбеттің бейнесін сомдауға арналған. Б.Мұқайдың «Өмірзая» (1998) романының да тарихи-көркемдік салмағы ауыр.

Тарихи тұлғалар туралы жазылған көркем шығармалардың бір арнасы ретінде біз Елбасы, Н.Ә.Назарбаевтың тарихи қызметін саралауға арналған көркем туындылардың бар екенін де тілге тиек етуге тиіспіз. Себебі, қазіргі қазақ әдебиетінде халық көшбасшысының бейнесін жасау тәжірибесі бар. Бұл бұған дейінгі тарихи көркемдік дәстүрдің заңды жалғасы-тұғын. Өйткені, қай кезде де қазақ көркем сөз өнері елдің басы болған патшаға қарата тіл қатып, арнайы сөз арнаған. Патша образы қазақ әдебиетінде қашанда көркемдік нысанға алынып отырған. Көркем прозада да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи-саяси жеңістері мен елге сіңірген еңбектері жөнінде жазу үрдісі байқалады. Мысалы, Дүкенбай Досжанның «Ақ Орда» деп аталатын романында Елбасының көркем бейнесі сомадалған. Мір Шайырдың (ақын Мырзағали Іңірбаевтың) «О, данышпан дүние» атты трилогиясынан да Елбасы бейнесін кезіктіреміз. Жалпы, поэзия жанрында мейлінше көп сомдалған Елбасы бейнесі соңғы ширек ғасырдағы қазақтың прозасында да жазылмай қалған жоқ.

Қазіргі қазақ прозасының айтулы ерекшеліктерінің бірі ретінде біз роман-повестердің осы заманғы түйткілдерді көтеруі дер едік. Қазіргі әдебиет тек тарихқа табан тіреп, өткенді жаңғыртуды ғана көздемейді, сондай-ақ қазіргі заманның шындығын арқау етіп, оны өнер нысанына айналдырмақ. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, әдебиетке өз дәуірінің ізі айқын түсіп отырады. Заманауи туындыларға зер салғанымызды оның да тақырыптық аясы барынша кең екендігіне көз жеткізуге болады. Дегенмен, бөле-жара атап өтуге лайық мынадай құбылыс бар. Ол – қаламгерлердің бүгінгі қазақ қоғамының беталыс-бағдарына көңілі толмаушылығы мен оны асыра мадақтап, барынша оның әр жетістігіне қуана қалам тербеуі. Бұл – табиғаттың жазылмаған заңдылығы. Әр дәуірдің өзіне сай сыншылары мен мақтаушылары болған. Шынайы бағаны тарих, уақыт береді десек те, бүгінгі үдерістің бағасын беруге келгенде қаламгерлердің тартынып қалмайтыны белгілі. М.Мағауиннің «Жармақ» (2009), Смағұл Елубайдың «Жалған дүние» (2003), «Мінәжат», Жұмабай Шаштайұлының «Жаңғырық» (2004), Қ.Жиенбайдың «Ән салуға әлі ерте» (2008), Ә.Ыбырайымұлы «Ұяластар» (2005), Қ.Ысқақовтың «Ақсу – жер жаннаты», Ә.Асқардың «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді», Тынымбай Нұрмағамбетов «Айқай», «Мешкей» (2006) романдары өз дәуірінің шындығын арқау еткен туындылар болып есептеледі.

Роман-повестер туралы айтқанда, тек қана осы тізіммен шектеліп қалуға болмайды. Әдеби үдеріс өз ағысын тоқтатпақ емес. Соған сай басқа көптеген эпикалық шығармалардың жазылғаны да айна-қатесіз ақиқат. Біз басты-басты туындыларды ғана атап өттік. Жалпы, жазушылар ішінде жоғарыда аттары аталған қаламгерлерден бөлек А.Смайыл, Н.Ақыш, Т.Ахметжан, Р.Мұқанова, А.Кемелбаева, Д.Амантай, Н.Қапалбекұлы, М.Байғұт, С.Балғабаев, Д.Әшімханұлы, А.Алтай т.б. қаламгерлер бар.

Әдебиеттанушы Ш.Елеуенов мынадай пікір айтады: «Классикалық романға тән қабырғалы қасиеттердің бәрі әртүрлі дәрежеде бүгінгі тәуелсіздік дәуір романына да тән. Сонымен бірге тәуелсіздік дәуір романының өткен XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының бастапқы, өтпелі кезеңінде-ақ кеңестік әдеби процестің көп үлгілерінен бой тарта бастағаны байқалады» [79, 214]. Жоғарыда есімдері аталған жазушылардың бәрі де кеңестік жүйенің қалыптастырып берген шаблондарынан барынша арылуға күш салған тәуелсіздіктің қаламгерлері деп айтуға болады. Қазіргі қазақ прозасы дегенде ең алдымен осындай ерекшеліктерін айтуға тиіспіз.

Қорытындылай келе, жалпыадамдық құндылықтардың қазіргі прозадағы көріну арналары жөніндегі ой-пікірлерімізді былайша түйіндейміз. Қазіргі қазақ прозасында тарихтың ақтаңдақ беттері мәдени-көркемдік тұрғыдан қайта безбенделіп жатыр. Халықтың жадында өшпестей із қалдырған нәубет жылдар мен ірі тарихи оқиғалар бүгінгі күн биігінен бағаланып жатыр. Сонымен бірге соңғы ширек ғасырдағы қоғам келбеті, нарықтық қоғамның қыспағы, жетістігі мен кемшілігі заманауи туындыларға арқау болып отыр. Өз кезегінде аталмыш үрдістер қазақ әдебиетінде алуан түрлі тақырыптық-идеялық һәм стильдік-машықтық ізденістердің жасалуына түрткі болуда. Түптеп келгенде, бұл көркемдік тенденциялар ұлттың бірегейлігін танытуға, мәдени болмысымызды айшықтауға һәм дербес те дара бітімімізді бүтіндеуге қызмет етіп отыр. Әдебиет аталмыш қасиетімен қоғамдық санада деколонизациялық үдерістің қарқынды жүруіне қызмет етіп отыр деуге негіз бар. Осындай аса үлкен тарихи-мәдени жауапкершілікті сөз өнеріндегі ең сүйекті жанр – романның көтеруін заңдылық деуге болады. Өйткені халықтың тарихта қалған ізін қайта жаңғырту, оны кеңінен баяндау, тарихи шындықтан тайқымай, барынша боямасыз әрі әсерлі де әдемі жеткізу көбіне-көп эпикалық құлашы кең роман жанрының ғана мүмкіндігіне сыятын құбылыс. Бұл өз кезегінде өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарында бастау алған тарихи роман жанрының қайта жаңғыруына түрткі болып, мейлінше шынайы әрі ұлттық мүдде тұрғысынан танылуына жол ашты. Өйткені тарихи тақырыптың нарратологиялық-дискурстық сипаты өзгерді. Тарихи жанрдағы шығармалар дәстүрлі қазақ қоғамының құндылықтарын тануға, тарихтың белгісіз беттерін ашуға, халықтың ежелгі және орта ғасырлардағы мәдени-саяси болмысын айқындауға, ашаршылық ақиқатын, репрессия зобалаңын, тың игеру науқанының ауыртпалығы мен советтік жүйенің қиянатын қайта сарапқа салуға мүмкіндік береді.

Әрбір қоғам түрі мен қоғамдық формацияның өз доминантты құндылықтары болады. Дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды-білім қоғамдарының өзіне тән ойлау жүйесі – менталдық бітімі, соған сай құндылықтар жүйесі өмір сүреді. Біздің ойымызша, тарихи тақырыптағы көркем туындылар дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін тануға жол ашады. Өйткені мұндай шығармаларда архаикалық мәдени типке жақын

кейіпкерлер жиі кездеседі, сондай-ақ олардың бойында этикалық, әлеуметтік және діни құндылықтар үстем болып келеді. Сондықтан да аталған типтегі кейіпкерлер индивидуалдық құндылықтарға қарағанда, ұжымдық құндылықтар аясында өмір сүреді. Мысалы, қазақ халқының XX ғасыр басындағы қилы тағдыры көркемдік тұрғыдан қайта сараланған «Әй, дүние-ай» шығармасының кейіпкерлері үшін салт-дәстүр, ырым-тыйымдар мен басқа да ұлттық құндылықтар аса маңызды. Сондай-ақ этикалық-моральдық құндылықтар олардың өмірінің мызғымас негізіне айналған.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында тарихи тақырыптар бірнеше арнада көрінеді. Олардың дені бұрын жабық тақырыптар санатында болған ұлт-азаттық көтерілісі, ашаршылық, репрессия, тың игеру және советтік жүйенің теріс саясатын әшкере қылған басқа да мәселелерді қамтиды.

Тарихи тақырыптағы шығармалар да, заманауи тақырыптарды арқау еткен көркем туындыларда ұмыт қалмайтын бір құндылық болса, ол – тәуелсіздік құндылығы. Ол көбінесе соңғы анық айтылмайды, оның мәні көркем шығармалардың идеялық концепциясы шеңберінде ашылады. Қазақтың ежелгі дәуірлерден бергі тарихында үзілмей, өзінің өзектілігін жоймай келе жатқан құндылық тәуелсіздік құндылығы дер едік. Ол ар, қанағат, әділдік, жомарттық, мейірімділік сынды құндылықтармен сабақтаса көрінеді. Мысалы, Бексұлтан Нұржекеұлы «Әй, дүние-ай» романында «мейірім» құндылығына көп назар аударылса, Т.Әбдікұлының «Парасат майданында» «ар», «әділет» құндылықтары, ал Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парызында» әлеуметтік тойымсыздық мәселесі көтеріліп, қанағат, табиғат, ар құндылығы айрықша көрініс табады.

2-тарау бойынша тұжырым:

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде ұлттық құндылықтарды жаңғырту, түгендеу, тану, мәдени-рухани бірегейлікті іздеу, өткенді қайта бағамдау үдерісі қарқынды жүре бастады. Осының үрдіс аясында көрініп жатқан құндылықтарды біз шартты түрде тәуелсіздік құндылықтары деп атаймыз.

Жалпыадамдық құндылықтар көркем шығарманың тақырыбы мен идеясынан, кейіпкерлердің образынан, олардың дүниетанымы мен сезімдік кешулерінен һәм әрекеттерінен, сондай-ақ символдық, концептік бірліктерден, шығармадағы көркемдік детальдардан айқын білінеді.

Көркем шығармаларда жалпыадамдық құндылықтар бинарлық оппозиция құрайды. Қалыптасқан концептуалдық негіздегі жалпыадамдық құндылықтардың өзара қайшы келуі, кейіпкерлер арасындағы қарсылықты байланыс және жалпыадамдық құндылықтардың өзара қайшы келуі осының айғағы.

Қазіргі әдеби шығармашылықтың өзегінде тұлға тұр. Бұл өз кезегінде индивидуалдық құндылықтардың үстем болуына жол ашты. Объективті шындықтан гөрі субъективті шындыққа көбірек мән артылуы, айнала болмыстағы шындықтан гөрі тұлғаның ішкі ой толғаныстары мен сезімдік арпалыстарына баса мән берілуі әдеби-поэтикалық тұрғыдан сюжеттің рөлін мейлінше төмендетіп, шығармадағы кейіпкерлер санының азаюына түрткі болды және формалық өзгерістерге әкелді.

Қазіргі прозада тәуелсіздік құндылығын сақтаудың ең маңызды алғышарты ретінде моральдық-этикалық құндылықтарды қайта жаңғырту мәселесі көтеріледі. Әсіресе қанағат, әділдік, ар-ұят, мейірім құндылықтарына ерекше мән беріледі.

Қазіргі әдебиет тарихтың ақтаңдақ беттерін мәдени-көркемдік тұрғыдан қайта безбендеп, қоғамдық санада деколонизациялық үдерістің қарқынды жүруіне қызмет етіп отыр және аталмыш аса ауыр жауапкершілікті роман жанры көтеріп отыр деуге негіз бар. Осы орайда, тарихи тақырыптың нарратологиялық-дискурстық сипаты өзгерді.

Ежелгі дәуірлердегі әдеби мұралардан бастап қазіргі прозаға дейін үзілмей жалғасып, өзектілігін жоймай келе жатқан құндылық – тәуелсіздік. Ол көркем туындыларда анық айтылмағанмен, идеялық концепция арқылы көрінеді және ар, қанағат, әділдік, жомарттық, мейірімділік сынды құндылықтармен сабақтаса суреттеледі.

3 ҚАЗІРГІ ӘНГІМЕ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРАҚАТЫНАСЫ

3.1. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі ұлт болмысы құндылықтар дағдарысы контекстінде

Құндылықтар жүйесінің кешенді әрі күрделі жүйе екені белгілі. Оның көркем шығармада көрініс табуының нақты бір қалыбы жоқ, әртүрлі ракурста танылуы кәдік. Сондай-ақ әдебиеттегі жанрлардың да құндылықтардың табиғатын ашудағы өзіндік ерекшеліктерінің бар екенін ескеруге тиіспіз. Мысалы, эпикалық жанрдағы туындыларда құндылықтар жүйесі барынша кең ашылып, оның қыры мен сыры терең танылады. Әсіресе эпопея, романдарда жекелеген адамдардың ғана емес, сол дәуірдің суреті боямасыз салынып, мәдени-рухани келбеті шынайы көрінеді. Құндылықтар адамның сезім-түйсігі мен санасында өмір сүріп, ішкі наным-сенімдері мен қалауларын қалыптастыратынын, әрекеттері арқылы анық білінетінін бұған дейін тілге тиек етіп өттік. Әдетте, эпикалық туындыларға оқиға арқау болады әрі сюжеттік желі динамикасын тудыратын да кейіпкердің іс-әрекеті. Кең құлашты туындыларда құндылықтардың үш қайнар көзінің (сана, сезім, әрекет. – Н.Қ.) бәрі де, әсіресе соңғысы айрықша салмақты болады деген сөз. Лирика жанры аталған үштағанның екіншісіне – адам жанының ішкі қатпарларына, сезім-түйсігіне әсер етпей тұрмайды. Яғни әр жанрдың өзіндік ерекшеліктері бар. Бәрі де айналып келгенде адамның, кейіпкердің бүтін бітімін, құндылықтық бағдарын танытуда әртүрлі қырынан келеді. Әңгіме жанрының жөні бөлек. Онда осы үштаған теңгерімі шебер үйлесуі тиіс. Сондай-ақ ондағы басты критерий – қысқалық. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, айтатын ойды анық айтпай, емеурінмен жеткізу, әр детальды туынды концепциясын таныту жолына шебер бағыттап білу, сол арқылы кейіпкер психологиясын ақтарыстыру – осының бәрі де қаламгерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Кейбір роман шеберлерінің өзі аталмыш шағын жанрға келгенде тартыншақтап қалатыны сол, әңгіме аз сөзбен көркемдік қуаты мол дүниелерді қамтуға тиіс. Оның қаламгерден үлкен дайындықты, шындалған шеберлікті қажет ететіні де сондықтан.

Қазіргі қазақ әңгімесі әдебиеттанушы ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Жалпы, бүгінгі әңгіме жанрының беталысы мен өзіндік ерекшеліктері туралы Б.Майтанов [92], Қ.Мәдібай [93], А.Мауленов [94], Т.Әсемқұлов [95], Н.Қожабекова [96], П.Исабекова [97], Б.Ысқақ [98], А.Таңжарықова [99] т.б. әдебиетшілер арнайы мақала жариялаған болатын. Сондай-ақ әңгіме жанры М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» он томдығының 10-томында [100], ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті [67], Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар [79], «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен

оқиғалар» [101] т.б. ұжымдық монографияларда арнайы зерттеу нысанына алынып, ғылыми тұрғыда талданған болатын.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының өрістеп дамуына үлес қосып, жемісті еңбек етіп келе жатқан қаламгерлердің бірі – көрнекті жазушы М.Мағауин. Ол соңғы ширек ғасырда өзінің шығармашылық зертханасында ғана емес, қазақтың дәстүрлі әдебиетінде де әлі толыққанды көріне қоймаған ерекше туындылар жазды. М.Мағауиннің шығармашылық әлеміне ғылыми талдау жасаған А.Мухамеджанова да: «М.Мағауин прозасының мазмұны жағынан да, құрылымы мен стилі жағынан да ең күрделі шығармалары 1990 жылдардан кейін дүниеге келді» [102, 25], – деп жазды Содан да болар, оның әрбір жаңа шығармасы әдеби-мәдени ортада ғана емес, қалың нөпір оқырман арасында да қызу талқы-пікірталастардың өрбуіне сеп болады. Мысалы, ұлы әңгіме жанрындағы «Жармақ», «Мен» ғұмырбаяндық хамсасы мен «Шыңғысхан» тарихи-деректі романы, «Қыпшақ аруы», «Қисық ағаш», «Шипалы арасан» т.б. хикаяттары оның соңғы ширек ғасырда жазған көлемді туындылары болып саналады. М.Мағауиннің тәуелсіздік кездегі шығармашылығы туралы сөз қозғаған кезде оның әңгімелері туралы айтпай кетуге болмайды. Өйткені, жазушының әңгімелері еркіндік бастауындағы қазақ қоғамының қалпы мен салтын боямасыз көрсетуімен, бүгінгі тұрмыс-тынысымыздың шындығын көркем кестелеуімен және замандастарымыздың құндылықтар жүйесін дәл де айқын таныта алуымен – тұтастай алғанда көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. Оның осы кезде жазған ондаған әңгімесінің ішінде «Салахад-диннің үкімі», «Құмырсқа-қырғын», «Ұлтаралық жанжал», «Қасқыр-Бөрі» сынды әңгімелері дараланып тұрады. Біздің нысанамызға қаламгердің «Салахад-диннің үкімі» атты әңгімесі ілінгендіктен, оның көркемдік-аксиологиялық сипаты туралы сөз қозғауды міндетіміз деп білеміз.

«Жазушы ретінде де, ғалым ретінде де тарихтан көзін тауып тағылым ала білген, алған тарихи білімін оқушыға оңтайын тауып бере білген – тарихтан тағылым тартқан – алымды, шалымды қаламгердің» [103, 154] «Салахад-диннің үкімі» әңгімесі – М.Мағауиннің тәуелсіздік тұсында жазған айтулы туындыларының бірі. Әңгіменің салмағын, әсіресе, оның бойынан көрінетін құндылықтар жүйесінің жан-жақты ашылуы арттырып жіберген. Содан да болса керек, жазушы өзінің «Шытырман» роман-эссесінде аталмыш әңгімені өзінің ең таңдаулы әңгімесі ретінде бағалайтынын жазыпты [104]. Жазушы М.Мағауиннің аталмыш әңгімесі еркіндік бастауында, Қазақ елі енді егемендігін алған кезеңде жазылды. (1992 жылы). Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дүниеге келген көп әдеби шығармалардың бір ерекшелігі сол, осы кезде дүниеге келген көптеген туындыларда ерекше қуаныш, үлкен үміт айрықша көрінеді. Үміт құндылығы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында айрықша аспандап еді. М.Мағауиннің «Салахад-диннің үкімі» деп аталатын прозалық

шығармасында да үміт құндылығы ерекше көрініс табады. Мұндағы үміт – шындықтың жеңіп, әділдіктің үстем болуына деген сенім.

Шығарманың сюжеттік желісі қос бағытта дамиды, екі түрлі оқиға негіз болған. Біріншісі – шежіреші Бағдадидің осыдан мың жылға жуық уақыт бұрын жазып қалдырған баяны болса, екіншісі – автордың XX ғасырда қазақ даласында орын алған әділетсіздіктерді арқау еткен тарихи-көркем баяны. Шығыстық сарыны басым бірінші сюжеттен қиян-кескі шайқаста франктерді жеңіп, ойын-сауыққа ерік берген Салахад-дин сұлтан бастаған жауынгерлерді көреміз. Сый-сияпат үстінде дастарқан басына келтірілген кекілік етінен дәм татқан сұлтан оны кезінде қарақшылығымен аты шыққан, бірақ бүгінгі шайқаста ерен ерлігімен көзге түскен Зәңгіге ұсынады. Алайда, оны қабыл алған батыр кекілікке қарап қарқылдап күлумен болады. Себебін сұраған сұлтанға өз басынан өткен оқиғаны баяндап береді. Жол торуылдап жүрген кездерде Бағдат қаласына оқу іздеп бара жатқан бала шәкіртті кезіктіргенін және оны әбден азаптап өлтіргенін, өлім аузында жатса да, оның анадайда тұрған кекілікке қарап, Құдай алдына барған кезде осы іске куәлік етуді сұрағанын айтады. Зәңгі «куәлік ететін» құстың табаққа тартылып, өз алдына келгеніне күліп жатқанын айтқан кезде сұлтан ашуға булығып, оны азаптап өлтіруді бұйырады. Артынша аталмыш оқиғаны «ғибрат үшін жазып қоюды» тапсырады. Екінші оқиға совет дәуірінде атағы аспандаған академиктің өмір жолымен байланысты. Ол өзінің Қазан төңкерісі жайындағы ғылыми еңбегінде Қазақстанда совет өкіметін орнату барысында кезіккен қиындықтарды қалай еңсергенін және Алашорда өкілдерін өзінің қалайша атып өлтіргенін тізбектеп жазады. Қиырдағы қазақ ауылындағы тойдың үстінен шыққан қызыл өкімет өкілдері оқыған жас азаматтарды жазықсыз өлтіріп, қалыңдықты зорлайды. Осының басында болып, қолы қанға малынған Ақпамбетов шындықты бұрмаламай, болашақ совет ұрпақтары біліп жүрсін деген оймен жазып қалдырады. Ол советтік жүйенің мәңгі қалатынына имандай сенген күйі өмірден өтіп кетеді.

Салахад-дин қолбасшы дәуіріндегі оқиға мен Ұлы Дала төсінде өткен оқиғадан ілік-байланыс іздеген жазушы баяндаудың ерек түрін тапқан. Өзінің айтқысы келген ойы – шығарманың негізгі идеясын жеткізу үшін орта ғасырларда қағазға түскен шығыстық хикаяға арқа сүйейді. Осы орайда, М.Мағауиннің «Салахад-диннің үкімі» деп аталатын шығармасын біз интермәтіндік сипаты басым шығарма дей аламыз. Автор әл-Бағдадидің «ғибрат үшін жазып қалдырған» мұрасын саналы түрде пайдаланады. Оны бүгінгі қазақ тарихының жаңа парақтарының ашылып, ұлттық мүдденің үстемдік етуі алдында көркемдік материал ретінде әдейі алған сыңайлы. Өңгімеде шежіреші әл-Бағдадидің «Ғақлия кітабындағы» мәтіндер мен тарихшы-академик Ақпамбетовтің «Кіші октябрь» атты еңбегіндегі естеліктер параллель пайдаланылады. Шығыс әдебиетінде ғасырлар бойы жырланып, әртүрлі тарихи-этикалық еңбектерде үздіксіз баяндалып келген

Салахад-дин сұлтанның бұл әділ үкімі әл-Бағдадидің «Ғаклия кітабында» ғана қаз-қалпында, ешқандай боямасыз дәл жазылған дегенді жазушы да келтіріп өтеді. «...біз мазмұндап отырған хикаяның ақиқат шындығында күмән жоқ», – дейді жазушы [105, 24]. Содан да болар, М.Мағауин шығыс әдебиетіндегі нәзирагөйлік дәстүріндегі секілді оқиғаны түрлентіп, жаңа өң қосып жазуды көздемейді. Қайта шындықты қаз-қалпында көрсету үшін Бағдади мен Ақпамбетовтің кітаптарындағы мәтіндерді еш өзгертусіз, тырнақшамен келтіреді. Әңгімедегі шындық құндылығының барынша ажарланып көрінуіне ондағы тарихи есім-сойлардың да еш өзгертусіз берілуі қызмет етіп тұр. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев есімдері сол күйінде жазылады. Соған қарағанда, Сейсен Бөкенов, Дәулет Бектібаев, Жәңгір Ерденев және Ойрат Сартаевтардың да XX ғасыр басында Алашорда үкіметін қолдаған жастардың қатарында болғанына оқырман күмән келтірмейді.

Интермәтіндік әдістер постмодернизмнің басты құралы десек те, біз М.Мағауиннің аталмыш әңгімесін постмодернистік шығармалар санатына жатқызбаймыз. Себебі, мұнда кеңістік пен уақыт белгілі әрі оқиғалардың хронологиялық тәртібі де бұзыла қоймаған. Осы орайда, интертекстуалдық сипаттардың тек заманауи постмодернистік әдебиетке ғана емес, ертеден келе жатқан көркем ойлау түріне де қатысты бола алатынына көз жеткіземіз. Жазушы он ғасырға жуық уақыт бұрын шығыс әлемінде болған оқиға мен XX ғасырда қазақ жерінде болған оқиғаларды ұштастыра суреттейді. Бұл – екі түрлі кеңістіктегі бірдей оқиғаның қайталануы емес, әртүрлі кеңістіктегі ұқсас мотивтердің қайталануы. Интермәтіндік шығармалардың өзіндік ерекшеліктерінің бірі ретінде біз оқиғаның ғана емес, әртүрлі мотивтер мен образдар жүйесінің де ұқсас болуын айта аламыз. Нысанамызға алынып отырған «Салахад-диннің үкімі» атты әңгімесінде осындай образдар мен мотивтер легі аз емес. Жалпы, «Салахад-диннің үкімі» әңгімесінде күрделі образдар жүйесі бар. Олар шығарманың бойындағы коллизияны туғызып, поэтикалық динамиканың күшеюіне айрықша қызмет етіп тұр. Осы арқылы әңгіменің өн бойындағы құндылықтар жүйесі жан-жақты ашылады.

Оқиға параллель баяндалады. Өз кезегінде кейіпкерлер де өзара параллель танылады. Мысалы, Зәңгі мен Академик, патша мен жазушы бейнесі және бала шәкірт пен Алаштың жас арыстары өзара ұштаса көрінеді. Ұлттық ерекшелігі бар демесеңіз, олардың бастарынан кешкен жағдайдың жөні бірдей-ақ. Зәңгі де, Академик те еліне ерен еңбек сіңірген, абыройы тасып, қолы ұзарған. Екеуі де елдің алдына шыққан, патшаның назарына түскен. Бірақ екеуі де өз қылмысын ашып берді. Ал патша мен автор-жазушы үкім кесуші рөлінде көрінеді. Ал бала шәкірт пен Алаш идеясының жас қолдаушылары әділетсіздіктің құрбандары ретінде көрінеді. Олар үшін білім құндылығы аса қымбат. Бала шәкірт Бұхарадан Бағдат шаһарына білім алу үшін шыққан өрен болса, жас алаштықтар

Петерборда білім алған, кейбіреулері әлі де оқуын тәмамдап үлгермеген, бірақ түбінде осы туған жеріне келіп, халықты ағартумен, өз білімін тек жақсы жаққа жұмсаумен айналысуға шындап бекінген жандар ретінде суреттеледі. Сонымен бірге, аталған екі оқиғаға да ортақ сипаттың бірі – тарихи шындыққа сай болуы. Шежіреші Әбубәкір Бағдади өзінің жазған-сызғанының тарихи шындыққа айна-қатесіз сай келетінін ескертсе, жазушы М.Мағауин де өзінің көрген-білгенін, тарихи деректер мен музейдегі көрмеде тұрған маузер-тапанша арқылы дәлелдеп, барынша шындықтың жазылып қалуын, жай ғана жазылмай, келер ұрпаққа ғибрат болуы үшін жазып қалдырғанын тілге тиек етеді.

Әңгімеде ұлт, туысқандық, бірлік, әділдік құндылықтары бірде өзара жымдасқан ұштас ұғымдар ретінде, енді бірде бір-біріне қарсы мәнде көрінеді. Мысалы, Бағдадидің аузымен баяндалатын хикаяда күрд, түрік, араб, парсы ұлтының өкілдері біріге отырып үлкен жеңістен оралып жатса, Ақпамбетовтің қаламынан шыққан естелікте орыс, қазақ, беларус ұлтының өкілдері ғасыр басындағы тарихи-саяси өзгерістер кезінде екі топқа бөлінген күйде суреттеледі. Бірінші оқиғада сұлтан мен Зәңгі бір қауымның – күрд ұлтының өкілі екені айтылғанмен, жалғыз келе жатқан білімгер шәкіртті жазықсыз өлтіргені үшін сұлтан өз қандасын өлім жазасына бұйырды. Сұлтан үшін әділдік қымбат. Сол секілді, тарихшы Академик те өзінің қандасын, ұлты қазақ жастарды өлім құштырды. Дегенмен, Бектеміс Ақпамбетов те әділдік үшін жазып отырғанын баяндайды. Егеров бастаған «коммунистер адамды нәсіліне емес, таптық белгісіне қарай жіктесе» [105, 19], Салахад-дин сұлтан адами болмысына қарап жіктейтін сияқты. Яғни екі түрлі кейіпкерлер жүйесі үшін де бұл тұста ұлттық мәселе екінші орынға шегерілген. Бірінде этикалық-адамгершілік мәселе басты критерий ретінде алынса, араға он ғасырға жуық уақыт салып орын алған оқиғада Ақпамбетов пен оның пікірлес жолдастары арасында адамгершілік мұраттарына қарап емес, оның таптық көзқарасына қарап жіктейтіні расталады. Салахад-дин Зәңгінің керуендерді тонап, қарақшылық жасағанын, ел әскеріне кешігіп қосылғанын және патша алдында әдепсіздік танытқанын – осы уақытқа дейінгі күллі айып-кінәларына кешіріммен қараса да, жолғыз жолаушыны аяусыз өлтіргені үшін кінә тағып, өлімге үкім шығарды. Ал Ақпамбетовтердің Алаш жастарына тағар бәлендей кінәсі жоқ. Олардың ойынша, жастардың бар кінәсы – «жер басып жүргендері» [105,16].

«Билігі ғана емес, тірлігі де менің қолымда тұр. Бірақ қанша тесіле қарасам да, мен Дәулет пен Жәңгірдің боп-боз өңінен жалыныш таңбасын көре алмадым», – деп жазады Академик Ақпамбетов [105, 16]. Бұл – Алаш арыстарының өлім аузындағы сәті. Аталмыш ситуациялық көрініс әуелгі оқиғадағы бала шәкіртке де қатысты. Бір ұқсастығы, екі жағдайда да жас кейіпкерлердің діни құндылығы айқын көрінеді. Әсіресе, ол Бағдади баяндайтын оқиғадағы жолаушы шәкірттің танымы мен әрекеттерінен

білініп тұрады. Яни сенім құндылығының берік болғандығынан да олар қарсы алдында тұрған қылмыскерлерден қаймықпайды. Сенім құндылығы бұл кейіпкерлерді тағы та ұштастырып тұр. Біз осыған сүйене отырып ерлік, батырлық деген құндылықтың түпкі қайнарында белгілі бір құдірет күшке деген селкеусіз сенімнің жатқанына көз жеткіземіз. Десе де, өзара ұштас кейіпкерлерді бір-бірінен ажыратып тұрған бір деталь бар. Ол – білімгер жастардың өмірмен қоштасар сәтіндегі сөзі. Жарлы шәкірт анадайда тұрған кекілікке Құдай алдына барғанда куә болуын сұрап жантәсілім етсе, қазақ баласы мына табиғатпен, көк ала үйрекпен, соңында Алаш жұртымен қош айтысып кете барады. Міне, бұл – кейіпкерлер танымындағы ерекшелік. Екі түрлі оқиғадағы екі түрлі кейіпкерлер болмысы. Құндылықтар жүйесі бөлек болғандықтан, қош айтысар шақтағы айтқан сөздері де ерек шықты. Жалпы, осы қазақ баласының қоңыр үйрекпен, Алаш жұртымен қоштасуында белгілі бір деңгейде символдық мән жатыр. Дәулеттердің тапанша атқан совет адамдарына қояр кінәсі де біреу – көл жағасындағы үйректерді үркітіндер дегені. Басқа тағар кінә да, өкініш те жоқ. Табиғатпен етене жақын күн кешкен қазақ баласының танымы әңгімеде айқын көрініс табады. Бұл – қазақ халқының құндылықтар жүйесінде бар құбылыс. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Төлеген жапанда жалғыз қалып, бұ дүниемен қош айтысарда туыс-жақындарымен аспанда ұшқан алты қаз арқылы қоштасатыны бар. Сол секілді, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Ай мен Таңсықтың «Балталы, Бағаналы ел аман бол, Бақалы, балдырғанды көл аман бол» деп қоштасуында да үлкен символдық-аксиологиялық мән жатқанын байқауға болады. Үшінші жақтан баяндалған әңгімеде негізгі қос оқиға бір-бірімен параллель алынып суреттеледі дедік. Осы екі оқиғаға ортақ тағы бір ерекшелік – екеуінде де оқиғалық шегіністің болуы. Яғни көркемдік уақыт құбылмалы. Сұлтан мен Зәңгі арасындағы диалогта өткен шақ қайта жаңғыртылып, оқырман бірден бала шәкірт пен Зәңгі арасында өрбіген диалогқа ойысып кетеді. Бірақ оның нақты қай кезде екені белгісіз, ашып айтылмайды. Ал Бектеміс Ақпамбетовтің ағынан жарылып, шын сөзін ақтарған «Кіші октябрь» еңбегіндегі естелікте жасалған оқиғалық шегіністе тарихи-реалды уақыт анық айтылады. Яғни көркемдік уақыт жауынгерлердің жеңісті тойлап жатқан сәтінен – бала шәкірттің өліміне ауысса, Ақпамбетовтің шындықты жазу сәтінен – Алаш жастарының өліміне бір-ақ ауысады. Патшаның үкімі екінші оқиғалық шегініске қарап жасалса, жазушы-автор келтірілген осы төрт оқиғаны жаңғыртып, өзінің үкімін кесуші ретінде танылады.

Бірлік, намыс, құқық, ар-ұждан, білім, әділдік, махаббат, байлық, еңбек, сенім, тәуелсіздік, үміт, кешірім, ерлік, мейірім, адалдық, шындық, билік құндылықтары көрінетін аталмыш әңгімеде, әсіресе, әділдік, білім, тәуелсіздік құндылықтары ерекше көзге түседі. Бұхарадан Бағдатқа білім іздеп жолға шыққан бала үшін Құдай алдындағы халі бәрінен биік, яғни ол үшін білім мен наным-сенім құндылығы бәрінен үстем. Ал білім

құндылығын биік қойған Алаш жастары үшін сонымен бірге табиғат, Алаш жұрты, көк аспан айрықша қастерлі. Бұл тек жекелеген кейіпкерлердің ғана өзіне тән ерекшелігі емес, әртүрлі дәуірдегі адам болмысының және әртүрлі географиялық-мәдени территорияларда өмір сүрген кейіпкерлердің де менталды болмысындағы ерекшелік деуге болады. Бағдадидің бала шәкірті өлімге еріксіз бас иеді, оған кекілік құс куәлік етсе болғаны. Ал Алаш жастары бірден өлімге көне қоймайды. Олар өздеріне қоқан-лоқы көрсетіп отырған орыс командирдің өзіне орыс тілінде сауатты сөйлеп, мұндай қадамға барудың ешқандай заңға сай келмейтінін айтып, сауатты түрде қарсылық танытады. Яғни олар тек өз құқығын қорғап отырған жоқ, кейіпкерлер аузымен берілген осынау сөздерден XX ғасыр басындағы қазақ даласында орын алған советтік жүйенің орнығуында заң мен ұждан шеңберінен шығып кеткен тұстардың аз болмағанын оқырман түйсініп отырады. Шығармадағы білім, әділдік құндылықтары айқын көрініп, оқырман оны терең сезініп отырса да, тәуелсіздік құндылығы ашық айтыла қоймайды. Дегенмен, жоғарыда аталған білім, әділдік құндылықтары тәуелсіздік құндылығының болмысын ашып, оны танытуға қызмет етіп тұр. Жазықсыз құрбан болған үш азаматтың бірі – Варшавада, бірі – Томскіде, үшіншісі Петерборда білім алған. Совет өкіметін орнатып, қарсы келген жауларды жайпау үшін жолға шыққан қызылдардың тек қана оқыған азаматтарды жұрттан бөлектап алуында да мән бар. Олар білімді жастардан қаймығады. Сол үшін де олардан тезірек құтылуға асығатын сияқты. Қорқынышы – «Түркістан өлкесін Россиядан бөліп әкетпек. Өз алдына мемлекет болып отырмақ» [105, 20]. Оқырман осы тұста да білім құндылығының жоғалған жерде тәуелсіздікке ұмтылудың өзі бос әурешілік болатынын біліп отырады.

«Салахад-диннің үкімі» әңгімесінде жоғарыда аталған құндылықтардың бәрі дерлік әділдік құндылығының барынша терең ашылуына қызмет етіп тұр. Ол, әсіресе, өмір мен өлім, еңбек, ерлік құндылықтары арқылы жан-жақты бейнеледі. Шығармада әділдік осы аталған құндылықтардың бәрінен биік тұрады. Задында, солай болуға тиіс деген үкімнің белгісі бар. Ерлік құндылығы әділдік құндылығының алдында төмен тұруы тиіс сияқты. Өйткені, «...қайтпас батылдық – түз жайлаған таңы аңға да дарыған» [105, 5]. Ерлік адамның адамшылығын айқындайтын басты қасиет бола алмайды деген ой жатыр шығармада. Әйтпесе, Бағдади атажау ретінде сипатталатын франктердің өзін ер, шетінен батыр ретінде суреттемейтін еді. Сол секілді, Зәңгінің де көрсеткен ерлігі орасан. Ол шешуші шайқаста асқан батырлығымен көзге түсті. Салахад-дин сұлтанның жеңіске жетуінде, әсіресе, осы Зәңгі деген батырының үлесі өлшеусіз болды. Дегенмен, оның бәрі шетке ысырылып, жалғызға жанашыр, жолаушыға қамқор болмағаны үшін өлім жазасына кесілді. Яғни өмір мен өлім концептілерінің арасын мейірім құндылығы жалғап тұр. Адам қанша ер, батыр болса да, ол мейірімді болмаса, онда ол

өмір сүруге қақылы емес деген идея басым. Сол сияқты, Зәңгі образымен параллель суреттелетін Ақпамбетовтің де елі үшін жасаған ерлігі аз емес. Ол бас-аяғы 50 жыл тынымсыз еңбек етті. Содан да, кеудесіне тағылмай қалған медаль мен орден жоқ. Советтік жүйенің орнауына өлшеусіз үлес қосып, бар өмірін осы жүйеге адал болумен өткізген. Тағы да жасаған ісің алдыңнан шығады деген ежелден белгілі философияға кезігеміз. Зәңгі жарлы баланы азаптап өлтірген болса, өзі одан да ауыр өлімге тап болды; оны сұлтанның әскерлері қидалап өлтірді. Ал Ақпамбетов Алаш идеясын жақтаған жастарды Егеров сыйлаған маузермен атып өлтірген болса, өзі де тап сондай өлім құшқан жоқ. Бірақ ол өмірден өтер алдында өзіне-өзі үкім шығарып, одан да ауыр «өлімге» бас тіккенін өзі аңғармаған. Кейінгі совет балалары біліп жүрсін деген оймен бар қылмысын ашып жазып, өзіне-өзі ауыр үкім кескенін парықтамаған. Шығарманың негізгі идеяларының бірі – адам жасаған қылмысын осы өмірде қайта табады яки өмірден өтіп кеткен соң тарих алдында жазасын тартады деген ой. Өйткені, әділдік құндылығы байға да, жарлыға да, тіпті асқан батырға да бірдей болмақ. Оны бірінші оқиғадағы сияқты әділ басшы орындайды яки келер ұрпақтар алдында одан да ауыр жазаға тартылады деген идея шығарманың өзегіне айналған.

Жоғарыда айтқанымыздай, жазушы мен патшаның арасында тығыз байланыс бар. Сондай-ақ, Зәңгі мен Ақпамбетовті де жалғап тұрған ұқсас мотивтер аз емес. Екеуі де – өз-өзіне ор қазғандар, екеуі де өз қылмыстарын ерік-қалауымен жұртқа жайып салды. Осы орайда, шығарманың өн бойынан біз жазудың микрообразға айналып кеткенін көреміз. Жазудың өзі дербес құндылық ретінде көрініс тапқан. Ол шежіреші – академик – автор иерархиясы арқылы биіктей түседі. Өйткені, бәрі де «ғибрат үшін жазады», жазуға жүгінеді. Салахад-дин сұлтанның өзі Зәңгіні жазалағаннан кейін қасындағы қаламгерлеріне «ғибрат үшін жазып қоюды» тапсырады. Осы орайда, сұлтанның ең әділ үкімі әдептен озған батырды өлімге қиюы емес, оның бұл ісін келер ұрпақтарға өнеге ретінде жазып қалдыруға бұйыруы деген емеурін де жоқ емес. Дегенмен, шежіреші жақсылықты ойлаған пенделерге арнап жазса, тарихшы «шайтанға арын сатқандарға насихат ретінде» [105, 25] жазды. Жазудың құндылық ретінде үстем қойылуы оның әділдік пен өнеге құндылықтарын сақтаушы күш ретінде сипатталуынан байқалады. Патшаның билігі өз дәуірінде ғана жүріп тұрса, жазудың, мәтіннің билігі ғасырлар бойы сақталмақ. Осыдан да болар жазушының қолындағы билік сұлтанның қолындағы билік құндылығынан әсте кем емес. Автордың ойынша, мәтін иесінің меншігінде де патшалықтың күші бар. «Болат қаламның ұштығында тұрған өзгеше патшалық» [105, 25]. Салахад-диннің мерейін асырып тұрған деталь оның дер кезінде әділ үкім шығарып, Зәңгіні жазалауы емес, мәтін киесінің қадірін біліп, ғибрат үшін жазып қоюға бұйыруы сияқты. Яғни мәтін, жазу әділдікті сақтаушы, келер ұрпақтарға жеткізуші функциясымен өз құнын асырып, билік

құндылығымен тең суреттеледі. Міне, содан да, жазушы патшадан да күдіретті адам болуы кәдік.

Әдебиет – қоғамның айнасы. Аталмыш анықтама социалистік реализм әдісінің үстем боп тұрған шағында жиі ауызға ілінетін. Әрине, бұл сөзде бәлендей кемістік бар дей алмаймыз. Дегенмен, бүгінгі әдебиет объективті әлемнен гөрі субъективті әлемнің шындығын ашуға бет алған сыңайлы. Осы орайда, әдебиет, ең алдымен, қоғамдағы адам жанының айнасы болмақ. Соңғы ширек ғасырда жарық көрген қазақ прозасындағы шығармалардың сипатынан біз осындай ерекшелікті таныдық. Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста жазылған көркем туындылардың көбінде оны бақыт құсы ретінде қабылдап, үлкен үміт пен берік сенім құндылықтарының биіктей түскені байқалады. Мысалы, біздің талдау нысанамызға іліккен М.Мағауиннің «Салахад-диннің үкімі» деп аталатын әңгімесі әділдіктің, ұлттық мүдденің үстем болуына деген үміттің айрықша әспеттелуін көрсетсе, ол – осы кезде жазылған қазақ прозасындағы туындылардың бәріне дерлік ортақ құбылыс. Әсіресе, қазақ қаламгерлері егемендікпен бірге ұлттық құндылықтарымыздың үстем болып, қазақтың өзіне ғана тән даралығы биіктейді деп сенді. Дегенмен, қазақ прозасының даму бағытына қарайтын болсақ, екі мыңыншы жылдардан бастап қазақ прозасында белгілі бір алаң көріне бастады. Ол – ұлттық мұраттардың кей кездерде әлі де болса көлеңкеде қалып қойып, өзіміздікінен бұрын өзгенің құндылықтарына бас ұрушылыққа деген өкпе-өкініш бар сияқты. Ол кейде ашық, кейде ащы мысқылмен, кейде астарлы символизммен көрінеді. Енді егемендікті қалай баянды етеміз, оны қалайша қорғаштап, іргесін нығайтамыз деген сұрақтарға әртүрлі жауаптар ізделіне бастады. Мәселесен, жазушы Т.Шапайдың «Айна сарай» деп аталатын әңгімесінен біз осыны аңғардық.

«Қайдан келгенін, қашан келгенін, кім екенін ұмыттым – осы шал мені ертіп кеткелі қаншама ғасыр өтті..» – деп басталады аталмыш әңгіме [106, 199]. Шығарманың басынан-ақ біз өзінің күйін жете танымайтын, өзін ертіп келе жатқан шалдың қашаннан бері жолбасшы боп жүргенін білмейтін, бұлыңғыр халдегі кейіпкер тұлғасына тап боламыз. Шөл далада желіп келе жатқан екеудің алдынан алыстан жарқыраған сарай көрінеді. Бұның жасыл желегі жайқалған жаннатқа жетемін деген арман-аңсары қолдың сынығындай ғана айна боп шықты. Алайда, кейіпкеріміз оған қарауға именеді. Қараса болды, өз-өзінің бейнесінен шошиды. Адам танымастай өзгеріп кеткен. Бір кезде шал оны салтанатты сарайдың ішіне кіргізіп, дәл өз бейнесі түскен сансыз айна-көрермендердің алдына әкеледі. Әрқайсының бетінен өзінің әртүрлі қалыптағы бейнесін таниды. Дос-дұшпандарының өзі туралы ой-көзқарастары екен. Алайда, оның жақсы қасиеттерінен гөрі адам жуымас жаман ғадет-мінездері көп боп шықты. Өзі ақиқатты іздеп жолға шыққан болса да, осынау айнаға қарағысы келмейді. Шалмен ұзақ сұхбаттасқан жолаушы ақиқатты мойындаудан бас тартып,

өзін көптен бері ертіп жүрген шалды қуып тынды. Кейіпкеріміз түс көріп жатыр екен, ал теледидардан Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шара көрсетіліп жатыр.

Негізгі кейіпкерлер – шал мен жолаушы. Автор оқиғаны бірінші жақтан, жолаушы атынан баяндайды. Басты кейіпкерлер жолаушы мен шал десек те, екеуі де – бейсанадағы – жазушы түсіндегі образдар. Автор әңгіменің көркемдік қуатын түс көру мотиві арқылы арттыруға тырысқан. Бір ерекшелігі, шығармада түстің ішінде тағы да түс көру мотиві қайталанады. Бір қарағанда оқиға саналылықтан бейсаналылыққа өту нүктесі – экстазда өтіп жатқандай әсер қалдырады. Асылында, оқиға автордың түсінде өрбиді. Басты кейіпкерлердің әдейі шал мен жолаушы кейпінде алынуында да мән бар деп ойлаймыз. Жолаушы мен шал образы ежелгі әдеби мұралардан бері жалғасын тауып келе жатқан тұрақты бейнелер болып саналады. Әсіресе, ол шығыс халықтарының әдебиетінде өте жиі ұшырасады. Бұл көп жағдайда белгілі бір ақиқат-шындықты кейінгі толқын өкіліне, жас кейіпкерге ұғындыру үшін қолданылатын сияқты. Осындайда өмірді енді тани бастаған жас жеткіншекке өмірден көргені мен түйгені көп қарияның кеңестері аса зәру болмақ. Алайда, аталмыш әңгімеде жолаушы жас жеткіншек бейнесінде көрінбейді. Ол – көп жасаған, тек өзін тануға құлшынбайтын образ. Оның үстіне, жолаушы дегеніміздің өзі – үздіксіз ілгері жылжып отыратын динамикалық кеңістіктің өкілі. Яғни жолаушы бейнесі арқылы жазушы тарихы терең, бірақ тап бүгінгі заманда өз бейнесіне жете үңілмей, төл құндылықтарын өз деңгейінге сараптай алмай жатқан қазақ ұлтының бейнесін көрсеткісі келген секілді.

Онейрикалық уақыт пен кеңістікте өрбитін оқиғалар желісі айна мотивімен тікелей байланысты. Бас кейіпкер не үшін айнаға қайта-қайта қарағыштайды деген заңды сұрақ туындайды. Айнаның тура мағынасындағы қызметі белгілі, ал ол әдеби мәтіндерде көбіне өз-өзінді тану, кем-кетігіңді сарапқа салып, қасиет-болмысыңды қайта таразылау сынды ауыспалы ұғымдармен тікелей байланысты боп келеді. Осы орайда, айна мотиві ұлттық бірегейлік, ұлттық даралық ұғымымен тікелей ұштасып кеткен. Жалпы, аталмыш ұғымның өзі жалпыадамдық құндылық болып саналады. Өйткені, ұлттың өз-өзін танымай тұрып жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарға қол созуы абсурдқа ұрындыруы кәдік. Ал біз «Айна сарай» әңгімесінен осындай қауіптің алдында тұрған кейіпкерді көреміз. Ол қиялға беріліп, сағымға алданып, «елес бейнелі ғажап қорғанға» жетуге асығып келеді. Оның салтанатты күмбез деп ойлап келген сарайы сынық айна боп шығады. «...Шаңын жеңіммен сүртіп-сүртіп жіберіп, үңіліп келіп қараймын. Қараған сайын, белгісіз бір үрейден қалтырай түсемін...» [106, 199]. Кейіпкер айнаға қараған сайын өзіне әрі ұқсап, әрі ұқсамай қалған қорқынышты бір бейнені көреді. Амфитеатр секілді салтанатты сарай ішіне фантастикалық сипатта енген қос кейіпкердің алдынан жолаушының ұсақ-түйек боп күл-паршасы шыққан айна сынықтар кейпіндегі бейнесі

орындықтарға жайғаса жайылып кетеді. Бас кейіпкерді танитын күллі таныстарының бұл туралы көзқарастарын көрсететін айнадан өзін көрген кейіпкеріміз мынаған көз жеткізеді. «Қатарларды жағалап кетіп барам. Мен өзімді не түрлі ұсқында ғана көрмедім? Мен – тоқмейіл, мен – тоңмойын, мен – тоғышар, мен – сараң, мен – қу, мен – кесірлі, мен – алаяқ, мен – алжыған, мен – керітартпа, мен – надан, мен – ... Адам сенгізіс, бірақ менің осы тұрпатты бейнелерім көп-ақ екен» [106, 202]. Бір кезде ол өзінің айнасына келді. Онда сүйіспеншілік бар. Бұл – адамның өзіне деген сүйіспеншілігі. Осы кезде шал екеуі арасында қызу пікірталас басталады. Адамның дара табиғаты турасындағы Зенонның, Шопенгауэрдің қанатты сөздерін келтірген кейіпкерге шал мысқылмен қарайды. Өйткені, ол сөздердің байыбына барып, терең түсінбегені байқалады. Шал деп отырғаны – Сократ. Шығарманың басынан «грек профильді бет-жүзі» мен «сократ маңдайлы» шалдың Сократ екенін сезіп отыратын оқырманның эпиплогте «Өзіңді таны» деген Сократ сөзіне тап болуы ойын шындыққа айналдырып жібереді. Жазушы Сократты емес, ақыл айтар абыз ретінде Асан Қайғыны немесе Бұқар жырауды айтса болар еді. Бірақ бас кейіпкеріміздің өз даралығын әлі де болса тани алмай жүргенін тереңірек ашып көрсету үшін әдейі батыс философиясының, еуропалық мәдениеттің іргесін қалап, гүлденуіне үлес қосқан тұлғалар сөздерін келтіруі де көп жайтты аңғартса керек. Зенон мен Шопенгауэрдің сөздерінде жете түсінбеуінің себебі де сол, ол өзін дұрыс таныған жоқ деген ой бар. «Мифологиялық таным бойынша айна екі әлем арасындағы шекара ретінде, өлімнің ажырамас бөлшегі ретінде қарастырылған. Ол оның сиқырына қол жеткізгендер үшін күштің қайнар көзі ретінде және кеңістіктің алдында билік жүргізу әдісі ретінде саналады», – деп жазды әдебиеттанушы Г.Балтабаева [107, 194]. Сондай-ақ ғалым XX ғасырдан бастап әдеби-көркемдік санада айнаның әлемдер арасындағы шекара рөлін атқарғанын, символизм поэтикасында оның екіжүзділік, өлім, ақылсыздық мотивтерімен сәйкестендірілгенін жазады [107, 195].

Шығарманың идеясы түйінді абзацта ғана көрінеді. Негізгі образдар ретінде біз шал мен жолаушыны атасақ та, бірер жанама кейіпкерлер де көрініп қалады. Олар оқиға желісіне тікелей араласпағанымен, шығарманың идеялық концепциясының айқын ашылуына қызмет етеді. Мысалы, автордың жарының теледидарды қосуы және оның ар жағынан мемлекеттік басшысының су ішіп, сөйлеуге қайта оқталып жатқаны, оның жанындағы жылтыраған айнаның тұруы оқырманды ойландырмай қоймайды. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік ғылымдарда өз және өзге ұғымдары айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл үрдіс әсіресе жаһандану үдерісі күшейгелі тіпті көп тілге тиек етіліп, ғылыми қауым өкілдерінің назарын көбірек аударды деуге болады. Ұлттық бірегейлік, даралық, ұлттың өзіне ғана тән қасиет-бітімі, құндылықтар жүйесі сынды мәселелер таразы басының бір шетінде тұрса, екінші шетінде әлемдік мәдени көштің

бүгінгі сипаты, мультимәдени құбылыстар мен плюралистік қозғалыстар, жаһандық феномендер мен тенденциялар, мәденитаралық диалог сынды түйткілді тақырыптар тұр. Т.Шапайдың «Айна сарай» әңгімесі бізді аталған іргелі тақырыптар төңірегінде ой жүгіртуге итермелейді. Жолаушының шөл даладағы айна сарайдың ішіне кірген кезде ұсақ-түйек сынық айналарға айналып, амфитеатр секілді үлкен сарайға шашылып кетуі және оның ішіндегі әр орындыққа «жайғасқан» өз сынықтарының алдына барған кезде өз болмысын көруі мен шығарманың түйін-соңындағы елдің көшбасшысы бастап, үлкен сарайда дүрліге қол соғумен ғана отыра бастаған адамдардың параллель суреттелуі жайдан-жай емес. Отырғандар – айна сынықтары, оларға қарап, өзін танитын – жолаушы-жазушы ғана емес, сол елдің тізгінін ұстар басшысы да. Шығарманың түйінінде онейрикалық-фантастикалық уақыттан өзіміз өмір сүріп отырған тап қазіргі реалды уақытқа көшеміз. Одан да анығырақ айтсақ, Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты шарада Елбасы мен қуана қол шапалақтаған амфитеатрдағы көптің бейнесі көрінеді. Өз – өзге қатынасында қарасақ, мынадай түйіндер шығаруға болады: өзгені тану үшін өзінді таны, өзгеге сыйлы һәм еңсеңнің биік болуы үшін де алдымен өзінді таны деген емеурін бар. Өзінді танымай тұрып өзге туралы түсінігің де бұлдыр күйінде қалмақ. Сонымен бірге, ең бастысы, Тәуелсіздігің баянды болмақ емес деген үлкен ескертуді көреміз. Тәуелсіздік құндылығы ашық та анық айтылмағанымен, оның баянды болуы үшін өз кемшіліктерімізді сарапқа салып, құр сағым-қиялға алданбау шарт деген ой бар. Одан тіпті елдің басындағы көшбасшының да айналып өтер дәрмені болмауға тиіс.

Құндылықтар жүйесінің өзгеруіне түрткі болатын факторлардың бірі – қоғамдық-саяси жүйенің басқа арнаға түсуі. Ірі тарихи оқиғалар өз кезегінде қоғамдық санаға да айрықша әсер етіп, қауым елдің аксиологиялық болмысын түрлендіреді. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан саяси басқару, құқықтық-юриспруденциялық жүйесі жойылып, дәстүрлі төл рухани-мәдени институттарының аясы тарылған XIX ғасырда да, патшалық отарлау жүйесінің орнын басып, айтулы саяси-тарихи дүмпулер туғызған XX ғасырдың бас кезіндегі қызылдар билігі кезінде де қазақ халқының санасында зор сілкініс болғаны белгілі. Оның шынайы бейнесін тарихи-деректік материалдардан ғана емес, өз дәуірінің әдебиетінде әдіптеліп қалған көркем мұраларынан танимыз. Біздің ойымызша, тарихтың осындай аумалы-төкпелі уақытында әдебиетте бейуақ мотиві ерекше көзге түседі. Зар заман поэзиясының өзегінде де аталмыш мотив жатыр. XX ғасырдың бас кезінде большевизм өкілдерінің бостандық, теңдік сынды жалпыадамдық құндылықтарды ту еткенімен, сайып келгенде, оның отарлау машинасының формасы ғана өзгерген өзгеше түрі екеніне көз жеткізген қазақ қаламгерлері де қарсылық танытып бақты. Біздің айтпағымыз тарихи деректерді қайта жаңғыртып, өткенге сарапқа салу емес, осындай алдың – бұлыңғыр, артың күнгірт тартқан өтпелі

кезеңдерде сөз өнерінің де беталыс-бағыты құбылатынын қаперде ұстау болатын. Біз дерекнамалық сипаты басым тарихи құжаттардан реалды шындыққа қол жеткізгенімізбен, сол дәуір адамдарының рухани-психологиялық болмысы мен ішкі құндылықтар жүйесінің қалып-күйін ашып бере алатын тап сөз өнеріндей құбылысты таба алмайтынымыз ақиқат. Жоғарыда тілге тиек етілген қоғамдық формациялардың ауысу кезеңдері секілді, XX ғасырдың соңғы онжылдығында да қазақ қоғамында саяси-әлеуметтік бұрылыстар орын алғаны белгілі. Ал халықтың мұң-мұқтажы мен күйініш-сүйініші қатар көрінетін әдебиетте аталмыш кезеңде де жалғыздық сарыны, негативке салыну, өмірден түңіліп, психологиялық дағдарысқа тап болу сынды рухани-эмоциялық күй кешетін кейіпкерлер саны арта түсті. Яғни социалистік-жоспарлы қоғамда ұжымдық құндылықтар аясында өмір сүріп келген халық бәсекеге негізделген нарықтық қоғамда әп-сәтте индивидуалдық құндылықтарға сай өзгере алмағаны жасырын емес. Ал бұл өз кезегінде қоғамдағы этикалық-моральдық құндылықтар жүйесінің айтулы қайшылықтарға тап болып, рухани деградация үрдісінің жүру қаупін зорайтады. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында қазақ қоғамында орын алған рухани және экономикалық дағдарыстың ұжымдық сананы жоққа шығарып, жеке индивидуум ой-өрісінің күшеюіне, сол арқылы сана трансформациясының жүзеге асуына түрткі болғанын айта келе М.Оразбек: «Экономикалық және рухани дағдарысқа ұшыраған елдің өмір сүру принципі өзгеше мәнге ие болғандықтан, әрбір адам өзінше тіршілік етуге ұмтылған, мәселені жеке-дара шешуге тырысқан «өзімшіл» сананың күшеюіне ықпал етті. Нәтижесінде мың құбылып, күнде өзгерген заман ырқы ұлт психологиясына айтарлықтай жарықшақ, сызат түсіріп, қырық құбылған индивид характер тудырғаны ақиқат. Қоғамдағы адам баласының ала-құла мінезі мен әрқилы іс-әрекеті түрлі оқиғаның тууына, бұрын қазақ арасында болмаған жағдайлардың орын алуына дейін көрініс берді», – деп жазды өзінің «Абсурд және антиқаһарман» атты мақаласында [108]. Дегенмен, бұл да ұзақмерзімді құбылыс бола алмайды. Өйткені, әлемдегі басқа халықтар әдебиетіне көз салғанда да осындай құбылыстың бар екенін байқадық.

Жоғарыда аталған кейбір сипаттарды біз қазақ әдебиетіндегі прозалық туындылардан көптен кездестіреміз. Өйткені, қаламгер, ең алдымен, өз дәуірінің тыныс-тіршілігін – өзі көрген, көңіліне түйген құбылыстарды шығармашылығына арқау ететіні рас. Осы орайда, жазушы Н.Ораздың шығармашылық әлеміне үңілуді жөн санадық. Себебі, оның шығармаларынан біз өмірдің нәзік иірімдерін танимыз, шынайылық пен сұлулықты ұштастыруға тырысатын кейіпкерлер келбеті көрінеді. Автордың өзі де жоғарыда тілге тиек етілген қоғамдық-психологиялық құбылыстардың белортасында жүріп, сол кездің ауыртпалығын жүрегінен өткізе білген қаламгерлер санатына жатады. Әсіресе, оның «Қайыршының жұлдызы» деп аталатын әңгімесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы

қазақ қоғамының бейнесін өнер адамдарының өмірі мысалында барынша шынайы ашып беруімен де құнды деп есептейміз. Шығарманың баяндау жүйесінде үлкен ерекшелік байқала қоймайды. Жазушы оқиғалар желісін дәстүрлі әңгімешілдік әдісімен – екі кейіпкер арасындағы сыр-сұхбат формасымен беруге тырысқан. Дегенмен, дәстүрлі әдеби шығармалардағы жол қысқарту үшін әңгіме-дүкен құратын динамикалық кеңістіктің кейіпкерлеріндей емес, мұндағы ерекшелік баяндау жүйесінің статикалық-тұрақты кеңістікте өтуі мен екіжақты диалог қатысушыларының өмірде сәтсіздікке ұшырап, жалғыздықтың азабын тартып жүруі.

Сауықтыру орнында жатқан ер мен әйел кездейсоқ танысып, таныстығы жылы қарым-қатынасқа ұласады. Бір күні әйел оған театр актерінің басынан өткен трагедияны – өзі куә болған оқиғаны баяндап береді. Өңірлік театрдағы ең дарынды әрі үнемі басты рөлдерді сомдап жүрген актерге «Қайыршы» қойылымында да басты рөл бұйырады. Ол күндіз-түні дайындық жасап, тіпті көшеге шығып, шын қайыршы боп та көреді. Спектакль премьерасы болған кезде қайыршының рөліне таңғалмаған, жаны ауырып, мейірімі оянбаған адам қалмайды. Тіпті сол кездерде қала халқы көрінген қайыршыға ерекше мейірімді болып кетті дейді жазушы. Тіпті аты аспандаған қойылымды қайыршылардың өзі де арнайы барып көріпті. Алайда, ол да ұзаққа созылмайды. «Қайыршыны» қойған режиссер астанаға ауысып кетеді де, актер елеусіз қалады. Қыстың ызғарлы суығында оның тоғызыншы сыныпта оқитын қызы курткасын ұрлатып, үйіне көйлекшең оралады. Ақшадан таршылық көріп, бірнеше күннің ішінде әбден қажып кеткен актер аты аспандап тұрған кезде үйіне дейін шығарып салған бай кавказдық жігітке хабарласады. Ол әңгіме арасында қайыршылардың жан дүниесінде кейбір құпияларды әлі де болса толық көрсете алмай жатқанын ескертіп кеткен болатын. Қайыршылардың бастығы болып есептелетін кавказдық жігітпен жолыққан актер сол күні қызына аса қымбат шуба алып келеді. Сол күннен кейін күрт өзгеріп, театрдағы қызметін де біржола тастайды. Аз уақыттың ішінде байып шыға келеді. Алайда, әйелімен жараспай, ақыры ажырасып кетеді.

«Қайыршының жұлдызы» әңгімесінде өнер адамдарының образдары ашылады. Тіпті әңгіменің өне бойында көрінетін ер кісі мен әйел кісі де өнер адамдары секілді. Өйткені, олардың тілінен, әрекеті мен танымынан нәзіктік пен өзгеше бір кірпияздық байқалады. Жалпы, әйел тым сезімтал. Ол серігінің бір көзқарасынан немесе болмашы әрекетінен-ақ оның ішкі ойы мен пікірін ұғып қоятын сергек жан ретінде көрінеді. Құндылықтардың қайнар көздерінің ішінде әйел кісіге, әсіресе, сезім бастауы ерекше сай келеді. Өйткені, ол көп нәрсені сол сезімге салып өлшейді. Сезімге беріліп, тіпті бөтен еркектің құшағына еніп кетеді. Ал оның титімдей көзқарасынан-ақ оның жиіркенгенін біліп, есікті жауып, шығып кетеді. Яғни әйелге ең алдымен шынайылық маңызды. Ол шын романтиканы, риясыз сезімді, биік парасатты қастерлейді. Оның құндылықтар жүйесіндегі бірінші кезекте

тұрғандары осылар сияқты. Ал ер кісі бәрін ақылға салғыш, оның әйелге деген жылы сезімі оянғанымен, түптеп келгенде, суық ақылға салып өлшейді. Шығармада екеуі де жалғыздықтың азабын тартып жүрген адамдар боп көрінеді. Әсіресе, келіншектің бойында сондай дерт бар сықылды. Осы жалғыздық оларды жақындатты, тіпті олардың танымындағы, құндылықтар жүйесіндегі айырмашылық та жоқ емес. Онысы жұлдыз жорамалға деген көзқарасынан да білініп қалады. Ер кісі «өмірден емес, өз-өзінен түңілген адам» [109, 109].

Көркем әдеби шығармада құндылықтар қақтығысы өз кезегінде шығарманың поэтикалық коллизиясын туғызады. Жалпы, көркем шығарманың рецептивті сипатының өзі кейде осы аталған құндылықтар жүйесінде шиеленіскен байланыстар арқылы көрінеді. Эстетикалық әсер сыйлайтын көркем туындының әрбір элементі белгілі бір аксиологиялық мән арқалап тұрады. Кейде жазушы кейіпкер болмысын тереңірек ашу үшін кенеттен аксиологиялық бұрылыстар жасап жіберуі мүмкін. Осының мысалын біз талдау нысанымызға ілініп отырған әңгімеден де айқын байқаймыз. Әсіресе, ол актер бейнесі арқылы жақсы ашылады. Кейіпкер санасындағы құндылықтық құбылу шығарманың сюжетін де мүлдем жаңа сатыға көтеріп әкетеді. Кейде кейіпкерлердің өміріндегі бір ғана сәттің өзі оның құндылықтар жүйесінде үлкен бетбұрыс жасап жіберуі кәдік. Мысалы, актер өзінің қызының қақаған аязда курткасын ұрлатып, көйлекшен келгенін көріп, оның ауырып қалғанына қатты уайымдап, аз күнде өмірі адам танымастай өзгеріп кетті. Түрі ғана емес, көзқарасы да. Ол өнерде жүріп, сұлулықты, эстетикалық құндылықтарды ту етіп, соны насихаттап жүргеннен гөрі, бейшараның кейпіне енсе де, материалдық-экономикалық құндылықтардан таршылық көрмеуді көздеді. Оның осындай шешімі актердің өмірін мүлдем басқа арнаға түсіріп жіберді. Яғни эстетикалық құндылықтардан гөрі ендігі өмірде актер үшін материалдық құндылықтар бірінші орынға шығып кетті. Өйткені, ұрпақ құндылығы – бауыр еті баласының денсаулығы, оның амандығы бәрінен де құнды кейіпкер үшін.

Жалпы, қазақ әдебиетіндегі шығармалардан байқалатын бір ерекшелік – кейіпкерлер үшін ұрпақ жалғастығының құнды екендігі. Ол тек бүгінгі қазақ әдебиетіне ғана тән ерекшелік емес. Ол – қазақтың ауыз әдебиеті мұраларынан бергі үзілмей келе жатқан дәстүр. Мысалы, елдегі елеулі бір бай не патшаның басындағы уайым-қайғысын немесе өмірдегі арман-мұратын жеріне жеткізіп суреттеу үшін шығыстық-далалық сарыны басым қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде көбіне-көп ол кейіпкерлердің баласыз күн кешіп жүргендігі айтылады. Сейіт Қасқабасов қазақ әдебиетіндегі ертегілердің мотивтерін, тұтастану мен эпикалық мұраларға тән сюжеттік ұқсастықтарды зерттей келе, соның бір парасы перзентсіздік мотиві екенін дәлелдеп берген болатын. Әрине, мұндағы мәселе басқа. Шығармада перзентсіздік мотиві айқын көрінбегенімен, соған апарар

себеп-салдарлардың қаупінен бәрін ысырып қойып, перзенті үшін, отбасы үшін өмірін басқа арнаға бұрған актер-кейіпкерді танимыз.

«Қайыршының жұлдызында» пахан (кавказдық жігіт), шахтер ағай, актердің әйелі мен қызы және режиссерлер қосымша образдар болып саналады. Әңгімедегі образдар бейнесін ашуда диалогтар айрықша қызмет етіп тұр. Осы екі жақты сұхбаттар арқылы біз кейіпкерлердің болмысын, олардың құндылықтар жүйесін танимыз. Шығармада негізінен ер мен әйел және актер мен пахан арасындағы диалогтар өрбиді. Өз кезегінде осы аталған кейіпкерлер ғана басты планға шығып, бейнесі ашылады. Ал енді актердің әйелі мен қызы, актердің әріптестері – режиссерлер мен актерлер тек бас кейіпкерлердің болмысының ашылуы үшін әдейілеп алынған жанама кейіпкерлер секілді. Ер мен әйел, актер мен кавказдық жігіт (пахан) арасындағы диалогтар шығарманың бойындағы құндылықтар жүйесін айқындауға сеп болады. Ер мен әйел арасындағы сұхбаттардан біз екінші қатардағы, яғни параллель көрінетін актердің өмірін танысақ, бір жағынан махаббат құндылығына да куә боламыз.

«Қайыршының жұлдызы» деп аталатын әңгімеде материалдық құндылықтар мен рухани құндылықтардың қақтығысы көрінеді. Ол әлеуметтік-отбасы құндылықтары мен эстетикалық құндылықтар арқылы өзара ұштасып суреттеледі. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан мынадай екі айтулы түйткілге тап болды: бірі – экономикалық, екіншісі – рухани-идеологиялық. Социалистік режимде өмір сүріп келген ел жоспарлы экономикадан капитализмнің нарықтық экономикасына бірден көшуге мәжбүр болды. Сондай-ақ маркстік-лениндік идеологиядан, материалистік диалектикадан қол үзіп, ендігі ретте дербес рухани бағдарын айқындау міндеті тұрды. Аталған екі мәселе ондаған, тіпті жүздеген түйткілдердің тууына түрткі болды деуге негіз бар. Елдегі саяси-экономикалық тұрақсыздық, әлеуметтік наразылықтың күшеюі, демографиялық көштің күшейіп, урбанизация процесінің үдеуі сынды мәселелердің бәрі де сол кезде өмір сүрген азаматтардың рухани-психологиялық әлеміне өз ізін қалдырмай қоймады. Қазақстан Республикасы халықаралық аренада нарықтық экономиканың тұғырына 2000 жылы ғана қона алды делінеді, ал АҚШ 2002 жылы ғана Қазақстанды нарықтық ел деп таныды. Ал оған дейінгі он жылдықта айтулы қиындықтардың аз болмағаны белгілі әрі оның бәрі де өз дәуірінің сөз өнерінде әдіптеліп, қағазға қонды. Міне, Н.Ораздың аталмыш туындысына арқау болған көркемдік-сюжеттік дүние де осының айғағы болса керек. «Өз заңдылықтарын өмірге енгізген нарықтың жолы болмағандарға қарсы жүргізген «мәдени репрессиясы» оларды қалыпты жолдардан тайдырып, қоғамда «бөлектену», «азаматтық нигилизм», «апатия» құбылыстарын тудырды, келеңсіз қылықтар мен қылмыстар белең алды», – деп жазады Т.Ғабитов [110, 335]. Қазақстандағы мәдени кеңістіктің өткені мен бүгінін сарапқа салған ғалымның пікірімен келіспей тұра алмаймыз. Совет одағы ыдырағаннан кейінгі жылдарда посткеңестік

елдердің бәрінде дерлік «трансформациялық шок» құбылысы орын алғаны шындық. Біздің нысанамызға іліккен Н.Ораздың әңгімесі сол кезеңнің көркемдік-психологиялық шежіресі іспетті. Халықтың әлеуметтік жағдайы күрт түсіп кеткен кездерде рухани-эстетикалық құндылықтар кейінгі шепке ысырылып, физикалық-материалдық құндылықтардың үстем болатыны белгілі. Бұл ойымызды социопсихолог А.Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы теориясымен де дәлелдеуге болады. Америкалық ғалым адам өмірінде ең алдымен материалдық құндылықтар қажет болатынын, содан кейін ғана рухани құндылықтарға деген сұраныстың туатынын ғылыми тұрғыдан дәйектеп берген болатын.

«Қайыршының жұлдызында» материалдық құндылықтар мен рухани құндылықтардың қақтығысы жақсы ашылады. Әсіресе, қоғамдық формация ауысып, үлкен бетбұрыстар орын алып жатқан тұста эстетикалық, мәдени құндылықтарға қарағанда, материалдық құндылықтар басым түседі деген идея айқын көрінеді. Жазушы тура осындай кезеңдегі қоғам мүшелерін – өнер мен сыбайласқан бизнестің өкілдерін қарама-қарсы қоя отырып нарратологиялық жүйе жасай білген. Бұл – шындық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ қоғамында осы секілді келеңсіз жағдайлардың көбейгені белгілі. Алайда, олардың жан дүниесіне үңіліп, ішкі мұң-шерін сарапқа салу жазушылардың шығармашылық азығы болып саналады. Мысалы, қазіргі әңгіме жанрындағы қаңғыбас, қайыршы бейнесінің көрінісі біздің арнайы талдау нысанамызға алынған болатын [111].

Қазіргі әдебиеттегі мұнның көбеюінің бір сырын біз капитализмге бейімделе алмаған қоғамның ішкі алай-дүлейінен іздесек болатындай. Өйткені, қоғамдағы азаматтардың бәрі нарықтық қатынастарға әлі толық бейімделіп үлгерген жоқ.

Бірақ актер отбасылық құндылықтарды бәрінен биік қойған адам ретінде көрінсе де, отбасындағы жылылықты сақтай алмайды. Мәселе, материалдық құндылықтардың рухани құндылықтардан үстем болуында да емес сияқты. Бар мәселе, осының бәрінің адам жанының терең қатпарларына тигізер ықпалы мен түсірер салмағында екен. Осының зардабынан адамдардың тағдырында қиындық туындады. Бақыты бұзылып, жүректері жараланды. Мысалы, актердің әйелі қиналып жүрген кезінде емес, қайта байлыққа белшесінен батқан кезде ажырасып кетті. Яғни адамның бақытты болуына сеп болатын ең бірінші фактор байлық немесе материалдық құндылықтар емес, рухани құндылықтар екенін шығарманы оқу арқылы тағы да көз жеткіздік. Өйткені, «Сол екі-үш жылда оның жаны мен тәні түгел қайыршыланып кеткен екен. Көзқарасы... әсіресе, көзқарасы тым аянышты еді. Үлкен-кіші, бала-шаға, кемпір-шал демей, ол айналадағы адамдардың бәрінен қайыр-садақа дәметкендей жаутаңдап қарайтын-ды. Онымен әңгімелесуге, көңіл көтеруге, қонаққа баруға, жай әшейін бірге отыруға мүмкін болмай қалған-ды» [109, 116] деген әйел сөзінен біз көп нәрсеге қанығамыз. Отбасың үшін материалдық, дүние-байлықты қанша

көп берсең де, оларға рухани-мәдени құндылықтарды бере алмасаң, онда отбасы бақыты баянды болмайды деген идея бар. Өйткені, актер солай болатын. Ол таң азанда кетіп, кеш бата келетін де, ешкіммен сөйлеспей ұйқыға кететін. Отбасы алдындағы міндеттерін тек қана материалдық құндылықтармен қамтамасыз ету деп түсінетін кейіпкердің өзі де кейіннен бейшараның күнін кешіп, отбасынан айырылып қалды. Әдебиеттің басты міндетінің бірі де осы – сол өтпелі кезеңдегі қоғамның айнасын, қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың жан дүниесіндегі шиеленіскен психологиялық, танымдық-эмоциялық ағындардың ақиқатын ашып беруге ұмтылуы емес пе? Бұл орайда, Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесі осындай міндетті шебер атқара алғандығымен де құнды болып саналады.

Жалпыадамдық құндылықтарды арқау еткен көркем туындылардың ғұмыры да ұзақ болатыны заңдылық. Өйткені, күллі адам баласы үшін маңызды болып табылатын категориялар қоғамдық формациялар ауысып, дәуірлер өзгергенімен, өзектілігін жоймақ емес. Содан да аталмыш ұғым-түсініктерді ту еткен әдеби мұралар ғасырлар бойы өз оқырмандарының рухани-мәдени қажеттіліктерін өтеп келеді. Этикалық-аксиологиялық сипаты басым әдеби мұралардың поэтикалық салмағы аса ауыр болмаса да, аталған қасиеттеріне қарай өз құнын жоғалта қоймайды деп ойлаймыз. Мысалы, совет кезеңінде мақтауға ілініп, көп насихатталған кейбір әдеби шығармалардың бүгінде ауызға алынбайтыны осының айғағы болса керек. Ал таптық, социалистік шындық аясымен шектелмей, жалпыадамдық құндылықтарды арқау еткен кейбір шығармалар әлі күнге дейін оқырман ықыласына бөленіп, өзінің маңыздылығын арттыра түспесе, кеміткен жоқ. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің бір ерекшелігі оның қатаң цензурадан босап, ұлттық және жалпыадамдық мұраттарға қол созуында деп есептейміз. Бұл өз кезегінде проза жанрында да әрі аксиологиялық, әрі поэтикалық қуаты мол көркем туындылардың жазылуына түрткі болды. Әсіресе, тоқсаныншы жылдары әдебиет айдынына келіп қосылған қаламгерлердің үні өзінше бөлек шықты деуге негіз бар. Мысалы, жазушы Д.Рамазанның шығармашылығына зер салған оқырман оның мифологиялық, аллегориялық және діни сипаттарды астастыру арқылы ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарды шебер қиюластыра білгеніне көз жеткізеді. Ә.Әлиакбар [112], А.Кемелбаева [113] т.б. сынды жазушының белгілі замандастары баспасөз беттерінде оның шығармашылығына жоғары баға беріп, әдеби-ғылыми тұрғыдан талдаған болатын.

Біздің назарымызды оның «Көш» деп аталатын әңгімесі аударды. Әңгіменің тақырыбының өзі ұлттық құндылықты танытатын концептілік мән арқалаған. Біз жоғарыда Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы көш концепті туралы сөз еткен болатынбыз. Дегенмен, концептінің жеке-дара шығарманың тақырыбы ретінде алынуы сирек кездесетін жайт.

Әңгіменің сюжеттік желісі де қысқа. «Қуарған даланы шаңға көміп, ұзыннан-ұзақ шұбатылған» [114, 23] көштің бетке алған бағыты – Жұмақ-Жай. Көш басшылары алтын, күміс, қола күймелерге жайғасса, арып-ашыған қарапайым халық жаяу-жалпылап ілгері жылжиды. Таудың арғы бетіндегі Жұмақ-Жайға бара жатырмыз деген Малбұқа көсемнің уәдесіне қалың елі де күдікпен қарайды. Дегенмен, сенген кейіп танытады. Айналасындағы жағымпаздар көсемнің күймесін таласа көтеріп, таудың арғы бетіне өтіп кетеді. Ал жүдеп-жадаған қауым асудан өте бергенде қатты дауыл тұрып, көбі қырылып қалады. Аман қалғандары әрең жеткенде билік басындағылар көсемнің асқан даналықпен көш бастағанын мадақтап, той жасап жатыр еді. Бас уәзір бастаған жағымпаздар қу тақырды көрсетіп, жасыл желек жайқалған жаннат мекенге келгенін айтқан кезде басқалары да қуана қолпаштайды. Шылғи өтірікке шыдай алмаған Нағыз ақын ғана батылдық танытып, шындықты жайып салады. Алайда, уәзір оның жүрегіне қанжар сұғып өлтіреді. Өтірікке бой алдырған елдің күні сол арада бітетінін оқырман құзғындардың жинала бастауынан-ақ біліп отырады.

Әңгімеде Малбұқа көсем, бас уәзір, Нағыз ақын, Дәлдүріш ақын және бірді-екілі жағымпаздардың бейнесі көрінгенмен, негізгі көркемдік детальдар мен идеялық концепция дана қарт пен он үш жастағы немересінің бейнесі арқылы, олардың арасындағы диалогтар арқылы ашылады. Дегенмен, осы екі кейіпкердің өзі тұтас халықтың бейнесін ашып береді. Дана қарт пен баланың арасындағы диалог өз дәуірінің құндылықтар жүйесінің деградацияға ұшырағанын дәл танытады. Солай десек те, әңгімеде реалды уақыт жоқ, нақты айтылмайды. Одан гөрі шығармада аллегориялық-ертегілік уақыт басым. Түптеп келгенде, оқырман астарлы мәнмен берілген идея арқылы шығарманың дәл қазіргі өміріміз туралы екенін іштей біліп отырады. Үзінді келтірейік:

– Ата, біз осы қайдан шықтық? – дейді бала сұраулы жүзбен.

– Менің білуімше, Бағзы жақтан шыққан сияқтымыз! – дейді дана қарт та тартынбай.

– Ол қай жақта?

– Арт жағымызда.

– Қазір қай жерде келеміз?

– Жетер жеріміздің желке тұсында келеміз.

– Сонда біз осы қайда бара жатырмыз?

– Біз қайдан шықсақ, сол жаққа қайтып бара жатқан сияқтымыз! [114, 24].

Баланың сұрақтарын, бір жағынан, тұтас ұлттың тағдырына қатысты қойылған сұрақтар деуге болады. Ал жауап беруге тиіс дана қарттың, аға буынның өзі сенімсіз, сөзі нық шықпайды. Бұл – алдыңғы толқын мен кейінгі буынның арасындағы мәдени-психологиялық сабақтастықтың үзіле бастауының көрінісі.

Асудан өтіп жатқан кезде дауыл тұрып, қарапайым халықтың көбі мертiгiп қалды. Тiптi күймелер құзға құлап, әлсiздер түгел қазаға ұшырады.

Ал дана қарт аттан түсіп, жартастың ығын паналайды. Осы кезде қарттың діни құндылықтарының басым екені білінеді. Ол Аллаға жалбарынып, медет тілейді. Бұл, бір жағынан, адамның табиғатында бар қасиет сықылды. Себебі, көптеген әдеби туындылардағы кейіпкерлердің бойынан тап осындай ерекшелікті байқадық. Қысылтаяң шақта кейіпкердің құндылықтар жүйесіндегі наным, сенім құндылығы іріленіп, алға шығады. «Көш» әңгімесіндегі мына үзінді ұлттық құндылықтардың өзіндік ерекшелігін танытады: «Талай адамды тас басып қалған. Аңдай жерде жүк-мүгімен аударылып түскен кәрі атан ыңырана ыңырсып, әлсіз ғана тыпыршиды. Оның жанында быт-шыты шыққан ағаш бесік жатыр. Сәл әріректе қара қазан төңкеріліп қалған.

– Ой, астапыралла! – деді оны көрген данышпан қарт көңіліне кіді алып, – Ел-жұрт аман болса екен!..» [114, 28]. Осы үзіндіден қарт кейіпкердің танымындағы ұлттық ерекшелік даралана көрініс табады. Өйткені, біз қара қазанның төңкеріліп, бесіктің быт-шыты шыққанын елдің амандығымен ұштастыратын кейіпкерді тек қазақ әдебиетінен ғана таба аламыз. Өйткені, көш, бесік, қара қазан сынды ұғым-концептілердің этнотаңбалық сипаты басым. «...этнотаңбалардың өзі ұлттың зерделеген, бақылаған, байқаған, тәжірибесінен сұрыпталған таным-түсінігінің қолданыста қайталануы, екшеленуі нәтижесінде түпкі санада терең сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетуі негізінде қалыптасады және олар символдық, икондық, индекстік бағыттарда таңбаланады», – деген А.Әмірбекованың пікірі бұл ойымызды қуаттай түседі [115, 13]. Этностың ғасырлар бойғы тәжірибесінің негізінде қалыптасқан аталмыш ұғымдар концептілік өріс құрап, белгілі бір деңгейде символдық мәнге ие болған.

Әңгімеде Малбұқа бейнесі шынайы көшбасшы ретінде көрінбейді. Ол – тек Жұмақ-Жайға жетуге аз қалғанын айтып, халыққа болымсыз үміт сыйлап қоятын немқұрайды басшы ғана. Басқа уақытта өтірік сөзге малданып, етке тойып, сарай ақынының өлеңіне мастанып жүрген адам ретінде көрінеді. Оған қарағанда бас уәзірі билік айтып, шешім шығаруда белсендірек. Ол – бар билікті қолына алып, елді авторитарлық-қатыгездік жолмен басқарып отырған ақылсыз уәзір. Осының бәрін көре-біле тұра көсем араласпайды. Одан да жыр тыңдағанды құп көреді.

Жақын қалды арамыз,
Жұмақ-Жайға барамыз.
Ол да сіздің арқаңыз!
Асу бермес құз-шыңнан,
Алып өттің елді аман,
Ол да сіздің арқаңыз!
Жер басып тірі жүргеніміз,
Адам боп өмір сүргеніміз,
Бұл да сіздің арқаңыз! [114, 30].

Бұл – Дәлдүріш ақынның көсемге айтқан арнауы. Осы тұста сарай ақынының бейнесі ашылады. Ол зерлі шапан киіп, әрненің ең таңдаулысын алады. Өйткені, көсемнің көңілінен шығып, өтірікті ұқсатып жырлай алады. Таудан өтсек, жасыл желек жайқалған жаннат жерге жетеміз деп сенген халық оның бірін де көре алмайды. Малбұқа көсем айтқан сарқырап аққан суы да, жүгірген аң-құсы да жоқ. Өздері өлімші халде. Осы тұста автор пейзаж поэтикасын орынды қолдана білген. Жалпы, психологизмнің айрықша маңызды көркемдік тәсілдерінің бірі болып саналатын пейзаждың шығарманың көркемдік салмағын арттырудағы рөлі орасан. Ол көп жағдайда кейіпкерлердің эмоциялық-психологиялық жағдайын танытуға қызмет етеді. Біздің нысанамызға іліккен «Көш» әңгімесінде де пейзаждың аталмыш функциясын көруге болады. Халықтың образын ашу үшін жазушы пейзаж поэтикасына жүгініпті. Қарапайым қауымның жан-дүниесіндегі қалтарыстарды ашу үшін қаламгер құлазыған табиғат бейнесін параллель суреттейді. Ол оқырманға тигізетін рецептивтік әсердің артуына өзінше мол үлес қосып тұр деуге болады. Пейзаж поэтикасын зерттеген әдебиеттанушы Б.Майтанов ол туралы мынадай пікір айтады: «Көркем әдебиеттегі табиғат пен адамның байланысы – ең негізгі философиялық, эстетикалық мәселелердің бірі. Өйткені адам тіршілігінің барлық мезеті алып табиғат аясындағы уақыт пен кеңістікке тән сан алуан астрофизикалық, геоморфологиялық құбылыстармен қабаттас дәурен кешеді» [116, 105]. Халықтың психологиялық күйін танытуда әңгімедегі құлазыған табиғат көріністері зор қызмет атқарып тұр. Табиғат көріністері туралы айтылған халықтың пікірінен біз олардың құндылықтарын тани аламыз. Бас уәзір шыжғырған ыстықта ауыздары құрғап, құлаудың аз-ақ алдында тұрған халыққа қарата: «Мына жап-жасыл жазыққа қарандаршы!» – дейді [114, 31], халық та қоштап кетеді. «Анау сыңсыған ну орманды көріп тұрсындар ма!?!», «Анау ағып жатқан сарқыраманы көріп тұрсындар ма?» [114, 31] деп әртүрлі сұрақтарды қойса, халық та бірдей жамырасып, ештеңе көрмей тұрса да, бәрі жабылып, сөзін қостап, растап кетеді. Жазушы осы тұсты былайша суреттейді: «Кенет ортаға бойы бір-ақ қарыс жылмаң қаққан бір жылтыр қара суырылып шығып:

– Суының дәмі қандай керемет, бал татиды ғой! – деп еді, бас уәзір оған күлімсірей қарап:

– Сен өзі болайын деп тұрған бала екенсің, тобырдың арасында неғып жүрсің?!. Дастарқанға кел! – деді мырза кейіп танытып, – Сенің орның мына жақта! Бұдан былай сен бізбен бірге жүресің!..» [114, 32]. Осылайша шындық жоқ жерде әділдіктің де болмайтынына көз жеткіземіз. Ал әділдікті жақтап, шындықты айтқан адам ондай қоғамда жексұрын болып, тіпті өз өміріне қауіп төндіруі ықтимал. Біз оны Нағыз ақынның бейнесі арқылы танимыз. Уәзірдің арсыздығы мен халықтың жаппай оны қоштап отыруына шыдай алмаған Нағыз ақын бар шындықты жайып салады. Халықтың шынайы жағдайын айтқанмен, оны ешкім қуаттай қоймады.

Қайта уәзір оның жүрегіне қанжар сұғып өлтіреді. Нағыз ақын көш басындағылардың тамұққа бара жатқанын, ал Жұмақ-Жайға тек шындыққа адал өзінің ғана баратынын емеурінмен жеткізіп өмірден өтеді. Шығармада Нағыз ақынмен бірге шындық та қоса өлгені туралы айтылады. Бір адамның өмірден өтуі арқылы шындық, ақиқат атты құндылықтың өзі келмеске кетуі, расында да, шығармадағы құндылықтар жүйесіне өзгеше сипат дарытқан. Өйткені, Нағыз ақын – қоғамдағы шындықты батыл түрде айта алатын соңғы адам. Басқалар шындықты білсе де, өз қарақан басының күйін ойлап, ол қадамнан саналы түрде бас тартады. Нағыз ақын – білімді, талантты, өнерлі, адал әрі ақылды. Шындықты айтқаны үшін үнемі есек мініп, бейшараның күнін кешіп жүретін. Ол асқан дана, өнерпаз, білімді әрі ғалым болса да, шындық деген құндылыққа берік болғаны үшін қоғам қабылдай алмайды оны. Нағыз ақын бейнесіне Дәлдүріш ақынның бейнесі қарсы қойылады. Сарай ақыны өтірікті суша сапырғаны үшін атақ-даңқы аспандап, байлыққа батып, жайлы өмір сүреді. Осы тұста екі ақынның материалдық жағдайына қараған баланың да болашақта Дәлдүріш ақын секілді болсам деген арманы оянады. Бұл жас буынның құндылықтық бағдарын анықтап, арманын белгілейтін факторлардың зиянды екенін көрсетеді. Бір жағынан, бала бейнесі бүгінгі жас буын өкілдерінің психологиялық-мәдени бет-бейнесін ашып тұрғандай. Олар интеллектуалдық деңгейіне қарап өлшемей, қоғам алдындағы материалдық құндылықтарға белшесінен батқан тұлғаларға қарап бой түзейді. Сондай болуға тырысады. Оның әдейі он үш жастағы бала бейнесінде алынуы да тегін емес деп ойлаймыз. «Он үште отау иесі» деген қазақ танымында балалық пен ересек өмірдің алтынкөпірінде тұрған кейіпкердің психологиясы жақсы ашылады. Мұны, бір жағынан, автордың елдің болашағына деген ішкі алаңы деп қабылдауға тиіспіз.

Шағын әңгімеден тұтас халықтың бейнесін тануға болады. «Қабактары салыңқы тартып, кірпіктерін кіреуке жапса» [114, 23] да, олар ақиқат шындықты айтуға именеді. Өйткені, шындықты айтқан адам көзінше өлім құшты. Көшке ілескен халық физикалық тұрғыдан бостандықта жүргенмен, олар – психологиялық-рухани еркіндігінен айырылған адамдар. Ал тұтас қоғам осындай адамдардан құралған кезде өмір құндылығы қалай көрінеді деген заңды сұрақ туындайды. Шығармада оған да лайықты жауап таба аламыз. Нағыз ақынмен бірге шындықтың өліп, ендігі өмірде өтіріктің салтанат құратынын терең түйсінген дана қарт немересіне жалған сөйлеп қана аман жүресің дегенді айтады. Оған рухани тазалығы бұзыла қоймаған бала таңданып, өтірік айтқысы келмейтінін жеткізеді. Бұдан кейінгі дана мен баланың диалогі былайша өрбиді:

- Өтірік айтқың келмесе, үндеме. Үндемеудің өзі де жетеліктің белгісі.
- Үндемей қалай өмір сүреміз?
- Өмір сүргің келсе, үндемек түгіл, өтірік сөйлеуге де үйренесің, балам! Өмір саған емес, сен өмірге бейімделесің! Бұл – өзгермес өмір заңы.

Бейімделгің келмесе, көрдің ғой не боларын!.. [114, 34]. Баланың атасының осы сөзіне күлгенін естіген уәзір ашуға булығып жетіп келеді. Бала да тойынғаннан секіріп тұрғанын айтып, алғаш рет өтірік айтқанын байқамай қалды. Өйткені, өмір құндылығы басым оған да. Тек бала емес, жалпы халық үшін өмір құндылығы бірінші орында. Сол жолда олар өтірік айтып, шындықты іште бүгіп қалуға әзір. Ал өмірдің мәні, оны мәнді ететін басқа да жалпыадамдық құндылықтар кейінгі орындарға ысырылған. Абайдың «Масғұт» поэмасындағы кейбір мотивтер Д.Рамазанның «Көш» әңгімесінде де кездеседі. Өтірік айтпаса, өмір сүре алмайды. Шынтуайтына келгенде, өмір сүруге мүмкіндік бермейді. Жазушы халықтың ішкі күйзелісін, қалжыраған қалпын: «Халықтың көз жасынан қара топырақ ми батпаққа айналып бара жатты...» – деп суреттейді [114, 34]. Осы сәттегі қара құзғындардың олардың айналасын торуылдап, жинала бастауы әңгіменің аллегориялық сипатын күшейтіп жіберген. Бұл – тағдырдың жазылмаған заңдылығы – шындықты жоғалтқан халық та жойылуға лайық.

«Көш» әңгімесінде ақиқат, шындық, сенім, өмір, әділдік, еркіндік, ұрпақтар сабақтастығы сынды құндылықтар көтерілген. Жазушы аталған құндылықтардың табиғатын ашу үшін қарсы мәндегі ұғымдармен астастыра отырып суреттейді. Көркем детальдардың өзі осы жүйеге негізделген. Өз кезегінде бұл құндылықтық-рухани коллизиялардың туындауына түрткі болған. Осылардың ішінде ерекше биік тұрғаны – шындық пен өтірік ұғымдарының арасындағы қақтығыс. Шындық құндылығы сенім, абырой, өмір, еркіндік, әділдік құндылықтарына қарсы қойылады. Шындықты айтқан адам аталмыш құндылықтарынан айырылуы мүмкін. Ал өтірік ұғымы абырой, даңқ, ерлік, ақыл, парасат құндылықтарымен ұштасып кеткен. Өтірік айтқан адам асқан дана әрі көреген адам ретінде көрінуі мүмкін. Оған Дәлдүріш ақынның бейнесі дәлел. Шындап келгенде, олардың сыртқы бейнесі мен ішкі әлемінде өзара ұштастық жоқ, рухани Темірқазығынан айырылып қалған. Содан да өтірікке бой алдырған. Көсем ғана емес, тіпті оның тоқалы да шынайы кейпін жасырады. Көсемнен көзін ала оның уәзіріне көз салып келеді. Малбұқаның балаларын қорғаштап, қалбаңдап жүрген қалың нөкерлердің де іс-әрекеттерінде шынайылық байқала қоймайды. Малбұқаға жыр арнап отырған ақын да шындықтан алыс екенін біледі. Алайда, қарақан басының қамы үшін саналы түрде одан бас тартқан.

Жазушы күші – қаламында. Ол шындықты ашық айтпаса да, астарлап айтады. Задында, көркем шындықтың тарихи-реалды шындықтан артықшылығы да, ерекшелігі де осында болса керек. Образдарды сөйлету арқылы ол қоғамның ең өзекжарды мәселелері жөнінде кесімді сөз айтады. Жазушы Д.Рамазанның «Көш» әңгімесі осындай сипатымен құнды. Үнсіздікке бой алдырып, өтірікке еті үйренген қоғамның шындығын шырылдата жеткізуге тырысқан автордың аталмыш әңгімесіндегі әрбір деталь идеялық концепцияны ашуға қызмет етіп тұр деуге болады.

«Күнәһәрлар бастап келе жатқан көш еш уақытта Жұмақ-Жайға жете алмайды» [114, 26] деген дана қарттың немересіне айтқан сөзі әңгіменің лейтмотивіне айналған. Шындық жоғалған жерде ұлт та жоғалмақ деген идея емеурінмен, көркемдік астармен оқырман көңіліне қонады. Осыны жеткізу үшін, тіпті, жазушы топонимикалық атаулар мен жалқы есімдерге де белгілі бір символдық-аллегориялық астар үстеген. Жұмақ-Жай, Нағыз ақын, Дәлдүріш ақын, Малбұқа көсем, дана қарт, бала образдары – осының айғағы. Жұмақ-Жайға бара жатқан қауым елдің басшылары шындыққа адал болып, әділет құндылығын биік қойса, өз кезегінде, өтірік пен құрмақтаннан бойын аулақ ұстаса, Жұмақ-Жайдың өзі-ақ орнайды деген емеурін де жоқ емес. Ал қулық пен өтірік арқылы халықты бастау тек көштің басындағыларды ғана емес, тұтас елді құрдымға кетіреді деген идея бар. Әйтсе де, мұндағы көш – заман көші. Автор ежелгі көшпелі халықтың тарихи-этнографиялық жадындағы көш құндылығын қайта жаңғырту арқылы бүгінгі уақыттың керуенімен алға жылжып келе жатқан қазақ қоғамының беталысын бағамдап, оқырманына ой салуды көздейді. «...өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам ғой, ұзаққа бара алмайсың. Уақытша жолың болуы мүмкін, мәңгілік көсегең көгере қоймайды» [114, 26-27] деген дана қарттың сөзі «Мәңгілік ел» идеясын өзінің ұлттық идеясы ретінде қабылдаған Қазақ Елінің бүгіні мен болашағына жөн сілтер өсиеттей әсер қалдырады.

Қазіргі қазақ прозасында ұстанымдары, құндылықтар жүйесі мен таным-тәжірибесі өзара қайшылыққа толы кейіпкерлер әлемі қалыптасып үлгерді. Бұл, біздің ойымызша, рухани-мәдени тоқырауға ұшыраған қоғамда болмай қоймайтын құбылыс. Бір қоғамдық формациядан екінші формацияға ауысу үдерісінде құндылықтар жүйесінде айтарлықтай өзгерістердің жүзеге асатыны белгілі. Әдебиеттегі экзистенциалистік жатсыну құбылысының өзі осындай мәдени құлдырау тұсында пайда болады. Жатсыну құбылысы тұлғаның асыл деп жүргені жасыққа айналып, өзінің құндылықтық бағдарынан адасқан кезде пайда болады. Кейіпкерлердің бойын күдік пен күмән, сенімсіздік, қорқыныш, белгісіздік билеп алады. Мысалы, тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» болсын, Д.Рамазанның «Көш» не болмаса Т.Шапайдың «Айна сарай» әңгімесі болсын, бәрінде де осындай күрделі кейіпкерлер жүйесі айқын көрініс табады. Социалистік режимнен нарықтық қоғамға ауысқан кезде қазақ ұлты бұрынғы өзінің құндылықтарын жаңғыртуға мүмкіндік алғанымен, өзінің болмысына сай қоғамға өтті дей алмаймыз. Мысалы, академик Ә.Нысанбаев қазақтардың болмысы, олардың құндылықтар жүйесі туралы айтқан кезде мынадай дүниелерге баса назар аударады: «Қазақ философиясы онтологиялық және гносеологиялық мәселелерден гөрі, этика мен антропологияға көбірек көңіл бөледі, аксиологиялық мәселелерге, әсіресе, рухани құндылықтарға ерекше назар аударады; қазақ философиясы өзінің ғарышпен, әлеммен үндестігі

арқылы сипатталады; философиялық мәселелер, қазіргі тілмен айтқанда, негізінен, экзистенциалдық, дидактикалық және прагматикалық сипатта қарастырылады, қазақ философиясында нәпсіден, байлықтан, табыстан гөрі, ар-намыс, қанағат, тәубе, әділеттілік және тағы басқалары жоғары қойылады; ұжымдық мүдде жеке мүддеден жоғары қойылады» [27]. Көріп отырғанымыздай, этикалық-моральдық құндылықтар аясында өмір сүретін қазақ қоғамы ендігі ретте материалдық-экономикалық құндылықтарды ту еткен нарықтық қоғамға аяқ басты. Мұның өзі қазіргі қазақ әдебиетіндегі күрделі кейіпкерлер жүйесі мен идеялық-мазмұндық бірліктердің көрініс табуына түрткі болды.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ прозасында қоғам шындығы, ұлттың болмыс-бітімі құндылықтар дағдарысы контекстінде танылады. Біздің ойымызша, құндылықтар жүйесінің бет-бейнесінің құбылуына түрткі болатын ірі қоғамдық-саяси оқиғалар әдебиет сахнасына бейуақ мотивін шығарады. Ірі тарихи оқиғалар қоғамдық санаға айрықша әсер етіп, елдің аксиологиялық болмысын түрлендіреді. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан саяси-юриспруденциялық жүйесі жойылып, дәстүрлі төл рухани-мәдени институттарының аясы тарылған ХІХ ғасырда да, патшалық отарлау жүйесінің орнын басып, айтулы саяси-тарихи дүмпулер туғызған ХХ ғасырдың бас кезіндегі қызыл өкіметтің орнауы кезінде де қазақ халқының санасында зор сілкіністер болғаны мәлім. Аталған тарихи-мәдени сілкініс өткен ғасырдың соңғы онжылдығында да жүзеге асты. Дегенмен бұл бодандықтан босап, азаттығын жария еткен елдің санасындағы мәдени сілкініс болатын. Қазақстан ұжымдық құндылықтарға арқа сүйеген социалистік режимнен индивидуалдық һәм материалдық-экономикалық құндылықтарға негізделген нарықтық қоғамға ресми түрде 1991 жылы көшкенімен, халықаралық деңгейде тек 2000 жылдан кейін ғана нарықтық қоғам деп танылды. Сонымен бірге ондаған жылдар бойы тұғырын бекітіп, қоғамдық санада мықтап орныққан коммунистік идеология нормалары рухани бағдар болудан қалды. Міне, аталған факторлар қазақ әдебиетінде бейуақ мотивін туғызды. Оған жаңа дәуірдің құндылықтарына дер кезінде бейімделе алмаған қоғам өкілдерінің мәдени қыспаққа түсуі, соның салдарынан қоғамнан, айналасынан және өзінен жатсынған, жалғыздыққа салынған кейіпкерлердің арта түсуі түрткі болды. Осындай өтпелі кезеңде сөз өнерінде құндылықтар қақтығысы айрықша көрінеді. Әсіресе, экономикалық-материалдық құндылықтар мен моральдық-этикалық құндылықтар арасындағы шиеленіс тәуелсіздік тұсындағы көптеген көркем туындылардың негізгі арқауына айналғаны жасырын емес. Мысалы, Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесінде біз атаған ерекшеліктер толық мәнінде көрініс табады. Онда эстетикалық, моральдық құндылықтарға қарағанда экономикалық құндылықтарға бой ұрған адамның, қоғамның және соның салдары көркем шындыққа айналады. Бүгінгі қазақ прозасы аталмыш ерекшелігінен әлі толық мәнінде

айыға қойған жоқ. Дегенмен құндылықтық қақтығыстар күшейген тұста көрінетін рухани деградация процесі ұзаққа созылмақ емес. Ендігі ретте қазақ прозасында бейуақ мотиві солғын тартып, оның орнын басқа көркемдік-эстетикалық үрдістер басып келеді.

Қазақ прозасында байқалатын аксиологиялық ерекшеліктердің бірі – бейуақ мотиві үстем болып, әдебиетте рухани жұтандық мейлінше көрінсе де, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында үміт құндылығының айрықша күшті болғандығы. Қаламгерлеріміздің шығармаларында егемендікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық құндылықтардың қайта жаңғыруына, қазақ мүддесінің биік болатынына деген берік сенім айқын аңғарылады. Мысалы, М.Мағауиннің «Салахад-диннің үкімі» деп аталатын әңгімесі әділдіктің, ұлттық мүдденің үстем болуына деген үміттің айрықша әспеттелуін көрсетсе, ол – осы кезде жазылған қазақ прозасындағы туындылардың бәріне дерлік ортақ құбылыс. Бірлік, намыс, құқық, ар-ұждан, білім, әділдік, махаббат, байлық, еңбек, сенім, тәуелсіздік, үміт, кешірім, ерлік, мейірім, адалдық, шындық, билік құндылықтары көрінетін аталмыш әңгімеде, әсіресе, әділдік, білім, тәуелсіздік құндылықтары ерекше көзге түседі. Әңгіменің бір ерекшелігі сол, мұнда жазу, мәтіннің өзі құндылық деңгейіне көтерілген. Мәтін шындықтың қорышысы, әділдікті сақтаушы, ұрпақтарға ақиқатты жеткізуші функциясында көрініс табады.

Дегенмен, қазақ прозасының өткен жолына қарасақ, екі мыңыншы жылдардан кейін әдебиетте белгілі бір алаңның басталғанын байқауға болады. Ол – ұлттық мұраттардың ұлықталуының олқы түсіп жатқанына, өзге жұрттардың мәдени экспансиясының күшейгеніне деген қаламгерлердің қарсылығы. Бұл құбылыс өз кезегінде әдеби-көркемдік кеңістікте ащы мысқылдың, ирония мен символизмнің күшейюіне түрткі болды. Ашық, анық айтылмаған тұстарда астарлап айту, символдық-аллегориялық тәсілдерге жүгіне отырып айту үстем бола бастады. Мұның бәрі егемендікті қалай баянды етеміз, оны қалайша қорғаштап, іргесін нығайтамыз деген сұрақтарға берілген әртүрлі көркемдік жауаптар болатын. Мысалы, Т.Шапайдың «Айна сарайында» мысқылдың өзі бейнеге айналып кетеді. Шындап келгенде, ол шалдың мысқылы болатын. Осы арқылы кейіпкерді (қоғамды. – Н.Қ.) түзу жолға салуға, өткенін қайта сараптауға итермелейді. Т.Шапайдың «Айна сарайында» алыстан жылтыраған сарайға жетеміз деген бос дәмемен келе жатқан жолаушыны көрсек, Д.Рамазанның «Көшінде» таудың ар жағына жетсек, жұмақжай жетеміз деген құр уәдеге кезігеміз. Осы тұрғыдан алғанда, қос шығарманың идеялық концепциясы ұқсас. Екеуінде де ел болашағы, ұлт тәуелсіздігі үлкен проблематика деңгейіне көтеріледі. «Айна сарайда» өзгеге сыйлы болу үшін, өзгені дұрыс тану үшін ең алдымен өзінді таны, ұлттық бірегейлігіңді тап деген емеурін болса, «Көште» шындық жоғалған жерде ұлт та жоғалмақ деген идея басым. Осылайша шындық пен әділдік құндылықтары бүгінгі прозада ұлтты рухани дағдарыстан шығаратын,

елдің тәуелсіздігін баянды етіп, елдікті сақтауға кепіл болатын басты құндылықтар ретінде көрініс табады.

3.2. Жастар прозасындағы құндылықтардың көркемдік трансформациялануы

Құндылықтар жүйесінің өзгеруіне қоғамдық-саяси факторлар айрықша әсер етеді. Қазақстанның тәуелсіздік алуының қоғамның аксиологиялық бет-бейнесінің құбылуына түрткі болғаны шындық. Өйткені өндіріске негізделген экономикалық жүйе де, оның түпқазығы саналатын маркстік идеология да ендігі ретте мәнінен айырылып, олардың орнын жаңа әрі тосын дүниелер басты.

Құндылықтар жүйесінің түрленуі өз кезегінде әдебиетке әсер етпей қоймады. Көркем өнердің мазмұны ғана емес, формасы да айтарлықтай трансформацияға ұшырады. Қазақ әдебиетінде екі түрлі тенденция айқын байқалды. Біріншіден, ұмыт болған тақырыптарды арқау еткен, ұлттық құндылықтардың табиғатын танытар көркем туындылар жиі жарық көрсе, екіншіден, әлемдік әдеби үрдістерге қол созған, дәстүрлі әдебиетке ұқсай бермейтін тың туындылар аз жазылған жоқ. Дегенмен аталмыш екі үрдістің де нысаны – қазақ қоғамы; ондағы адамдардың тағдыры, жан әлемі. Аталған үрдістерді қазақ қоғамындағы құндылықтар жүйесіне қайта баға беруге деген талпыныстың жемісіне балауға болады. Себебі тәуелсіздік ұғымының саяси-территориялық мәні өз алдына, оның рухани-менталдық қырының да бар екенін ескерсек, мұнда әсіресе әдебиет пен өнердің, оның ішінде сөз өнерінің миссиясы айрықша үлкен. Ресми тәуелсіздік атаулы бір күнде жария етілгенімен, қоғамдық санадағы бұрыннан қалыптасып қалған стереотиптер, комплекстер мен нормалар ширек ғасырға дейін түп тамырымен жойыла қойған жоқ. Осы орайда, сөз өнері бүгінгі қоғамның сыртқы һәм ішкі бітімін әртүрлі формада терең таныта алуымен құнды.

Әдетте, жаңа үрдістер әдебиетке жастар қаламының қуатымен енеді. Қазіргі прозадағы жаңа тенденциялар жөнінде сөз еткенде, оларды жас жазушылардың шығармашылығы мысалында ашуға талпынғанымыз содан. Өйткені әдеби эксперименттерге баратын қаламгерлер қатарында жастардың қарасы қашанда көп. Сондай-ақ, тәуелсіздіктің санадағы құбылысқа қатысы барын ескерсек, советтік идеалдар мен нормаларды бойына дарыта қоймаған, дүниетанымдық қазығы бөлек ұрпақтың айтары басқа болатыны түсінікті жайт. Олардың өмірді қабылдауы да, соған сай көркемдік тұрғыдан баға беруі де ерек. Ал бұл – алдыңғы толқын мен кейінгі буын өкілдерінің шығармашылығында формалық-стильдік қана емес, мазмұндық-идеялық айырмашылықтың да тууына түрткі болатын фактор. Жас қаламгерлердің шығармаларынан жалпыадамдық құндылықтарды іздеуді артық көретіндер табылуы кәдік. Алайда өмірдің бір ауық шындығы мен шырғалаңын шығарма арқауына айналдырған соң, онда жалпыадамдық құндылықтардың болмауы мүмкін емес. Әрине, жастар тырнақалды туындысымен-ақ жалпы адамзатқа ортақ түйткілді мәселелерді көтермеуі, көтерсе де, онысы нанымсыздау шығуы мүмкін.

Бірақ автор жалпыадамдық құндылықтарды айналып өте алмайды. Қайта біз осындай туындыларды талдау нысанына алу арқылы құндылықтардың көркемдік трансформациясын бағамдап, соның негізінде қоғамның бүгінгі бет-бейнесін айқынырақ тануға мүмкіндік аламыз.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына елеулі үлес қосып жүрген жас қаламгерлер жөнінде айтқанда, ең әуелі тілге тиек етілетін жазушылардың санатында Мәдина Омарова бар. Ол – әртүрлі эксперименттерге бара білетін, қарасөзбен лирикалық нәзік иірімдер жасай білетін жазушы. Оның шығармашылығында «катал реализм мен жылы лирика, гуманистік сарын кірігіп жүретін де, әрқайсы

жеке тұрып әңгіменің негізгі қырына айналатын жерлері де бар» [117] екенін көрнекті әдебиеттанушы Р.Әбдіғұлов жазған болатын.

Мысалы, жазушының «Жол үстінде» деп аталатын әңгімесі оның қаламгерлік әлеуетінің мол екендігін көрсетеді. Шағын әңгіменің қысқаша фабуласы мынадай: түннің суық ауасында жолаушылап келе жатқан қыз алдынан қарауытып кетіп бара жатқан жігітке тіл қатады. Ауылдасы – ит асырайтын Алмабектің баласы екен. Бірақ жүзін көрсетпейтін әрі сақауланып сөйлейтін ауылдасын танымайды. Ол шұғыл шаруамен келе жатқанын айтып, қызға жеткізбей жүреді. Қыз барынша жақындай түсіп, реті келсе, жақынырақ танысып, тіпті құрығанда қалтасына қолын салып жылынып алуды ойлады. Бірақ түсінісе алмай, оны жынды екен деп топшылайды. Сол арада ауылға жетіп, жігіт өз үйіне, қыз өз үйіне бұрылып кетеді. Алдынан шыққан әжесіне Алмабектің баласымен бірге жаяу келгенін айтқанда, есін айырылып қала жаздаған қарт ана оның он жыл бұрын жол апатынан қаза тапқанын айтып, сасып қалады. «Ертеңінде ұлыған иттердің дауысы астында қалған ауыл Алмабектің қазасын естіді» [118, 161].

Әңгіме қысқа болғанмен, мұнда салмақты әрі күрделі ғылыми пайымдарға жүк боларлық детальдар аз емес. Поэтикалық тұрғыдан алып қарағанда, пейзаж (түн, ызғар, ирелеңдеген жол, жарық т.б.), диалог (қыз бен апасының, қыз бен «о дүниеден келген жігіттің» арасында өрбиді), монолог (қыздың жол үстінде жігіттен мардымды жауап ала алмай келе жатқандағы неше алуан ойлары) сынды көркемдік бірліктердің орны үлкен. Шығарманы оқып отырған оқырман басында қалыпты әрі шынайы эпизодтар деп қабылдағанымен, түйініндегі апасының бір ауыз сөзін оқығанда, әңгіме шешімінің мүлдем басқа арнаға ауыстырып жібергеніне куә болады. Өйткені мұнда иррационалистік құбылыстар басты назарда ұсталады. Біз өмір сүріп отырған қоғамда ғылым қарыштап дамыды дегенімізбен, дүниенің сырына жеткен ешкім жоқ деген ой оқырман санасын билеп алады. Әрі-беріден соң, бұл фольклордағы мистикалық сарындарға, халықтың ғасырлар бойы жинақтаған нанымдық тәжірибелеріне жол сілтейтінін ескеру керек. Жалпы, кез келген әдебиеттің азығы, о бастағы бастау бұлағы, үйренетін мектебі мен ой түзейтін айнасы

– фольклор. Бүгінгі қазақ әдебиетінде аталмыш үрдіс қайта жандана бастағаны айқын аңғарылады. Жалпы, мистикалық сарын өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жаңғыра бастаған болатын. Әсіресе, тарихи тақырыпты арқау еткен эпикалық туындылар қазақтың ежелгі аңыз-әпсаналарына, мифтік түсінік-пайымдарына қол созып, халықтың ежелден сақталып келе жатқан теологиялық-тұрмыстық нанымдарына жүгінді.

Мистикалық сана көріністерінің бүгінгі әдебиетке де жат емес екенін автордың аталмыш әңгімесінен көріп отырмыз. Қайта ғылым мен технология дамып, адамзат шырқау биігіне көтерілген сайын өткен ізіне орала беретін сыңайлы. Уақыт өткен сайын мифтік образдар мен ежелгі композициялық-сюжеттік детальдардың жаңа тұрпатта қайта сөз өнеріне еніп жатқаны осының дәлелі болса керек. Бірақ бүгінгі қаламгер мифтік танымның жемісі болып саналатын бірліктерді қаз-қалпында қабылдамайды, өзінің шығармашылық лабораториясында өңдеп, бұрынғыға әрі ұқсайтын, әрі ұқсамайтын кейіпте оқырманға жаңаша ұсынады. «Көбінесе байқалатын нәрсе, – деп жазады академик С.Қасқабасов, – жазушы өз қоғамының қайшылықтарын көрсету үшін мифтік ұғымдар мен архетиптік сарындарды астарлай пайдаланады екен. Бұл – бір. Екіншіден, авторлар өз кейіпкерлерінің психологиясын, жан күйзелісін, ішкі сезім мен сыртқы жағдайдың тайталасын ашу мақсатында адам санасынан тысқары, оған бағынбайтын жәйттерді әдейі қолданатындығы. Үшіншіден, ақын-жазушылар ескі сүрлеумен жүрмей, жаңа әдіс, жаңа амал іздеп, шығармаға сонылық дарыту үшін фольклордың таптаурын болған үлгілерінен гөрі оның ел жадының түкпірінде, пассивте жатқан түрлеріне көп мән беретіндігі. Төртіншіден, жазушы өз қоғамындағы болмысқа риза еместігін білдіру үшін мифологияны, ескі нанымдарды шығармасына аллегориялық мақсатта шеберлікпен енгізетіндігі» [119, 15]. Ғалым айтқан ерекшеліктердің қай-қайсысын да бүгінгі мифопоэтикалық тұрғыда жазылған прозалық шығармалардан оңай табуға болады. Әсіресе егемен әдебиеттегі ұлттық құндылықтарды жаңғырту үрдісі аталмыш көркемдік тәсілдің барынша толыққанды танылуына жол ашты.

«Жол үстінде» деп аталатын М.Омарованың әңгімесіндегі ең алдымен көзге түсетін жалпыадамдық құндылық – өмір. Ол өлім категориясына қарама-қарсы алынады. Сонымен бірге, үш кейіпкер – қыз, апасы және бейтаныс жігіттің диалогтары арқылы олардың құндылықтар жүйесі белгілі бір деңгейде айқындалады. Мысалы, сақау жігіт үшін еш нәрсе құнды емес. Ал жас қыз үшін үміт, тіпті махаббат, өмір, мейірім құндылықтары маңызды. Ол жігіттен жылылық көріп, тіпті бойдақ болса, жақыннан танысқысы келді. Ал шығарма соңында ғана көзге түсетін апасының құндылықтары ашыла қоймайды. Қазақ танымында өмірден өтер кісіні о дүниелік туыстары шақырады деген түсініктің бар екені рас. Сонымен бірге әңгімеде жол әдейі алынған деп ойлаймыз. Динамикалық

кеңістікте түн қараңғысында келе жатқан қыз бен о дүниеден келген жігіт қана емес, айналаның бәрі бұлыңғыр халде күн кешіп, тынымсыз алға жылжитын бүгінгі адамның тұлғасы болса керек деп топшылаймыз. Тірі адамды бес күн ғұмыр кешетін жолаушыға теңейтін мотивтер әдебиетімізде орнығып қалған. Сол секілді, негізгі кейіпкерлер бейнесінің жолаушылап келе жатқанда ашылуы осыны аңғартса керек. Жолаушылап келе жатқан жігіт пен қыздың бірімен-бірінің әңгімесі жараса қоймағаны да өмір мен өлімнің аражігін айыруға сеп болып отыр. Бір жағынан, өлімді ұмытқан, ол туралы қам жеп, артына қандай ізгі мұра қалдырам деген ойдан алыс қазіргі қоғам мүшелеріне сабақ болсын деген ой қылаң береді. «Қайда барса да, қасына артық-кемсіз он ит ертіп, дүниені азан-қазан етіп жүретін» [118, 161] Алмабек қана емес, сіз бен біз. Ғұмыр зая кеткенде қазақ өмірді итке теңейді. Бүгін азан-қазан қып, дүниеге сыймастай боп жүрген пенделер ертең келместің кемесіне мініп кетеді. Жалпы, шығармада контрасты бірліктер аз емес. Қысқа болса да, осындай сипатымен де әңгіменің көркемдік салмағы арта түскен. Қараңғылық пен жарық, аспан мен жер, өмір мен өлім, жылу мен суық, жігіт пен қыз, әке мен бала, қыз бен ана, жас пен кәрі, үміт пен үрей – бәрі де осы шағын шығармадан табылады. Тіпті негізгі екі кейіпкердің бірі сау болса, екіншісінің ақыл-есі кем секілді, тіпті тілі де мүкіс, сақау. Осы секілді қарсылықты мәндегі бірліктердің көп болуы да мына әлемнің шынайы да тылсым табиғатын ашуға қызмет етіп тұр. Мадина Омарованың «фольклорлық құндылықтарды өз ой-санасында қорытып, жаңаша серпін беру арқылы адам жан жүніесіндегі қайшылықтар мен өзгерістерді көрсетудің, жеке тұлғаның болмыс ерекшелігін ашудың психологиялық құралы дәрежесіне көтере алған» жазушы екенін осыдан аңғаруға болады [119, 366].

Мадина Омарова қарапайым эпизодтардың өзінен нәзік лиризм туғызуға шебер болса, оның ізбасары А.Мантаева үлкен ой айтуға, сол арқылы қазіргі қоғамның ірі мәселелеріне назар аудартуға тырысады. М.Омарованың жоғарыда аталған «Жол үстінде» әңгімесінде өлім мен өмір мистикалық сипатымен көрінсе, А.Мантаеваның шығармаларында өмір құндылығы философиялық қырынан ашыла түседі. Мысалы, жазушының «Жауһар» әңгімесінде қиюласқан күрделі сюжеттік желі жоқ. Жалпы, қазіргі жас қаламгерлердің сюжеттен гөрі, идеялық концепцияға айрықша күш салатыны аңғарылады. Мұнда оқиғалық желі тым бұлдыр, бірақ кейіпкерлер арасындағы диалогтік қатынас барынша салмақты. Тіпті оқырман өзі жап-жас қыздардың дәл осылай ойшылдар секілді тіл қатысып отырғанына сенімсіздікпен қарайды. Бірақ олардың тағдырын білгенде, еріксіз нанады. Қала шетінде пәтер жалдап тұратын екі қыз таныстары шақырған сауық кештеріне бармай, болашақ ханзадаларын қиялдап, кітап оқудан бас алмайды. Шегір көзді көрші жігіт Жауһардың арын таптайды. «Бір бақытсыз жанды өмірге әкелмей, сауап іс жасауға» [120, 61] бекінген Жауһар ауылына кетіп, ақыры өзіне қол салып өмірден өтеді. Араға бес жыл

салып өздері тұрған пәтерге барған кейіпкер арбаға таңылған шегір көзді жігітпен тілдеседі. Бірақ ол өз ісіне өкінген адам емес, қайта құрбысын қорғай алмаған мұны кінәлайды. Жалпы, әңгімеде белгісіздік, хаос басым. Екі кейіпкердің таным-түсінігінде де, рухани-психологиялық жай-күйінде де, олардың айнала-болмысқа деген қарым-қатынасында да тұрақты әрі жүйелі байланыс жоқ. Бұлдыр да белгісіз әлем ғана бар. Қос құрбы шындықпен жасандылық төңірегінде пікір алмасады. Бірақ жасандылықтың әлдеқайда тартымды әрі шынайы көрінетініне де келіседі. Әңгімеде *шындық, үміт, махаббат, ұрпақ өрбіту* сынды жалпыадамдық құндылықтар ашық көрінеді, аталған құндылықтардың бәрі де *өмір* құндылығымен сабақтас. Алайда бұл жалпыадамдық құндылықтардың қай-қайсысы да өзінің шынайы қалпында емес, теңгерімнің бұзылғанынан хабардар етеді. Шындықтан гөрі жасандылық, махаббаттан гөрі алаяқтық, үміттен гөрі үрей басым. Ал ұрпақ өрбіту жалпыадамдық құндылық болып саналғанымен, ақ-адал некенің жоқтығынан, қайта жиіркенішті сипатымен танылады. Жауһар өзіне қол жұмсау арқылы болашақта өмірге келетін сәбиге қастандық жасаймын деп ойламайды, қайта дүниеге келер баланы бақытсыз болдан сақтаймын деп өзіне қол жұмсайды. Әңгіме тәуелсіздіктен кейінгі дүрбелең кезеңнің картинасын боямасыз беруімен құнды. Құндылықтар жүйесінде айтарлықтай трансформациялар жүріп жатқан, моральдық-этикалық құндылықтар мен материалдық-экономикалық құндылықтардың текетіресі барынша шиеленіскен кезеңнің бейнесі нанымды суреттеледі. Жауһардың өмірін құртқан шегір көзді жігіт те соңында арбаға таңылып, жалғыз қалады. Құрбысы өз жанын ешкім түсінбейтін болған соң да өз өмірін қиды. Құрбысынан айырылған кейіпкер де жалғыз. Шығармада осылайша «шынайы өмір сүргісі келмейтін» жалғыздіктерінің болмысы ашылады. Үшеуі де – жиынтық образдар. Осы арқылы жастар арасындағы дендеген дерттің, рухани кемістіктердің кеспірі көрінеді.

Қазіргі қазақ прозасындағы елеулі ерекшеліктердің бірі – жалғыздық құбылысы. Рухани-моральдық құндылықтарға қарағанда материалдық құндылықтардың үстем болуы, соның себебінен мәдени құлдыраудың айрықша күшеюі әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында көрініс тапты. Міне, осы кезеңде қазақ прозасында да экзистенциализмнің белгілері айқын көрініп, қоғамнан жатсынған, әлемге жалғыздықтың көзімен қарайтын кейіпкерлер саны күрт өсті. Мұндай кейіпкерлер үшін қоғамдық қатынастардың бәрі – абстракция. «Жауһардан» біз осыны айқын аңғарамыз. Екі қыз қоғамнан бөтен, өйткені жасандылыққа жаны қас. Шынайы болайын десе, өлімді ғана ойлайды. Экзистенциалистердің негізгі идеяларының бірі де осы, адам шындыққа тек өлім сәтінде ғана жетеді деген ой. Содан да, мұндай шығармаларда мұң басым, кейіпкерлердің күлкісінің өзі мұңға толы. Мысалы, А.Мантаева кейіпкерлер күлкісін сан құбылтып береді. Жауһар»мұндана күледі». Біресе «мұңлы жымиса», біресе «көңілсіз

езу тартады». «Мәңгілікке құштарлық» әңгімесіндегі кейіпкер «зорлана жымияды». Әйтеуір, Аягүлдің кейіпкерлері өмірге қапа. «Жауһарда» екі уыз қыздың жылап отырғаны айтылады. Қиыны – себепсіз жылайды. Сөйте тұра, «мұндана күледі». Аягүлдің кейіпкерлері өлімді жиі еске алады. «Жауһарда» адамзаттың бұл өмірге өлу үшін келгенін ескертеді, «түбі бәрінің өлетінін ойласа, жүрегі қуанышқа бөленетін» кейіпкерді «Интуиция» әңгімесінен кезіктіреміз. «Мәңгілікке құштарлық» әңгімесінде де кейіпкер «әдеттегідей өлімді ойлап отырады» [120, 63]. «Томпақта» да өлік шығатын үйде тамақ іздеп жүрген ашқұрсақ бүлдіршін кездеседі. Мұның бәрі автордың таным-түйсігі мен ішкі психологиялық әлемінен ғана емес, өз замандастарының ішкі рухани-аксиологиялық тұғырының қандай екенінен хабардар ететін белгілер деп есептейміз. Осы арқылы жас қаламгерлер біздің санамызда әбден орнығып қалған ұғымдарды қозғағысы келеді. Әбден қалыптанып қалған құндылықтарға басқа қырынан баға беруге талпыныс жасайды. А.Мантаеваның кейіпкерлері аз айтады, бірақ соған көп нәрсе сыйғызып айтқысы келеді. «Жауһардан» бүгінгі қала жағалап, пәтер жалдаған қазақ жастарының әлеуметтік жағдайы ғана емес, олардың психологиялық бітім-болмысы мен ішкі күйініш-сүйініші де айқын көрінеді. Ал пәтер жалдаудың қиындығын Е.Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінде әлеуметтік тұрғыдан ашылады. Аталмыш әңгіме драматургияға тән тіл орамдарымен, қызықты диалогтарымен оқушыны тәнті етеді. Қоғам кеспірін, өмірдің көлеңкелі тұстарын жеңіл юморлық детальдармен көрсете білген шығарма қазіргі қарқынды жүріп жатқан урбанизация процесінің қазақ тағдырына қаншалықты әсер етіп жатқанын көркемдік тұрғыдан ашып беруімен де құнды.

Жас жазушылардың ішінде өзіндік жазу мәнерімен, айтар ойының салмақтылығымен көзге түскен қаламгердің бірі – Л.Қоныс. Лираның «Мәңгілік сағыныш» атты кітабына енген «Ертегі» әңгімесі – өзі шағын болғанымен, келелі мәселелер жүгін арқалаған сәтті туынды. Екі жанұя, екі қарт, екі сәби өмірі параллель алынып, сол арқылы қазақ баласына тән бүгінгі кесірлі келеңсіздіктер көрсетіледі. Шығарманың «Ертегі» деп аталуында мән бар. Өкініштісі, әжесі ертегі айтпайды. Өзімен-өзі. Ұрпақ тәрбиесінен гөрі қара басының тыныштығы қымбат. Сол үшін болса керек, кішкентай қыздың қаладағы ағасы әкеліп берген добын жарып, үйдегі жалғыз көне кітап – Андерсеннің ертегілер жинағын да өртеп жіберген. Бүлдіршін қыздың көңілі көншімей, еріксіз көрші үйге барады. Көрші үйдегі шалдың халі тым аянышты. Ақылынан алжасып, мәселенің мән-жайын айыра алмайды. Өзі жерлеп, жаназасын шығарған көршісін әлі тірі деп ойлайды. Әңгімеде ертегі айта білмейтін аға буын мен ұлттық мұраға шөліркеген кейінгі ұрпақ біріне-бірі қарама-қарсы қойылады. Дәл осы тұста кішкентай ғана балалар психологиясындағы күрделі де күрмеулі түйіндер туралы тереңірек түсіне бастайды оқырман. Бәрі бала болғанымен, маңдайдағы тағдыр-тәлейі түрліше екен. Бірі – бақыттың, бірі – қайғының

құшағында. Ауыртпалық атаулыны сезініп көрмеген қыз әрі ерке, әрі ертегіге қанағатсыз боп өсіп келеді. Үлкендерден үміт жоқ. Әйтсе де, ертегіні жетімдік тақсіретін тартып жүрген Ғайникен ғана айтады. Қарғадай баланың қариялар айтпаған ертегіні аса бір ыждаһаттылықпен баяндайтынында көп сыр жатыр, асылы. Ұрпақтар сабақтастығы атты қасиетті желі-жіптің үзіле бастауы дейтін қасіретті іштей сезініп отырарсың. Шығармадағы шеберлік ізінің жарқын белгісінің бірі – әңгіме ішіндегі әңгіме-ертегінің берілуі. Оны автор-төліе жетім қыз Ғайникеннің аузына салады. Әдеби туындының поэтикалық қуатын арттырып, көркемдік өң-нәр беріп тұрған тәсіл деуге болады мұны. Шағын шығармадан біз тек ұлттық құндылықтардың қадірсіздену қаупін ғана емес, сондай-ақ адамзатқа ортақ болған гумандық құндылықтар жүйесінің бұзыла бастағанын аңғардық. Жазушы міндеті – осы гуманизм отын маздату, ар даңғылын ашу. Жас қаламгер Л.Қоныстың шығармашылық ізденісінен біз осындай игі талап-тілектің айқын ізін көрдік [121].

Қазіргі қазақ прозасында А.Мырзахметтің орны алабөтен. Дидар Амантай жазушыны қазақ прозасының үмітіне балапты [122, 3]. Расында да, әдебиетте жас қаламгер өз замандастарынан оқ бойы озық тұр. Жастарға тән ең басты кемшіліктер қатарында олардың тілінің жұтаңдығы мен шығармаларының көркемдік-поэтикалық бояуының тым әлсіз екендігі аталатын болса, А.Мырзахмет шығармашылығы үшін бұл көбіне-көп қатысты болмай шығады. Себебі тілі тым жұтаң емес әрі шығармаларының поэтикалық салмағы ауыр. Оның «Автопортрет», «Жыртылған күнделік» сынды санаулы әңгімелерінің өзі сөзімізге дәйекті дәлел бола алады. Мысалы, «Жыртылған күнделік» әңгімесін алайық. Ағасы алып қашып келген қызға, өзімен жасты жеңгесіне ғашық болған інінің басындағы қым-қиғаш психологиялық арпалыстар әңгіме арқауы болады. Қазақтың дәстүрлі отбасылық құндылықтары әңгіменің лейтмотивін құрайды. Қыз алып қашу, қуғыншылардың келуі, құдалардың келісімге келуі, келін мен ене қатынасы, келін мен қайынінің қарым-қатынасы, сондай-ақ ерлі-зайыптылар өмірі – бәрі де қарапайым әрі шынайы суреттелген. Ішкі сезімдерін ешкім түсіне алмайтын жеткіншек бәрінен сыртқары қалғандай күй кешіп, қарапайым ғана қазақ ауылында болып жатқан оқиғаларға сырттай баға беруші рөлінде болады. Осынысымен де оқиға нанымды әрі шынайы шыққан. Кейіпкер-жазушы күнделік жазады. Әңгіме ішінде күнделік жазбалары келтіріледі. Мұның өзі басты кейіпкердің ішкі рухани-психологиялық әлемін ашуға қызмет етіп тұр. Ауыл өмірі, оның туыс-жақындары, айналадағы адамдардың бәрі де кейіпкер үшін бөтен, ғашықтық сезімі оны бәрінен алыстатып жіберді. Ол тек жаңа түскен жеңгесіне ғана рухани тұрғыдан жақын. Жазушы басты кейіпкерді әдейі осылай алып, қалыпты қазақ тұрмысына баға беруші ретінде сомдаған. Ол қазақ өміріне ғана емес, құндылықтар жүйесіне баға беріп отыр. Үміті үзіле бастаған ол күнделігіне: «Мен ойлана келе адамдардың «ақ-қара», «жақсы-

жаман», «болады-болмайды» сияқты өздері қалыптастырған шектеуліктер соқпағымен жүре берсе, бақытсыздықтан басқа ешқайда жетпейді деген тұжырымға келдім. Адамзат бақытқа жетеміз деп, жалғыздыққа апаратын жолға адасып түсіп кеткен. ...Жаман деп жүргеніміздің барлығы жақсы, жақсы деп жүргеніміздің барлығы қате» [122, 109] , – деп жазады. Мұның бәрі де тоғызыншы сыныпта оқитын жеткіншектің қаламынан туған. *Ғашықтық, сұлулық, әсемдік, сенім, үміт* құндылықтарымен ұштастырылып берілгендіктен, мұндай соқталы да салмақты ойлар жас баланың аузынан нанымды шығады. Жалпы, жазушы ұлттық құндылықтар мен жаңа дәуірдің құндылықтарын сабақтастыра отырып, олардың арасындағы көзге көріне бермейтін қайшылықтарға оқырманның назарын аудартады. Жоғарыда келтірілген күнделік жазбасының үзіндісін ғашық інінің ғана емес, қазіргі қазақ әдебиетіндегі жас қаламгерлердің өткен мен бүгіннің құндылықтарын қайта сарапқа салуға деген ұмтылысының бір парасы деп қабылдағанымыз жөн. Әңгімеде *сенім, махаббат, үміт, сұлулық, әсемдік, мейірім, қайырым, ерлік, қуаныш* құндылықтары индивидуалдық (бас кейіпкер) және ұжымдық (ауыл адамдары) құндылықтар қатынасында ашылады. Дәстүр мен жаңашылдық шебер киюласқан.

Дәстүр мен жаңашылдық демекші, жаңаның жақсысын алып, ескіден қол үзбеуге тырысатын, қарапайым дүниені елең еткізер детальдармен айшықтап беруге ұмтылатын жазушының бірі – Әлібек Байбол. Жазушы-драматургтің шығармалары көпке кеңінен мәлім, пьесалары республикалық тетарларда қойылып жүр. Ә.Байболдың күнделікті тұрмыстынысымыздағы біз ескере бермейтін ұсақ-түйек бірліктерінің өзінен көркемдік іздейтіні оның әлеуметтік тақырыптағы әңгімелерінен аңғарылады. Жазушының «Ормандағы жиын», «Айдаһар, аю һәм барыс», «Жиын», «қажыр мен Қайрат», «Бас» сынды әңгімелері оқырман көңілінен шығып та үлгерді. Осылардың ішінде Әлібек Байболдың «Жиын» әңгімесінің жөні бөлек. Белгілі ертегідегі жыл басы болуға таласатын жануарлар секілді, мұнда әдебиеттегі белгілі ағымдардың таласы әңгіме арқауына айналған. Бірақ басты мәселе – әдеби ағымдардың татулығы. Кексе, шау тартқан социалистік реализм көптің алдында сөйлейді, ал оның сөзін бұзып, қайта-қайта жаратпай отырғандар қатарында жас жігіт бейнесіндегі постмодерн және модернизм сынды бірқатар ағымдар отыр. Сатира бәрін тілімен осып, шаншып отыр. Оқырманды бірден баурап алатыны оның әдеби ағымдарды бір-бір образға айналдырып, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерін дау-дамай арқылы ашып беруі дер едік. «Ниеті ағылшын әдебиетіндей ақ, иі жапон әдебиетіндей жұмсақ, фэлсәфасы француз әдебиетіндей терең, идеялары орыс әдебиетіндей орнықты, сюжеттері итальян, испан әдебиеттеріндей иірімді, шығармалары шығыс әдебиетіндей шыншыл» [123, 91] СР (*социалистік реализм* – Н.Қ.) карттың айтпағы – татулықты сақтау; қалай болғанда да, қазақ мүддесі үшін

қызмет ету. Алайда, оның әр сөзін жаратпай, барынша қарсыласып баққандар саны көп болды. Әңгімеде социалистік реализммен бірге, неореализм, постмодернизм, мистика, сатира, модернизм, фантастика, детектив, абсурд, сюрреализм, футуризм, акмеизм сынды ағымдардың үні естіледі. Аталған ағымдардың бәрі де жиынға қатысып отыр. Жалпы, Ә.Байболдың аталмыш әңгімесі көркемдік-поэтикалық тұрғыдан аса сәтті шыққан туынды дей алмаймыз. Өйткені динамика жоқ. Оқырманды басынан-ақ баурап алған туынды көп өтпей-ақ жалықтыра бастайды. Себебі тартыс тым әлсіз. Шиеленіс шыңына жетпей, кульминация бұлыңғыр қалған. Оның үстіне тілі жұтаң. Бірақ біздің назарымызды аударған – оның аксиологиялық қуатының молдығы. Мұндағы ағымдар арасындағы тартыс, шындап келгенде, құндылықтардың арасындағы тартыс дер едік. Себебі әр ағым әдебиет сахнасына шыққанда, өзіне дейінгі ағымның негізгі бағдарына қарсы шығып, я болмаса оны толықтыруға деген талпыныстан туады. Өткенге қайта баға беріп, ендігі ретте құндылықтарға жаңаша сарап жүргізуден пайда болады. Осы тұста айта кететін мәселе, әдеби ағымдардың құндылықтарды танытудағы өзіндік ерекшеліктері аз емес. Мысалы, *шындық* құндылығын танытудағы ағымдардың өзіндік ерекшеліктері туралы айтайық. Реализм де, модернизм де, постмодернизм де аталған *шындық* құндылығын арқау етеді. Алайда шындықты жеткізу тәсілдері әрқайсысында әркелкі. Реализм шындықты қаз-қалпында суреттеп, объективті шындықты боямасыз беруге күш салса, модернизм объективті шындықтан гөрі субъективті шындыққа көбірек назар аударады. Ол адам санасындағы, бейсанасындағы шындықты әдеттегі шындықтан әлдеқайда шынайы шындық деп санайды. Ал постмодерннің шындығы өзінше бөлек. Постмодернизм үшін вритуалды шындық маңызды. Мистика шындықты жеткізу үшін тылсымға жүгінсе, сатира ащы тілге, фантастика қиялға жүгінеді екен. Яғни әдеби ағымдардың да аксиологиялық қызметі әрқилы болмақ. Дегенмен бәрінің түпкі миссиясы – шындықты көркемдік аясында жеткізу. Қазіргі қазақ прозасында аталған ағымдардың бәріне дерлік қол созып, әртүрлі эксперименттерге барып жатқан жазушылар бар. Солардың дені – жастар. Өйткені бір нәрсе айқын: қазір құндылықтар жүйесі өзгеріп, өткенге қайта баға беру үдерісі жүріп жатыр. Аға буын өкілдері өткенге тарихи жанрды жаңғырту арқылы баға беруге ұмтылса, жас қаламгерлердің көпшілігі заманауи тақырыпта қалам тартып, орныққан құндылықтарға басқа қырынан қарауға күш салуда. Яғни қазіргі жастар прозасының басты ерекшеліктерінің бірі – құндылықтарға қайта баға беруге деген талпыныстың айрықша күшті екендігі. Олар бұған дейінгі қалыптасып қалған ұғым-түсініктерді толық мәнінде қабылдай бермейді, тіпті көбіне қарсы шығады да.

Бір ерекшелігі, жастар көлемді жанрларға жуи бермейді. А.Әлменбеттен өзге роман жанрында қалам тартқан жас жазушылар жоқтың қасы. Қ.Тілеуханның «Жаназа» повесі жарық көрді. Дегенмен,

қазіргі роман деп айдар тағылып жүрген шығармалардың дені қысқа. Жастар әңгіме, микроәңгіме, миниатюра, этюд, суреттеме, эссе сынды жанрларға бейіл. Бұрын әңгіме ең қиын жанр ретінде аталып, содан именген Ә.Нұрпейісов бастаған жазушылар бірден роман жазудан бастаған делінеді. Алайда бүгінгі жастар үшін қысқа жанр жақын. Жоғарыда шығармалары талдау нысанына алынған қаламгерлерден бөлек, бүгінде Ы.Дәбей, Ә.Қоспағарова, Б.Сарыбай, Қ.Әбілқайыр, Ө.Әбдіхалықұлы, А.Елгезек, Д.Бейсенбек, М.Мәлік, А.Нүсіп, Д.Жылқыбаев, Т.Башар, Т.Қылышбек сынды жас қаламгерлер қалам тартып жүр. Тіпті есімі аталғандардың бірқатары жас қаламгерлер санатынан шығудың алдында тұр. Бір қызығы, жастар тарихи тақырыпқа бара бермейді. Аға буын өкілдері тарихи тақырыпты қаузап, ұлттық құндылықтарымызды қайта қопаруға қызмет етіп жүрсе, жас қаламгерлер шығармашылығында постсоциалистік трансформациялар боямасыз көрінеді. Жалпы, аға буын өкілдері мен кейінгі буын қаламгерлер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Оны біз мынадай кесте түрінде көрсеттік:

2-кесте.

Аға буын	Жас қаламгерлер
Мазмұнға көбірек мән береді	Формаға көбірек мән береді
Көлемді жанрларда жазады	Қысқа жанрларға жақын
Тілі бай	Тілі жұтаң
Тарихпен ұштастыра отырып жазады	Тарихи мәселелерге бара бермейді
Дәстүрлі қазақ өмірін жазады	Бүгінгі қазақ қоғамы жөнінде жазады

Реализм, модернизм	Модернизм, постмодернизм
Объективті шындықты көп суреттейді	Субъективті шындыққа көбірек мән береді
Сюжетке баса мән береді	Идеяға баса мән береді

Тәуелсіздік тұсындағы әдеби туындылардан біз соңғы ширек ғасырдағы сөз өнеріміздің беталыс-бағытын, даму ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге егемендік алғаннан кейінгі жылдардағы қазақ қоғамының өзіндік болмысын, қоғам мүшелерінің өзіне ғана тән ойлау жүйесін де тани аламыз. Проза жанры сондай-ақ жалпыадамдық құндылықтардың ғана емес, ұлттық құндылықтар жүйесінің де бет-бейнесін дәл таныта алуымен де құнды. Осы орайда, олардың арасында айтулы айырмашылықтар бар деген ой туу мүмкін. «Ұлттық және жалпыадамдық мәселелер әдебиеттің күрделі идеялық-эстетикалық құбылысы ретінде жан-жақты әрі арнайы зерделеуді қажет етеді», – дейді якут әдебиетіндегі аталмыш мәселелерді қарастырған Д.Васильева [124, 2]. Біздіңше, бұл жекелеген ұлттардың құндылықтары жалпыадамдық құндылықтардың көлеңкесінде қалып қояды дегенді аңғартпаса керек. «Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, халықтың ізгі қасиеттерін бойына сіңіре білген адам, белгілі бір мөлшерде, жалпыадамдық құндылықтарды да тасымалдаушы тұлға болып есептеледі» [125, 161]. Аталған ұғымдарды өзара қайшы қоюға болмайды. Себебі ұлттық құндылықтар дегеніміз – жалпыадамдық құндылықтардың локальді түрлері. Тек осы тұста ғана оның өзіндік ерекшеліктері туындайды. Себебі ұлттың тілі, сенімі мен ойлау жүйесі, өткен тарихы мен өмір сүрер географиялық ортасы, реалды шындықты қабылдауы сынды факторлардың бәрі де халықтың жалпыадамдық құндылықтарға деген қатынасын қалыптастырады. Олардың арасында қатып-семіп қалған қамал жоқ. Құндылықтар жүйесін бұлайша жіктеу – шартты қадамдар. Дегенмен, ұлттың өзіне ғана тән құндылықтары жалпыадамдық құндылықтардың шеңберінен шыға қоймайды. Қайта көптеген ұлттық құндылықтарды жалпыадамдық құндылықтар аясында талдауға, түсіндіруге болатындай. Кез келген елдің әдебиетіне жалпыадамдық құндылықтар арқау болғанымен, олардың жоғарыда аталған факторлар себебінен өзіндік ерекшеліктері болмай тұрмайды. Мысалы, жалпыадамдық құндылық болып саналатын сұлулықты алайық. Кез келген халық сұлулықты қастер тұтқанымен,

сұлулыққа деген өлшемі әркелкі болатыны белгілі. Өйткені әрбір ұлттың өмірді тануы, реалды құбылыстарды қабылдау ерекшелігі біркелкі бола бермейтіні заңдылық. Міне, осы тұстан әсіресе бүгінгі жаһанданған заманда айрықша өзекті болып отырған ұлттардың өзіне тән бірегейлігі мәселесі туындайды. Содан да аталмыш ұғымдарды өзара қарсы қоюдың қажеті шамалы. Қайта олар бір-бірін толықтыра түседі. Осы орайда, ғалым Ш.Елеукеновтің мына пікірі орынды деп есептейміз: «Ұлттық һәм жалпы адамзаттылық сипаттардың қай-қайсысы да құрып жоғалып кетпек емес. Өйткені, бұлар – бір медальдің екі жағы. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Ұлттық қасиеттің қайсысы жалпы адамзат мәдениетінің гүлдеуіне қайшы келмек? Жалпы адамзатты оркестрге теңесек, ұлттар сол оркестрдің әрқайсысының үні бөлек аспаптары емес пе? Жалпыадамдық һәм ұлттық ұғымдары үйлесімі, келісімі жарасқан ұғымдар. Бұлар – бір домбыраның екі ішегі, бүркіттің қос қанаты тәріздес [84, 409]. Осыдан келіп ғалымдар әр ұлттың өзіне тән дәстүр-салты қалыптасатынын айтқан. Ол, бірінші тарауда тілге тиек еткеніміздей, халықтың тұрмыс-тынысына, мәдени келбетіне тікелей байланысты құбылыстар. Кей зерттеушілер контингенттер мен ірі региондардың өзіне тән құндылықтарын жіктеп көрсеткен. Мәселен, профессор Т.Ғабитов Батыс пен Шығыс өркениеттерін салыстыра отырып, мынадай басты ерекшеліктері бар екенін жазады: «Батысқа рационализм, христиан дәстүрі, ағартушылық, демократия, дербестік тән болса, Шығыс үшін, керісінше, мистерия, сезімталдық, исламдық және буддистік (басқа да) діни ұстанымдар, дәстүршілдік, ұжымшылдық, қауымдастық, мемлекеттің ерекше түрі тән келеді» [110, 315]. Аталған құндылықтардың бірін де жалпыадамдық құндылық емес деуге негіз жоқ. Тек олардың белгілі бір түрлері ғана қауым елдердің өмір сүру салтының өзегіне айналуы мүмкін. Бұл өз кезегінде әр халықтың моральдық кодекстерін қалыптайды. Шығарманы оқыған кезде сол халықтың өкілі осы моральдық сүзгі-идеалдар арқылы қабылдайды. Я болмаса автор аталмыш кодекстер аясында қалам тербейді.

Ұлттың өзіне тән құндылықтар жүйесі, мәдени атрибуттары оның тілі мен дінінен (сенім), тарихы мен өнерінен, әдет-ғұрыптары мен әдебиетінен мейлінше шынайы көрініс табады. Өйткені аталмыш категориялар жалпыадамдық құндылықтардың локальді сипатын танытатын, оның мәнін ашатын бірліктер болып саналады. Қазіргі әдебиетте этномәдени фундаментализмге оралу тенденциясы жүріп жатыр. Тарихи түпнегізін іздеу үрдісі әдебиетімізде эстетикалық бағыт алды деуге негіз бар. Ол, ең әуелі, кейіпкерлер болмысынан көрінеді. Шығарманың тұтастай идеясынан, идеялық концепциясынан айқын аңғарылады. Бүгінгі әдебиет ғылымы кейіпкерлердің жан-дүниесін ақтарып, санасындағы қатпарланған қабаттардың мәнін ашу үшін де, бір жағынан, ұлттық құндылықтары аясында қарастыруға басымдық беріп отыр. Өйткені, кез келген адам – белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі, қандайда бір әлеуметтік-психологиялық

шоғырдың ажырамас бір бөлшегі. Демек адамның (кейіпкердің) болмысын танып, бітімін түсіну үшін ол тиесілі көпшілік топтың психологиясын, мінезі мен дүниетанымын да қосарлай алып қарастыру керек болады. Яғни біз қазақ прозасының өзіндік ерекшеліктерін ұлттың дара қасиеттерінен бөле-жара қарай алмаймыз. Сонда ғана кейіпкерлердің құндылықтар жүйесін бағамдауға, жалпыадамдық құндылықтардың қазақ прозасындағы сипаты жөнінде шынайы пайымдаулар жасауға жол ашылмақ. Өйткені «ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» (А.Байтұрсынұлы). Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, ұлттың өзіне тән бірегейлігі мәселесі осы тұстан туындайды. Біз жалпыадамдық құндылықтардың ұлттық әдбиеттегі ерекшеліктері туралы сөз қозғағанда, оның өзіндік даралықты, этникалық бірегейлікті танытар қасиеті жөнінде айттық. Профессор Р.Нұрғали былай дейді: «Бейнеге бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу. Олай болса, ешбір суреткер ешқашан да тілге, ұлттық бояуға зорлық жасай алмайды» [126, 185]. Әдебиеттанушының бұл пікірімен келіспеске болмайды. Себебі, әлеуметтік тартыстар мен адам жанының терең қалтарыс-бұлтарыстарын әдебиеттей, сөз өнеріндей терең ашып беретін өнер мен құбылыс жоқ десек, әдебиеттің негізі, көркем туындының тіні – образда. Өйткені, өнер, оның ішінде, сөз өнері де сол ұлттық болмысты игеру әрекетінің айқын үлгісін көрсетеді. «Қашанда бейне объективті дүниенің субъективті сәулесі, ешбір өнерпаз бұл ықпалдан шет қала алмайды» [126, 191]. Осы орайда, Мағжанның «Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымауы мүмкін емес. ...қазақтың мыңжылдық тарихының, елтірі тұмағының иісі шықпауға мүмкін емес» деген сөзі еске түседі. Ал қазақ танымында, қазақ ұлтының құндылықтар жүйесінде танымдық, экономикалық құндылықтарға қарағанда этикалық, әлеуметтік және эстетикалық құндылықтар басым түседі. Мысалы, қазақтың «малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген мақалынан тұтас ұлттың өзіндік даралығын, аксиологиялық приоритетін бағамдауға болады. Дәстүрлі қазақ қоғамында өмір сүрген адам үшін экономикалық құндылықтарға қарағанда этикалық-моральдық құндылықтардың артық тұратыны осыдан-ақ белгілі болады. «Американдықтардың «ақылды болсаң, неге кедейсің» деген ұраны заттық байлыққа ие болуды басты мақсат етіп, адамзат алдына үлгі ретінде ұсынылуда. Бірақ тек қарны тоқтық қазақ үшін ешқашан басты мәселе болмаған. Біз үшін рухани азық, көңілі тоқтықтың басты қағидасы, жанның жайлылығы, арының тазалығы, намыстың тегеуріні маңызды болған», – деген профессор А.Ісімақованың пікірі пікірімізді қуаттай түседі [127, 88]. Сондай-ақ қазақ ұлтының өзіндік ерекшелігін танытатын жалпыадамдық құндылықтар қатарына мыналарды қосуға болады. Жеке, индивидуалды құндылықтарға қарағанда ұжымдық құндылықтардың басым түсуі: өзара бірігіп, топтасып тіршілік кешу, үлкенге қарап, рубасының не ақсақалдың шешіміне ұйып, жұмыла әрекет ету, бірі қиналғанда, бәрі қол ұшын созу т.б. сынды ерекшеліктер мен осы

ұжымдық тұрмыс жағдайында ерлік пен жауынгерліктің айрықша әспеттеліп, еркіндік, үлкенге құрмет, сөз құдіреті, табиғат, Отан, дәстүр құндылықтарының биік қойылуы әдебиет әлемінде өз ізін қалдырып отырды.

Ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың құндылықтар жөнінде ой сабақтағанда мынаны ескеру керек деп ойлаймыз. Кез келген халықтың ұлттық құндылықтарын жалпыадамдық құндылықтар аясында қарастыруға негіз бар. Дегенмен әр ұлттың өзіне ғана даралығын танытып тұратын қасиеттері, құндылықтар жүйесі болады. Халықтардың тұрмыстынысында, өмір сүру жүйесінде жалпыадамдық құндылықтардың қай түрі басым түсетініне қарап біз сол ұлттың өзіне тән ерекшеліктерін тануға мүмкіндік аламыз. Мысалы, белгілі аксиолог-ғалым С.Нұрмұратов жапондардың әдетте эстетикалық құндылықтарға басымдық беретінін айта келіп, ол ойын былайша сабақтайды: «Рим, Батыс Еуропа мәдениеті құқықты бәрінен жоғары қойған. Яғни қазір әлемде айтылып жатқан құқық, жеке адамның бостандығы, еркіндігі, адамды қорғау деген мәселелер сонау Рим империясынан бастау алады. Сол дәстүр қазіргі кезеңге дейін жетті. Ал, Қытай, біздің қазақ және жалпы түркі мәдениетін алайық, барлығының рухани әлемінде жетекші роль атқаратын ұстаным, бұл – этикалық құндылықтар. Яғни жақсылық, әділеттілік, адалдық туралы құндылықтар біз үшін ең жоғарғы деңгей болып саналып келді. Ең әділ би, патша, шешен болса, әр сөзі мергеннің оғындай болса, біз соны өте құнды деп, соған көп көңіл бөлдік. Кез келген айтыс, ақын-жыраудың сөзі болсын, осыған келіп тірелген. Бұл – біздің менталитетіміз, этникалық келбетіміз» [20]. Бұдан аталған халықтардың мәдениетінде басқа жалпыадамдық құндылықтар жоқ деген жаңсақ пікір тумаса керек. Жалпыадамдық құндылықтардың ішінде белгілі бір құндылықтар түрі сол елдің рухани-мәдени келбетін қалыптап, өзіне тән ерекшеліктерін, ұлттық бірегейлігін танытады деп есептейміз. Дегенмен, бүгінгі қазақ прозасында аталған құндылықтар тап осы сипатымен көрінеді десек, қателесер ек. Қазіргі әдебиеттегі кейіпкер болмысына үңілмей, құндылықтар туралы тұщымды тұжырым, ғылыми негізді пікір айтуға ерте. Содан да болар, қазақ әдебиетіндегі кейіпкер болмысын тану мәселесі қашанда өзекті болған. Ғылыми басылымдар мен мерзімді баспасөз беттерінде А.Исәділдің [128], Қ.Әлімбетовтің [129] Қ.Қасымбекованың [130], Н.Сұлтансихқызының [131], А.Садықовтың [132] мақалалары жарық көрді. Сонымен бірге кейіпкердің жағдайғы байлынысы жөнінде де арнаулы ғылыми зерттеулер жазылды [133].

Көркем мәтіннің негізгі нысаны адам десек, оның қуаныш-қайғысы да, арман-аңсары да мәтіннен көрініс табады. Сол арқылы қоғамның қалпы танылмақ. Адам – табиғат, адам – тағдыр, адам – билік, адам – қоғам, адам – тарих, адам – болашақ, адам – халық, адам – Құдай, адам – ситуация байланыстары аясында танымы таразыға түсіп, құндылықтар жүйесі бағамдалады. Сондай-ақ мына құбылысты ескерген жөн. Көркем әдебиетте

аталған қатынастар адам мен өзге объектілер байланысында ашылып келген болса, соңғы ширек ғасырда бұл жүйе біршама өзгеріске ұшырады. Бүгінгі қатынас негізінен адам мен сыртқы фактор арасында жүріп жатқан жоқ: өз-өзімен арпалысқан, өзімен күрескен, өзін жегідей жеген немесе ішкі құндылықтарымен қайшылыққа түскен жаңа тұрпатты кейіпкерге кез болып отырмыз. Содан да қазіргі қазақ прозасында адамның ішіндегі адам мәселесі алға шықты деуге негіз бар. Жазушы Н.Ораздың мына пікірі ойымызды қуаттай түседі: «Әдебиет дегеніміз – адамтану» (М.Горкий) деген тұрғыдан келетін болсақ, меніңше, бүгінгі күнге дейінгі әдебиет адам мен табиғат, адам мен қоғам, адам мен адамның арасындағы т.б. қарым-қатынасты толық зерттеп, жазып біткен сияқты. Ендігі әдебиет Жаратушы мен адамның, ғарыш пен адамның, тылсым дүние мен адамның арасындағы байланысты құпияларына үңіліп, психологиялық, генетикалық тұрғыдан талдау жасайтын болар деп ойлаймын» [134]. Жоғарыда талдау нысаныса алынған жас қаламгерлер шығармаларынан да біз осындай ерекшеліктерді байқадық. Ол өз кезегінде баяндау жүйесіне де әсер етпей қоймады. «Бұрынғыдай біреуді біреудің көзімен көру, яғни кейіпкер тағдырын, ой-арманын бір ғана автордың баяндауында емес, енді өзінді-өзің өз көзіңмен көре білу алдыңғы қатарға қойылды» [135, 8]. Осы орайда, қазіргі әдеби кеңістікте ішкі монологтің салмағы артып, мәні ұлғайды деуге болады. Ішкі монологтің әдеби-эстетикалық мүмкіндіктерінің мол екені белгілі. Ол – «адам ішіндегі адамды», жеке тұлғаның бүтін бітімін аша алатын бірегей поэтикалық құбылыс. Бір жағынан, ішкі монологтің басымдыққа ие болуы кейіпкердің айнала-қоғамнан аласталғанының, алшақтағанының белгісі болып саналады. Ол міндетті түрде жапан далада қалуы шарт емес. Көп ішіндегі жалғыз болуы да ғажап емес. Үлкен қалаларда өмір сүретін, миллиондар ішінде жүрсе де, жалғыздықтың тақсіретін тартып жүрген кейіпкер болуы ықтимал. Ішкі монолог – жатсыну құбылысын жан-жақты ашып беретін көркемдік әдіс. Кең диапазонда қарастырсақ, ішкі монолог қоғамдық қатынастардың дағдарысқа ұшырағанын, коммуникациялық-мәдени бірліктердің ыдырағанын танытатын тәсіл деуге де болады.

Аталған ерекшеліктердің бәрі де адамның болмысынан көрініс табады десек, ол адам тұлғасының үш негізіне барып тіреледі. Оның біріншісі – танымы. Санадағы құбылыстардың өзі әдебиетте екі түрлі сипатта – санада және бейсанада көрінетіні белгілі. Біздің ойымызша, бейсанада көрініс табатын құндылықтар реалды өмірдің заңдылықтарымен дәп түсе бермегенімен, адам психологиясын таныту рөлі тұрғысынан біршама айқын әрі шынайы шығады. Екінші негіз – кейіпкер эмоциясы. Көркем шығарма эмоцияға толы, бұл өнер атаулыға тән ерекшелік. Үшінші негіз – кейіпкердің әрекеті. Алғашқы екі түрлі қайнар көз үшінші негізіне қозғау салады. Танымы мен сезімі кейіпкердің белгілі бір әрекеттерге баруына түрткі болмақ. Көркем шығарма адам болмысының аталған үш негізін толыққанды ашып беруімен де құнды болып саналады. Осы

тұрғыдан алғанда, біз бұған дейінгі әдебиеттің тәрбиелік, танымдық, эстетикалық қызметтеріне қоса аксиологиялық қызметі бар деп айтуымызға болады және көркем шығарма өз ішінде тілдік таңбаларды қамтыған аксиологиялық таңбалардан құралады.

Біз жоғарыда ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың арақатынасынан ұлттың бірегейлігі деген бүгінде аса өзекті болып отырған мәселенің туындайтынын айттық. Әсіресе жаһандану жағдайында оның өзектілігі арта түспесе, еш кеміген жоқ. Осы орайда, қазіргі қазақ прозасында мынадай екі түрлі типтегі кейіпкер болмысы қалыптасып отыр. Ол *өз* және *өзге* қатынастарын туғызады. Соның негізінде бұқаралық мәдениет пен ұлттық мәдениет арасындағы қақтығыстардың, әртүрлі қатынастардың өрбуіне түркі болмақ. Біз аталмыш қатынастардың шынайы бет-бейнесін әдебиеттен, сөз өнерінен, оның ішінде көркем де кестелі туындылардан айқын аңғарамыз. Ондағы кейіпкерлердің болмысы, ой-ұстанымдары, өмірге деген көзқарастар жүйесі – жалпы құндылықтар әлемінен хабардар боламыз. Екі түрлі типтегі кейіпкерлердің бүгін бітіміне сүйене отырып, біз қазіргі қазақ прозасында космополиттік және этноцентристік арналар қатар дамып жатыр деп батыл айта аламыз. Себебі өзінің тамыр-түбін іздеген ұлттық кейіпкерлер және өз құндылықтары мен әлемдік мәдени бірліктерді қоса-қабат бойына сіңірген гибридік-космополиттік кейіпкерлер тұлғасы айқын көрінеді. Тәуелсіздік тұсындағы прозада айрықша көрінген бір адамның екіге жарылуы – диедалық кейіпкердің дүниеге келуі сынды құбылысқа да аталмыш үрдістің әсер-ықпалы болмады дей алмаймыз. Өйткені адамның ішіндегі арпалысқан, алай-дүлей ойлар мен сезімдер тасқыны – оның құндылықтар жүйесінің жемісі.

Әдебиетте өз тамырын іздеген кейіпкерлердің сахнаға шығуы жайын айтқанда, ол жайлы еліміздегі белгілі әдебиеттанушы ғалымдардың да пікір білдіріп, ой сараптағанын айтпай кетуге болмайды. Қазіргі прозаның беталысын бағамдап, көптеген ғылыми еңбектер жазған профессор Ш.Елеукенов былай дейді: «Жаңа дәуір өзімен бірге жаңа тақырып ала келетіні, соны кейіпкерлер туатыны мағлұм ақиқат. Кейінгі кезеңде жазылған проза қаһармандарының көзге түсетін бір ерекшелігі ол тап қырқысын дәріптемейді, әлеуметтік-шаруашылық мәселелерін күйттеуге де бармайды. Ендігі шығармаларда ұлтының көкейкесті мүдделі жолында жанын салатын күрескерлер алға шығуда» [84, 410]. «Қазіргі әдебиетке жаңа кейіпкерлер галереясының келуі саясатқа негізделген жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді әдеби әлемнен ығыстырды», – деген әдебиеттанушы-ғалым Г.Орданың пікірі де жоғарыдағы ойды растай түседі [91, 62]. Расында да, қазіргі қазақ прозасына Отан, туған жер, егемендік, еркіндік, атамекен құндылықтарын ұлықтап, бәрінен үстем қоятын кейіпкер келді. Бір жағынан, мұны жетпіс жылдық цензураның бұғауынан босаған әдебиеттің қалыпты ағысы деп топшылаймыз. Ендігі ретте еңбек адамы мен

таптық күрес басты орында емес әрі міндетті түрде орыс ұлтының өкілі ағадос бейнесінде көрінбейді.

Екінші типтегі кейіпкерлердің болмысы бөлек болмағанымен, сипаты ерек. Мұндай кейіпкер болмысының қазіргі прозада көрінуін заңдылыққа балауға болады. Өйткені қазіргі қоғамдағы әр алуан өзгерістер, жаһандану жағдайы, мультимәдени сананың үстем бола бастауы және тағы да басқа мәдени-рухани, саяси-әлеуметтік ағыстардың бәрі де біз тілге тиек етіп отырған екінші типтегі кейіпкер болмысын қалыптастырды. Қазіргі қазақ прозасында осындай екі түрлі кейіпкер кездеседі. Олардың болмысына үңілгенде, жағымды немесе жағымсыз деп кесіп айтуға келмейтін қасиеттерді танимыз. Өйткені олардың болмысы күрделі. Жақсы деген кейіпкердің бойынан жағымсыз қасиеттерді мен қылықтарды онай аңғаруға болады, сол секілді жағымсыз деген кейіпкердің бойынан да адами қасиеттердің нышанын бірден байқайсыз. Бүгінгі кейіпкерге үкім жүрмейді. Үкім берілсе, бір жақты, жадағай баға берілген болады. Өйткені олардың бойында жақсы адамда да, жаман адамда да бар қасиеттер мен қылықтар кездеседі. Бұл бүгінгі адам жанының күрделілігі ғана емес, қазіргі қоғамның мәдени бет-бейнесінің күрделілігін танытады. Өйткені әр адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның жемісі.

Үлкен тарихи бетбұрыстардан кейін құндылықтар жүйесінің қайта сарапқа түсетіні белгілі. Дегенмен, соңғы ширек ғасырда мәдени-рухани кеңістігімізге енген әртүрлі құндылықтардың оған дейінгі қалыптасқан құндылықтар жүйесінің бет-бейнесін аз уақытта түбегейлі өзгертіп жібере алмасы анық. Өйткені құндылықтардың динамикалық сипатынан гөрі статикалық сипаты әлдеқайда басым. Ресми тәуелсіздік жарияланғанымен, қоғамдық сананың тәуелсіз болуы, құндылықтар жүйесінің өзге қалыпқа көшуі біршама уақыт алатын құбылыс. Дегенмен экономикалық, саяси һәм әлеуметтік факторлар себебінен қоғамдық санада айтулы өзгерістердің жүзеге асып жатқанын ескеруге тиіспіз. Содан да, жоғарыда айтқанымыздай, екі түрлі кейіпкер болмысы қалыптасып үлгерді. Біздің ойымызша, болмысында, әрекетінде ұлттық құндылықтардың лебі байқала бермейтін кейіпкерлердің пайда болуына мынадай факторлар ерекше әсер етті. Оның біріншісі – нарықтық құндылықтардың үстем болуы. Қазіргі өркениеттің өзегінде бәсеке жатыр, ал ол өз кезегінде homo-economics деп айдар тағылған адам тұлғасын қалыптады. Бәсеке, озық болу, бәрінен алда болу деген құндылық қазіргі қоғамның бейнесін дәстүрлі қазақ қоғамының бейнесінен алшақтатып жіберді. Өйткені, қазақтың ұлттық құндылықтары озуға, бәстесуге, бәсекеге негізделмеген. Гедонистік көзқарастағы адамдардың көбеюіне де осы фактордың тигізер әсер-ықпалы аз болмай тұр. Біз тілге тиек еткен кейіпкерлердің жаңа түрінің қалыптасуына әсер еткен екінші фактор – тұтыну қоғамы. Қазіргі әлеуметтану ғылымында консюмеризм деп аталатын аталмыш құбылыс жаңа тұрпаттағы адамның, оның құндылықтарының негізін қалыптастырды. Консюмеризм, яғни

тұтыну қоғамы тек қана материалдық-заттық бірліктерге деген тәуелділікті туғызып қана қоймады, сонымен бірге аталмыш үдеріс мәдени-идеологиялық тұрғыдан да азаматтардың қажеттілігін қанағаттандыру тетігіне айналып кеткенінің куәсі болып отырмыз. ХХІ ғасыр адамының өзге елдердің рухани «тауарларын» тұтынуы қалыпты жағдайға айналды. Бұл тек біздің елде ғана жүріп жатқан үдеріс емес. Әлемдік трендтердің аясында ғана түсіндіруге болатын құбылыс дер едік.

Кейіпкер болмысын, оның құндылықтар жүйесін тануға сеп болатын көркем өнердегі салмақты бірліктер ретінде уақыт пен кеңістік ұғымын айтамыз. Өйткені аксиологиялық ерекшеліктер әдетте аталмыш физикалық ұғым-түсініктердің аясында ашылатыны анық. Мысалы, кеңістік шығарма көркемдігінде шешуші рөл ойнамауы мүмкін. Дегенмен оның негізгі идеялық концепцияны жеткізуде көтерер жүгі орасан. Кейбір жазушылар көркемдік-поэтикалық құрал ретінде оқиғаны қазақ жерінде емес, бөтен елде өрбітеді. Қалай дегенмен де, негізгі сюжеттік желісі басқа елде өткенімен, жазушының айтпақ ойы, айтқысы келген емеуріні – шығарманың идеясы қазақ өмірімен, қазақ тағдырымен тікелей ұштасып жататынын ақиқат. Қазақтың әдеби туындыларындағы кеңістік ұғымын саралағанда, ондағы мынадай үш категорияның айрықша маңызды болатынына көз жеткізу қиын емес. Олар – жол, дала және әңгімелеуші. Мұның өзі ұлттың тарихи-мәдени тұрмысынан хабардар етеді. Жол, негізінен, көшпенділердің құндылығы. Батыс әдебиетінде, жалпы, қалалық мәдениет шарықтаған елдердің әдебиетінде кеңістік көбіне өзінің статикалық сипатымен көрінеді. Ал қазақ әдебиетінде көбіне-көп динамикалық сипатымен назар аудартады. Алайда бұл уақыт ұғымымен тікелей байланысты. Кеңістік жөнінде айтқанда, оның тәуелсіздік құндылығымен тікелей сабақтас ұғым екенін де айтуға тиіспіз. Жалпы, ел концепті белгілі бір уақыт пен кеңістікке байланған деуге негіз бар. Әдебиеттанушы-ғалым А.Абдуллинаның: «В литературоведении основными формами репрезентации национальной картины мира признаются, соответственно, художественное пространство и тесно связанное с ним художественное время, как категории, являющиеся важнейшими параметрами художественного текста, служащие конструктивными принципами организации литературного произведения» [136, 55-56] деген пікірі ойымызды қуаттай түседі. Бұл әлемдегі кез келген халыққа тән құбылыс деп есептейміз. Өйткені әр ел өсіп-өнген ортасын жұмаққа телиді. Сол секілді, қазақ ұлтының рухани өмірінде де қасиетті жер (Жерұйық, Жиделібайсын т.б.) мен уақытқа (қой үстінді бозторғай жұмыртқалайтын заман) деген мәдени-концептілік байланыс орныққан. Бұл тәуелсіздік құндылығымен тікелей ұштас ұғым екенін жоғарыда тілге тиек еттік. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында да біз уақыт пен кеңістікке қасиет дарыту, құндылық үстеу құбылысының шетін қалмағанын байқаймыз. Ендігі нысан Жерұйық не болмаса Жиделібайсын елі емес,

тәуелсіз Қазақстан Республикасы, оның территориясы ұлттың еркін көктей алатын, өсіп-өркендейтін қасиетті кеңістігі ретінде ерекше көрінеді. Осы орайда уақыттың да ерекше маңызды екенін ескеруге тиіспіз.

Егер әдеби шығармаға дәстүрлі қоғамның оқиғалары арқау болса, көп жағдайда кеңістік осы аталған сипаттарымен көзге түседі. Қазіргі қазақ прозасында уақыттың сипаты өзгергені өз алдына, тарихи уақытқа, тәуелсіздік алғанға дейінгі уақытқа қайта баға беру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Егер біз диссертациялық жұмысымызға арқау болған шығармалардағы уақыт бірлігіне көз салсақ, олар ХІХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр аралығын қамтитынан көз жеткіземіз. Талдау нысанына алынған роман, повесть, әңгімелерде қазақ даласындағы, қазақ қоғамындағы оқиғалардың көркемдік-эстетикалық картинасы жасалды.

Қазіргі қазақ прозасында оқиғалық уақыт тек қазіргі реалды уақытты ғана суреттеп қоймайды. Бірінші тарауда айтқанымыздай, қаламгерлер қауымы тарихты қазбалап, ұлттық құндылықтарды жаңғырту үстінде. Аталмыш фактор прозада тарихи тақырыптың қайта түлеуіне түрткі болды. Бұл әсіресе роман, повесть сынды сүйекті жанрларға қатысты. Қазақ хандығы тұсынан бастап бүгінгі егемен ел болғанға дейінгі кезең көркем шындыққа айналып, поэтикалық тұрғыдан бағамдалып жатыр. Әлеуметтанушы ғалымдар шартты түрде қоғамды үшке бөліп қарастырады. Олар – дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды қоғамдар. Әрбір қоғам түрлерінің өзіндік құндылықтар жүйесі болатыны белгілі. Этикалық құндылықтар – дәстүрлі қоғамда, материалдық-экономикалық құндылықтар – индустриалды қоғамда, ал білім, жасампаздық құндылықтары постиндустриалды қоғамда үстемдікке ие болады. Мысалы, дәстүрлі қоғамның шындығын арқау еткен көркем шығармаларда кейіпкерлердің дені ұжымдық құндылықтармен және дәстүр-салттың аясында ғұмыр кешеді. Кейбір батыс елдері бүгінде постиндустриалды қоғам жағдайында өмір сүріп жатыр дегенімізбен, Қазақстанда индустриалды қоғамның салмағы әлі де басым. Постиндустриалды қоғамның белгілері біртіндеп тұрымысымызға еніп, әдебиетімізде көріне бастағанымен, әлі де толық орнығып үлгерді деуге ерте. Жоғарыда аталған қоғам түрлерінен көшпелілік, феодализм, социализм, капитализм т.б. сынды әлеуметтік-экономикалық формациялар туындайды. Әрбір қоғамдық формацияның өзіне тән ойлау жүйесі – менталдығы, соған сай құндылықтары орнығады. Бүгінгі прозада осы уақытқа дейінгі қоғам түрлерінде үстем болған ойлау жүйелерінде кездесетін құндылықтардың сарқыншақтары бар. Мысалы, мифтік сана көріністерін алайық. Бір жағынан, аталған қоғам түрлерінің әрқайсысына тән құндылықтардың бір арнада түйісер тұсы – модернистік туындылар.

Біз құндылықтардың өзгеруіне қоғамдық-саяси дүмпулердің, кенеттен болған айрықша үлкен оқиғалардың әсер ететіні жөнінде сөз еткен болатынбыз. Егер біз мәселеге осы қырынан қарайтын болсақ, әлеуметтану

ғылымында өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында орныққан белгілі теорияның мүмкіндіктеріне жүгінгеніміз жөн болатын секілді. Ол – ұрпақтар теориясы. Аталған теорияға сай, тарихтағы айтулы оқиғалар толқындардың өзіндік ойлау жүйесін, құндылықтарын қалыптастырады. Бірнеше ғылымдар тоғысында туындаған теорияны америкалық ғалымдар – Нейл Хоув пен Уильям Штраус ұсынған болатын. Ұрпақтар теориясын зерделей келіп, соның негізінде қазіргі білім беру саласына қатысты тың тұжырымдар жасаған отандық ғалымдар мынадай пікір білдіреді: «Қандайда бір ұрпақты түсіну үшін сол буынның негізгі құндылықтарын, өзіне тән ойлау жүйесін қалыптастырған басты тарихи оқиғаларды анықтау және соны дұрыс талдай білу керек. ...»құндылықтар» термині ұрпақтар теориясының негізі болып табылады» [137, 107]. Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ұрпақтар теориясындағы басты кезеңдердің өзіндік сипат-ерекшеліктерін келтірейік.

1920–1941 жылдары туған «үнсіз ұрпақ». Бұл толқын Қазан төңкерісінен кейінгі әлеуметтік реформалар мен ұжымдастыруды, аштық пен соғыстың тақсіретін көрген, ауыр мәдени жарақат алған ұрпақ саналады. Содан да, басты құндылықтары – қатаң тәртіп, үнемдеу, қор жинау, балаларға орысша білім беру т.б.

1942–1963 жылдарда туған «бэби-бумерлер», яғни соғыстан кейінгі туу көрсеткішінің күрт өскен кезеңінде дүниеге келген ұрпақ. Бұл ұрпақ жеңіс рухымен өскен, өздерін ғарышты алғаш бағындырған супермемлекеттің тұрғыны санап, діни идеологиядан кем түспейтін коммунистік идеяларға шын беріліп, ұжымдық рухта тәрбиеленген буын. Сонымен бірге бұл – тұтыну қоғамын тудырған ұрпақ, себебі аштық пен жоқшылықтың азабын көрген ата-аналары бұл ұрпақтың кеңшілікте өмір сүруі үшін бар жағдай жасаған. Қазіргі әдебиеттегі тойымсыз, материалдық құндылықтарға ерекше берілген, барынша дүние жинап, баюдың жолына түскен кейіпкерлерге кез болсақ, олардың көбі осы буын өкілдері болып шығатыны даусыз.

1964–1985 жылдары туған X буыны. Бұл буын өкілдері кейде өтпелі кезеңнің беймәлім буыны деп те аталады. Себебі аталмыш буын екі жүйені – социализм мен капитализмді қатар көрді. Социалистік жүйенің іріп-шіруі мен нарықтық қоғамның толық орнығып үлгермей, неше түрлі келеңсіз құбылыстарына куә болған ұрпақ осы. Ғалымдардың айтуынша, бұл буын үшін ең бастысы құндылық – білім. Әрі осы буын өкілдері барынша индивидуалдық құндылықтарға бейім. Қарап отырсақ, қазіргі әдебиеттегі индивидуалдық құндылықтары басым кейіпкерлер осы кезеңнен бастау алады екен. X буыны өзгеруге бейім, кез келген іске тез бейімделіп кететін қасиетімен де ерекшеленеді.

1986–2007 жылдары дүниеге келгендердің У буыны. Желідегі ұрпақ немесе интернет-ұрпақ деп те аталып жүр. У буын шынайы өмірді виртуалды шындық аясында қабылдайды. Өтпелі кезеңнің құлдыраған

экономикасын, егемен елдің құндылықтарының қалыптасу кезеңін, сандық технологиялардың қарыштап дамуын көріп өскен ұрпақ болып саналады. Олардың басты құндылықтары материалдық құндылықтар емес, өздері сүйген іспен айналысу, құндылықтарына сай өмір сүру. Сондай-ақ олар үшін әлем алақандай көрінеді әрі өз қызметін әлемнің кез келген елінде атқара беруді артық көрмейді. Бүгінгі әдебиеттегі гибриді кейіпкерлердің дені осы кезеңде туған. Рухани-мәдени тұрғыдан олардың жандары қосамжарланған. Себебі «бүгінде ұрпақтар арасындағы дүниетанымдық айырмашылықтың тереңдей түсуіне технологиялық инновациялар, өзгерістер қарқыны үлкен ықпал жасап отыр» [137, 112]. Бүгінде тарихта тұңғыш рет төрт толқынның, төрт түрлі ұрпақтың өкілдері бір дәуірде өмір сүріп жатыр: дәстүршіл (traditionalists), бумер (boomer), ГенХ (GenX), милениал (Millennial). Бұл – қоғамдағы құндылықтар жүйесінің көп арналы екенінің көрсеткіші. Сондай-ақ, қазіргі әдебиеттегі, жалпы мәдени үдерістегі плюралистік көзқарастардың артуына сеп болып отырған факторлардың бірі. Біздің ойымызша, әртүрлі құндылықтар жүйесіне ие буын өкілдері бір қоғамда өмір сүрген кезде әдебиетте күрделі бейнелер туындайды. Ал ол өз кезегінде модернистік, тіпті постмодернистік туындылардың жазылуына түрткі болады. Әдебиеттегі кейіпкерлер жанының қосамжарлануы, олардың рухани-психологиялық тоқырауға ұшырауы, жалпы айтқанда, адам өміріндегі теңгерімнің бұзылғанының белгісі. Өйткені адам – мәдени-рухани, әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық жаратылыс. Оның төрт – физикалық, менталдық, рухани және эмоциялық қырларының бірі кемшін түсіп жатса, адами қалпы теңгерімін жоғалтып, оның өмірінде шиеліскен жағдайлар көптеп орын алады деген сөз. Сонымен бірге, адам, әлеуметтік тұрғыдан, белгілі бір ұлттың өкілі һәм жалпы адамға тән қасиеттерге ие қоғамның мүшесі. Адамды адам етіп тұрған жалпыадамдық құндылықтарды бойына сіңірмесе, сондай-ақ басқа адамдардан (қоғамдардан, ұлттардан) айырып тұратын басты төл ұлттық даралық-бірегейліктеріне ие болмаса, ол өз бағытынан, табиғи құбыла-темірқазығынан адасып кетеді. Тәуелсіздіктің баянды болуы осы темірқазықтан алшақтамаған, қайта құндылықтық қазыққа нық бекіген тұлғаларға тікелей тәуелді. Жоғарыда аталғандай, қазіргі төрт түрлі санаттағы ұрпақтар толқынының бір дәуірде өмір сүруі өз кезегінде плюралистік көзқарастардың көбеюіне, сол арқылы сөз өнерінде де әртүрлі ағыстардың артуына түрткі болып отыр. Әдебиеттегі әртүрлі эксперименттердің көбеюінің бір факторы ретінде аталған құбылысты айтуға болатын сияқты. XX ғасырдың басында сөз өнерінің теориясын тасқа түсірген А.Байтұрсынұлы: «Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізге әлі түгенделіп жеткен жоқ», – деген болатын. Біздіңше, сөз өнері әлі де еуропалық әдеби ағысты бағдар тұтып, әртүрлі эксперименттерге баруды жалғастыратын секілді. Әдебиеттанушы А.Қалиева өзінің «Бүгінгі әдеби үдеріс» деп аталатын мақаласында: «...заманауи әдеби үдеріс идеялық

қайшылығы болғанымен, бір-бірін мүлде жоққа шығармай, дербес қалыптарында өмір кешетін, арақідік өзіндік үйлесім тауып жататын, әйтеуір әсіре келісімпаздық танытпаса да, үстемдікке, жолындағыны басып-жаншуға ұмтылмайтын көркемдік бағыттар негізінде жүзеге асуда», – деп жазды [138]. Ғалымның бұл пікірін бүгінгі қазақ прозасының даму бағытына берілген толымды баға деп санаймыз. Қазақ әдебиеті қазіргі мультимәдени жаһаннан өзінің төл даралығын, мәдени-тарихи һәм концептуалдық бірегейлігін іздеп жатыр десек, сол жолда әлемдік үрдістерге етене кірігіп, тәжірибе жинау мен толысудың жолында келеді.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында әңгіме жанрының қоғамдағы этикалық-моральдық және қоғамдық-әлеуметтік құндылықтарды танытудағы рөлі орасан екеніне көз жеткіздік. Эпикалық құлашы кең іргелі оқиғалар мен тарихтың ақтаңдақ беттері негізінен роман, повесть жанрларына арқау болса, қазіргі заман тынысы, бүгінгі қоғамдық түйткілдер көбінесе әңгіме жанрының арқауына айналды. Адамның рухани-этикалық тұрғыдан жұтандануы, ұлттық құндылықтардан алыстап, өзгенің мәдени ассимиляциясына түсуі т.б. мәселелердің бәрі де қазіргі әңгіме жанрында поэтикалық-аксиологиялық тұрғыдан сарапқа салынады. Сонымен бірге қазіргі әңгімеде құндылықтар жүйесі әртүрлі ракурста, әртүрлі әдеби-көркемдік арналар аясында ашылатынын ескеру керек. Себебі бүгінгі әдебиет көп салалы, сан арналы сипатымен ерекшеленеді. Кейіпкер жанының иірімдерін ашып, адам болмысының бірегейлігін танытуда жазушылардың әртүрлі әдеби ағымдар мен әдіс-тәсілдердің, формалық-идеялық жазу машықтарының мүмкіндіктеріне жүгінетіні байқалады. Сондықтан да қазіргі прозасында белгілі бір ағым көркемдік канон деңгейіне жете қойған жоқ. Мейлінше дүниетанымдық тұрғыдан түрленген ХХІ ғасырда ондай ұғымның қалыптасуы да неғайбіл деп ойлаймыз. Көркемдік сананың дара шығармашылық кезеңінде авторлық поэтика үстем болып, барынша түрленіп, плюралистік бағытқа түсуін заңдылық деп санаймыз.

Бүгінгі қазақ прозасында әртүрлі эксперименттер жасалып жатыр десек, оның көшін жас қаламгерлер бастап отыр. Қалыптасқан дәстүрлі әдеби соқпақтарға бүгінгі жастар шығармашылығы ұқсамай жатса, біз оны құндылықтарды қайта қараудан туындаған қадамдар деп санауға тиіспіз. Өйткені кез келген жаңашылдық, жаңа әдеби ағымдар мен тәсілдер қалыптасқан құндылықтық діңгекті бұзуға, оған қайта баға беруге деген талпыныстан туындайды. Осы орайда аға буын өкілдері бастаған өткен советтік дәуірде қалыптасқан құндылықтарды қайта бағамдау үрдісінің жастар шығармашылығы арқылы да жалғасын тауып жатқанын айтуға болады. Алайда жас қаламгерлердің көбі аталмыш миссияны батыстық әдеби ағымдар аясында ашуға талпынады. Сол жолда олардың соны форма табуды көздейтіні, сонымен бірге сюжеттен гөрі, идеялық концепцияға айрықша күш салатыны аңғарылады. Бұл өз кезегінде қазақ прозасының

интеллектуалдық тұрғыдан өсуіне сеп болып отыр. Аға буын өкілдері өткенге тарихи жанрды жаңғырту арқылы баға беруге ұмтылса, жас қаламгерлердің көпшілігі заманауи тақырыпта қалам тартып, орныққан құндылықтарға басқа қырынан қарауға күш салуда. Дегенмен жастар шығармашылығының стильдік-тілдік қыры кемшін түсіп отыр.

Құндылықтар жүйесінің өзгеруі, рухани-этикалық теңгерімнің бұзылуы қазақ прозасындағы жалғыздық, жатсыну құбылысын күшейтті. Бұл өз кезегінде қажыр, қайрат, жігер, үміт құндылықтарына қарсы қойылады. Этикалық-моральдық құндылықтардан гөрі экономикалық-материалдық құндылықтардың үстем қойылуы мәдени деградация үдерісін күшейтіп, сөз өнерінде оның ізі қоғамнан ғана емес, өзінен жатсынған кейіпкерлер санының күрт өсуінен көрініс тапты. Соның себебіннен сыртқы факторлармен емес, өзімен-өзі арпалысқан, өзімен күрескен, ішкі құндылықтарымен қайшылыққа түскен жаңа тұрпатты кейіпкер болмысына кез болып отырмыз. Бұл үрдіс әдебиетте адам ішіндегі адам мәселесін алға шығарып, әдеби кеңістікте ішкі монологтің, басқа да психологизм элементтерінің барынша дамуына сеп болды.

Қазақ әдебиетінде екі түрлі тенденция айқын байқалды. Біріншіден, ұмыт болған тақырыптарды арқау еткен, ұлттық құндылықтардың табиғатын танытар көркем туындылар жиі жарық көрсе, екіншіден, әлемдік әдеби үрдістерге қол созған, дәстүрлі әдебиетке ұқсай бермейтін тың туындылар аз жазылған жоқ. Әсіресе, жаңалыққа ұмтылу жастар прозасында ерекше байқалады. Осындай көркемдік үрдістер өз кезегінде дәстүрлі-архаикалық және маргиналдық мәдени типтегі кейіпкерлердің тұлғасын қалыптасып үлгерді. Дәстүрлі-архаикалық типтегі кейіпкерлер әсіресе түркілік сарындағы поэтикалық туындыларда, тарихи жанрдағы шығармаларда көбірек кездесе, маргиналдық типтегі кейіпкерлерді біз әдетте заманауи тақырыптағы шығармалардан кезіктіреміз. Маргиналдық мәдени типтегі кейіпкердің қалыптасуына нарықтық қоғамдағы экономикалық құндылықтардың үстем болуы және консюмеризмнің, яғни материалдық һәм рухани-идеологиялық тұтыну мәдениетінің ықпалы орасан зор болды. Әсіресе екінші типтегі кейіпкердің болмысы күрделі. Оларды дәстүрлі әдебиеттегідей жағымды не жағымсыз деп кесіп айтуға келмейді. Өйткені жақсылық пен жамандық олардың бойында қатар көрініс табады. Содан да оларға үкім жүрмейді. Үкім берілсе, бір жақты, жадағай баға берілген болады. Өйткені олардың бойында жақсы адамда да, жаман адамда да бар қасиеттер мен қылықтар кездеседі. Бұл бүгінгі адам жанының күрделілігі ғана емес, қазіргі қоғамның мәдени бет-бейнесінің күрделілігін танытады. Өйткені әр адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның жемісі.

Жалпыадамдық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды бөле жарауға болмайды деп есептейміз. Себебі ұлттық құндылықтар – жалпыадамдық құндылықтардың локальді түрлері. Халықтың тілі, сенімі мен ойлау жүйесі, өткен тарихы мен өмір сүрер ортасы сынды факторлар

жалпыадамдық құндылықтарға деген қатынасын қалыптастырады және ұлттың өзіне тән даралығы, мәдени атрибуттары тарихы мен әдебиетінен, өнері мен дәстүрінен шынайы көрінеді. Аталған ұғымдар жалпыадамдық құндылықтардың локальді сипатын танытатын бірліктер болып саналады. Мысалы, танымдық, экономикалық құндылықтарға қарағанда этикалық, әлеуметтік және эстетикалық құндылықтардың басым түсуін қазақ халқының өзіндік даралығын танытады деп есептейміз. Аталмыш құндылықтар индивидуалдық тұрғыдан емес, негізінен ұжымдық тұрғыдан танылады. Қазақ прозасында намыс, ар, ұят, еркіндік, батырлық, шешендік, мейірім, табиғат, дәстүр құндылықтары басым әрі бұлардың бәрі Отан, ел, жер, тәуелсіздік құндылықтары шеңберінде танылады.

3-тарау бойынша тұжырым:

Ірі саяси-әлеуметтік өзгерістер қоғамдық санада сілкініс туғызып, халық өмірінің аксиологиялық бейнесін түрлендіреді. Бұл өз кезегінде әдебиетте бейуақ мотивінің тууына түрткі болады. Құндылықтар қақтығысының салдарынан сөз өнерінде жалғыздыққа салынған, өзінен ғана емес, қоғамнан, айналысынан жатсынған кейіпкерлер легі арта түседі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылған шығармаларда үміт, әділдік құндылықтары айрықша көрінеді. М.Мағауиннің «Салахад-диннің үкімі» әңгімесінде жазудың өзі құндылық деңгейіне көтеріліп, шындықтың қорушысы, әділдікті сақтаушы, ұрпақтарға ақиқатты жеткізуші функциясында көрініс табады.

Екі мыңыншы жылдардан кейінгі прозада алаң бар. Шындық, әділдік құндылықтары тәуелсіздікті сақтап қалудың бірден-бір жолы ретінде бейнеленеді. Әдеби-көркемдік кеңістікте ащы мысқыл, ирония мен символизм алға шықты. Т.Шапайдың «Айна сарай» және Д.Рамазанның «Көш» әңгімелерінде шындығынан айырылған ел егемендігінен де айырылады деген емеурін бар.

Ұлттық құндылықтар – жалпыадамдық құндылықтардың локальді түрлері. Ұлттың тілі, сенімі, ойлау жүйесі, өткен тарихы мен өскен-өнген ортасы оның жалпыадамдық құндылықтарға деген қатынасын реттейді және ұлттың бірегейлігін қалыптайды.

Қазақ прозасындағы жалғыздық, жатсыну құбылыстарының күшеюіне құндылықтар жүйесінің өзгеруі, рухани-этикалық теңгерімнің бұзылуы түрткі болды.

Қазіргі қазақ прозасында дәстүрлі-архаикалық және маргиналдық мәдени типтегі кейіпкерлер қалыптасып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар зерттеу нысанына алынып, олардың өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Қазақ әдебиетіндегі жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары анықталып, тәуелсіздік тұсындағы прозаның құндылықтық бағдары бағамдалды. Әдебиеттану ғылымы аясында көркем туындылар жан-жақты ғылыми талқыға түскенімен, туындыларға аксиологиялық тұрғыдан баға беру деңгейі әлі де болса кемшін түсіп жатқаны байқалады. Зерттеу жұмысына арқау болған көркем мәтіндер пәнаралық негізде зерделенді. Дегенмен әдеби шығармалардағы құндылықтардың табиғатын тану міндеті тұрғандықтан, әдебиеттану ғылымының тұрғысынан талдау жасауға басымдық берілді. Зерттеу нысанына роман, повесть, әңгіме жанрлары алынып, ондағы жалпыадамдық құндылықтар жүйеленді.

«Құндылықтар теориясы және әдебиеттанудағы кешенді пәнаралық зерттеулер» атты бірінші тарау «Жалпыадамдық құндылықтар гуманитарлық ғылым салаларының зерттеу объектісі ретінде» және «Қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары» атты екі тараушадан тұрады.

Бүгінгі таңда құндылықтар жүйесі философиялық, психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық, антропологиялық және экономикалық аспектілерде зерделеніп отыр. Соған сай құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері, функциялары, түрлері мен қайнар көздері айқындалды. Жалпыадамдық құндылықтар жетіге бөлініп жіктелді. Олар: эстетикалық, этикалық, экономикалық, саяси, діни, әлеуметтік және танымдық құндылықтар. М.Рокич жіктеген мақсаттық және құралдық құндылықтардың 36 түрі аталған жеті топтан туындайды. Құндылықтардың антропогенді және тарихи категория екендігі, адамның танымы, сезімі және әрекеті олардың басты қайнар көздері екендігі анықталды. Индивидтің бойындағы құндылықтардың бастапқыда қоғамдық нормалар негізінде бейсаналы түрде қалыптасатыны, тұлға бойында бір мезетте бірнеше жалпыадамдық құндылықтың қатар өмір сүретіні және құндылықтар жүйесінің қоғамдық нормалар мен мәдени жүйелердің негізін қалайтыны белгілі болды.

Жалпыадамдық құндылықтардың динамикалық қасиетіне қарағанда, статикалық қасиеті біршама күшті екендігі, құндылықтар жүйесінің қоғамға отбасы, білім беру жүйесі, БАҚ, әдебиет пен өнер салалары және кітапханалар арқылы таралатыны олардың өзгеруіне әсіресе ірі тарихи оқиғалардың, саяси-әлеуметтік факторлардың зор ықпал ететіні айқындалды. Өз кезегінде мұндай өзгерістер аксиологиялық приоритет туғызады. Сонымен бірге демократия, бәсекелестік мәдениеті, өнімділік, адам құқықтары және жеке тұлға қазіргі қоғамдағы құндылықтар жүйесінің өзгеріске ұшырауына түрткі болып отыр. Дәстүрлі қоғамда

қауымдастықтар, индустриалды қоғамда қорлар басты құндылық саналса, постиндустриалды білім қоғамында жеке тұлға ең үлкен құндылық болып отырғаны, соның себебінен қазіргі көркемдік-эстетикалық, философиялық-психологиялық үрдістердің өзегінде индивидуалдық құндылықтардың үстем болып отырғаны анықталды. Сондай-ақ этикалық құндылықтар – дәстүрлі қоғамда, материалдық-экономикалық құндылықтар – индустриалды қоғамда, ал танымдық құндылықтар постиндустриалды қоғамда үстемдікке ие болатыны байқалды.

Жалпыадамдық құндылықтардың әдебиетіміздегі генезисі ежелгі дәуірлердегі халықтық проза үлгілеріне, ауызша әдеби мұраларына барып тіреледі. Бұл қазақтың құндылықтар жүйесі негізінен сөз арқылы қалыптанғанын білдіреді. Ұлы Далада еуропалық үлгідегі философиялық-аксиологиялық мектептер болмағанымен, әлемді табиғатпен етене байланыста қарастыратын бірегей аксиологиялық-поэтикалық жүйе орныққаны, ауызша мұралардың халықтың құқықтық, этикалық, әлеуметтік және эстетикалық, тіпті діни құндылықтарының да қалыптасуына негіз болғаны байқалады. Сондай-ақ құндылықтарды қалыптастырушы, таратушы элита рөлін қазақ халқында сөз ұстаған шешендер мен ділмарлар атқарған. Бұл ерекшелік халықтың менталды болмысына айрықша ықпал еткен әрі әлемді ұғымдық тұрғыда нақты қабылдаудан гөрі образды түрде қабылдауға бейім еткен.

Қазақ әдебиетінің тарихында жалпыадамдық құндылықтар бір сәтке толас таппағаны айқындалды. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде – елдік пен ерлік, әл-Фараби заманында – қайырымдылық, Қорқыт ата өмір сүрген шақта – өмір, Абай мұрасында – «толық адам», Алаш арыстары өмір сүрген кезеңде – «ар ілімі», советтік дәуірде – «достық» концепциялары айрықша әспеттелді. Моральдық реттеушілік қызметі аса жоғары мұндай құндылықтардың өзгеріске ұшырауына тарихи-әлеуметтік, қоғамдық факторлардың әсер-ықпалы орасан болды. Ал кейбір жалпыадамдық құндылықтардың тарихтың ұзын-ырғасында статикалық қалпын сақтағаны және оның мәні қазіргі уақытқа дейін азаймағаны байқалады. Ерлік, еркіндік, адалдық, намыс, ел құндылықтарының үнемі алғы санаттан көрініп отыруын біз қазақ халқының тұрмысының ерекшелігінен туған құбылыс деп есептейміз. Дала салтының қауіп-қатері мол тіршілігі мен тарихтың қай кезеңінде де ел мен жерді қорғау үшін болған шайқастардың бәрі руханият әлемінде із қалдырып, қаһармандық культінің биік қойылуына негіз болды. Сонымен бірге «обал мен сауап», «бейнет пен зейнет», «кінә мен күнә», «ұят» ұғым-құндылықтарының халық танымынан тұрақты орын тепкені анықталды. Дала заңдылығы үстем болған қазақ қоғамында ресми бекітілген құқықтық ережелерге карағанда, жоғарыда аталған бейресми институттар – жалпаадамдық құндылықтардың әсер-күші әлдеқайда басым түсіп отырған. Аталған ерекшеліктер қазақ халқының құндылықтар жүйесінде экономикалық-материалдық құндылықтарға

қарағанда, этикалық, эстетикалық құндылықтардың басым болғанын көрсетеді.

«Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасы: көркемдік-эстетикалық ізденістер мен дүниетанымдық парадигма» атты екінші тарау «Әдеби зердедегі тәуелсіздік құндылықтары» және «Жаңа дәуір әдебиетіндегі құндылықтар жүйесі» деп аталатын тараушалардан тұрады.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы қазақ қоғамында аксиологиялық приоритет туғызып, ендігі ретте ұлттың мәдени бірегейлігін іздеу үдерісінің күшеюіне сеп болды әрі өткен тарихи кезеңдерге ұлттық мүдде аясында қайта баға беру процесін жеделдетті. Аталмыш ерекшеліктер негізінен Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы мен Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» повесін талдау арқылы айқындалды.

Көркем шығармаларда жалпыадамдық құндылықтар бинарлық оппозиция құрайтыны әрі мынадай қайшылықтарда көрініс табатыны анықталды. *Бірінші*, қалыптасқан концептуалдық негіздегі жалпыадамдық құндылықтардың өзара қайшы келуі. Қанағат – тойымсыздық, әділет – қиянат, жақсылық – жамандық, мейірім – қатыгездік т.б. *Екінші*, кейіпкерлер арасындағы қарсылықты байланыстан көрінеді. Мысалы, «Соңғы парыз» романындағы Жәдігер – Бәкизат, Жәдігер – анасы, Жәдігер – Әзім, Жәдігер – балықшылар, Жәдігер – Сары Шая, Көткеншек Көшен, шофер бала, Жәдігер – заман сиқы контекстіндегі қайшылықтарды атауға болады. *Үшіншіден*, жалпыадамдық құндылықтардың өзара қайшы келуі. Романда еңбек құндылығы – отбасы құндылықтарына, еңбек табиғат құндылығына қарсы қойылады. Құндылықтық шекара бұзылғанда олардың арасында қарсылық туындайды. Жомарттық – ысырапқа, сабырлық – көнбістікке, бостандық – қиянатқа, ал батырлық зұлымдыққа ұласып кетуі мүмкін.

Эпикалық шығармаларда құндылықтар барынша кең диапазонда көрінетіні белгілі болды. Оның ішінде құндылықтар жүйесінің өзіндік ерекшелігі, айырмашылығы көркем туындыларда мынадай бірліктерден көрінеді: ұлттық, жыныстық (ер-әйел), жас, өркениеттік (Шығыс-Батыс), уақыттық (дәуірлер мен қоғам түрлері), діни-нанымдық және географиялық (дала-қала) ерекшеліктер. Сондай-ақ жалпыадамдық құндылықтар көркем шығарманың мазмұндық бірліктерінен – тақырыбы мен идеясынан, кейіпкерлердің образдарынан, олардың дүниетанымынан, сезімдік кешулері мен әрекеттерінен және символ, концепт, көркемдік деталь сынды поэтикалық элементтерінен танылады.

Қазіргі әдебиеттің өзегінде тұлғаның болмысы, бүгінгі сөз өнерінің нысанына ілігер шындық объективті шындыққа қарағанда субъективті шындық екені айқындалды. Кейіпкердің құндылықтық бағдары, рухани-адамгершілік мұраттары дәстүрлі әдебиеттегідей ұжымдық қатынастар арқылы емес, көбіне-көп өзінің ішкі толғаныстарын ақтарумен, логикаға сыя бермейтін құбылыстарға иек артумен өлшенетін болды. Аталмыш

көркемдік құбылыс сюжеттің рөлін мейлінше төмендетіп, кейіпкерлер санының күрт азаюына және ішкі монолог, түс көру, пейзаж сынды психологизм бірліктерінің алға шығуына түрткі болды. Осы арқылы қоғамдағы әлеуметтік, моральдық қайшылықтардың кеспірі танылады. «Соңғы парыз» романында негізінен Жәдігер, Бәкизат, Әзім бейнелері арқылы, «Парасат майданында» екіге жарылған бір адамның бастан кешкендері арқылы тұтас дәуірдің бет-бейнесі ашылады.

Қазіргі прозада моральдық-этикалық құндылықтарды жаңғырту елдікті сақтаудың, егемендікті нығайтудың алғышарты ретінде сипатталатыны байқалады. «Соңғы парыз» романында өткен тарихи кезеңге бүгінгі күн биігінен баға берілсе, «Парасат майданы» повесінде қазақ қоғамының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы бейнесі ашылады. Екі шығармаға да қанағат, ар-ұят, мейірім, әділдік құндылықтары арқау болып, олар өз кезегінде тәуелсіздік құндылығының аксиологиялық өрісін құрайды. Мәселен, XX ғасыр басындағы Алаш әдебиетінде елдікті сақтаудың алғышарты ретінде білім құндылығы аталса, қазіргі прозада қанағат, әділдік, ар құндылықтары басты орынға шыққаны анықталды. Сондай-ақ ірі тарихи өзгерістердің әсерінен қазақ әдебиетінің тарихында тәуелсіздік құндылығының мынадай төрт түрлі кезеңде аса өзекті болғаны байқалады. Олардың алғашқысы ежелгі мұраларымыз «Тоныкөк», «Күлтегін» ескерткіштерінде көрінсе, екінші рет Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар поэзиясында, үшінші рет Алаш әдебиетінде, ал соңғысы тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде ерекше көзге түскені белгілі болып отыр. Дегенмен, тәуелсіздік тұсындағы прозада оның танылу сипаты біркелкі емес.

Қазіргі қазақ прозасында екі түрлі көркемдік үрдістің қатар дамып жатқаны байқалады. Бірі тарихтың ақтандақ беттерін ұлттық мүдде аясында қайта безбендеу үдерісі болса, екіншісі – қоғамның бүгінгі келбетін боямасыз беруге деген ұмтылыс. Халықтың өткен тағдырын сарапқа салып, ұлттық құндылықтар жүйесін танытуда тарихи роман жанрының доминантқа айналып отырғаны анықталды. Өйткені тарихи шындықтан тайқымай, қазақтың басынан кешкен зұлматты жылдарды мейлінше нанымды етіп бейнелеуге негізінен эпикалық құлашы кең роман, повесть жанрларының ғана мүмкіндігі жетеді. Бұл өз кезегінде қоғамдық санада деколонизациялық үдерістің қарқынды жүруіне қызмет етіп отырғаны айқындалды. Аталған үрдіс өткен ғасырдың алпысыншы жылдары бастау алған тарихи роман жанрының қайта жаңғыруына және халықтың ежелгі дәуірлерден бергі болмысын шынайы бағамдауға жол ашты. Өйткені тарихи тақырыптың нарратологиялық-дискурстық сипаты өзгерді. Тарихи тақырыптар бірнеше арнада көрініс тапты. Олар – ұлт-азаттық көтерілісі, ашаршылық, репрессия, тың игеру науқаны, Желтоқсан көтерілісі және советтік жүйенің өзге де теріс саясаттары.

Әрбір қоғам түрінің өзіне тән менталды бітімі, құндылықтар жүйесі болады десек, тарихи жанрдағы шығармалардың дені қазақтың дәстүрлі қоғамының шындығын шығарма арқауына айналдыратыны байқалады. Мұндай шығармаларда әдетте архаикалық-дәстүрлі мәдени типтегі кейіпкерлерді жиі кезіктіреміз әрі олардың бойында өзге құндылық түрлеріне қарағанда этикалық-моральдық, діни, әлеуметтік құндылықтар басым болып келетіні айқындалды. «Әй, дүние-ай» романында қазақтың дәстүрлі тұрмысы, халықтың ырым-тыйымдары мен салт-жоралғылары және ұлттың өзіне тән этикалық жүйесі шынайы көрініс тапқан.

Тарихи жанрдағы шығармалардың бір парасы тарихта болған, ұлты үшін ерен еңбек еткен көрнекті батырлар мен елбасшылар бейнесінің көркемдік нысанға айналуы дер едік. Аталмыш дәстүрдің жалғасындай Елбасы Н.Назарбаевтың тарихи қызметінің көркем кестеленгенін айтуға болады.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ қоғамын арқау еткен көркем туындылар екі түрлі бағытта жазылғаны айқындалды. Олардың алғашқысы әлеуметтік, моральдық қайшылықтарды лейтмотив етіп, қазіргі қоғамның кемшіліктерін көрсету арқылы үлкен мәселелерді көтерсе, екінші түрінде айтулы түйткілдер көтерілмейді. Оларда негізінен бүгінгі тұрмыстынысымыздың мамыражай, Елбасы саясатының оң екенін көрсету басым. Дегенмен мұндай шығармалар қарасы көп емес.

Тарихи және заманауи тақырыптағы шығармаларда, жалпы қазіргі қазақ романдары мен повестерінде негізінен мынадай жалпыадамдық құндылықтар көрініс тапқаны белгілі болып отыр. Тәуелсіздік (бостандық, еркіндік, егемендік, азаттық), дәстүр (дала заңдары, әдет-ғұрып, салт-сана), қанағат (тәуба, ар, ұят), әділдік, ерлік (жауынгерлік), ар, сенім, ақиқат, махаббат, әсемдік, заң (құқықтық тәртіп), отбасы, Отан, достық т.б. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында негізінен аталған құндылықтар жиі тақырып арқауы болады, шығарма тінін құрайды, көркемдік сананың азығы, идеялық концепциялардың өзегі болады. Бәріне ортақ бір ерекшелік болса, ол – ел, тәуелсіздік, Отан құндылықтарының бірде ашық, бірде астарлы мәнде айтылуы. Тәуелсіздік құндылығы көбінесе шығарманың идеясынан айқын танылады. Мысалы, Бексұлтан Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романында «мейірім» құндылығына көп назар аударылса, Т.Әбдікұлының «Парасат майданында» «ар», «әділет» құндылықтары, ал Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парызында» әлеуметтік тойымсыздық мәселесі көтеріліп, қанағат, табиғат құндылығы айрықша көрініс табады. Ел құндылығы аталған құндылықтар жүйесін біріктіреді. Жалпы, ел концепті белгілі бір уақыт пен кеңістікке байланғаны байқалады. Бұл әлемдегі кез келген халыққа тән құбылыс деп есептейміз. Өйткені әр ел өсіп-өнген ортасын жұмаққа телиді. Сол секілді, қазақ ұлтының рухани өмірінде де қасиетті жер (Жерұйық, Жиделібайсын т.б.) мен уақытқа (қой үстінді бозторғай жұмыртқалайтын заман) деген мәдени-концептілік байланыс

орныққан. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында да біз уақыт пен кеңістікке қасиет дарыту, құндылық үстеу құбылысының шетін қалмағанын байқаймыз. Ендігі нысан Жерұйық не болмаса Жиделібайсын елі емес, тәуелсіз Қазақстан Республикасы, оның территориясы ұлттың еркін көктей алатын, өсіп-өркендейтін қасиетті кеңістігі ретінде ерекше көрінетіні айқындалды.

«Қазіргі әңгіме: ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар арақатынасы» атты тарау «Қазіргі қазақ әңгімесіндегі ұлт болмысы құндылықтар дағдарысы контекстінде» және «Жастар прозасындағы құндылықтардың көркемдік трансформациялануы» атты екі тараушадан тұрады.

Ірі тарихи оқиғалардың әсерінен өзгеріске ұшыраған құндылықтар жүйесі әдебиетте бейуақ мотивін алға шығарады. Қоғамдық санадағы айтулы сілкіністер себебінен туындайтын аталмыш мотив қазақ әдебиетінің тарихында бірнеше рет көрінгені анықталды. Ұлттың дәстүрлі жүйесі бұзылған XIX ғасырда да, патшалық отарлау жүйесінің орнын басқан XX ғасырдағы қызылдар билігінің орнауы тұсында да қоғамдық санада үлкен сілкініс туғаны сол дәуірдің әдебиетінде әдіптеліп қалған. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында бодандықтан құтылып, егемендігін жариялаған қазақ қоғамында осындай сілкініс болды деуге негіз бар. Қазақстан ұжымдық құндылықтарға арқа сүйеген социалистік режимнен индивидуалдық һәм материалдық-экономикалық құндылықтарға негізделген нарықтық қоғамға көшті. Мемлекеттің рухани-идеологиялық бағдары басқа арнаға ауысты. Халықаралық аренада Қазақстан тек 2000 жылдары ғана нарықтық қоғам деп танылды. Осындай өліара тұста қазақ прозасында жаңа дәуір құндылықтарына бейімделе алмаған, мәдени қыспаққа түсіп, қоғамнан, тіпті өзінен жатсынған кейіпкерлер саны күрт артты. Рухани деградация үдерісі жүрді және көркем туындыларда эстетикалық, моральдық-этикалық құндылықтар мен экономикалық-материалдық құндылықтар арасындағы қақтығыстың күшейе түскені байқалды. Әлеуметтік мәселелер сөз өнеріндегі тақырыптардың алғышебіне шықты. Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесінде бейуақ мотиві шынайы көрінетіні айқындалды. Дегенмен, аталмыш мәдени-әдеби үрдістің ұзаққа созылмайтыны анықталды, ендігі ретте қазақ әдебиетінде бейуақ мотиві солғын тартып, басқа көркемдік-эстетикалық үрдістер күшейіп келеді.

Тәуелсіздік құндылығының екі мыңыншы жылдарға дейін үміт, шабыт, бақыт құндылықтарымен ұштасып көрінгені, ал екі мыңыншы жылдардан кейін белгілі бір алаңның нысанына айналғаны байқалады. Егемендіктің бастапқы жылдарында қаламгерлердің ұлттың құндылықтардың жаңғыруына, қазақ мүддесінің биік қойылатынына деген сенімі күшті болса, одан кейінгі кездерде өзге елдердің мәдени экспансиясына түсу қаупінің күшейгенін кейде емеурінмен, кейде ащы

мысқылмен білдіретін көркем шығармалардың арта түскені анықталды. Соңғы ширек ғасырда әлеуметтік мінез-құлықты аяусыз сынайтын әңгімелердің көбейгені байқалады.

Эпикалық құлашы кең айтулы оқиғалар мен тарихтың белгісіз беттері көбінесе роман, повесть жанрларына арқау болса, қазіргі қоғамның тынысын, сол арқылы әлеуметтік, моральдық үлкен мәселелерді нәзік иірімдер арқылы суреттеу негізінен әңгіме жанрының еншісіне тиесілі екендігі анықталды.

Бүгінгі қазақ әңгімесінде жалпыадамдық құндылықтар әртүрлі ракурста, сан салалы әдеби-көркемдік арналар аясында ашылатыны байқалады. Алуандыққа, әртүрлілікке және бірегейлікке ұмтылу үрдісі қазіргі мәдени үдерістің доминанты болып отыр. Бүгінгі сөз өнері қат-қабат мәдени-рухани, танымдық қатпарлардан тұратын, плюрализмге мейлінше ашық әдебиет болып отыр. Қазақ прозасы әлемдік әдебиеттің ажырамас бөлшегі болғандықтан, мұндай үрдістерден шетін қалмақ емес. Аталмыш үрдіс өз кезегінде әртүрлі формалық-идеялық машықтардың көрінуіне жол ашты және дүниетанымдық тұрғыдан барынша түрленген ХХІ ғасырда көркемдік канон ұғымының қалыптасуына бөгесін болып отыр деп есептейміз. Қазақ прозасының түрленуін, бір жағынан, қалыптасқан құндылықтар жүйесіне қайта баға беруге деген ұмтылыстан туған құбылыс деп санауға тиіспіз. Осы арқылы жас жазушылар аға буын бастаған құндылықтарды қайта бағамдау миссиясын атқарып отыр, алайда олардың көбінесе батыстық әдеби ағымдарға иек артатыны байқалады. Сол жолда соны форма табуға, сюжеттен гөрі үлкен ой айтуға ұмтылады. Өз кезегінде бұл ерекшелік сөз өнерін философиялық критерийлерге біршама жақындатты.

Қазіргі қазақ әдебиеті, біріншіден, ұлттың төл болмысын танытуымен, екіншіден, әлемдік әдеби үрдістерге еркін қол созған сипатымен ерекшеленіп отыр. Аталмыш ерекшеліктер қазақ прозасында дәстүрлі-архаикалық және маргиналдық мәдени типтегі кейіпкерлердің тұлғасын қалыптастырды. Дәстүрлі-архаикалық кейіпкерлер негізінен тарихи жанрдағы көркем туындыларда көрінсе, маргиналдық мәдени типтегі кейіпкерлердің дені заманауи тақырыптағы шығармалардан көрінеді. Сондай-ақ қазіргі қазақ прозасында жақсы не жаман деп баға беруге болмайтын күрделі болмысты кейіпкер тұлғасы қалыптасып үлгерді. Бір жағынан, бұл адам жанының ғана емес, қазіргі қоғамның мәдени бет-бейнесінің күрделі екендігін танытады.

Нарықтық қоғамдағы экономикалық-материалдық құндылықтардың басқа жалпыадамдық құндылықтардан үстем қойылуы күрделі мәдени үрдістерді туғызып, рухани деградация үдерісінің күшеюіне түрткі болғаны және соның себебінен қазіргі қазақ прозасында қоғамнан ғана емес, өзінен жатсынған, өзімен-өзі арпалысқан, ішкі құндылықтарымен қайшылыққа түскен жаңа тұрпатты кейіпкер болмысын қалыптастырғаны анықталды.

Қорыта айтқанда, қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар ежелгі халықтық проза үлгілерінен бастау алып, әдебиетімізге арқау болып келеді. Бүгінгі таңда жалпыадамдық құндылықтар әртүрлі ракурста, әртүрлі әдеби-поэтикалық шеңберде бейнеленіп отыр. Түптеп келгенде, оның бәрі ел, тәуелсіздік, әділдік, мейірім құндылықтарының төңірегінде ашылады. Құндылықтар жүйесін пәнаралық деңгейде зерделеу әдебиеттану ғылымында енді басталып отыр, десе де аталмыш тақырыпты жан-жақты әрі кешенді зерттеу болашақтың еншісінде деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ұлт руханияты гуманитарлық ғылымнан не күтеді? Академик Сейіт Қасқабасовпен әңгіме. // «Егемен Қазақстан», 18 наурыз, 2017 жыл №55 (29036)
2. Қасабек А. Ұлттық руханияттың құндылық болмысы // Қазақтану өрісі: Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған Ж.Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
3. Культура имеет значение. Каким образом ценности способствуют общественному прогрессу. Под ред. Л.Харрисона и С.Хантингтона. (Lawrence Hurrison, Samuel Huntington (eds.) Culture Matters: How Values Shape Human Progres. – New York: Basic Books, 2000.) – М.: Московская школа политических исследований, 2002. – 320 с.
4. Daron Acemoglu, James Robinson. Why Nations Fail. The Origins of Power, Prosperity, and Poverty. – 1st ed. Crown Publishing Group. New York. – 2012. – 531 p.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Бүркітбай Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 696 б.
6. Оксфорд сөздігі. Әлеуметтану. – Алматы. ЖШС, «Қазақстан» баспа үйі», 2002. – 632 б.
7. Inglehart R. 1977. The Silent Revolution: Changing Values and Political Styles Among Western Publics. Princeton, NJ: Princeton University Press.
8. Жалпыадамдық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.
9. Fichter Joseph. Sosyoloji Nedir?. Çeviren – Doç.Dr.Nilgün Çelebi. – Konya, 1990. – Selcük Üniversitesi. – 194 s.
10. C. Kluckhohn. The Study of culture. Stanford, CA. Stanford University.
11. Joseph Fichter. Sosyoloji Nedir?. Çeviren – Doç.Dr.Nilgün Çelebi. – Konya, 1990. – Selcük Üniversitesi. – 194 s.; Akbar Husain, Saeedur Rahman and Aqeel Khan. Human Values – a running commentary based on literary texts. // Man in India. 1992, №3-4. 494 p.; Tuncay Oral. Psikolojik perspektivden değer kavramı // Değerler ve değerler psikolojisi. Editörler: Doç. Dr. Bülent Dilmaç, Doç. Dr. Hasan Hüseyin Bircan. 2014 – Ankara, Pegem Akademi. I Baskı. 182 s.
12. Ахметов Әділ Құрманжанұлы. Еуразия коды. Бесінші өркениет қарсаңында. – Астана: Деловой мир Астана, 2012. – 268 б.
13. Гиренок Ф.И. Я называю это пространством бытовой свободы. Интервью В.Б.Румянцеву. – 2002
http://www.hrono.ru/libris/lib_g/girenok_fi.html (20.02.2016)

14. «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 3-том. Аристотель философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
15. Аристотель. Сочинения: В 4-х т.4 / пер.с древнегреч.; Общ. Ред. А.И.Доватура. – М.: Мысль, 1984. – 830 с. – (Филос.наследие. Т. 90). – В надзаг.: АН СССР. Ин-т философии.
16. Değerler ve değerler psikolojisi. Editörler: Doç. Dr. Bülent Dilmaç, Doç. Dr. Hasan Hüseyin Bircan. 2014 – Ankara, Pegem Akademi. I Baskı. 182 s.
17. Schwartz, S. H. (2012). An Over view of the Schwartz Theory of Basic Values. Online Readings in Psychology and Culture, 2(1). <http://dx.doi.org/10.9707/2307-0919.1116> (22.02.2016)
18. Hofstede, Geert H. Culture's consequences: Comparing values, behaviors, institutions, and organizations across nation / by Geert Hofstede. – 2nd ed. Sage Publications: International Educational and Professional Publisher. USA, California. 2001. – p. 596.
19. Каландия И.Д. Система общечеловеческих ценностей в динамике и диалоге цивилизаций в условиях глобализации // Человек: соотношение национального и общечеловеческого. Сб. материалов международного симпозиума (г. Зугдиди, Грузия, 19–20 мая 2004 г.) Выпуск 2 / Под ред. В.В. Парцвания. СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2004. С.111–123
20. Құндылықтардың төресі. // Қазақ әдебиеті, №8 (3224). 25.02.2011.
21. Смағұлова Г.Н. Құндылықтар әлеміндегі «сұлулық» концептісі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2015. №1. – 336 бет.
22. Худайбергенов Н. Қазіргі ғылымдағы жалпыадамдық құндылықтар жайлы түсінік // Avrasya Sosyal ve Ekonomi Araştırmaları» (Cilt 4, Sayı 10 (2017), s. 80-89.
23. Жұмабаев М. Табалдырық. Манифест. Кіріспе мақала: М.Қойгелдиев. Құжаттық материалдарды мұрағат қорларынан алып, баспаға әзірлеген: М.Қойгелдиев, Ш.Тілеубаев. Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2011. – 108 бет + 20 бет түрлі-түсті жапсырма.
24. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
25. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.76: Новеллалық ертегілер. – 432 б.
26. Асылбекұлы С. Қазақ повесі (генезис, эволюция, поэтика). Монография. Алматы: «Үш қиян», 2008. – 296 б.
27. Нысанбаев Ә. Қазақ философиясының рухани бастаулары. «Егемен Қазақстан». 17.07.13.
28. Жолдасбеков М. Асыл арналар: Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, – 1990. – 352 б.

29. V – XIV ғасырлардағы көне әдебиет нұсқалары // Ертедегі Әдебиет нұсқалары. Құрастырушылар: Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдиқов. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1967. – 207 б.
30. Сүйіншәлиев Х. Ортағасырлық әдебиет үлгілері // Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2012. Т.6: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 408 б.
31. А.Егеубай. Тарихи шындық пен көркемдік шындық. Әдеби әдеп. Түр мен мазмұн // Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013. Т.7. Әдебиет теориясы: нұсқалық. I кітап. – 416 б.
32. Әл-Фараби. Қайырымды қала. // Қазақ прозасы. Хрестоматия. Үш томдық. Бірінші том. Алматы: Ғылым, 2001. – 564 б.
33. Әуезов М. Қорқыт. // Қорқыт ата. Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2003. – 212 бет.
34. Қоңырбаева К.М. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. – Монография // З.К.Шәукенова және С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 216 б.
35. Мағжанның ақындығы туралы // Аймауытов Жүсіпбек. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т.6: – 384 б.
36. Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы. Қазіргі Қазақстан мәдениеті дамуының негізгі бағдарлары мен қайшылықтары. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2000.
37. Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
38. Нысанбаев Ә. Кіріспе // Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Алматы: Ғылым, 1995. – 184 б.
39. Абай. Қарасөз. Книга слов. @МКА 2007 г. 368 с.
40. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан. 1994; Ө.Күмісбаев. Абай және Шығыс. – Алматы: 1995. – 344 б. М.Әліпхан. Жүсіп Баласағұн мен Абай арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. 10.01.02 – Қазақ әдебиеті. – Алматы: 1998 ж.;
41. Нұрмұратов С. / XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы: құндылықтық бағдарлар // Саясат-Policy №9, 2005.
42. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғ.ғ.) зерттеулер. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 б.

43. Нұрмұратов С. Ұлттық идея және қазақ философиясы // Нұрмұратов С.Е., Нұрланова Қ.Ш., Әлжан Қ.Ұ., Сатершинов Б.М. және т.б. Алматы: КИЦ ИФиП, 2010. – 240 б.
44. Құдайбердіұлы Шаһкәрім. Шығармаларының үш томдық жинағы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. Т.3: Мақалалар, естеліктер, зерттеулер. – 664 бет.
45. Торайғыров С. Социализм // Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1993. – 200 б.
46. Қамзабекұлы Д., Омаров Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Монография. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 бет.
47. Khudaibergenov N., Orda G., Askarova G., Matbek N., Imakhanbet R. Early Reflections Of Universal Human Values In Kazakh Prose. Astra Salvensis. 2008/1. 391-408 pp.
48. Қамзабекұлы Д. Алаш жолы – мәңгі елдің маңызды жолы. / ХХІ ғасырдағы Алаштың ақ жолы. Алматы: «Экономика», 2014. – 440 б.
49. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004. – 520 б.
50. Сатершинов Б. Кенес дәуіріндегі қазақ халқы руханиятының ерекшеліктері: мәселелер мен қайшылықтар. // Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздері. Ұжымдық монография / З.К.Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
51. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т.І: – 384 б.
52. Сәрсенбаева З.Н. Этнос және құндылықтар. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 312 б.
53. Елеуқенов Ш. Ә.Нұрпейісовтің шығармалары ТМД елдерінің әдеби сынында // Елеуқенов Ш. Тәуелсіздік биігінен. Зерттеу, эссе, әңгіме. – Алматы: «Арда», 2007. – 400 бет.
54. Н.Қадырбаева, «Соңғы парыз» – соны шығарма // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 15-21 мамыр (№19)
55. Алдамжаров Б. «Соңғы парыз» қай парыз? // Жұлдыз, – 2001. – №4. – 122-128 б.
56. «Соңғы парыз» кімнің, ненің парызы?; дайынд. Б.Мұратқызы // Халық сөзі. – 2013. – 25 қазан (№48)
57. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О.Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 186 б.
58. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Мейір сөз (көзі бар замандастар хақында). 13-том. – Алматы: «Жазушы», 2011. – 400 б.
59. Journal option Revista de Ciencias Humanas y Sociales. Volume 34, Special Issue 15, 2018, Pages 1265-1294 //. – ISSN 1012-1587. – 2018. Artistic function of detail in Kazakh prose (Article).

60. Жарылғапов Ж.Ж. Ұлттық прозадағы әдеби ағымдар типологиясы: Монография. – Қарағанды: ЖШС «Арқо», 2011. – 182 б.
61. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз: Роман. – Алматы: Жазушы, 1999. – 472 бет
62. Inglehart Ronald. Globalization and Postmodern Values. The Washington Quarterly, 23:1 (2000) pp. 215–228.
63. Худайбергенов Н. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы жалпыадамдық құндылықтар // «Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары // Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек. – Алматы, 2018. – 421 б.
64. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (*Түс көру, бейвербальді ишараттар, заттық әлем*). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет.
65. N.Zh.Khudaibergenov, G.Zh.Orda. The artistic world of value system in the modern prose (based on «Parasat Maidany») // The Bulletin of the National Academy of Science of Republic of Kazakhstan. №2, 2018.
66. Әбдікұлы Т. Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы: Паритет, 2012. – 616 б.
67. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001–2011 жж.) – Алматы: «Арда», 2011. – 640 бет.
68. Кеңшілікұлы А. Парасат майданы // Жұлдыз. – 2012. – №11. – 184-200 б.
69. Мағауин М. Жармақ. Роман. / М.Мағауин. Қазақ альманағы = Казахский альманах. – 2010. – №4. – 3-239 б.
70. Жанұзақова Қ.Т. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. Монография. – Алматы: ИП «Есенбекова», 2010. – 448 б.
71. ХХ-ХХІ ғасыр тоғысындағы қазақ романы және тәуелсіздік идеясы: монография. / Ө.Әбдиманұлы, Ж.Дәдебаев, А.Б.Темірболат, Қ.Қ.Мәдібаева, А.Б.Абдуллина, Ш.А.Шортанбаев; жалпы ред. басқарған Ө.Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 230 б.
72. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
73. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні: Оқу құралы. – Алматы: Ер-Дәулет. – 1998. – 164 б.
74. Орда Г. Ұлт-азаттық көтерілістің әдебиеттегі көркемдік сипаты / «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихи маңызы, халық әдебиеті мен өнеріндегі орны, құжаттық дерекнамасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Құс Жолы», 2016. – 25-35 б.
75. Нұржекеұлы Б. Әй, дүние-ай (роман) // Жұлдыз. №6. 2015
76. Нұржекеұлы Б. Әй, дүние-ай (роман) // Жұлдыз. №7. 2015

77. Абдыгалиева Г.К., Атымтаева К.М. Аксиологический анализ казахской культуры в контексте национальных идеи / Философия. Мәдениет. Ойлау. IV Қасымжанов оқулары: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2008. – 356 б.
78. Әбжанов Х. Азаттық мұраттарының асқақ рухы // Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. – 616 б.
79. Шериаздан Елеукенов. Тәуелсіздік дәуір романы // Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: «Evo Press», 2014 – 708 б.
80. Худайбергенов Н. Б. Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романындағы жалпыадамдық құндылықтар. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабаршысы. №1, 2017 жыл.
81. Ақыш Н. Зұлмат жылдары қазақ прозасында (1928–1933 жылдар қасіретінің қазақ прозасында көрініс табуы). Монография. – Алматы: «Нур-Принт 75» ЖШС-і, 2005. – 136 б.
82. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 бет.
83. Қолдан тарих жасау – қылмыс (жазушы Бексұлтан Нұржекеұлымен сұхбат // kitar.kz, 28 қаңтар, 2016. (12.03.2016).
84. Қазақ романы: өткені мен бүгіні: Ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009, – 644 б.
85. Ғабитов Т. Қазақ философиясы: ұлттық идея кең мәтінінде. – Алматы: Раритет», 2010. – 241 б.
86. Баллюзек А.Ф. Мейірбандық пен қайырымдылық, әдептілік пен ізеттілік ережелеріне қатысты әдет-ғұрыптар // Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейінгі (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша)/ Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 416 б.
87. Темирболат А.Б. Поэтика литературы: Учебное пособие. / Темирболат А.Б. Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 168 с.
88. Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013. // Әдеби дәстүр.
89. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті: Әдебиеттік зерттеулер, сын мақалалар, естеліктер. – Алматы: «Жібек жолы» БҰ, . – 2011. – 596 б.
90. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 304 б.
91. Орда Г. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі // Орда Г. Сөз құдіреті. Зерттеулер мен мақалалар. / Г.Орда. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
92. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар / Қазақ әдебиеті. – 2004. – 29 қазан (№43-44)

93. Мәдібай Қ. Қазіргі қазақ прозасы: көркемдік өріс / ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы = Вест. КазНУ. Сер. филологическая. – 2011. – №4. – 49-52 б.
94. Мауленов А. Қазіргі қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркемдік қызметі: филол. ғыл. канд. дис. /А.А.Мауленов; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; ғыл. жет. Бисенғали З. – Астана: 2002. – 142 б.
95. Әсемқұлов Т. Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары / Таң-Шолпан. – 2004. – №5.
96. Қожабекова Н. Қазіргі қазақ прозасы және постмодернизм / ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №9.
97. Исабекова П. Әңгіме жанрының әдеби сипаты / Жалын. – 2006. – 10.
98. Ысқақ Б.Ә., Ысқақ С.Ә. Әңгіме жанрының түрленуі / Павлодар МУ Хабаршысы. Филологиялық серия = Вестн. Павлодар. ГУ. Сер. Филологическая. – 2014. – №2.
99. Таңжарықова А. Қазіргі қазақ прозасы мен фольклор арасындағы дәстүр жалғастығы / Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. – №12.
100. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 10-том. Алматы. ҚАЗАқпарат, 2006. – 528 б.
101. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2017. – 512 б.
102. Мухамеджанова, Айман Бейсенбаевна. Новая проза Мухтара Магауина: Автореф. дис. На соиск. учен. степ. канд. филол. наук (10.01.02) / Мухамеджанова, Айман Бейсенбаевна; КазНПУ им. Абая. – Алматы, 2009. – 30 с.
103. Ергөбек Қ. Тарихтан тағылым тартқан // Ергөбек Құлбек. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар. / Құлбек Ергөбек. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. 600 б.
104. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. 1960-2002. – Алматы: Қағанат – ГМО баспасы, 2002 – Алтыншы том. Мен. Бірінші-екінші кітап.
105. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. 1960-2002. – Алматы: Қағанат – ГМО баспасы, 2002 – Жетінші том. Еркіндік бастауындағы екі әңгіме. Шипалы Арасан. Тамыздан соңғы әңгімелер. Қисық ағаш. Одағай әңгімелер. Оңғақ. 1992-2002. – 454 б.
106. Шапай Т. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2-том. Эссе, әңгімелер. – Алматы: Арда+7, 2017. – 344 б.
107. Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы: Оқу құралы./ Г.С.Балтабаева – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. – 273 б.
108. Оразбек М. Абсурд немесе антиқаһарман. «Қазақ әдебиеті», 3-9 ақпан, 2006 жыл. №5 (2957)
109. Ораз Н. Жылқының көз жасы: Әңгімелер мен хикаяттар, эсселер / Нұрғали Ораз – Алматы: «Қайнар баспасы», 2012. – 320 б.

110. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.
111. Қазіргі әңгімедегі қаңғыбас бейнесі // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының баяндамалары. – 2016. – №3. – Б. 169-172.
112. Әлиакбар Ә-С. Думан Рамазанның әдеби әлемі / Жұлдыз. – 2013. – №9.
113. Кемелбаева А. Думан Рамазанның әңгімелері туралы / Ақиқат. – 2013. – №5.
114. Рамазан Д. Жылап аққан тамшылар: Әңгімелер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 320 б.
115. Әмірбекова А.Б. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар / Айгүл Әмірбекова. – Алматы: Елтаным баспасы, 2011. – 240 б.
116. Майтанов Б.Қ. Пейзаждың көркемдік семантикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 108 б.
117. Әбдіғұлов Р. Жаңа прозаның біздегі белгілері. «Қазақ әдебиеті», 1-7 ақпан, 2013 жыл. №5 (3325)
118. Омарова Мадина. Қадір түні: Проза. / Мадина Омарова. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 320 б.
119. Қасқабасов С. Әдебиет пен фольклордың байланысы туралы // Қазіргі әдебиет және фольклор. Алматы: «Арда», 2009. – 480 б.
120. Мантаева А. Жаңбырлы көктем. Проза. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2009. – 96 б.
121. Қоныс Л. Мәңгілік сағыныш. Проза. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2009. – 160 б.
122. Мырзахмет А. Ханшайым: Проза / Алмаз Мырзахмет. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 192 б.
123. Байбол Ә. Теміржол вокзалы: Проза. / Ә.Байбол. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 320 б.
124. Васильева Д. Национальное и общечеловеческое в якутской литературе. Автореферат. Диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. Алматы, 1995. 35 с.
125. Ұлттық әдебиет және құндылықтар жүйесі // III Халықаралық Фараби әлемі оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, 2016. – Сәуір-4-15.– Б. 161.
126. Нұрғали Р. Әдеби бейне // Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013. Т.7. Әдебиет теориясы: нұсқаулық. I кітап. – 416 б.
127. Ісімақова А. Бүгінгі әдебиеттің басты міндеті // Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: «Таңбалы», 2009. – 376 б.
128. Исәділ А. Қазіргі әдебиеттегі қазақ бейнесі. Ол қандай? / Қазақ әдебиеті. – 2003. – 8 тамыз (№32)

129. Әлімбетов Қ. Қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкер келбеті / Қ.Әлімбетов // Таным шебінде: жастардың ғылыми творчествосы = На рубежах познания: научное творчество молодых: Респуб. ғыл. конф. материалдары = Материалы респуб. науч. Конф. (23-24 мая 2006 г.) – 2-бөлім. – 3-5 б. Библиогр.: 2 атау. Алматы, 2006.

130. Қасымбекова Қ., Халикова Н. Қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкер мінезінің көркемдік танымы / Ұлт тағылымы = Достояние нации. – 2001. – №1. – 302-307 б.

131. Сұлтансихқызы Н. Қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкер психологиясын ашу жолдары / Ұлағат. – 2006. – №6. – 100-106 б.

132. Садықов А.Т. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғалар бейнесінің сомдалуы / Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Ғылыми журнал. – 2018. – №4.

133. Толысбекова А.Т. Қазіргі қазақ прозасындағы характер мен жағдайдың байланысу түрлері: филол. ғыл. канд. дис. / А.Т.Толысбаева; Қ.А.Ясауи атын. Халықаралық қазақ-түрік ун-ті; ғыл. жет. Есембеков Т.О. – Астана: 2010. – 129 б.

134. Ораз Н. Форма және формализм // Қазақ әдебиеті. №41 (3257)

135. Пірәлиева Г. Ішкі монолог. Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі. – Алматы: Ер-Дәулет – Қазақстан, 1994. – 138 бет.

136. Абдуллина А.Б. Национальная картина мира в повестях С.Санбаева // Национальный космос в контексте современной литературы Казахстана // А.Б.Абдуллина, К.К.Ахмедьяров, Н.М.Могилевская, Х.С.Мухамадиев; Под. ред. У.К.Абишевой. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009. – С. 250.

137. Сұлтанбаева Г.С., Құлсариева А.Т., Жұмашова Ж.А. Интеллектуалды әлеуеттен – интеллектуалды ұлтқа. Ұжымдық монография. – Алматы: ИП Волкова Н.А., 2012. – 216 б.

138. Қалиева А. Бүгінгі әдеби үдеріс. // «Қазақ әдебиеті», – 2012. – 2-8 қараша (№45) – 6 б.